

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Г. А. Мейрманова

ӨНЕР ТАРИХЫНА КІРІСПЕ

I бөлім

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

ӘОЖ 7.03 (075.8)

КБЖ 85 я 73

М 40

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
тарих, археология және этнология факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі
шешімімен ұсынылған
(№2 хаттама 3 қараша 2017 жыл)*

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Т.Я. Сәтбай**
тарих ғылымдарының кандидаты, профессор **Т.Е. Қартаева**

Мейірманова Г.А.

М 40 Өнер тарихына кіріспе. I бөлім: оқу құралы / Г.А. Мейірманова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 192 б.

ISBN 978-601-04-3035-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-3039-6 (I бөлім)

Оқу құралы дүниежүзілік өнерімен қатар ұлттық өнеріміздің көне тарихы сараланып, ежелгі мәдениетке байланысты тарихи дәйектермен жазылды. Қазіргі кезде жас ұрпақтың өнер тарихын білуіне, әлемдік өнер жәдігерлерімен жақын таныстыруға бұл кітаптың көмегі тиері сөзсіз. Оқу құралы «5B041900-Музей ісі және ескеркіштерді қорғау» мамандығының оқу бағдарламасына сәйкес жасалды. I-курс (бакалавр) студенттеріне өнерге бағыт-бағдар беретін кіріспе курс ретінде жүреді. Семинар, өзіндік жұмыстарды орындауға бағыт беретін бұл оқу құралы студенттерге де, өнерге қызығатын қалың көпшілікке де қажет. Өнердің тарихынан ақпарат алу үшін оқушылар да қосымша сабақтарға пайдалана алады.

ӘОЖ 7.03 (075.8)

КБЖ 85 я 73

ISBN 978-601-04-3035-8 (ортақ)
ISBN 978-601-04-3039-6 (I бөлім)

© Мейірманова Г.А., 2017
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

КІРІСПЕ

«Өнер тарихына кіріспе» пәні әлемнің бейнелеу және сәулет өнерінің тарихын, сондай-ақ Қазақ өнерінің тарихын таныстырады. Әртүрлі кезеңдер мен әртүрлі халықтардың көркемөнер идеяларының және өнер туындыларының тарихымен танысу белгілі бір тарихи кезеңнің мәдени-эстетикалық процестерінің мағынасын түсінуге жәрдемдеседі.

Өнер теориясы мен тарихын оқу болашақ әлеуметтік-мәдени сала мамандары үшін маңызды, себебі оның барлық салалары өнермен және оның көрініс табу формаларымен тікелей байланысты.

Өнертанудың негізгі түсініктерін (мазмұны мен формасы, көркемдік образы, бейнелеу өнеріндегі әртүрлі жанрлар, түсі, колорит, композиция, стилі, бағыты мен т.б.) меңгеріп, графика, сурет, сәулет өнерінің техникаларымен және мүмкіндіктерімен танысқан соң, сондай-ақ бейнелеу өнер туындысын өнертану бойынша сараптау қасиеттерін игерген соң, студент өзінің болашақ мамандығы үшін қажетті тәжірибе жинайды.

1. Пәннің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: шетел және отандық бейнелеу өнерінің теориясы мен тарихы туралы жүйелі білім қалыптастыру.

Міндеттері:

- әлемдік өнер тарихындағы көркемөнер процестерінің мәнін ашу;
- әлемдік мәдени кеңістіктегі көркемөнер шығармашылығының орны мен рөлін көрсету;
- шығармашылық ойлау дамуындағы эволюция мен негізгі тенденцияларды бақылау;
- өнердің ұлттық спецификасын айқындау;
- өнер тарихын көркемөнер тарихының кезеңдері, бағыттары, түрлері мен жанрлары түрінде сипаттау;
- әлемдік өнер шеберлерінің шығармашылығымен таныстыру.

Пәннің зерттеу объектісі: әлемдік өнердің негізгі стильдері мен бағыттары, сәулет өнері, бейнелеу өнері мен сәндік-қолданбалы өнер ескерткіштері мен жекелеген шеберлердің өмірі мен шығармашылығы.

Практикалық сабақтардың тақырыбы пән бағдарламасын тереңдетілген түрде бейнелейді. Әр тақырып дәрісте қарастырылатын мәселеге терең үңілуге мүмкіндік беретін, көзқарастарды кеңейтетін, көркемөнер шығармашылығының халықтық ерекшелігімен танысуға мүмкіндік беретін, әлемдік өнердің генезисі мен эволюциялық формасын, бағыты мен стилін бақылауға мүмкіндік беретін сұрақтар мен тапсырмалардан тұрады. Бұл жерде Батыс Еуропа, Ресей және Қазақстан өнерінің даму тарихы мен өзекті мәселелеріне басым назар аударлады.

2. ООП құрылымындағы пәннің орны

«Өнер тарихына кіріспе» жалпы мәдени және Музей ісі және ескерткіштерді қорғау мамандығы бойынша элективті пән ретінде жүреді. Пәнді қолдану «Алғашқы қауымдық құрылыс», «Музеологияға кіріспе», «Қазіргі заманғы өнер», «Өнер тарихының методологиясы» жалпы мәдени және әлеуметтік-мәдени цикл курстары үшін де қажет.

3. Пәнді меңгеру нәтижесіне қойылатын талаптар

Пәнді оқу нәтижесінде **студент міндетті:**

- 1) – бейнелеу өнерінің негізгі жанрларының қалыптасу тарихы, дамуы мен қазіргі жағдайын;
 - өнер теориясы мен тарихының негізгі түсініктерін;
 - Батыс Еуропа өнері тарихындағы негізгі көркемөнер стильдерін, бағыттарын, ағымдарын, мектептерін;
 - қазақ өнерінің ұлттық спецификасын, оның әлемдік көркемөнер мәдени тарихындағы орны мен рөлін;
 - Батыс Еуропа, Ресей және Қазақстан бейнелеу өнерінің атақты шеберлерінің шығармашылығын **білуге**;
- 2) – өнер тарихы терминологиясы мен лексикасын қолдануы;
 - тарихи-мәдени кеңістікке бейімделуі;
 - формалды және мазмұнды компоненттері бар өнер түрлері туындыларын сараптауы;

- логикалық ойлау, ғылыми дискуссия жүргізуі;
 - әртүрлі дереккөздерімен **жұмыс істеуі** керек;
- 3) – мәтінді, мәдениет, сәулет және сурет ескерткіштерін кабылдау мен сараптау қабілетіне;
- дискуссия мен полемика жүргізу әдістеріне;
 - өзінің көзқарасын көпшілік алдында айту мен жазбаша негіздей білу қабілетіне **ие болуы** керек.

ЖАЛПЫ ӘДІСНАМАЛЫҚ СІЛТЕМЕЛЕР

«Өнер тарихына кіріспе» (I бөлім) пәнін оқудағы негізгі сабақ түрі – дәрістер мен семинар (практикалық) сабақтар.

Семинар (практикалық) сабақтар тандалған пәнді оқудың бір әдісі ретінде ғылыми-зерттеу қызметіне қажетті кәсіби ойлау мен құзыреттілік қабілеттерін игеруге мүмкіндік береді. Олар әртүрлі формада жүргізілуі мүмкін (конспектілеу, глоссариймен жұмыс, әңгімелесу, баяндамалар мен рефераттарды талдау, компьютерлі презентация, өнер туындысын сараптау).

Семинар (латынша «*seminarium*» – «көшет») тандалған пәнді оқудың бір формасы ретінде топтық сабақтар белсенді шығармашылық қатысуды қажет етеді. Бұл оқу әдісі жасалған өзіндік жұмыстың нәтижесін шығаруға, дайындық барысында пайда болған сұрақтарға жауап іздеуге, қарастырылып отырған мәселе бойынша туындаған сұрақтың беймәлім аспектілерін түсінуге, көпшілік алдында сөз сөйлеу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Семинар (практикалық) сабақтарға өз бетінше дайындалу білім алу үрдісінде бірінші дәрежелі мағынаға ие болады, себебі эвритикалық қабілеттерді дамыту болашақ маманның білім алуының әрі қарай жетілуі мен болашаққа кәсіби саласы үшін қажет. Білім алуда өз бетінше жұмыс істеу жоғары білім алу үрдісінің негізгі сипаты болып табылады.

Өзіндік жұмыс ұсынылған әдебиеттердің, қосымша дереккөздерінің, олардың конспектіленуі мен қарастырылып отырған материалдың басқаша тіркеу, жұмыс глоссарийін құру, баяндама дайындау, компьютерлік презентация сараптамасын ұсынады.

«Өнер тарихына кіріспе» (I бөлім) пәнін оқу барысында курстың бағдарламасына толықтай сәйкес келетін бірде-бір оқулықтың жоқ екенін есте сақтау керек. Осыған байланысты көптеген дереккөздерімен және жұмыстармен танысу керек.

Өнер тарихына кіріспе курсы жалпы мәдени дамумен қатар, әлеуметтік-мәдени сала мамандары үшін үлкен маңызға ие екендігін түсіну маңызды.

Жанрлардың түрлілігіне назар аударған дұрыс, ол неғұрлым көп болса, соғұрлым бейнелеу өнері, оның түсіндіру мүмкіндігі мен көп түрлі техникасы бай болады.

Пәнді оқу нәтижесінде өнертану сараптамасының тілі мен әдістемесін меңгеру, суретші мен сол кезең туралы формалды мәліметтермен ғана шектелмей, автордың түпкі ойын түсініп, композиция, колорит, образды қатар, туындының стилистикалық ерекшеліктері мен көркемөнерлік қасиеттерін өнер туындысы туралы мәлімет беру қабілетіне ие болу маңызды.

Пәнді оқу барысында өзің үшін негізгі түсініктер қатарын дайындау мен оларды меңгеру пайдалы, себебі бұл мәдениеттану білімінің логикалық негізі.

Бақылаудың қорытынды формасын дайындау кезінде дәріс конспектісінде бар сұрақтарды емес, пәннің силлабусында көрсетілген сұрақтарды негізге алған дұрыс, себебі қорытынды бақылаудың сұрақтары дәріс сабақтарында қарастырылатын тақырыптардан басқа, өзіндік жұмыс ретінде жасалатын аспектілерді де қамтиды.

ЖҰМЫСТЫҢ ӘРТҮРЛІ ТҮРЛЕРІН ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСНАМАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР

«Өнер тарихына кіріспе» пәні бойынша семинар (практикалық) сабақтардың формасын таңдау қарастырылатын тақырып пен ұсынылатын дереккөздердің мінездемесіне, білім алушылардың өзіндік (индивидуалды) ерекшеліктеріне байланысты, сондай-ақ осыған дейінгі белгілі бір топтардағы семинар (практикалық) сабақтарының өткізілу әдісін сараптау нәтижесіне де байланысты.

«Өнер тарихына кіріспе» (I бөлім) пәні бойынша семинар (практикалық) сабақтар келесі түрде өткізілуі мүмкін: конспектілеу, глоссариймен жұмыс, әңгімелесу, компьютерлік презентация, тақырыптық эссе, өнер туындысына сараптама жасау.

2.1. Конспектілеу

Конспектілеу – оқылған мәліметтердің мазмұнын қысқаша баяндау. Конспект – кітап немесе мақала мазмұнын логикалық кезекпен баяндаудың қиын тәсілі. Конспект алдындағы жазба түрлерін, кітап пен мақаланың мазмұнын жан-жақты қамтуға мүмкіндік береді.

Конспектілеудің құрамына кіретіндер:

Аннотациялау – қарастырылған немесе оқылған кітап (мақала) мазмұнын, дереккөзі, мінездемесі мен қызметін қысқаша сипаттау.

Жоспарлау – қарастырылып отырған мәліметтің құрылымы мен мазмұнын ашатын қысқаша мәтін.

Тезистеу – нақтылы мәліметті автордың негізгі мақұлдауынсыз ықшамды баяндау.

Цитаталау – автордың негізгі ойын білдіретін мәтіннің бір бөлігін сөзбе-сөз көшіру.

Конспект жазу барысында:

- 1) мәтінді толықтай оқу, түсініксіз сөздерді түсіндірме әдебиеттерден қарастыру, жазу барысында көмекші деректерді конспектіге қосу;
- 2) мәтіннің негізгі, қысқаша ойын белгілеу, автордың негіздемесін (аргументациясын) анықтау, жоспар құрастыру;
- 3) жоспар пункттеріне сүйене отырып, мәліметті конспектілеу;
- 4) конспектілеу кезінде ойды өз сөзімен жеткізуге тырысу;
- 5) ойдың мағынасын даналық сөздер арқылы дұрыс жазу керек.

Конспект мәтнінде тезис қана емес, дәлелдер келтіруге тырысу керек. Конспекті көркемдеу кезінде әр сөйлемнің сыйымдылығына назар аудару қажет. Кітап авторының ой-пікірін стилі мен айқындылығын жоғалтпай қысқаша баяндау тиіс. Конспектінің қосымша элементтерінің саны логикалық тұрғыдан негізделуі, жазбалар шығарманың логикалық құрылымына сай белгілі ретпен жазылуы керек. Нақтылау мен мәлімет қосу үшін жол қалдырған дұрыс.

Конспектілеу қабілетіне ие болу мақсаттылықты, өзіндік жұмысты талап етеді. Өз бетінше белгілі бір өнер туындысын сипаттауға баға беруге дағдылайды.

Өнерге қатысты барлық терминдерді түсіну үшін глоссарийді ұтымды қолдана білу керек.

2.2. Глоссариймен жұмыс

Глоссарий (лат. «*glossarium*» – «глосстарды жинау») – білімнің бір саласындағы тар мамандандырылған терминдердің түсіндіру, кейде басқа тілге аудару, талдау мен мысал келтіру сөздігі. Глосстар жинау сөздіктердің бастамасы болды.

Глоссарий – жиі қолданылатын түсініктердің тізімі. Бұл термин гректің *глосса* сөзінен шыққан, тіл деген мағына білдіреді.

Ежелгі Грекияда глосс деп мағынасы конспект жолдарының маңында берілетін мәтіндердегі түсініксіз сөздерді айтқан. Нәтижесінде глоссстардың жиынтығы глоссарий деп аталып кетті.

Глоссарий арнайы әдебиетті оқу кезінде дереккөзінде жиі кездесетін түсініксіз сөздер мен қиын терминдердің мағынасын қиындықсыз табу үшін қажет болды. Глоссарий құрмас бұрын дереккөздерін оқып шығып, танысқан дұрыс. Бұл жұмыс барысында міндетті түрде көптеген арнайы терминдер кездеседі. Жиі кездесетін терминдер анықталған соң, олардың тізімін жасау керек. Бұл тізімдегі сөздер қатаң түрде әліпби ретімен орналасуы керек, себебі глоссарий мамандандырылған терминдер сөздігі іспеттес.

Осыдан кейін глоссарий мақаласын құру жұмысы басталады. Глоссарий мақаласы – терминнің анықтамасы. Ол екі бөліктен тұрады:

- терминнің атау септігіндегі дұрыс түрі;
- берілген терминнің кең мағынасын ашатын бөлігі.

Глоссарий құру кезінде келесі ережелерді ұстанған дұрыс:

- 1) мәліметтің дұрыс әрі сенімді болуына көз жеткізу;
- 2) дұрыс ғылыми терминдерді көрсетуге тырысу және жаргондарды қолданбау. Оны қолданған жағдайда сол сөзге қысқаша түсінік беру;
- 3) мақаладағы күдікті сұрақты бірнеше көзқарас жағынан сипаттап, бірақ олардың ешқайсысын негізгі ретінде қабылдамау, себебі глоссарий – қолда бар фактілердің жиынтығын көрсету;
- 4) сол термин қолданылуына мүмкін мәнмәтіннен мысал келтіру;
- 5) керек жағдайда глоссарийге тек жекелеген сөздер мен терминдер ғана емес, сөз тіркесін де енгізуге болады.

2.3. Ашық әңгімелесу

Ашық әңгімелесу – семинар сабақтарының кеңінен таралған түрі. Студенттердің бәріне ортақ ұсынылған негізгі және қосымша әдебиет бойынша сабақ жоспарындағы сұрақтарға жауап беруі, студенттің шығуы (өзінің қалауымен немесе оқытушының

шақыруымен) мен оның талқылауы, дәріскердің сөз сөйлеуі мен қорытындылауы сияқты дайындықты ұсынады. Ашық әңгіме өнер тарихы бойынша сұрақтарын талдауға көптеген тыңдармандарды араластыруға, белсенділіктің құралдарын қолдануға, жақсы ойластырылған қосымша жекелеген адам мен барлық топқа қоятын сұрақтарды қолдануға, көпшілік алдында сөйлеудің мықты және әлсіз жақтарын қарастыруға, жұмыс барысындағы жаңа қызықты сәттерге назар аудартуға жәрдемдеседі.

Ашық әңгіме жекелеген студенттердің кейбір қосымша сұрақтар бойынша жоспарлы түрде көпшілік алдында сөйлеуіне мүмкіндік береді. Бірақ осы сияқты хабарламалар талқылау негізі емес, жасалған баяндамаларға қосымша ретінде қызмет етеді.

2.4. Сабақ кезіндегі сұрақтар

Сабақ уақытында студенттер немесе оқытушы сұрақ қоя алады. Сұрақтар нақтылау, бағытталушы, қарсы болып бөлінеді.

Нақтылау сұрақтарының мақсаты – сөйлеу уақытында қателеспей немесе мәселені қате талдауды болдырмау үшін ойды анық айту, оны анық негіздеу. Жауап тыңдарманға дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді, түзетілген қателер сұрақтың алып тасталуына алып келеді, қате ойды семинар қатысушылары талдайды, бірақ оның қате екенін басып айтпайды.

Бағытталған сұрақтардың мақсаты – полемиканы қажетті бағытта жүргізу, мәселенің түбірінен ауытқуға мүмкіндік бермеу.

Қарсы сұрақтар қосымша дәлелдеме талаптарынан тұрады, сондай-ақ көпшілік алдында сөйлеу мен жекелеген жағдайларды формалды-логикалық сараптауды көздейді. Бұл сұрақтардың мақсаты – жан-жақты және терең негізделген жағдайларды қарастыру, сенімсіз бен күмәнді қорытынды шығаратын логикалық қателерді табу.

2.5. Баяндама дайындау

Баяндама дайындау алдын ала ұсынылған тақырып бойынша жүзеге асырылады. Семинар баяндамалары ертеректе қалып-

тасқан теориялық және эмпирикалық білімдерді көрсетуге мүмкіндік береді, сондай-ақ баяндама жоспарына сай ғылыми және білім беру мәтіндерінде кездесетін ақпаратты жүйелеуге үйретеді.

Баяндаманы дайындау барысында ұсынылған әдебиеттерді зерттеу мен оқылған мәтіннің жоспарын құру қажет, кейін мақсаты мен міндетіне сай баяндама жоспарын құру керек.

Әдетте семинар (практикалық) сабағы барысында 2-3 баяндама 10-15 минутқа талқылануға беріледі.

Баяндамалардың тақырыбы әртүрлі болуы мүмкін: ол семинар сабағының жоспарындағы сұрақпен бірдей болуы мүмкін немесе оның мәселенің практикалық мағынасымен байланысты; әсіресе семинар қатысушыларының кәсіби саласында бір жағын ғана бейнелеуі мүмкін.

Семинар қатысушысы келтіретін мысалдар мен фактілер шынайы болуы керек, мүмкіндігінше үйрету бағыты арқылы болу. Болашақ мамандыққа жақын ғылым саласының мысалдары семинар жетекшісінің тарапынан қолдау табады.

Семинар (практикалық) сабақты баяндама түрінде өткізу келесі реттік кезектерден тұрады:

- 1) негізгі сұрақ бойынша баяндама жасау;
- 2) сөз сөйлеушіге сұрақтар;
- 3) баяндаманың мазмұнын талдау, оның теориялық және әдіснамалық артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау;
- 4) баяндамашының қорытынды сөзі;
- 5) оқытушының қорытынды сөзі.

Мәліметтің еркін түрде баяндалғаны дұрыс. Конспектіден үнемі көмек іздеу баяндаманың құрылымы нашар ойластырылғанымен, сұрақ толығымен қамтылмағанымен түсіндіріледі. Осыған байланысты студенттер негізгі ойды жоғалтып алудан, айтылатын мәліметтердің логикалық реттілігін бұзып алудан, өзінің көпшілік алдында сөйлеуін бүлдіріп алудан қорқады. Бұдан басқа мәдени сөйлеу тілі толығымен дамымаған баяндамашы сенімсіз болудан қорқады. Соған қарамастан, баяндаманың сенімсіз болуының негізгі себебі қарапайым мәліметтерді толығымен түсінбестен, оқулықтардан көшіріп алу болып табылады.

Сөз сөйлеу кезінде аудиториямен үнемі байланыста болу, сасқалақтамай репликалар, сұрақтар, ескертулерге жылдам әрекет ету маңызды. Сөз сөйлеуші дәріскерге емес, аудиторияға

қарап сөйлеуі керек. Тыңдармандармен байланыс өз ойынды жақсы жеткізуге көмектеседі, ал аудиторияның іс-әрекеті өзінің сөз сөйлеуіндегі мықты және әлсіз тұстарын да анықтауға көмектеседі.

2.6. Рефераттар жазу мен қорғау

«Реферат» латынның «*refero*» сөзінен шыққан, «мазмұндау, хабарлау, баяндау» деген мағынаны білдіреді. Реферат – дәріс берушінің жетекшілігімен жүргізілген өнер тарихындағы бір мәселеге, өнер туындысының сараптамасы мен теориялық дерек-көзіне арналған жазба жұмысы. Рефераттың мазмұны қарапайым оқу баяндамасын дайындаудан қиынырақ, терең зерттеуді, шығармашылық ізденісті, өз бетінше ойланып, шешім шығаруды талап етеді. Рефератты авторы семинарда немесе алдын ала оқиды.

Рефераттың мақсаты – таңдалған мәселе қаншалықты түсінікті болғанын көрсету, әдебиеттермен жұмыс істеу қабілетіне ие болу, әдеби дереккөздері мен практикалық мәліметтерді жалпылау, өзінің ой-пікірін дұрыс жеткізе білу мен қорытынды шығару.

Реферат дайындау барысында бірнеше тапсырмалар қатары пайда болады:

- таңдалған тақырып бойынша әдебиеттерді зерттеу;
- берілген әдебиет пен сәйкес интернет-ресурстардың мазмұнын зерттеу;
- бар мәліметтерді жалпылау;
- реферат жоспарын құру;
- реферат жазу;
- рефератты сәндеу.

Жұмыстың жалпы көлемі А4 форматты қағазда 15-20 беттік баспа мәтінінен (титул парақшасын, мазмұны мен пайдаланылған әдебиеттер тізімін қоса есептегенде) тұрады. Мәтінде зерттеу себебін түсіндіретін жұмыстың құрылымдық бөлшектері бөлінуі керек: кіріспе, негізгі бөлім мен қорытынды, сондай-ақ тақырыпшалар.

Реферат жазуға кіріспестен бұрын:

- тақырып таңдап, оны дәріскермен келісу;
- библиография құрастыру;
- реферат жоспарын құру мен тақырыпқа қатысты дереккөздері мен әдебиеттерді мұқият зерттеу;
- таңдалған тақырыпқа қатысы бар мәліметтерді ғана конспектілеу;
- мәліметтерді жүйелеген соң нақты реферат жоспарын құру керек.

Реферат келесі бөлімдерден тұрады:

- 1) титул парақшасы;
- 2) мазмұны;
- 3) кіріспе;
- 4) негізгі бөлім (бөлімдері)
- 5) қорытындылар (соңғы бөлім);
- 6) қосымшалар;
- 7) қолданылған әдебиеттердің нөмірленген тізімі (5 дереккөзінен кем емес), авторды көрсету, атауы, шығарылған жері, баспасы, жылы, басылымы.

Рефераттың басында жекелеген бөлімдер бойынша бет нөмірі көрсетілген **мазмұны** болу керек.

Кіріспеде қарастырылатын сұрақтың ғылыми мәселедегі орны, оның теориялық және қолданбалы мағынасы; тақырыпты таңдау себебін түсіндіру, авторды неге осы тақырып қызықтырғанын қысқаша баяндау, рефераттың мақсаты мен міндеттерін көрсету, оның құрылымын көрсету керек.

Негізгі бөлім жоспар бойынша анық әрі ретті өз сөзімен баяндалған болуы керек. Мәтінде қолданылған әдебиеттерге сілтеме болуы тиіс. Мәліметті сөзбе-сөз жазатын болса, әрбір цитата қолданылған әдебиеттер тізімінде нөмірі көрсетілген сілтемеге сәйкес болу керек, мысалы (12, с. 56) немесе мына мәселе «11 жұмыста қарастырылды...». Мәтіннің әрбір бастамасы қай жерде аяқталғанына қарамастан жаңа парақтан басталуы керек.

Барлық **сілтемелер** өздері берілген бетте орналасады.

Цитаталарды рәсімдеу. Дәйексөз мәтіні тырнақшаға алынады және дереккөзінде берілген автор жазған ерекшеліктерін сақтай отырып, сол грамматикалық формада беріледі.

Суреттер / иллюстрациялар сілтемелерін рәсімдеу. Баяндаманың әдемілігі үшін иллюстрациялы мәтін қолданған жөн. Мәтінде оларға реттік нөмірі бар сілтеме жасалады. Мәтіндегі сурет нөмірі, кестелер, беттер, тақырыпшаларсілтемелерде қысқартылып жазылады. Сондай-ақ суреттерді жұмыстың **қосымшасы** ретінде бейнелеуге болады.

Қорытындылар қарастырылған мәліметтердің қысқаша мазмұны жалпылама сипатынан тұруы керек, қарастырылған мәселенің практикалық қосымшалары, көзқарас, этика және т.б. жағынан маңыздылығы айтылады.

Жұмыс соңында **қолданылған әдебиеттер тізімі** ұсынылады. Әдеби дереккөздері келесі кезекпен орналасуы керек:

- 1) энциклопедиялар мен анықтамалықтар;
- 2) реферат тақырыбы бойынша кітаптар (тегі мен автордың инициалдары, кітап атауы, бет нөмірі);
- 3) газет-журнал мақалалары (мақала атауы, журнал аты, жылы, басылым нөмірі, бет нөмірі).

Формат. Реферат А4 форматты ақ қағаздың бір жағында орындалуы керек. Жолдар арасындағы арақашықтық жартылай болады. Шрифт түсі – кара. Негізгі мәтін қарпінің гарнитурасы – «Times New Roman». Кегль (өлшем) – 12-ден 14-ке дейін. Бет өлшемдері (аз емес): оң жағы – 30 мм, төменгісі мен сол жағы – 20 мм. Абзац форматы: толықтай түзету (ені бойынша). Қызыл сызықтық кейін шегіну (абзац) барлық мәтін бойынша бірдей (1,25 пт).

Беттер нөмірленбейтін титул парақшасымен қоса нөмірленуі керек. Жұмыстарда цитаталар, статистикалық мәліметтер, автордың экспедициялық мәліметтері қолданылады. Бұлар сілтемелер түрінде бейнеленеді. Бөлім тақырыбы мен мәтін арасындағы арақашықтық 2,5 интервалға тең болуы керек. Тақырыпша мен келесі мәтіннің арасындағы арақашықтық 2 интервал болуы, ал мәтін жолдары арасындағы интервал 1,5 болуы керек. Тақырып атауының қаріп өлшемі – 16 (полужирный), тақырыпша – 14 (полужирный), жұмыс мәтіні – 14. Парақтың ортасына тақырып атауы қойылмайды. Тақырыпшалардың асты сызылмайды. Абзацтар жаңа жолдан басталады және 1,25 см кейін шегерумен басылады. Мазмұны жұмыстың басында және кіріспенің алдында орналасуы керек.

Тақырыпшалар. Бөлім мен бөлімше тақырыпшаларын жеке жолда бас әріппен, астын сызбай, соңына нүкте қоймай жазу керек, мысалы, КІРІСПЕ, ҚОРЫТЫНДЫ. Ортасы немесе сол жағы бойынша түзету керек. Шығару: тақырыпша алдында – 12 пункт, кейін – 6 пункт. Тақырып атауы мен келесі мәтіннің арақашықтығы 2 жоларалық интервалға тең болуы керек. Дәл сондай арақашықтық тақырыпша мен параграф атаулары арасында болуы қажет. Тақырыпша жолдары арасындағы арақашықтық мәтіндегімен бірдей болуы керек. Тақырыпшада оның астын сызу мен сөздердің бөлігін басқа жолға ауыстыруға (жекелеген сөздерді) болмайды.

Нөмірлеу. Беттерді нөмірлік реттерін сақтай отырып (титул парақшасы мен мазмұнын ортақ нөмірлеуге қосып), араб сандарымен нөмірлеу керек. Титул парақшасына нөмір қойылмайды. Бет нөмірі парақтың төменгі бөлігінің ортасында нүктесіз қойылады.

2.7. Компьютерлік презентациялар

Компьютерлік презентациялар баяндаушы өзінің баяндамасына қосымша мәліметтерді үлкен экранда немесе мониторда көрсете алуы үшін қажет. Бұл мәліметтер сәйкесінше дыбыс немесе видео жазбамен толықтырылған жөн.

Презентацияға қажетті жалпы талаптар:

1. Презентация 10 слайдтан кем болмауы керек.
2. Бірінші беті – титул парақшасы, бұл жерде міндетті түрде жұмыстың тақырыбы; ЖОО атауы; автордың аты-жөні, тегі; курсы, мамандығы мен факультеті жазылуы керек.
3. Келесі слайд презентацияның бөлімдері көрсетілетін мазмұны болуы керек. Мазмұнынан гиперсілтеме арқылы қажетті бетке өтіп, кейін қайтуға мүмкіндік болғаны дұрыс.
4. Дизайн-эргономикалық талаптар: түстердің үйлесімділігі, слайдтағы объектілердің шектеулілігі, мәтін түсі.
5. Презентацияда объектілерді дайын сандық білім беру ресурстарынан, глоссарийлер мен әдебиет тізімдерінен импорттанған дұрыс.

Презентация жасау үш кезеңнен тұрады:

I. Презентациясыны жоспарлау – көп кадамды құбылыс; құрамына:

- 1) мақсатты анықтау;
- 2) аудитория туралы мәлімет жинау;
- 3) презентацияның негізгі ойын анықтау;
- 4) қосымша мәліметтер жинау;
- 5) көпшілік алдында сөз сөйлеуді жоспарлау;
- 6) презентация құрылымын жасау;
- 7) мәліметті ұсыну логикасын тексеру;
- 8) қорытынды дайындау.

II. Презентацияны жобалау – көлденең және тігінен логиканы, мазмұны мен мәтіндік және графикалық мәліметтің қатынасын қосқандағы презентация слайдтарын дайындаудың әдіснамалық ерекшеліктері.

III. Презентация дайындығы – дайындалған презентацияны тексеру (техникалық жағынан).

2.8. Эссе жазу

Эссе (французша «*essai*» – «әрекет, очерк», латынша «*exagium*» – «өлшеу») – белгілі бір себеп немесе сұрақ бойынша жеке-келеген әсер немесе ой-пікірді білдіретін, заттың анықтамасын білдірмейтін еркін композиция немесе шағын көлемді шығарма. Бұл шығарма түрі өзінің образдылығымен, афористілігімен және сөйлеу ырғағы мен лексикасына қойылуымен ерекшеленеді.

Эссенің мақсаты өзіндік шығармашылық ойлау мен ой-пікірдің жазбаша жеткізу қабілетін дамытудан тұрады. Эссе қойылған мәселенің нақты мәнінен, осы мәселе бойынша оқылып жатқан пәндегі аналитикалық құралдар мен концепцияларды қолдана отырып, өздігінен жасалған сараптаманы, мәселе бойынша автордың ұстанымын көрсететін шешімді қамтиды.

Эсеге деген талап пәнге байланысты өзгеруі мүмкін, бірақ жұмыс сапасы жалпы критерийлер бойынша бағаланады: өз бетінше орындау, жағдайлар мен шешімдерді аргументпен дәлелдеу қабілеті, нақтылық, ықшамдылық, мәселені қоюдағы шынайылық, тақырыпты меңгеру мен мәліметті баяндау дәрежесі (мәлімет тандаудағы негізделу, алғашқы дереккөздерін қолдану,

фактілер, құрылымдар мен логиканы өздігінен меңгере алу). Сонымен қатар студенттер музейге барған экскурсияны эссе ретінде жазып келулері керек.

2.9. Өнер туындысына сараптама жасау

Семинар (практикалық) сабақ барысында берілетін тапсырмалардың бірі – өнер туындысына сараптама жасау. Бұл жұмыс түрі оқытушының келісімімен, өзінің қалауы бойынша түпнұсқа көркемөнер туындыларының өнімдерін өнертанушылық сараптау түрінде жасалады. Репродукциялар оқытушы немесе әдіснамалық кафедра қоры ұсынған мәліметтерден таңдалады.

Тапсырма жазбаша түрде орындалады және содан кейін көпшілік алдында қорғалуы немесе дәріс берушіге тексеруге берілуі мүмкін.

Туындыға сараптама жасау барысында келесі мәселелерді негізге алған дұрыс:

- 1) шығарманың тақырыбы, автордың есімі, жасалған жылы;
- 2) материал (мәрмәр, холст және т.б.) мен техника атауы;
- 3) мүмкіндігінше суретшінің қысқаша өмірбаяны (туындының стилі мен тақырыбына әсер еткен жағдайларды баяндау);
- 4) дәуірдің қысқаша мінездемесі (суретшінің жұмысына әсер еткен идеологиялық және эстетикалық құбылыстар);
- 5) туындыны құрылымдық және мағыналылық жағынан сараптау;
- 6) суретшінің образ жасауы кезіндегі айқын көрініс (колорит) пен жарықтың рөлін (қажет болған жағдайда) сараптау;
- 7) туындының тарихы туралы қысқаша баяндама (замандастары мен өнертанушылардың көзқарасы, автордың өміріндегі рөлі).

2.10. Бақылау түрлері

«Өнер тарихына кіріспе» (I бөлім) пәнін оқу барысында білімді бақылаудың келесі түрлері жүзеге асырылады:

1) **ағымдағы бақылау**, лекциялар, практикалық және лабораториялық сабақтардағы ақпараттарды меңгеру дәрежесін үнемі бақылап отыру;

2) **аралық бақылау** – пәннің бір бөлімін аяқтағаннан кейін алатын бақылау;

3) пән бойынша **қорытынды бақылау** сынақ (есеп) түрінде.

Өзіндік жұмыс бақылауларын қабылдаудың екі түрі бар: ауызша және жазбаша.

Ауызша сұрау – қалыптасып келе жатқан компетенцияларды бағалау әдісі мен бақылау түрі. Бұл бақылау түрі білім мен көзқарасты бағалауға, жауапты логикалық тұрғыдан құрастыра алуды, көп логикалы сөйлеуге ие болу мен басқа да коммуникативті қабілеттерді анықтауға мүмкіндік береді.

Бақылаудың **жазбаша** түріне: тест, бақылау жұмыстары, баяндамалар, өнер туындыларына сараптама жасау, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша қорытындысы жатады.

Тест пен бақылау жұмыстарының негізгі ерекшеліктері болып табалатыны:

- оқытушының уақытын үнемдейді (ауызша бақылауға қарағанда 2-3 есе аз уақыт кетеді);
- бақылау тапсырмасын тапсыруда бәріне ортақ жағдай жасалуы;
- қиындығы бойынша бірдей жауап нұсқаларын жасау мүмкіндігі;
- оқытушының көмегінсіз жауапты дұрыс бағалау мүмкіндігі;
- жұмысты орындаудың негізделген түрде бағалануына жағдай жасау.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ МАЗМҰНЫ

1-тақырып.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖАНРЛАРЫНЫҢ ӘРТҮРЛІЛІГІ

Мақсаты: бейнелеу өнерінің негізгі түрлері мен жанрларын қарастыру.

I. Дәріс.

Бейнелеу өнері (ағылш. *Visual arts*) – дүниені көзбен көріп, түйсіну негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы. Бейнелеу өнеріне негізінен кескіндеме, мүсін, графика жатады. Бейнелеу өнерінің белгілері архитектурада, безендіруде және қолданбалы өнерде көрініс табуы мүмкін. Сондықтан шартты түрде оларды да бейнелеу өнері қатарына жатқызады. Сондай-ақ театр, кино мен теледидардағы безендіруді, көркем дизайнды да бейнелеу өнері ретінде таниды. Бұл өнердің де негізінде адамды, табиғатты және заттық әлемді тұтастықта, бірлікте қарастыру жатыр. Бейнелеу өнері дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды. Әр ғасыр, дәуір, кезеңде пайда болған бейнелеу өнерінің туындылары өзіндік бейнелеу жүйесі мен көркемдік үндесудің түрлі типтерін құрайды. Бұл өнер танымдық, құндылық және қарым-қатынастық қызметімен де ерекшеленеді. Уақыттың даму процесі басқа өнер түрлеріне (әдебиет, музыка, театр, кино) қарағанда бейнелеу өнерінде шектеулі, ол негізінен кеңістіктік ауқымымен ерекшеленеді. Суретші өз көзімен көріп, түйсінген шындығын сол сәттегі қалпымен көрсетуге ұмтылады. Өмір құбылыстары типтік жағынан таңдап алынып, заманның тірлік-тынысы жан-жақты көркемдік қуатпен беріледі. Бейнелеу өнерінің көркемдеу құралдарына сурет, түрлі түс, пластика, жарық пен көлеңке, композиция, ырғақ жатады. Шығармалар заттық материалдан дайындалатындықтан оған пәндік, заттық болмыс тән. Бейнелеу өнерінің әр жанры

қоршаған әлемнің бейнесін түрліше береді: кескіндеме түрлі түсті бояуды, графика түрлі сызықтардың қиылысуын, көлеңке мен жарықтың астасуын, мүсін пластикалық үш өлшемді (биіктік, ендік және аумақтық) пайдаланады. Бейнелеу өнерінің барлық жанрындағы шығармалары мазмұнына қарай монументалды-сәндік және қондырмалы болып екіге бөлінеді. Қондырмалы шығармалар негізінен музейлерді, галереяларды немесе үй интерьерлерін безендіріп, сол жерлерде орналасады. Монументалды кескіндеме ғимараттардың ішкі қабырғаларында, интерьерде және экстерьерде жазылады. Монументалды мүсін архитектуралық кешендерде, қала көшелері мен алаңдарда, мекеме ғимараттарының қасбеті мен интерьерлерінде орналасады. Шығыс және Батыс бейнелеу өнеріне тарихи даму процесі барысында қалыптасқан портрет, пейзаж, натюрморт сияқты жанрлар ортақ.

Бейнелеу өнерінің тарихы адамзат тарихымен қатар басталған. Көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі жер бетінде болған небір өркениет пен мәдениеттің іздері осы өнер арқылы таңбаланып, бізге жеткен. Бейнелеу өнерінің даму жолы шартты түрде бірнеше кезеңге бөлінеді: алғашқы қауымдық өнер, ежелгі дәуір өнері, орта ғасыр өнері, қайта өркендеу дәуірі, жаңа дәуір өнері, қазіргі заманғы өнер. Жер шарының әр аймағындағы ежелгі адамдар тұрағынан бейнелеу өнерінің алғашқы үлгілері табылған [Альтамир (Испания), Ласко (Франция), Кимберли (Австралия) үңгірлері]. Қазақстан аумағындағы алғашқы қауымдық өнердің ірі-ірі кешенді түрлері Тамғалыда, Ертіс аңғарында, Орталық Қазақстанда сақталған.

Бейнелеу өнерінің негізгі жанрлары ретінде пропорция, перспектива, портрет, натюрморт, иллюстрация, т.б. жатады.

II. Семинар сабағының жоспары:

1. Бейнелеу өнерінің негізгі жанрларын сипаттау.
2. Бейнелеу өнерінің тарихи және мифологиялық жанрларын дамыту.
3. Бейнелеу өнеріндегі тұрмыстық жанрлардың эволюциясы.
4. Пейзажды сурет өнерінің ерекшелігі мен типологиясы.
5. Бейнелеу өнеріндегі портрет жанрының ерекшеліктері мен әралуандығы.
6. Натюрморт бейнелеу өнерінің жанры ретінде.

III. Аудиториядан тыс конспектілеуге арналған тапсырмалар:

1. Пластикалық және кеңістіктік өнердің түрлері, олардың өзіне тән ерекшелігі мен көркемөнер тілінің ерекшелігі.
2. Өнер саласы ретіндегі сәулет өнерінің эстетикалық ерекшеліктері. Сәулет өнері образының ерекшеліктері.
3. Кескіндеме бейнелеу өнерінің бір түрі ретінде және оның бейнелеу құралдары.
4. Графика бейнелеу өнерінің бір түрі ретінде және оның образды тілінің ерекшеліктері.
5. Мүсін өнері пластикалық өнер жүйесінде, оның түрлері мен жанрлары.
6. Ұлттық және сәндік-қолданбалы өнердің ерекшелігі.

IV. Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. Глоссарий жасаңыз: асимметрия, блик, композициялық орталық, колорит, контраст, сызық, горизонт сызығы, нюанс, жоспарлылық, дақ, тепе-теңдік, рефлекс, ритм, жарық көлеңкесі, симметрия, түйісу нүктесі, формат.
2. Мына тақырыптардың біреуіне баяндама дайындаңыз:
 1. Өнер синтезі – көркемөнер мәдениетінің маңызды мәселесі.
 2. Өнердің кеңістіктік түрлеріндегі стиль мәселелері.
 3. Бейнелеу өнеріндегі композиция.
 4. Кескіндемедегі кеңістіктік құрылымдардың жүйесі.
 5. Кескіндеменің түс және колорит мәселелері.
3. Төмендегі тақырыптардың біріне компьютерлік презентация дайындаңыздар:
 1. Композиция мен оның негізгі заңдары.
 2. Модернизмнің дамуы және оның түрлері.
 3. Сәндік-қолданбалы өнер.
 4. Кескіндеме өнері.
 5. Графика.
 6. Сәулет өнері.
 7. Мүсін өнері.
 8. Дизайн.
4. «Өнер мәдениет феномені ретінде» тақырыбына эссе жазыңыздар.

5. «Бейнелеу өнерінің стильдері, түрлері мен жанрлары» деген тақырыпқа сөзжұмбақ жасаңыздар.

Әдебиеттер

Негізгі:

1. История искусств: учеб. пособие / ред.: Г.В. Драч, Т.С. Паниотова. – М.: КНОРУС, 2013.
2. Сокольникова Н.М. История изобразительного искусства: учебник: в 2-х т. Т. 2. – М.: Академия, 2012.
3. Виппер Б.Р. Введение в историческое изучение искусства. – М.: Изобразительное искусство, 1985.
4. Даниэль С.М. Искусство видеть. – Л.: Искусство, 1990.
5. Каган М.С. Философия культуры. – СПб.: ТОО ТК «Петрополис», 1996.
6. Эстетика: словарь. – М.: Изд-во политической литературы, 1989.

Қосымша:

1. Пушнова Ю.Б. Теория и история искусства: конспект лекций: пособие для подготовки к экзаменам. – М.: Приор-издат, 2006.
2. Сокольникова Н.М. История стилей в искусстве: учеб. пособие. – М.: Гардарики, 2006.
3. Шехтер Т.Е. Искусство как образ мира: избранные работы по теории и истории искусства. – СПб.: СПбГУП, 2012.
4. Зингер Л.С. Очерки теории и истории портрета. – М., 1986.
5. Баргенов И.А., Батажкова В.Н. Очерки истории архитектурных стилей. – М.: Изобразительное искусство, 1983.
6. Вельфлин Г. Основные понятия истории искусств. Проблема эволюции стиля в новом искусстве. – СПб.: МИФРИЛ, 1994.
7. Волков Н.Н. Цвет в живописи. – М.: Искусство, 1984.
8. Звездина Ю.Н. Эмблематика в мире старинного натюрморта. К проблеме прочтения символа. – М.: Наука, 1997.
9. Степанов Г.П. Композиционные проблемы синтеза искусств. – Л., 1984.

2-тақырып.

АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ ҚОҒАМ ӨНЕРІ

Мақсаты: алғашқы қауымдық қоғам дәуіріндегі өнер қалыптасуының негізгі кезеңдері мен ерекшелігін қарастыру.

I. Дәріс.

Алғашқы қауым – адамзат тарихындағы алғашқы қоғамдық-экономикалық бірлестіктердің әлеуметтік ғылымдағы атауы. Алғашқы қауымды жер шарын мекендеген барлық халықтар өз дамуының бастау сатысында басынан кешкен. Алғашқы қауым-

да еңбек қатынастары құрал-жабдықтарға, қоғамдық меншікке негізделді. Шаруашылық ұжымды түрде және қарапайым еңбек құралдарының көмегімен жүргізілді. Ол адамның жануарлар дүниесінен бөлініп шыққан кезеңінен мемлекеттің пайда болу кезеңіне дейінгі аралықты қамтиды. Алғашқы қауым даму кезеңінің басты мақсаты – қауымның және оның мүшесі болып табылатын әрбір адамның өмір сүруінің негізгі шарты болған қажетті өнімді өндіру және тұтыну. Өндіргіш күштердің нашар дамуы жағдайында бұл мақсатқа жетудің жолы ұжымдық (қауым шеңберіндегі) еңбек еді. Алғашқы қауымдық қоғам өндірістің материалдық жағдайларының теңдігімен, еңбектің жалпыға бірдей міндеттілігімен, қоғам және қауым мүшелері мүдделерінің бірлігімен және негізгі құрал-жабдықтарға қауымдық меншіктің болуымен сипатталады. Қауым барлық ұжым мүддесіне сәйкес оның мүшелерінің өнімді тұтынуын реттеп отырды. Өнімді қауым мүшелері арасында тең бөлу, теңдестіру бұл қоғамда алғашқы қауымдық адамның барынша қиын өмір сүруінің салдары болды. Олардың ешқайсысы жалғыз-жарым жүріп күн көре алмады.

Неолиттік дәуірде еңбек құралдарының дамуы нәтижесінде ең қарапайым шаруашылықтан (аңшылық, терімшілік, балық аулау) өндіруші шаруашылыққа (жер өңдеу, мал өсіру) өту процесі іске асты. Өндіріс қуатының өсуі тұрақты артық өнім шығаруға, қауым ішінде әлеуметтік қатынастардың өзгеріске ұшырауына, сыйлық алмасу жүйесінің дамуына негіз қалады. Әйел үстемдігіне негізделген некеден патриархаттық некеге, кейіннен моногаметалық некеге өтуге байланысты отбасының нығаюы және оның қауым шеңберінен дербестігі бірте-бірте арта түсті. Қауымдық меншік жеке меншікпен толықтырылды. Өндірістің жекешеленуі және отбасының нығаюы алғашқы қауымдық ұжымшылдық пен қауымның тұтастай әлсіреуінің белгісі еді. Өндіргіш күштердің дамуына қарай (қола және темірден жасалған еңбек құрал-жабдықтарына көшу) және отбасы арасында территориялық (көршілік) байланыстардың орнауына байланысты бірте-бірте алғашқы қауымның ыдырауына әкелген көршілік, кейіннен жер өңдеуші қауым дүниеге келді. Жерге жеке меншік пен қауымдық меншік арасында ішкі қайшылық пайда болды. Мұндай ішкі қарама-қайшылықтың дамуы қоғамдық әлеуметтік

жіктелу мен мемлекеттің пайда болуына жағдайлар жасап берді. Алайда адамзат тарихының бастауындағы қауымдаса өмір сүріп, шаруашылық жүргізу процесі әртүрлі үлгіде дамып, жалғасып келді. Әсіресе шығыс халықтары дәстүрінде, табиғаты қатал аймақтарда қоныстанған өзге де халықтар тұрмысында өндірісті жүргізудің қауымдық түрі XX ғасырдың соңына дейін сақталып отыр.



1-сурет. Ласко үңгірі, Францияда табылған жартас үстіндегі сурет, б.з.б. XIV мыңжылдық, жоғарғы палеолит. <https://kk.wikipedia.org>

II. Семинар сабағының жоспары:

1. Өнердің пайда болуы. Алғашқы қауымдық қоғам өнерінің ерекшеліктері.
2. Алғашқы қауымдық қоғам өнерінің тарихын зерттеу.
3. Палеолит дәуірінің өнеріне тән сипаттамалар.
4. Неолит дәуіріндегі өнердің ерекшелігі.
5. Скиф және сақ өнерінің ерекшеліктері.

III. Аудиториядан тыс конспектілеуге арналған тапсырмалар:

1. Ресей территориясындағы алғашқы қауымдық қоғам ескерткіштері.
2. Орта Азия территориясындағы алғашқы қауымдық қоғам ескерткіштері.
3. Сақтардың мәдениеті.

IV. Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. Глоссарий жасаңыз: геоглиф, дендрограф, дольмен, кром-
лех, қорған, мегалит, менгир, петроглиф, пиктограмма.
2. Мына тақырыптардың біреуіне баяндама дайындаңыз:
 1. Аңыз – ежелгі философия және адам тұрмысының «бағдарламасы».
 2. Сенім формалары мен аңыздары: анимизм, фетишизм, тотемизм, шаманизм.
 3. Аңыз бен магия.
 4. Аңыз – адамдар қоғамының бірлігі мен тайпалық бір-
лесуінің түсіндірмесі.
 5. Аңыздардың синкретикалық табиғаты.
 6. Аңыз типологиясы.
3. Төмендегі тақырыптардың біріне компьютерлік презента-
ция дайындаңыздар:
 1. Орта Азия көшпенділерінің алғашқы қоғамдағы мәдениеті.
 2. Скифтер мен сақтар мифологиясы.
 3. Сақтардың өнері.
 4. Еуразияның көшпелі халықтары өнеріндегі аң стилі.
 5. Алғашқы қауымдық қоғамдағы сәндік-колданбалы өнер.
 6. Петроглифтер.
 7. Алғашқы қауымдық қоғамның кескіндеме өнері.
 8. Қорғандар мен олардың түрлері.
4. «Сақтардың аң стилі» тақырыбына эссе жазыңыздар.
5. «Алғашқы қауымдық қоғам өнері» деген тақырыпқа сөз-
жұмбақ жасаңыздар.

Әдебиеттер

Негізгі:

1. История искусств: учеб. пособие / ред.: Г.В. Драч, Т.С. Паниотова.
– М.: КНОРУС, 2013.
2. Сокольникова Н.М. История изобразительного искусства: учебник: в
2-х т. Т. 2. – М.: Академия, 2012.
3. История искусства зарубежных стран. Первобытное общество. Древ-
ний Восток. Античность: учебник / ред.: М.В. Доброклонский,
А.П. Чубова. – М.: Сварог и К, 2008.
4. История искусства зарубежных стран. Первобытное общество. Древ-
ний Восток. Античность / под ред. М.В. Доброклонского. – М.:
Изобразительное искусство, 1981.
5. Мириманов В.Б. Первобытное и традиционное искусство. – Л., 1973.

Қосымша:

1. Палагута И.В. Искусство Древней Европы: эпоха ранних земледельцев (VII-III тыс. до н.э.): учеб. пособие. – СПб.: СПбГУП, 2007.
2. Столяр А.Д. Происхождение изобразительного искусства. – М., 1985.
3. Художественная культура первобытного общества: хрестоматия / сост. И.А. Химик. – СПб.: Славия, 1994.
4. Бадер О. Капова пещера. Палеолитическая живопись. – М., 1965.
5. Бозунова И.В. Искусство доклассового общества: учебное пособие. – Л.: Институт им. И.Е. Репина, 1975.
6. Пиотровский Б. Скифы и Урарту. – Ереван, 1978.
7. Сокровища скифских курганов в собрании Государственного Эрмитажа / сост. М.И. Артамонова. – Прага; Л., 1966.
8. Формозов А.А. Очерки по первобытному искусству. Наскальные изображения и каменные изваяния эпохи камня и бронзы на территории СССР. – М., 1969.
9. Мир наскального искусства. Сборник докладов. – М.: институт Археологии РАН, 2015. – 428 с.
10. Акишев А. Искусство и мифология саков. – М.: Наука, 1978. – 205 с.

3-тақырып.

ЕЖЕЛГІ ЕГИПЕТ ӨНЕРІ

Мақсаты: Ежелгі Египет өнерінің пайда болуы мен дамуын қарастыру, оның негізгі стильдік ерекшеліктері.

I. Дәріс.

Мысыр мәдениеті мен өнерінің бізге жеткен алғашқы белгілері шамамен біздің заманымызға дейінгі IV мыңжылдықтарда пайда болды. Алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, құл иеленуші мемлекеттер біртіндеп өмірге келе бастады. Ғасырлар бойы мысырлықтардың асыраушы анасы болып келген берекелі Ніл дариясы енді қанаушы топтардың меншігіне айналды. Қанаушы топтар дәулеттері тасыған сайын жеке иеліктерге қожа болып, бір-бірімен қырғи-қабақ тайталасқа түсті. Құлдарды аяусыз қанаудың нәтижесінде күшті, ірі тайпалы мемлекеттер құрылды. Б.з.б. IV мыңжылдықтың екінші жартысында қазіргі Мысыр жерінде осындай екі құл иеленуші мемлекет ірге көтерді. Олар: Оңтүстік және Солтүстік патшалығы деп аталды. Б.э.б. III мыңыншы жылдары Солтүстік патшалығы ұзақ жылғы соғыстан кейін Оңтүстікке бағынып, тұтас Мысыр мемлекетін құрды. Нармер

тақтада Солтүстік патшалығы болып табылады. Мысырда атақты, айбынды адамдардың, патшалардың бастарына айтарлықтай ескерткіштер қою кең таралған. Олардың сенімі бойынша патшалардың басына қаншалықты бай ескерткіш қойсаң, қарапайым халыққа, қала берді бүкіл елге оның рақымы түсіп, ұдайы желеп-жебеп отырады-мыс деп түсінді. Екінші жағынан, перғауындар қарапайым халыққа өз үстемдігін жүргізу үшін, өздерінің құдіреттілігін таныту үшін де осындай ескерткіштер салдыруға мүдделі болды. Пирамидалардың ішіндегі ең атақтысы – Хуфу Хеопс. Оны Мысыр перғауыны Хеопс (б.э. дейінгі XXVII ғасырда) салдырған. Мысыр елі кейінгі ғасырларда дүниежүзілік мәдениет пен өнерге өлмес мұралар қалдырды. Адам сенгісіз, биіктігі 20 метр, диаметрі 3,5 немесе 4 метр болатын тас бағаналардан тұрғызылған гипостильтерді – негізгі залдан тұратын ғибадатхананы тіршіліктен тыс бір күш тұрғызғандай еді. Мысыр өнерінде, әсіресе мүсіндеуде белгілі бір заңдылық өлшемі ерекше орын тепті. Сондықтан да мүсіндеуде шеберлікпен қоса бір-сарындылық қатал сақталған. Мүсіндер белгілі бір қалыпта (позада) міндетті түрде алға қаратылып, кеуделері тік, тізелері біріктіріліп, бір деңгейде сомдалатын-ды. Гиза пирамидаларынан кейінгі аты шулы сәулет ғимараты – перғауын I Ментухотеп басына тұрғызылған ғибадатхана болды. Сол замандағы құнды ғимарат болды. Ғибадатхананың біраз бөлігі жартастан қашалынып тұрғызылды және де ең алғаш бағаналар тізбегі осында пайдаланылды. Тастан басқа ағаштан, фаянс, сүйектен түйін түйіп ілгері басты. Әсіресе домалақ мүсін жасау өрістеп, өнер шығармаларында (бұрынғыдай тек патшаларды ғана дәріптемей) қарапайым еңбек адамдарын, түрлі қызметшілердің кескінін сомдау дамыды. Сондай өнер туындысының бірі – әл-Берше ғибадатханасынан табылған қызметші әйелдердің бейнесі. Топтама бейне ағаштан түйінделген. Аменхотеп-Эхнатонның тұсында өмірге әйгілі мүсіндер келді. Керемет сомдалғаны сондай, әлі күнге дейін адамзатты таңдандыруда. Ніл өзенінің батыс жағасында сәулетші Пенра Рамсес патшаға арнап тағы бір «Рамессеум» атты ансамбль-ғибадатхана тұрғызады. Патша II Рамсестің тұсында тұрғызылған сәулет құрылыстары Мысыр монументалды сәулетінің соңғы, ірі белгі-ескерткіштері болды.

Ежелгі Мысырда сурет салу әдісі. Тарихи деректер бойынша ежелгі Мысырда сурет салу мектепте сызу пәнімен қатар оқытылғанын білуге болады. Мектеп бітіруші жерді өлшеуді, бөлме жобасын, су құбырының кестесін сызуды білуге міндетті болды.

Мысырда оқушыларға сурет салуды оқытуға ерекше көңіл бөлінді, өйткені иероглифтік жазу әртүрлі заттар бейнелерінен тұрды.

Оқыту әдісі мен тәртібі барлық суретші педагогтарда бірдей болды. Алғашқы болып ежелгі мысырлықтар жас ұрпақты сурет салу дағдысына оқытуда белгілі бір жүйеге негізделген теориялық заңдылықтарды жасай бастады. Олар сурет салуға оқыту процесін қоршаған ортаны тануға, байқауға емес, сызбаларды, қағидаларды (канондарды) жаттау арқылы үлгілерді көшіруге негіздеді.

Ал Ежелгі грек суретшілері оқыту мен тәрбие мәселесіне жаңаша тұрғыдан қарады. Олар қоршаған ортадағы өсімдікке, табиғи құбылыстарға көңіл бөлу қажеттілігін мойындап, бейнелеу өнерін оқытудың өзіндік ережелерін жасады. Гректер әдеміліктің мәні сымбаттылық, симметриялық, бөліктердің тұтастық үндестігі, дұрыс математикалық тепе-теңділік деп тұжырымдады.

Грекияда б.з.д. VI ғасырда бірнеше сурет мектептері болды. Олар – сикиондық, эфестік және фивандық мектептер. Бұл мектептер әртүрлі әдістемелік бағыт ұстады. Фивандық мектеп жарық, көлеңке арқылы өмір шындығын және елесті көрсетуге бағытталды. Эфестік мектепте сыртқы сұлулыққа және табиғатты көркемдік тұрғыдан қабылдауға, соның ішінде шығармашылық, эстетикалық шабытқа мән берілді.

Ежелгі Римде де өнерге, соның ішінде бейнелеу өнеріне өте үлкен сүйіспеншілікпен қарады. Ауқатты адамдар грек суретшілерінің туындыларынан коллекциялар жинап, тіпті ақсүйектер мен үкімет қызметкерлері сурет салумен және кескіндемемен (живопись) айналысты. Суретке оқыту Римдегі жалпы білім беру мектептерінде жүргізілді.

Бірақ римдіктер грек суретші педагогтарының жасаған бейнелеуге оқыту әдістемесін одан әрі дамытып жетілдірмеді, керісінше, кейбір оқыту әдістерін олар сақтай алмады. Грек суретші-

педагогтары бейнелеу өнерінің басты мәселелерін шешуге талпынып, өз шәкірттерін бейнелеуге оқуды ғылым арқылы игеруге шақырып, бейнелеуге ұсақ кәсіп ретінде емес үлкен шығармашылық ретінде қарау керектігін түсіндірсе, ал Рим империясының суретші-педагогтарын бейнелеу өнерін оқытуды одан әрі дамыту мәселелері көп аландатпады. Олар бейнелеу өнеріне ұсақ кәсіп ретінде қарап, бейнелеуге оқытуда тек үлгіден көшіру әдісімен шектеліп, ұлы грек шеберлерінің жұмыс тәсілдерін қайталады.

Ежелгі көне дәуірде өнердің өркендеген уақыты орта патшалық тұсында болды. Осыған дейінгі замандарда перғауындардың құдайдай дәуірлеген билігі әлсіреп, Мысыр патшалығы бірнеше билікке бөлініп ыдырап кетті. Жеке бөлшектелген аймақтарға нормактар билік жүргізді. Бұрын айтқандай, Мысыр халқының тағдыры көбінесе Ніл дариясымен көп байланысты болды. Қарапайым халықтың ортақ асыраушысы болған дарияны жеке-жеке иелікпен пайдалану үлкен дау-дамай тартыс артынан экономикалық құлдыраушылық тудырды. Мысыр мемлекетінде бұрынғыдан да қиян-кескі күрес басталды. Нәтижесінде оңтүстік нормактар мерейі үстем болып, бір орталыққа бағынған мемлекет болды. Жаңадан үкімет басына келген патшалар өздерінің астанасы Фивте және оның маңайында өткен перғауындардың жолын қуған ірі ғибадатханалар мен кесенелер тұрғыза бастады. Солардың ішіндегі ең елеулісі – Гиза пирамидасы, сәулет ғимараты перғауын I Ментухотептің басына тұрғызылған ғибадатхана. Ніл дариясының батыс жағалауы Бахиір баурайында салынды. Ғибадатхананың өнер тарихында өзінің ерекшелігімен сәулеттік тың әдіс арқылы тұрғызылған құнды ғимарат. Ғимараттың біраз бөлігі жартастан қашалып тұрғызылды. Бағаналар тізбегінің үстінде маңдайша орнатылған. Негізінен ғибадатхана екі қабаттан тұрады, бірінші қабатта маңдайша бөлігінде ортасында көтерме жол салынған. Ғибадатхананың атын шығаратындай бірнеше ерекшеліктері бар. Оның біріншісі – Ескі Мысыр патшалығы тұсында сәулет өнеріәдісі жымдасып, жарасым тауып тұруы. Екіншісі – ғибадатхана табиғатпен байланыса жоғары үйлесімділік сәйкестікке қол жеткізуі. Жартысы қия жартастан қашалып тұрғызылған ғибадатхана айналасында әсерқалдырады. Бұл кезіндегі сәулетшінің ірі жетістігі. Осынау

аты аңызға айналған ғибадатхананы сол дәуірдің ірі сәулетшісі Иртисен жобалап салды.

Мысыр перғауындары осыдан кейін де өз биліктерін Мысыр жерінде тиянақтай түсті. Экономикалық шаруашылық реформалар жүріп, әскери күш шындалып, қуатты мемлекетке айналды. Сәулет кешенін, әсіресе патша Аменхотеп ғибадатханасын айрықша атап өтуге болады. Бұл ғимарат патша бұйрығымен ерекше тұрғызылған.



2-сурет. Рахотеп және Нофрет билеушілер мүсіні.
Ежелгі патшалық б.з.д. XXVII ғ. Каир музейі



3-сурет. Фараон IIIАменемхет. Мүсін. Қара гранит. Эрмитаж музейі

II. Семинар сабағының жоспары:

1. Ежелгі хандық кезіндегі Египет өнерінің дамуы.
2. Орта хандық өнері.
3. Жаңа хандық дәуіріндегі египеттік сәулет өнерінің ерекшеліктері.

III. Аудиториядан тыс конспектiлеуге арналған тапсырмалар:

1. Ежелгі Египет өнерінің ерекшелігі.
2. Ежелгі египеттік мүсін өнеріне тән белгілер мен эволюциясы.
3. Ежелгі Египеттегі кескіндеме өнерінің дамуы.
4. Тутанхамон мазарының ашылу тарихы мен зерттелуі.

IV. Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. Глоссарий жасаңыз: канон, мастаба, пектораль, фараон.
2. «Ежелгі Египет өнерінің негізгі ерекшеліктері» кестесін құрыңыздар:

	Ежелгі хандық	Орта хандық	Жаңа хандық
Сәулет өнері			
Мүсін өнері			
Кескіндеме өнері			

3. Төмендегі тақырыптардың біріне компьютерлік презентация дайындаңыздар:

1. Ежелгі Египеттің адам жерлеуғұрпы.
2. Ежелгі Египет мифологиясы.
3. Ежелгі Египет жазуы.
4. Эхнатон перғауын мен оның реформалары.
5. Тутанхамон мазарының қарғысы.
6. Египет пирамидалары.
7. Сфинкс құпиялары.
8. Розетт тасы.
9. Өлілер кітабы.
10. Нефертити патшайым.

4. «Ежелгі Египет мәдениетінің ерекшеліктері» тақырыбына эссе жазыңыздар.

5. «Ежелгі Египет құдайлары» деген тақырыпқа сөзжұмбақ жасаңыздар.

Әдебиеттер

Негізгі:

1. История искусств: учеб. пособие / ред.: Г.В. Драч, Т.С. Паниотова. – М.: КНОРУС, 2013.
2. Сокольникова Н.М. История изобразительного искусства: учебник: в 2-х т. Т. 2. – М.: Академия, 2012.
3. История искусства зарубежных стран. Первобытное общество. Древний Восток. Античность: учебник / ред.: М.В. Доброклонский, А.П. Чубова. – М.: Сварог и К, 2008.
4. Афанасьева В., Луконин В., Померанцева Н. Искусство Древнего Египта (Малая история искусств). – М., 1976.

Қосымша:

1. История искусства зарубежных стран. Первобытное общество. Древний Восток. Античность / под ред. М.В. Доброклонского. – М.: Изобразительное искусство, 1981.
2. Картер Г. Гробница Тутанхамона. – М., 1959.
3. Керам К. Боги, гробницы, ученые: пер с нем. – СПб.: «КЭМ»; Н. Новгород: «Нижегородская ярмарка», 1994.
4. Матье М.Э. Искусство Древнего Египта. – М., 1970.
5. Очерки истории искусства / под ред.: Н.Е. Григоровича и Г.Г. Поспелова. – М.: Советский художник, 1987.

4-тақырып.

ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ ӨНЕРІ

Мақсаты: Ежелгі Грекияның көркемөнер мәдениетінің ерекшеліктері мен негізгі даму кезеңдерін қарастыру.

I. Дәріс.

Еуропада ежелден өркендеген елдің бірі – Грекия. Олардың мәдениеті өзіндік шоқтығы биік өркениетке жатады. Көне Мысыр, Қосөзен мәдениетінің ең озық үлгілерін өздеріне дарыта отырып, өзіндік ерекше Грекия өнерін өмірге әкелді. Олардың өнер тарихындағы ауызға аларлық озық ескерткіштері: Кносс сарайы, Афина акрополи, Гера, Апаллон храмдары, эстетикалық талғамы жоғары нәзік те сұлу мүсіндері, қара, қызыл әдісті техникамен жасалған көздің жауын алатын құмыралары, т.б.

Кейінгі археологиялық қазбалардың жүргізілуі Кіші Азия жағалауы мен Крит аралдарында мәдениеті мен өнері гүлденген құл иеленуші мемлекеттердің өмір сүргенін дәлелдейді. Соны-

мен қатар осы өңірде ірі-ірі қалалардың, сарайлардың бой көтергені анықталып отыр. Кіші Азияда аты аңызға айналған Троя қаласының үйінділері, Критте Кносс қаласы, Пелопонесс түбегінде Микены қаласы аршылып алынды. Мәдениеттің өркендеген орталығы Кносс пен Микены қаласы болды. Қызу теңіз сауда жолының тоғысқан торабында тұрған Крит аралы өзінің қалаларының тез өркендеуінен алдына жан салмады. Онда Кносстан басқа Фест, Маллия қалалары қанат жайды. Қалалардың айналасы басқа елдердегідей дуал қорғандармен қоршалмады. Бұл олардың бейбітшілікте, бірлікте өмір сүргенін көрсетеді.

Аңыз бойынша, бір замандарда Критте Минос деген патшалық құрады. Оның жер астында адам кірсе қайта шыға алмайтын, шым-шытырық жол, бөлмелері бар бас айналар сарайы болады. Ол сарайда жартылай адам кейпіндегі құбыжық – Минотавр өмір сүреді. Афиналықтар Миносқа салық, төлем ретінде жылына бірнеше қыз бен жігітті жіберіп отырған. Ал Минос болса оларды Минотаврға сыйлайтын болған. Осындай адам жегіш құбыжықтан құтылу үшін «Барсакелмес» жерасты сарайына батыр Тесей жол тартады. Ол сарайдан адаспай шығу үшін бір бума жіптің ұшын кіреберіске байлап, соның тарқауымен жүріп отырады. Ақыры құбыжықты тауып, оны өлтіріп, жаңағы жіптің бойымен аман-есен жерасты сарайынан шыққан екен дейді. Бұл қанша аңыз болса да, шындыққа жанасатын сияқты. Кносс сарайы осы аңыздағы жерасты сарайына өте ұқсас, көптеген шым-шытырық бас айналар дәліздер мен бөлмелерге толы. Құрылыс айналадағы табиғатпен біте қайнасып, оның ажырамас бір бөлігіне айналған, үйлесімді шешім керемет білгірлікпен берілген.

Б.д.д. XVI ғасырдың аяғында тосыннан келген апат күллі Крит мәдениетіне сұрапыл соққы болып тиді. Ғалымдардың шамалауынша, б.д.д. 1520 жылы Фера аралында жойқын жанартау атқылап, ғаламат нөпір Криттің гүлденген жағалауын жайпап құлазытқан, оның үстіне күшті жер сілкінісі алапат апат әкеліп, аралдағы қалалар мен өнер ескерткіштерін жойып жіберген. Кносстан басқа қалалардың бәрінен ел безіп, тентіреп кеткен.

Осы кезеңге дейін аралда үстемдік орнатқан Хеттер табиғат апатынан кейін жан-жаққа ыдырап, қалғандарын грек-ахейліктер бағындырған еді. Олар құрған патшалық күшті де мығым

болды. Гректер Микеныдағы ежелгі Эгей өнері мен Крит аралындағы сан ғасырлық мәдениеттің «алтын» арналарын бойына сіңіре отырып, оны әрі қарай дамытты.

Б.д.д. XV ғасырда жойқын жанартау мен зілзаладан жапа шегіп әлсіреген аралға ахейліктер ене бастады. Олар крит мәдениетін қабылдап, өз мәдени асылдарымен толықтыра, тоғыстыра білді. Ал кейіннен крит өркениеті өшкен кезде Грекияның Микены, Тиринф және Пилос қорғандары ахейлік эгей мәдениетінің орталығына айналды. Ахейліктер жасаған мәдениет крит мәдениетіне жақын, бірақ өзіндік ерекшелігі, ізі бар еді. Егер крит қалаларына бекіністің қажеті жоқ болса, ахейліктердің қалаларына ол өте маңызды болатын. Сондықтан олар қалалары мен сарайларын биік тау, төбе басына салып, айналасын биік дуалдармен қоршайтын. Мұндай қорғаныс жауға алынбастай камал еді. Кейіннен гректер мұндай бекіністі «акрополь» немесе үстіңгі қала деп атады. Б.д.д. XIV-XIII ғасырларда тұрғызылған Микены, Тиринф қорғандары – біздің заманымызға дейін жеткен атақты өнер ескеркіштері. Бұлар құлама жартасты шоқылардың үстіне орнатылған. Солардың бірі – Микены акрополи. Асқақтаған акрополь қалыңдығы 6-10 метр, ұзындығы 900 метр болатын мығым қорғанмен қоршалған. Осы сияқты Тиринф дуалы да өте зор болған. Оның қалыңдығы 17,5 метр де, дуалының ішінде өтпелі жолдар, азық-түлік пен қару-жарақ сақтайтын қоймалар болған. Бұл камалдар 5-6 тонна болатын шомбал тас блоктардан қиюластырып тұрғызылған. Аңыз бойынша, бұл дуалдарды жалғыз көзді жалмауыз дәулер (циклоптар) тұрғызған дейді. Микены қорғанына кіретін орталық қақпасы ірі блок тастардан құралған. Кіреберіс маңдайшада Микены билеушілерінің киелі нышаны – қос арыстанның сом бейнесі қашалған. Осы «арыстанды қақпа» – эгей өнеріндегі монументтік мүсіннің айшықты үлгісі. Микены патшалығының мызғымас күшін білдіретін белгі. Жалпы алғанда, Микены өнері эгей мәдениеті арнасында дамыды.

Грек тарихының б.д.д. VIII-VI ғасырларды қамтитын кезеңі «көне» ұғымды білдіретін «архайос» деген грек сөзінен шыққан «архаикалық кезең» деп аталады. Көне дәуірде, Еуразия кеңістігінде Кіші Азия мен Шығыс Азияда әлемдік өркениет дамуының жаңа ғасыры басталды. Еуразия даласында сақ-скиф, ғұн-


дар әкелген әшекей өнер «аң бейнелі» әдіс өмірге келді. Қосөзен алқабында атақты қорғандарымен, қалаларымен, аспалы бақтарымен әйгіленген Вавилон, Ахеменидтер патшалығы тарих төріне шықты. Өркениетті осындай елдермен қызу қарым-қатынаста болған гректер олардың мәдениетінің ең озық үлгілерін саралай сіңіре отырып, жоғары жетістікке жетті. Ежелгі Мысыр сәулетшілерінен бағаналы сарай-храмдар салуды үйренді. Қосөзен аңғары елдерінен бетон жасауды, беті жылтыр су өткізбейтін түрлі түсті кірпіш мозайка өруді дарытты, ал көшпенділерден алтыннан түйін түйген зергерлікті қабылдады. Осының арқасында б.д.д. VIII ғасырда Грекияда материалдық мәдениет дами бастады.

Б.д.д. 500-499 жылдары гректерге парсылар шабуыл жасап, көп жерлерін басып алды. Гүлденген қалаларды қиратып, елді құлдыққа салды. Қатерлі бұлт Афина қала мемлекетінің басына да төнді. Сондықтан Афина бас болып, бостандық пен тәуелсіздікті қорғау үшін грек қалаларының одағын құрды, ортақ жауға қарсы бірігіп күресуге жұмылдырды. Ақырында гректер жеңіп, тәуелсіздігін қорғап қалды. Осы жеңістің барысында грек қалаларының күшті теңіз одағы құрылды. Оған кішігірім екі жүзге тарта мемлекет кірді. Негізгі көшбастаушы, басқарушы Афина қаласы болды. Афина қала-мемлекеті, әсіресе Периклдің тұсында өзінің гүлденуін бастан өткерді. Афина ежелгі Элланың аса ірі экономикалық, саяси, мәдени орталығына айналып, атақты ақын-жазушылардың, тарихшылар мен философтардың назарын өзіне аударды.

Осындай күшті Грек мемлекеті тұсында өмірге келген өнер – Грек классикалық өнері деп аталады. Бұрынғы өткен замандардағы Мысыр, Эгей және архаика кезеңдерінде жасалған өнер туындыларынан үйрене отырып, жаңа тұрпаттағы талғамы жоғары өнерді тудыру осы кезеңнің суретші-сәулетшілерінің үлесіне тиді. Кейінгі дәуірлерде грек өнерінің қарыштап дамуына, онымен қоймай басқа да Еуропа елдеріне ықпалын жүргізіп, олардың да өнерінің дәуірлеуіне күшті әсер еткен осы кезеңде туындаған өнер болды. Алғаш гректік өнердің үлгісі болып саналғандықтан, классикалық өнер аталуы да содан.

Архаика тұсындағы сәулет өнерінің ең озық үлгілерін әрі қарай дамыта отырып, сәулетшілер тамаша сарайлар тұрғызды.

Сондай сарайдың қатарына Гера және Зевс ғибадатханаларын жатқызуға болады.



4-сурет. Мирон «Дискобол». Римдік мүсіннен көшірме.
Мәрмәр. Лондон, Британ музейі



5-сурет. Александр Антиохийск. Венера Милосская мүсіні.
Шамамен б.з.б. 130-100 ғ. Париж, Лувр музейі

Гера ғибадатханасы алтын реңді қайрақ тастардан қаланып тұрғызылған. Сәулет кешенін алдында 6, ұзына бойында 13 діңгек құрастырып тұр, жалпы аумағы – 60×24 метр.

Гера ғибадатханасына ұқсас шарттылықта тұрғызылған кешеннің бірі – атақты Зевс құрылысы. Кешен грек сәулетінің нышаны ретінде ең үздік тұрғызылған ғибадатхананың бірі. Олимптегі бұл құрылыс сәулетші Либонның басқаруымен тұрғызылған.

Осындай айтулы сәулет ғимараттарымен бірге мүсін өнерінің де тамаша шығармалары өмірге келді. Соның бірі – грек классикалық мүсін өнерінің бірегей озық туындысы, тәңір қызы Афина бейнесі. Шығармада классикалық өнердің зор жеңісі, суретшінің архаика өнері шарттылығынан құтылған тәуелсіз талпынысы жақсы сезіледі.

II. Семинар сабағының жоспары:

1. Гомерлік Грекияның өнері.
2. Ордерлер. Вазописьтер.
3. Классикалық Грекиядағы сәулет өнері тән белгілер. Афина Акрополь Ансамблі.
4. Б.з.д. V-IV ғасырлардағы грек мүсін өнерінің дамуы.
5. Ежелгі грек кескіндемесінің ерекшеліктері.
6. Эллинизм дәуіріндегі бейнелеу және сәулет өнерінің өзгешелігі.

III. Аудиториядан тыс конспектілеуге арналған тапсырмалар:

1. Крит-Микен немесе Эгей мәдениетінің тарихы. Крит, Микен, Тиринф мәдениеттерінің ескерткіштері.
2. Архаика кезеңіндегі (б.з.д. VIII-VI ғ.) грек бейнелеу және сәулет өнерінің дамуы.
3. Классикалық Грекия сәулет өнеріне тән белгілер. Афина Акрополь Ансамблі.
4. Б.з.д. V-IV ғасырлардағы грек мүсін өнерінің дамуы: Мирон, Поликлет, Фидий, Скопас, Пракситель, Лисипп, Леорхар.
5. Ежелгі грек кескіндемесінің ерекшеліктері.
6. Эллинизм дәуіріндегі бейнелеу және сәулет өнерінің өзгешелігі.

IV. Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. Глоссарий жасаңыз: агональды бастама, аполлондық бастама, вакханалия, дионисийлік бастама, инкрустация, калокагития, катарсис, колония, космизм, мимезис, аңыз, наос, оптитодом, ордер, пантеизм, пеплос, пинаки, полис, пронаос, синкретизм, таврокатапсия, тавромахия, толос, трагедия, фимела, фронтон, зиазм.

2. Төмендегі тақырыптардың біреуіне баяндама дайындаңыздар:

1. Ежелгі Грекиядағы ордерлік жүйе.
2. Ежелгі грек храмының құрылымы.
3. Хрисоэлефантиндік техника.
4. Дедаликалық бейне.
5. Архаикалық күлкі.
6. Колепреклонды жүгіру.

3. Ежелгі Грекияның өнер ескерткіштерін жүйелейтін кестені құрыңыздар:

	Геометрика	Архаика	Классика			Эллинизм
			Ерте	Жоғарғы	Кейінгі	
Сәулет өнері						
Мүсін өнері						
Кескіндеме өнері						
Сәндік-қолданбалы өнер						

4. «Эллинизм дәуіріндегі қоғамдық ғимараттардың түрлері» кестесін құрыңыздар:

Мекеменің түрі	Функционалды қызметі

5. Төмендегі тақырыптардың біріне компьютерлік презентация дайындаңыздар:

1. Ежелгі Грекияның құдайлары мен аңыздары.
2. Ежелгі Грекия театрлары.
3. Гипподамов жүйесі.
4. Афина Акрополь Ансамблі.
5. Ежелгі грек вазопісі.
6. Ежелгі грек өнеріндегі Афина образы.
7. Галикарнас мазары.

8. Эфестік Артемиданың ғибадатханасы.
 9. Фарос шамшырағы.
 10. Родос алабы.
 11. Египеттік Александрия.
6. «XXI ғасырдағы антикалық өнердің маңыздылығы» тақырыбына эссе жазыңыздар.
7. «Ежелгі Грекия сәулет өнері» деген тақырыпқа сөзжұмбақ жасаңыздар.

Әдебиеттер

Негізгі:

1. История искусств: учеб. пособие / ред.: Г.В. Драч, Т.С. Паниотова. – М.: КНОРУС, 2013.
2. Сокольникова Н.М. История изобразительного искусства: учебник: в 2-х т. Т. 20. – М.: Академия, 2012.
3. История искусства зарубежных стран. Первобытное общество. Древний Восток. Античность: учебник / ред.: М.В. Доброклонский, А.П. Чубова. – М.: Сварог и К, 2008.
4. Боннар А. Греческая цивилизация. Т. 1, 2. – Ростов н/Д.: Феникс, 1994.

Қосымша:

1. Колпинский Ю.Д. Великое наследие античной Эллады и его значение для современности. – М.: Изобразительное искусство, 1988.
2. Полевой В.М. Искусство Греции. Древний мир. – М.: Искусство, 1970.
3. Виппер Б.Р. Искусство Греции. – М., 1972.
4. Горбунова К.С., Саверкина И.Н. Искусство Древней Греции и Рима в собрании Эрмитажа. – Л., 1975.
5. Словарь античности. – М.: Прогресс, 1989.
6. Соколов Г.И. Мирон, Поликлет. – М., 1961.
7. Чубова А.П. Скопас. – Л., 1959.
8. Чубова А.П. Фидий. – Л., 1962.
9. Чубова А.П., Иванова А.Н. Античная живопись. – М., 1967.

5-тақырып.

ЕЖЕЛГІ РИМ ӨНЕРІ

Мақсаты: Ежелгі Римнің көркемөнер мәдениетінің ерекшеліктері мен негізгі даму кезеңдерін қарастыру.

I. Дәріс.

Ежелгі Рим өнерінің б.э.б. VIII ғасырдан б.э. V ғасырына дейінгі он екі ғасырдан астам кезеңді қамтитын тарихы бар. Ежелгі Рим адамзатқа орасан бай мәдени, көркем мұра қалдырды.

Дүниежүзілік мәдениеттің асыл қазынасына Вергилийдің, Горацийдің Овидийдің поэзиялық туындылары, Ливий мен Тациттің тарихи еңбектері, Лукрецийдің материалистік философиясы, Цицеронның шешендік өнері, Марциал мен Ювеналдың уытты сатиралары енді. Римдік құқық жүйесі заң туралы ойдың дамуында көрнекті рөл атқарды.

Ежелгі Рим шеберлері өзінен бұрынғы ерте дүние өркениеттері көріп-білмеген алып сәулет ансамбльдері мен инженерлік ғимараттардың жаңа типін, реалистік мүсіндік портрет пен ғажайып фрескаларды, мозайкалар мен көркемдік кәсіп шығармаларын тудырды.

Антик дүниесі өнерінің дамуы Рим өнерімен аяқталды. Ол ертедегі грек және ертедегі итальян өнерлерінің үздік жетістіктерін мұра етіп қабылдап, шығармашылықпен қайта өңдеді.

Рим шеберлері өздерінен бұрынғылардың дәстүрлерінен шабыт алғанымен, өздерінің өзгеше стилі мен шығармашылық даралығын әрдайым сақтай білді.

Рим мәдениеті, оның өнері сияқты, ең алдымен Ежелгі Италия халықтары жасаған өркениет топырағында өсіп-өнді, олардың арасында саяси да мәдени тұрғыдан анағұрлым дамығаны этрустар болды.

Октавиан Августың мәрмәрден қашалған мүсіні оны қолбасшы әрі мемлекет басшысы ретінде даңққа бөледі. Тәкаппар, айбынды кескін-келбет пен қолдың көсіле созылған әсерлі ишараты мүсінге монументтік сипат дарытады. Сулығы білегіне сәнмен оралған, күрзисі сардарлық өктемдігін нышандайды. Август бедерлі бейнелермен әшекейленген сауыт киген. Жетілген, атлет денелі алып тұлға, бұлшық еті ойнаған жалаңаш балтыр грек құдайлары мен қаһармандарының мүсіндерін еске түсіреді. Августың аяқ жағына мүсінші тәңірия Венераның баласы Амур бейнесін орналастырған. Август әулеті содан тарапты-мыс деген сөз бар. Августың бет-әлпеті шынайы бейнеленіп, ал келбетіне турашылдық, ерлік, адалдық сияқты қастерлі қасиеттер берілген. Август, тарихшылардың айтуынша, әккі, қатал саясатшы бола тұрса да, оның бойында өнегелі азамат сипаттары баса көрсетілген. Жарамсақтанған сенаторлар «отан әкесі» деп атаған императордың қаһарманға айналдырылған бейнесіне ақын Горацийдің: «От шашатын Юпитердің аспанды билеп-төстейтініне

сенеміз біз: Римге айбарлы британдықтар мен парсыларды бағындырған Август жер бетіндегі тәңірі іспетті», – деген жолдары таңғажайып үндеседі.

Римнің ұлылығын мадақтау идеясы I – IV ғасырлардағы Империя дәуірінде жасалған сәулет өнерінің алып ескерткіштерінде аса айқын бейнесін тапты. Рим сәулет өнерінде «әлем әміршісі» атанған халықтың талғамына тән ғимараттардың ерекше монументтілігі алдыңғы жүлдеге шықты. Құрылыс белгілі бір саяси мақсатты – билеушінің жомарттығын баса көрсету мен оның атын ұрпақтар есінде сақтау мақсатын көздеді. Алаңдар ансамблін, әкімшілік ғимараттары мен ойын-сауық құрылыстарын тұрғызған императорлар бірімен-бірі бәсекеге түсті. Жазушылар император Август кірпіштен қаланған Римді қабылдап алып, оны мәрмәрден салып кетті деп жазған болатын. Витрувийдің сөзіне қарағанда, Август «империя айбынын ғаламат қоғамдық ғимараттар салумен арттыра түсуді» ойлаған. Ақын Овидий біздің эрамыздың жол айрығында күллі әлемнің асыл қазынасына ие болған алтын Рим туралы айтқан. Екінші бір жазушы: «Рим барлық құдайлар мен адамдардың назарын аударды», – деп есептеген. IV ғасырда Клавдиан ұлан-ғайыр аспаннан кең ештеңе жоқ, Римнің аумағын ешкім көзбен шола алмайды, оның сұлулығын ешқандай ақыл ұға алмайды, оны мақтауға жан баласының тілі жетпейді деуге хақылы еді. Замандастардың бұл пікірі, ең алдымен, қаланың сәулеттік келбетіне қатысты.

«Нан мен ойын-сауықты» талап еткен римдік тобырға кеңінен танылуға тырысып, императорлар гладиаторлар шайқасы үшін орасан зор амфитеатрлар салғызды. Мұның 75 – 80 жылдары және орта ғасырларда Римде салынған ең ірісі «колосоум» (алып) деген латын сөзінен Колизей деп аталды. Жоспары бойынша ол аумақты сопақ құрылыс (188x156 м). Колизейдің биіктігі – 50 м, қабырғасы ірі тас (травертин) блоктарынан қаланған. Күмбезді аркаларының үш қабаты қабырғаның ішкі жағындағы алып бағаналарға тіреледі. Қай нүктеден қарасаң да жақсы көрінетін олар театр қасбетін сан құбылған сәулелі көлеңкеге бөлейді. Шексіз қайталанылатын аркадалардың салтанатты ырғағы ғимаратқа айбындылық пен монументтік сипат береді. Аркаларға тірек болған бағаналар конструкциялық мәнін жоғалтып, сәулеттік сәнін ғана сақтаған жартылай колонналар-

мен әдіптелген. Бірінші яруста бағаналарға – дорлық, екінші яруста – иониялық, үшінші яруста – коринфтік ордердің жартылай колонналары сүйелген, төртінші ярустың біркелкі тегіс қабырғасын коринфтік пилястрлер бөліп тұрады. Пилястрлер арасына үш-үштен қойылған дінгек тіреуіштердің үстінен көрермендерді күннің ыстығынан қорғайтын орасан зор құрама шатыр тартылған. Антаблементті көтерген жартылай колонналар ярустар жігін бөліп, қабырғаның биіктігін баса көрсетіп тұр. Колизейде пайдаланылған ордерлік аркада Рим сәулетінің композициялық аса маңызды түрі болды.

Колизейдің өзгеше бір сәні екінші және үшінші ярустар аркаларындағы мүсіндері еді. Амфитеатр өрт пен жер сілкінуден ауыр зардап шекті. Орта ғасырлар дәуірінде көп замандар бойы ол сарайлар мен шіркеулер құрылысына блоктар қопарып алынатын, тас қашайтын орынға айналды.

Колизей жоспары жете ойластырылған дәл есебімен көзге түседі. Қасбеттерінің композициялық құрылысы ғимараттың ішкі конструкциясын айқын жеткізеді. Қабырға ярустарына амфитеатр ішіндегі орындықтар белдігі сәйкес келеді. Орасан зор амфитеатр негізін шаршы төлке мен бетоннан қаланған сексен тарап қабырға құрастырып тұр. Олар жоғарғы ярустарға шығатын тепкішекпен тұтасып, көрермендер орындарын көтеріп тұрған бетон итарқаны мықтап тірейді. Көрермендердің сан мыңдаған тобы Колизейге төменгі ярустың сексен аркасы арқылы еңіп, Колизей қабырғасымен қаз-қатар тартылған итарқа галереяға шығатын. Олардың төртеуі көрермендерге, ал мәрмәр, мозайкалармен әрленіп әшекейленген бесіншісі гладиаторларға арналған. Шеңбер галереялар жоғарғы екі яруста қайталанып, көрермендердің демалыс орын немесе нөсер жауғанда баспана міндетін атқарды. Қақпалардың, басқыштар мен галереялардың жете ойластырылған жүйесі амфитеатрға көрермендерді тез толтыруға да, кідіртпей тез босатуға да кең еркіндік береді.

Колизей ортасында гладиаторлар шайқасы үшін аңдар қуып шығарылатын алаң бар. Оның ағаш еденіне құм төселетіндіктен, алаң осылай – латынша «арена» сөзімен аталып кеткен. Арена астында аңдарға арналған тор, жараланған не өлген гладиаторлар үшін бөлмелер мен су құбыры болатын. Құбыр арқылы аренаға су толтырылып, теңіз шайқастары көрсетілетін. Арена ау-

мағы бірден үш мың жұп гладиатор кіргізуге мүмкіндік беретін. Ареның үстінде сенаторларға арналған мәрмәр күрсілі кең алаң подиум тұратын, арнайы ложада император отыратын. Одан әрі беті мәрмәрмен көмкерілген тас орындықтардың үш ярусы тұр. Бұдан жоғарырақта қаз-қатар ағаш орындықтар мен көрермендер түрегеп тұратын галерея орналасқан. Колизейге елу мыңдай адам сиятын. Рим ақыны Марциал оны әлемнің ғаламаты деп атады.

Колизей конструкциясының негізін құрайтындар – арка мен итарқа күмбез: Грекия сәулетіне колонналар қандай тән болса, Рим сәулет өнеріне де бұлар сондай жарасатын. Бұл сәулеттік пішіндер Римнің дүниежүзілік өнерге қосқан өзгеше бір үлесі болатын. Аркалар Римге және Империяның басқа да қалаларына тау бұлақтарынан таза су жеткізіп беретін акведуктарды, су құбырларын салуда да пайдаланылды. Су құбырының жолында өзендер мен сайлар кездескенде, құрылысшылар су құбыры каналы көтеріп тұратын аркадалар жасады. Римдегі бірінші су құбыры б.э.б. сонау IV ғасырда пайда болды, ал б.э. III ғасырының басында астана тұрғындары миллион адамнан асқан тұста қаланың он бір акведугы болды.

Басқа акведуктарға қарағанда римдік Галлия провинциясында I ғасырда салынып, Рим қаласын ауыз сумен қамтамасыз еткен Гард көпірі жақсы сақталған. Су құбырының жалпы ұзындығы 50 шақырым болған. Бірақ одан қалған тек Гера өзенінің үстінен өтетін үш ярусты аркада, ұзындығы – 273 м, биіктігі – 49 м. Акведукты жасаушылардың батыл ойы тегеурінді құрылыс тәсілін талап етті. Гард көпірі – қашалған тасты қалаудың ғажайып үлгісі. Құм қайрақ блоктарының жігі желім лайсыз мұқият жымдастырылған Аркалардың қалануы ерекше күрделі. Олардың арқалықтары 20 метрге жетеді, ал өзеннің екі жағасын қосатын орталық арканың арқалығы – 24,4 м. Айбынды акведук айналадағы пейзажбен астасып кеткен. Оның өн бойында Рим сәулет өнеріне тән инженерлік конструкцияның үйлесімді сұлулығы, қайталанылатын аркалардың қуатты ырғағынан көрінетін сәулетшілік ойдың айқын да сымбатты логикасы бұр атып тұр.

Римдіктер сәулет ғимараттарын аса қадірлеп, акведуктарын ерекше мақтан тұтты. II ғасырдың басында Римді сумен қамтамасыз етуге жетекшілік жасаған инженер Фронтин: «Акведук-

тар – Рим империясы айбынының басты куәсі», – деген пікір айтқан.

Римдіктер арка пішінін сардарлар мен императорлар жеңістерін мадақтайтын салтанатты ескерткіштер жасауға пайдаланды. Ең таңдаулы салтанат аркаларының бірі Рим форумына алып келетін қасиетті жолдың үстіне 81 жылы Иудея көтерілісін басқан император Титтің жеңісіне ескерткіш ретінде салынған. Мәрмәрден қаланған биіктігі 20 м арка император мен оның қасында төрт ат жеккен күймеде келе жатқан жеңіс тәңіриясы бейнеленген қола мүсіндер тобының тас тұғырына айналған. Арка астындағы биік тас тұғыр, қасбеттегі төрт әсем капителі бар жарты колонна ескерткіштің сәнді сымбатын тұлғаландыра түседі.

Арка маңдайшасына қашалған арнаулы жазу сенат пен Рим тұрғындары арканы құдіретті император Титке арнап салғанын баяндайды. Кең маңдайша император Титтің салтанатты шеруін бейнелейтін бедерлермен безендірілген. Оның біреуінде, күймеде император, екіншісінде римдік легионерлер Иерусалим храмынан асыл олжа алып келеді. Тит аркасында ғажайып сәулеттік бейне мен оқиғаның тарихи мәнділігін ашатын мүсіндік әшекейлер тұтастығы сақталған. Империя дәуіріндегі жиһазды үйлердің құрылысы жайлы Помпеи мен Геркуланумның жұртын қазғанда ашылған ғимараттар айқын түсінік бере алады. Бұл шағын қалалар 79 жылы Везувийдің кенеттен атқылауы кезінде опат болды. XVIII ғасырдан бері жүргізіп келе жатқан қазба жұмыстары Помпеидің үштен екі бөлігін ашты. Көлденең қиылысатын оқтай түзу көшелер қаланы шаршы кварталдарға бөліп жатқан. Тіпті сауда дүкендері сығылысқан ең бай көшенің ені 10 метрден аспайтын, ал қаптал көшелердегі үйлердің арасы 3 метрден 6 метрге жететін.

Өткел жолдарға тас тақталар, ал олардың тоғысатын тораптарына жаңбыр кезінде жүргіншілердің аяқтары суға тимеу үшін биіктігі тротуармен бірдей жалпақ тастар төселген. Тротуар астынан су құбырының трубалары тартылған. Археологтар қаланың сауда алаңын, әкімшілік ғимараттарын, храмдарды, қолөнершілер шеберханаларын, гладиаторлық мектеп пен байлардың қыруар үйлерін ашты. Үйлер жоспары тап-тұйнақтай симметриясымен көзге түседі, бөлмелер үйдің орталық кіндігінің

жан-жағына орналасқан. Үй қонақтар шақырылатын ресми және отбасы тіршілік ететін жеке бөлмелер болып екі бөлікке бөлінетін. Бірінші жартысының орталығы атриум – салтанатты қабылдау бөлмесі. Онда төрт бұрышты бассейн басты орын алатын, дәл үстінен төбеден жарық түсуі үшін формасы осындай тесік қалдырылған. Сол ашықтан мәрмәрмен көмкерілген бассейнге жаңбыр суы құйылатын. Бассейннің шетінде шатырды көтеретін колонналар, ал бассейннің ішінде фонтан қызметін атқаратын мүсін тұрды. Бір үйде бұл – қолына қабыршақ ұстап, күліп тұрған мәрмәр бала, екінші үйде – билеп жүрген қола сатир. Атриумға үйдің екінші жеке отбасылық бөлігі жанай салынған: үй иесінің жұмыс кабинеті мен архив сақталатын орын – таблин, сондай-ақ ұзынша, жалпақ, ашық ішкі аула – перистиль болатын.

Мұндай аулашалар грек үйлерінде кең тараған еді, б.э.б. II ғасырдан бастап римдіктер соларды бай үйлердің міндетті түрдегі бір құрамдас бөлігі ретінде пайдаланды. Перистиль сүйікті демалыс орнына айналды. Оның айналасынан үш жерден, кейде екі жақтан жабылған колоннада өтетін, ал орталығында шағын бақ болатын. Сырланған немесе мәрмәр түсті сылақпен сыланған колонналар, сылдырап аққан фонтандар, мозайка не қабыршақтармен көмкерілген қуыс текшелер, жасанды сарқырамалар, тамаша мүсіндер – осының бәрі перистильді сәнге бөлеп, оған таңғажайып сипат беретін. Атриум мен перистиль айналасында асханалар, ұйықтайтын бөлмелер, ас үйлер, моншалар мен басқа да орындар болған.

Үйлердің сәндік жиһаздар өнері Рим республикасының тек соңғы ғасырында кемелденді. Помпеи үйлерінде еден мозайкамен әшекейленді. Сол жерден кезбе актерлерді, теңіздің түсін, таласып жатқан әтештерді, аузына бұлдырық тістеген мысықтарды бейнелейтін мозайкалар табылды. Б.э.б. 100 жыл шамасында жасалған ең қызық мозайка Фавн үйінен табылды. Ол билеп жүрген сатирдің немесе фавнның атриумнан табылған қола мүсініне орай осылай аталған. Мозайка 15 шаршы метр аумақты алып жатыр, 1,5 миллион табиғи қиыршық тастардан құрастырылған. Мозайкашыға суретші Филоксеннің (б.э.б. IV ғасырдың аяғы) Александр Македонскийдің парсы патшасы Дариймен шайқасын бейнелейтін картинасы түпнұсқа болған. Шебер қыр-

ғын соғыстың шешуші сәтін таңғажайып өнерпаздықпен сипаттаған. Оң жақта парсы атты әскері дүрліге қашып барады. Ортадағы күймеде шошақ бас киімді, сол қолына садақ ұстаған Дарий бейнеленген. Оның көшірі жаралылар мен өліктерді баса-көктеген аттарды қамшылап барады. Парсы патшасына қарсы ұмтылған Александрдың дулығасы айқас қызуымен жерге ұшып түсіп, шаштары ұйпаланып қалған. Сақалы өскен, жүдеу, ажарсыз жүзі қайсар-қайратқа толы. Патшаны қорғамақ болып, екі парсы шонжары жеңімпазға тап берген.

Суретші соғыстың алмағайып қауырт кезін, қару-жарактың жарқылын, сарбаздардың әсерлі бет-әлпетін келісті жеткізген. Композиция шеберлігі, реалистік дәлдік, қара, ақ, сары және қызыл реңдер қоспасынан жасалған түр-түстер әсемдігі, бейнелер даралығы – осының бәрі шебердің зор дарынын танытып, оның шығармасын антик мозайкасының аса көрнекті туындыларының қатарына қосады.

Бай үйлердің қабырғалары фрескалық өрнектермен сәнделген. Үстіне сыр жағылатын сылақ бірнеше қабаттан тұратын, әр қабат барған сайын бірте-бірте жұқарып, қабаттала беретін. Б.э.б. II ғасырда римдіктер гректерден түрлі түсті мәрмәрден қаланғандай әрленген қабырғаға өрнек салуды үйренді. Қызыл, сары, қара және ақ фрескалар бояу-реңінің құнарымен, тазалық-мөлдірлігімен көзге түсетін. Б.э.б. I ғасырда қабырғалық өрнек едәуір күрделіленді. Суретшілер қабырғаларда сәулет бөлшектерін – колонналарды, кенерелерді, пилястрлер мен капительдерді бейнеледі. Көп пішінді аумақты композициялар да пайда болды. Б.э.б. I ғасырдағы таңдаулы кескіндеме үлгілерінің бірі – фреска сюжетіне қарай Зікір салу вилласы деп аталған Помпеиге таяу қала сыртындағы вилланың бай өрнектері. Қабырғаға жайыла орналастырылған композицияда шарап құдайы Диониске табынуға байланысты тылсым оқиғалар бейнеленген. Суретші тұрқы тірі тұрпатымен шамалас дерлік жиырма тоғыз пішінді кескіндеген, олар қабырғаның нарт қызыл фонында айқын сұлде түрінде көрінетін жекелеген топтарға біріктірілген. Мифологиялық кейіпкерлер – Дионис, оның зайыбы Ариадна, сатирлер мен силендерден басқа да зікірге қатысушылар бейнелері көрерменнің көз алдынан тізіліп өтеді. Әсіресе айбарлы қанатты тәңірияның тізе бүккен қызға ұзын қамшысын үйіріп, дүре соққалы

ұмсынған қалпын кейіптейтін көрініс аса әсерлі. Қыз бетін қолымен көлегейлеп, отырған әйелдің тізесіне құлай кеткен. Оның кара қоңыр сулығы нәзік тәнінің алтын сары реңін айқындап көрсетеді. Осы топтың іргесінде қолына соқпалы аспаптар ұстаған жалаңаш биші, оның ар жағында күлгін күрең сулық киген қыз тұр. Сол сулықтың фонында бишінің қайратты да әсем пішіні тұлғалана көрінеді. Суретші бишінің күрделі қимыл-қозғалысын, үлбіреген, майысқан ару сымбатын таңғажайып шеберлікпен бере білген. Алтын реңдес сары шарқаты қыздың ал қызыл алау тәніне жарасып-ақ тұр. Фреска бояуынан кескіндемешінің терең талғамы сезіледі: сары, жасыл рең күлгін, қан қызыл және кара күрең реңдермен етене қабысады. Қабырға фоны бояулардың шайдай шаңқай үндестігін аша түседі. Б.э. I ғасырында, Рим империясының дәуірінде, бай үйлердің қабырғаларында суретші қиялынан туған фантастикалық ғимараттар мен таңғажайып аркалар пайда болды. Бұлдырап тым әріден көрінген колоннадалар, галереялар мен портиктер бөлме кеңістігін одан әрі кеңейте түсіп, көрерменнің көз алдынан шексіз жазықтық ашады. Фрескалар көбінесе атақты грек суретшілерінің мифологиялық тақырыпқа арналған картиналарын қайталайтын, шеберлер тапсырма берушілер өтініші бойынша бүкіл сурет галереяларын қайта көшіріп шығатын.

Қабырғалық өрнектерде бақтар мен баулардың, қалалар мен айлақтардың, храмдар мен өзендердің бейнелері кездеседі. Бұлардан қала мәдениетіне тән пейзажға құштарлық байқалады. Суретшілер құстар мен хайуанаттарды, жанрлық оқиғаларды асқан шеберлікпен бере білген. Геркуланумдағы үйдің қабырғасына салынған жемістер мен ыдыстардың суреттері жете ойластырылған композициялық сұлулығымен назар аударады. Ағаш сөрелерге орналастырылған шабдалылар мен шыны құмыраға көз қарықтырмайтын жұмсақ жарық төніп тұр. Құмыраға епті қондырылған сәуле шынының жұқалығы мен мөлдірлігін айқындай түседі. Қызыл қоңыр фонда суретші әсем иіліп, сарғыштау жасыл жемістері мен күлгін жасыл жапырақтары жайқалған бұтақты көрсеткен. Бояуы еркін сүйкей жағылған фреска реңдік бейнелерінің жарасымды үндестігімен көз қуантады. Помпеидегі бай үйлердің жиһаздары – Империя дәуірінде сәндік колөнер-

дің керемет жетілгендігінің айқын көрінісі. Римдіктердің бұл шығармаларға көзқарасын ақындардың бірі жақсы құрастырылған мозайканы шебер жүйеленген шешен сөзге теңеу арқылы білдіргені қызық-ақ. Ғажайып фрескалар мен орындалуы жағынан кәміл кемелдікке жеткен мозайкалар тек Италия қалаларынан ғана емес, сонымен қатар Кіші Азиядағы, Сириядағы, Мысырдағы, Солтүстік Африкадағы, Испаниядағы, Галлиядағы, Грекиядағы, Солтүстік Қара теңіз өңіріндегі барлық римдік провинциялардың көптеген қоғамдық ғимараттары мен құл иеленушілер виллаларынан табылды. I-II ғасырларда «мәңгі қаланың» – әлем астанасының ұлылығын баса көрсетуге тиісті сәулет өнерінің тамаша ескерткіштерін жасаған Рим сәулетшілерінің жетістіктері де бұдан кем емес еді. Мұндай құрылыстар қатарына, ең алдымен, императорлық Рим алаңдары жататын. Олар көрікті республикалық форум композициясынан симметриялық жоспарымен ерекшеленеді. Империя дәуірінің форумы ұзыншалау, түкпірінде төрт бұрышты храмы бар, портиктермен қоршалған сопақшалау алаң еді. Әрі жаңа император өз форумын бұрынғы форумдарға жанап салып, байлығы мен сәулетін одан асыра түсуге тырысатын. Алаңдарда қыруар қола, мәрмәр мүсіндер тұратын: IV ғасырда олардың саны он мыңға жетті, ал екі ғасыр өткен соң жазушы Кассиодор: «Римнің ішінде мүсіндерден тұратын тағы бір халық өмір сүретін сияқты», – деген болатын. Императорлық Рим алаңдарының ішінде 109-113 жылдары Римнің ұлы сәулетшілерінің бірі Аполлодор салған император Траянның форумы орасан зор аумағымен тұлғаланып тұрады. Форум төрт бұрышты алаңды (116x95 м) алып жатыр. Алаң ортасында атқа мінген Траянның қоладан құйылып, алтынмен апталған мүсіні бар. Форумды үш тарапынан портиктер қоршаған, колонналар арасында атақты сардарлар мен шешендердің мүсіндері бар. Төртінші тарапында айбынды базилика ғимараты болған. Оның ар жағында латын және грек қолжазбалары сақталатын екі кітапхана, Траян колоннасы мен императорға арналған храм орналасқан. Бүкіл сәулет ансамблі бір кіндіктің бойында. Оның жоспары ой-өріс батылдығымен, ерекше бітімімен көзге түседі. Рим тарихшысы Аммиан Марцеллин бұл құрылыс –

дүниедегі құдайлар таңырқайтын бірден-бір ғимарат деп айтады. Уақыттан көп зардап шеккен форум ескерткіштерінің ішінде императорды мадақтайтын Римнің типтік монументі – тек Траян колоннасы ғана бүтін сақталған.



6-сурет. Колизей. 72-80 ғ. Италия, Рим

II. Семинар сабағының жоспары:

1. Ежелгі Римнің сәулет өнері.
2. Мүсіннен жасалған портреттер.
3. Мозайка.

III. Аудиториядан тыс конспектілеуге арналған тапсырмалар:

1. Ежелгі Римнің сәулет өнері.
2. Рим портреті мен оның қайнаркөзі.
3. Римнің кескіндеме өнері.
4. Рим провинцияларындағы өнер.
5. Этрускілер мәдениеті.

IV. Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. Глоссарий жасаңыз: атриум, домус, инсул, калдарий, катакомба, комплювті, крепида, нимфеум, ростры, тепидарий, тогатус, тумулус, фригидарий, фоссор.

2. Төмендегі тақырыптардың біреуіне баяндама дайындаңыздар:

1. Фаюм портреті.
2. Рим мозайкасы.
3. Октавиан Август.
4. Каркалла терминдері.
5. Рим жолдары.
6. Ежелгі Рим акведуктері.

3. Төмендегі тақырыптардың біріне компьютерлік презентация дайындаңыздар:

1. Римнің пайда болуы туралы аңыз.
2. Рим мифологиясы.
3. Римдік кескіндеме өнерінің стильдері.
4. Колизей.
5. Пантеон.
6. Баальбек.

4. «Август принципаты, Меценат пен Ежелгі Рим өнерінің «алтын ғасыры» тақырыбына эссе жазыңыздар.

5. «Ежелгі Рим мәдениеті» деген тақырыпқа сөзжұмбақ жасаңыздар.

Әдебиеттер

Негізгі:

1. История искусств: учеб. пособие / ред.: Г.В. Драч, Т.С. Паниотова. – М.: КНОРУС, 2013.
2. Сокольникова Н.М. История изобразительного искусства: учебник: в 2-х т. Т. 2. – М.: Академия, 2012.
3. История искусства зарубежных стран. Первобытное общество. Древний Восток. Античность: учебник / ред.: М.В. Доброклонский, А.П. Чубова. – М.: Сварог и К, 2008.

Қосымша:

1. Ильина Т.В. История искусства Западной Европы от античности до наших дней: учебник. – М.: Юрайт, 2011.
2. Горбунова К.С., Саверкина И.Н. Искусство Древней Греции и Рима в собрании Эрмитажа. – Л., 1975.
3. Словарь античности. – М.: Прогресс, 1989.

6-тақырып.

ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ БЕЙНЕЛЕУ ЖӘНЕ СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

Мақсаты: Византия көркемөнер мәдениетінің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін, ортағасырлық Еуропадағы романдық және готикалық өнердің стильдік ерекшеліктерін қарастыру.

I. Дәріс.

Сәулет өнері. XI ғасырда Батыс Еуропада үлкен құрылыс басталды. Байыған шіркеулер сансыз діндарларды сыйғызу үшін храмдарды ұлғайтты. Қарапайым ағашпен жабылған жайдақ төбелерін тас күмбездермен алмастырды. Оны қалың қабырғалар ғана көтере алатын еді. Сол уақыттағы құрылысшылар Ежелгі Римнің сәулет өнерінен көп үлгі алды, сондықтан да XI-XII ғасырлардағы ғимараттарды роман (латын сөзі Рома – Рим) ғимараттары деп атайды. Роман храмы қабырғасы тегіс, биік мұнаралы, алып ғимараттар еді. Күмбездерінде, терезелерінде, храмның кіре берісінде доға тәрізді аркалар қайталанып отырады. Роман храмдары өзінің сұстылығымен және күрделілігімен қамал тәрізденіп, католик шіркеуінің құдіретіне сенім туғызуға тиіс болды. Олар үйсіз-күйсіз, қашқан-пысқан халыққа баспана қызметін де атқарды.

XII ғасырдың аяғынан бастап мырзалардың өктемдігінен құтылған қала тұрғындары сауда үйлерін, ратушаларды, соборларды, ауруханаларды, қонақүйлерін сала бастады. XII-XV ғасырлардағы құрылыстар готикалық деген ат алды. Құрылысшы шеберлігінің одан әрі өсе түсуі ауыр доға тәріздес күмбездерді неғұрлым жеңіл, шошақ күмбезбен алмастыруға мүмкіндік берді. Енді қалың қабырғаның керегі болмай қалды. Қаракөлеңке роман храмынан өзгешелігі готикалық соборлар үлкен терезелерімен жарқырап көрінеді. Қайталанып келетін аркалары, сәнді құрама күмбездері, тіреулермен безендірілген биік мұнаралары – осылардың бәрі аспанмен тілдескендей әсер беретін. Ең үлкен готикалық собор мұнараларының биіктігі 150 метрге жетіп, Египет пирамидаларынан да асып түсті. Сәнді, аса үлкен собордың ішінде діндарлар құдіретті Құдай алдында өздерін дәрменсіз және мүсәпір сезінуге, өздерінің бүкіл ойын, сезімін

соған арнауға тиіс болды. Сонымен бірге келушілер собордың сәулеттілігі мен әсемдігін сүйсіне тамашалады. Собор ұзақ уақыт бойы қалалардағы бірден-бір үлкен ғимарат болды. Онда тек шіркеу жоралғылары ғана емес, сонымен қатар қала халқының жиналыстары өткізілді. Діни тақырыптағы театр ойындары көрсетілді, мұнда профессорлар дәріс оқыды, мемлекеттер арасындағы келіссөздер жүргізілді. Ортағасырдағы ғимараттар қазірдің өзінде де оны жасаушы шеберлер ой-қиялдарының шексіздігімен сүйсіндіреді. Готикалық соборларды салуға көптеген адам, тіпті сәулетшілердің, тас қалаушылардың, ағаш шеберлерінің, әйнекшілердің бүтіндей ұрпағы қатынасты.

Орта ғасырлардағы мүсін өнері сәулет өнерімен тығыз байланысты болды. Соборлар құдайларды, епископтарды, корольдарды бейнелейтін жүздеген, тіпті мыңдаған бедерлермен және мүсіндермен безендірілді.

Дінбасылардың пікірі бойынша, өнер сауатсыздар үшін «Інжіл» міндетін, христиан кітаптарында айтылатын оқиғаларды бейнелеу, суреттеу, сенімін арттыру, тозақ азабымен үрейлендіру қызметін атқаруға тиіс болды. Өнер шығармалары шіркеудің тапсырмасы бойынша жасалды, бірақ оны халықтан шыққан шеберлер тудырды. Діни тақырыпқа арналған мүсіндер арқылы олар өмір жөніндегі өз түсінігін көрсетті, адамның адамгершілігін және сезім байсалдылығын дәріптеді. Шеберлерде әсіресе ананың балаға деген сүйіспеншілігін суреттеуге құштарлық басым болды. Бұл Құдай-ананың көптеген бейнелерінен көрінді (Батыс Еуропада оны «мадонна», «менің қожайыным» деп атады). Адам денесінің сұлулығын дәріптеген антикалық өнерге қарағанда, орта ғасыр суретшілері адамның ой байлығын, сезімі мен көңіл күйін ашуға көбірек ұмтылды. Роман шеберлері адам денесін көбіне жүдеу, бет-бейнесін кескінсіз, титықтаған етіп бейнеледі. Адамның қиналысын немесе шаттығын барынша жеткізу үшін олар адам бейнесіне көбіне рабайсыз пішін берді. Роман мүсіндеріне қарағанда, готикалық мүсіндерде адам бейнесі дәлірек берілген, киім қыртыстары, адам денесінің кескін-пішіні айқын байқалады. Дарынды шеберлер өмірде көргендерін нанымды бере білген. Адамның сырт келбетімен қатар, ішкі сұлулығына зейін қоюшылық байқалады.

Бейнелеу өнері. Роман храмдарының қабырғалары суретке толы болатын, ол суреттерден құлшылық етушілерге «әулиелер» мен құдайдың сұсты бейнелері карап тұратын.



7-сурет. Иерусалимді қайта қалпына келтіру. Бургун миниатюрасы. 1460 жыл шамасында



8-сурет. К. Кривелли. Мария Магдалина. 1470 ж.

Ал готикалық соборлардың қабырғаларында бейнелеу өнеріне орын аз берілді. Аса үлкен терезелері қорғасын құрсаулар-

мен бекітілген мөлдір шыны сынықтарынан құрастырылған суретті әшекейге толы болатын. Витраж арқылы храм ішіне түскен күн сәулесі колоннада, төбе мен еденде жалт-жұлт ойнап, храмға ерекше салтанатты көрік берді. Бейнелеу өнерінің аса зор жетістігі кітап миниатюрасы болды. Ашық салынған суреттерде орта ғасырлар адамы өмірінің барлық жағы бейнеленді. Суретшілер көпке дейін болжай алмай, алыстағы мен жақындағыны көлемі жағынан бірдей етіп бейнеледі, сондықтан да нәзік нәрсенің өзі де тұрпайы сияқты болып көрінетін. Витражда, миниатюраларда шаруалар мен қолөнершілердің еңбек үстіндегі жағдайы көрсетілді. Халықтың өз еңбегінің маңыздылығын және бағалылығын түсінуі осыдан көрінді.

II. Семинар сабағының жоспары:

1. Византия өнері.
2. Батыс Еуропадағы романдық стильдегі бейнелеу және сәулет өнеріне тән белгілер.
3. Батыс еуропалық орта ғасыр өнеріндегі готикалық стиль ерекшелігі.

III. Аудиториядан тыс конспектілеуге арналған тапсырмалар:

1. IV – XV ғасырлардағы Византия бейнелеу және сәулет өнерінің ерекшеліктері.
2. Константинопольдегі Әулие София ғибадатханасы – сәулет өнеріндегі христиандық идеяның көрінісі.
3. IV – XV ғасырлардағы византиялық икон жазуының дамуы.
4. Батыс еуропалық өнердегі ортағасырлық романға дейінгі кезеңнің қалыптасуы.
5. Батыс Еуропаның бейнелеу және сәулет өнеріндегі романдық стильдің белгілері.
6. Батыс Еуропа өнеріндегі ортағасырлық готикалық стильдің ерекшелігі.
7. Франция сәулет өнеріндегі готика ерекшеліктері.

IV. Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. Глоссарий жасаңыз: аллегория, алтарь, апсида, аркада, бург, горгулья, донатор, донжон, дьяконник, құрбандық, тұр-

мыстық икона, контфорс, конха, луминарий, лавра, люнета, мантирий, мозайка, наос, нартекс, неф, пальметта, поребрик, орант, пантократор, реликварий, символизм, смальта, тоцентризм, циттерна, экклесия, эмаль.

2. Ортағасырлық Батыс Еуропа сәулет және бейнелеу өнерінің дамуындағы негізгі бағыттарын жүйелеп, кесте сызыңыз:

Мемлекет	Өнер түрі			
	Сәулет өнері	Бейнелеу өнері		
		Фрескалар	Рельефтер	Икона жазулары

3. Төмендегі тақырыптардың біріне компьютерлік презентация дайындаңыздар:

1. Константинопольдік София.
2. Византиялық мозайка.
3. Византиялық икона.
4. Палеологтар ренессансы.
5. Ұлы Константин.
6. Романдық сәулет өнері.
7. Готикалық сәулет өнері.
8. Италияндық готика.
9. Милан соборы.
10. Париж Құдай-Ана соборы.

4. «Рыцарьлар мен керемет ханымдар кезеңі: аңыз ба әлде шындық па?» тақырыбына эссе жазыңыздар.

5. «Батыс Еуропа сарайлары мен монастырьлары» деген тақырыпқа сөзжұмбақ жасаңыздар.

Әдебиеттер

Негізгі:

1. История искусств: учеб. пособие / ред.: Г.В. Драч, Т.С. Паниотова. – М.: КНОРУС, 2013.
2. Сокольникова Н.М. История изобразительного искусства: учебник: в 2-х т. Т. 2. – М.: Академия, 2012.
3. Бицилли П.М. Элементы средневековой культуры. – СПб.: МИФРИЛ, 1995.
4. Гуревич А.Я. Культура и общество средневековой Европы глазами современников. – М.: Искусство, 1989.
5. История искусства зарубежных стран. Средние века. Возрождение / под ред. Ц.Г. Нессельштраус. – М.: Изобразительное искусство, 1982.

6. Лазарев В.Н. История византийской живописи. Т. 1, 2. – М., 1986.
7. Лихачева В.Д. Искусство Византии IV – XV вв. – Л.: Искусство, 1986.

Қосымша:

1. Литература и искусство западноевропейского Средневековья: учеб. пособие для вузов / ред. О.Л. Мощанская. – М.: ВЛАДОС, 2002.
2. Ильина Т.В. История искусства Западной Европы от античности до наших дней: учебник. – М.: Юрайт, 2011.
3. Тяжелов В.Н. Искусство средних веков в Западной и Центральной Европе. – М.: Искусство, 1981.
4. Варакина Г.В. Основные этапы истории европейского искусства: учеб. пособие. – Ростов н/Д.: Феникс, 2006.
5. Данилова И.Е. Искусство средних веков и Возрождения. – М., 1984.
6. Дмитриева Н.А. Краткая история искусств. – М.: Искусство, 1986.
7. Каждан А.П. Византийская культура. – М.: Наука, 1968.
8. Ле Гофф Ж. Цивилизация средневекового Запада. – М.: Издательская группа «Прогресс», 1992.
9. Муратова К.М. Мастера французской готики XII-XIII вв. – М.: Искусство, 1988.

7-тақырып.

ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІНДЕГІ ИТАЛИЯ ӨНЕРІ

Мақсаты: Қайта өрлеу дәуіріндегі Италия көркемөнер мәдениетінің ерекшеліктері мен даму кезеңдерін, осы кезеңдегі ұлы шеберлердің шығармашылығын оқып, білу.

I. Дәріс.

Қайта өрлеу дәуірінің бастау алып, дамыған, айналасындағы елдермен сауда-саттығы күшейген бай да, өркендеген мемлекет Италия еді. XV-XVI ғасырларда Италия мәдениет қайраткерлері мен ойшылдары өз дәуірлерінде өнер өрлеуін өте жоғары бағалады. Антикалық мәдениеттен кейін ұзақ уақыт бойы Батыс Еуропа елдерінде тағылық, кертартпа заман үстем болып келді, тек енді ғана гүлдену, өркендеу дәуірі басталды деп есептеді. Италияда басталған бұл өнер, әдебиет, мәдениет, ғылым саласындағы бетбұрыс бірте-бірте Англия, Германия, Франция, Испания, Голландия, Финляндия және т.б. көптеген елдерге тарайды.

Жалпы, Италияның Қайта өрлеу дәуірі негізінен екіге бөлінеді. XV ғасырдағысы алғашқы қайта өрлеу, ал кейінгі XVI ғасырдағысы жоғарғы қайта өрлеу дәуірі деп аталады.

Ең бірінші негізгі, түбірлі өзгеріс сәулет саласында болды. Сәулетшілер Италияда етек жайған романдық және готикалық стильден біржолата бас тартты. Антикалық сәулеттің бағытымен, соның әсерімен күмбезді сарай-ғимараттар, діни ғибадатханалар тұрғызу әдетке айналды. Сол кездегі сәулет өнерінің негізгі үлгісі антикалық Римдегі Пантеон болды. Қайта өрлеу дәуірінің ең атақты ғимараты – әулие Петр күмбезі. Бұл ғимаратты жүз жылдан астам уақыт бойы тұрғызды. Құрылысқа басшылық еткен ондаған басшылар мен сәулетшілердің ішінен ғимараттың алғашқы жобасын жасаған сәулетшілер Браманте мен Микеланджело есімдерін ерекше айтуға болады. Күмбездің бір ерекшелігі – сәулетші Микеланджело ғажап ойластырған 132 метрлік биіктіктегі өте зор күмбезі. Сонымен қатар күмбез өзінің ғаламат есепке құрылған тепе-теңдігімен, айналамен жымдасқан сәйкестігімен адамды тәнті етеді.

Осы кезеңде, әсіресе сұңғат өнері өзінің бұрын-сонды болмаған биігіне көтерілді. Қайта өрлеу дәуірі өнерінің алғашқы қарлығаштарының бірі XIV ғасырда өмір сүрген, готиканы бастан өткізіп, жаңа ағымға жол салған ұлы суретші Джотто болды. Джоттоның атағын шығаратын еңбегі – «Иуда ишараты» жұмысы. Ол сонымен қатар сәулетші де болды. Өзінің басқаруымен салынған 84 метрлік аппақ мәрмәр тастармен көркемделген Кампанша ғибадатханасы осы күнге дейін сақталған.

Жоғары қайта өрлеу дәуірінде Италияда ұлы үш суретші жұмыс істеді. Сол дәуірдің барлық жетістігі, тынысы осы шеберлердің жұмыстарынан айқын сезіледі. Олар: Леонардо да Винчи (1452 – 1519), Микеланджело (1475 – 1564) және Рафаэль (1483 – 1520) болды.

Сәулетші Микеланджело биіктігі 132 метрлік зор күмбезді салуды ойластырған. Қайта өрлеу ғимараттары түрлі бағаналармен көмкеріліп, аса күрделі жасалды. Қайта өрлеу дәуірі өнерінің алғашқы суретшілерінің бірі – ұлы суретші Джотто (1267 – 1337). Ол Римдегі антикалық өнермен жан-жақты танысты және сонда жүріп «Новичелла» атты мозайкалық шығармасын жазды. Қайта өрлеу дәуірінің суретшісі, мүсіншісі әйгілі Донателло (1386 – 1466) Флоренцияда дүниеге келген. Әйгілі мүсінші Лоренцо Гиберти шеберханасында мүсін өнерінен тәлім алып, жұ-

мыс істеген. Оның атақты шығармасы – Давид мүсіні. Аңыз бойынша Саул патшаның еліне қырық күн бойы қырғын салған, ешкім жеңбеген қанішер Голиаф деген сұсты батыр болады. Соған қарсы қарапайым бақташы бала Давид шығады. Донателло шығармасына негіз болған осы аңыздағы Давид ерлігі шынайы қалпында мүсінделген. Алғашқы қайта өрлеу дәуірінің тағы бір мүсіншісі – Андреа Верроккио (1435 – 1488). Ол Донателлоның шәкірті, жолын жалғастырушы болды. Оның атақты мүсінескерткіші – әскери қолбасшы, полковник Коллеониге тұрғызылған шығармасы Венецияда орын алған. Сол кездегі белгілі қылқалам шебері Мазаччо болды. Бұл суретші өнердің терең сырларын Джоттодан үйренді. Флоренциядағы көне шіркеудегі екі фресканы Мазаччо 1427 жылы ешбір көмекшісіз жалғыз салады. Біріншісі – «Жұмақтан аластату», екіншісі – «Динарий ғаламаты» жұмыстары. Бұл – өзіндік бояуымен танылған Бранкаччи капелласы. Кейіннен капелла Италия суретшілерінің көптеген ұрпақтары үшін тәжірибе мектебі болды. Атақты өнер шеберлері, яғни Боттичелли, Леонардо, Рафаэль, Микеланджело осында жиі келіп, Мазаччо фрескаларымен танысты. Бұл суретші 1428 жылы Римде қайтыс болған. Суретші Мазаччодан кейін қылқалам шеберлерінің ішінен көрінген Сандро Боттичелли (1445 – 1510) болды. Ол қылқалам шеберлерінің жоғары шыңына жетті. Әйгілі картинасының бірі «Венераның тууы» болды. Тағы бір туындысы – «Көктем» картинасы. Мұнда ғаламат сұлу қозғалыс, иірім, гармония бар. Дене бітімі, сәйкестік заңдылығы керемет білгірлікпен берілген. Сандро Боттичелли әсіресе сұлу да әдемі мадонналарды жазумен әйгіленді.

Нидерландының Қайта өрлеу өнері. Нидерланды өнерін айтқанда ең бірінші сұңғат өнерін атап өтуіміз қажет. Мұндағы сұңғаттың ескі стильден жаңа қайта өрлеу дәуірі стиліне өтуі өте ұзаққа созылды. Нидерланды сұңғатында адам бейнесі готикалық сымбаттылық негізінде бейнеленіп, Италия суретшілеріндей анатомиялық саралау жасалып, пропорциялық заңдылықтар сақтауға онша көңіл бөлмеді. Осы кемшіліктерді білдірмеу үшін адамды көбінесе киіммен бейнелеуді жөн көрді. Сонымен бірге олардың сұңғаттық шығармалары Италия суретшілеріндегідей ауқымды, монументалды бола алмады. Нидерландыда Италия-

дағыдай фреска, роспистер емес, көбінесе кішігірім қондырғылы картиналар жазу басым болды. Олар жалпы қала табиғатын, күнделікті өмір көріністерін кескіндеуді жөн көрді. Тағы бір ерекшеліктері: бейнелеу кезінде ұсақ-түйек болып табылатын шағын нәрселердің өзін тәптіштеп, аса бір ыждаһаттылықпен жазды. Нидерланды сұңғатының негізін салушылардың қатарында ағайынды суретшілер Ян ван Эйк пен Хуберт ван Эйк болды.

Германиядағы Қайта өрлеу дәуірі. Германияда Қайта өрлеу дәуірі Италиядағыдай ұлы өзгеріс, ескінің бәрінен шынайы тазарту процесін әкелмеді. Онда орта ғасырлардағы ой-өріс, сана-сезім әлі күшті сақталды. Сәулет өнерінде готикалық әсер белгілі болды. Оның бір айғағы – фасадтары көшеге қараған инедей үшкір шпильдердің көптігі. Бірақ та ел билеушілері мен ақсүйектердің әсем сарайлары ренессанс әдісті құрылысқа бет бұрды. Осындай баяу дамығанның өзінде, Германияда Қайта өрлеу өнері өзіндік белгі, із қалдырды. Әсіресе неміс сұңғаты бұрын-соңды болмаған биікке көтерілді. Бірақ та сұңғаттың бұл ағымы көпке созылмады, оның өмірі қысқа болды, небірі 20-30 жылға созылды. XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында елде жүргізілген діни сенімді «тазалау» реформациясы және ішкі тап күресі, шаруалар күресі Германияда жағдайды шиеленістіріп, өркендеп келе жатқан тамаша ренессанс өнерін біржолата құртты. Германиядағы Қайта өрлеу дәуірі сұңғаты Италия суретшілерінің сұңғатынан өзіндік ерекшелігі болды. Италия сұңғатында өмірге деген құлшыныс, қуаныш сезімі басым болса, неміс өнерінде қайғы-мұң, қаталдық, өшпенділік сезімдер белең алып жатты. Неміс сұңғатын тілге тиек етіп айтсақ, ең бірінші еске түсетіні – Матиас Грюневальд. Бұл суретшінің аты да, жұмыстары да жүздеген жылдар бойы айтылмай келді. Ол шығармалары күшті драматизмге толы, ащы шындықты жеріне жеткізе білген әсерлі суретші болды. Ең атақты жұмыстарының бірі – Кольмара қаласындағы Изенгеймск альтарындағы туындылары.

Франциядағы Қайта өрлеу дәуірі. Мұнда Франция корольдары Италияға барған сапарларында олардың жаңа өнерін өз еліне сіңіруді көздеді, сондықтан да ең үздік, шебер суретшілерді, оның ішінде Леонардо да Винчиді король сарайына жұмыс істеуге шақырды. Ұлы суретші өмірінің соңғы сәтіне дейін Франция королі I Францисконың сарайында қызмет етті.

Бірақ Италия мен Франция топырағына сіңіру іске аспады. Француздар өз ренессансын тудырды. Ол әсіресе сәулет өнерінде өзіндік бейнеге ие болды. Өте әдемі де, әсерлі ертегідей сарай-замоктар, әсіресе І Франциско тұсында көптеп тұрғызылды. Соның бірі – корольдың аңшылық қамалы Шамбор.

Француз сұңғат өнерінде ренессанстық бағытта көзге түскен суретшілер әкелі-балалы Жана Клуэ мен Франсуа Клуэ болды.



9-сурет. «Афин мектебі» – Рафаэль Сантидің ең атақты фрескасы (1509-1510)



10-сурет. Сандро Боттичелли «Венераның тууы»,
1485 жыл шамасында

II. Семинар сабақтарының жоспары:

1. Қайта өрлеу дәуіріндегі итальяндық өнердің ерекшеліктері.
2. Қайта өрлеу дәуірінің сәулетшілерінің (Филипппо Бруноллески, Альберти), мүсіншілерінің (Донателло мен Верроккью), кескіндемешілерінің (Мазаччо, Мантеньи, Пьеро делла Франчески, Боттичелли) шығармашылығымен танысу.
3. Жоғарғы Қайта өрлеу дәуіріндегі Италия өнері. Рафаэль, Леонардо да Винчи, Микеланджелоның шығармашылығы.
4. Венециядағы Қайта өрлеу дәуірі. Джорджоне. Тициан. Тинторетто.

III. Аудиториядан тыс конспектілеуге берілетін тапсырмалар:

1. Проторенессанс бейнелеу өнері. Джотто шығармашылығы.
2. Ерте Қайта өрлеу дәуіріндегі Италия өнері.
3. Жоғарғы Қайта өрлеу дәуіріндегі Италия өнері.

IV. Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. Глоссарий жасаңыз: ренессанс, проторенессанс, дученто, треченто, капелла, кватроченто, кенотоаф, палаццо, пилястра, терракота, тондо, трансепт, чинвеченто.

2. Төмендегі тақырыптардың біріне компьютерлік презентация дайындаңыздар:

1. Леонардо да Винчи.
2. Рафаэль.
3. Микеланджело.
4. Брунеллески куполы.
5. Джотто.
6. Мазаччо.
7. Сандро Боттичелли.
8. Тициан.

3. Қайта өрлеу дәуіріндегі Италияның көрнекті өкілдерінің жетістіктерін жүйелеп, кестені толтырыңыз:

	Сәулет өнері	Кескіндеме өнері	Мүсін өнері	Өнер теориясы
Джото				
Симоне Мартини				
Брунеллески				
Мантеньи				
Донателло				
Боттичели				
Леонардо да Винчи				
Микеланджело				
Рафаэль				
Тициан				

4. «Қайта өрлеу дәуірінің ұлылар» тақырыбына эссе жазыңыздар.

5. «Қайта өрлеу дәуіріндегі кескіндеме өнері» деген тақырыпқа сөзжұмбақ жасаңыздар.

Әдебиеттер

Негізгі:

1. История искусств: учеб. пособие / ред.: Г.В. Драч, Т.С. Паниотова. – М.: КНОРУС, 2013.
2. Сокольникова Н.М. История изобразительного искусства: учебник: в 2-х т. Т. 2. – М.: Академия, 2012.
3. Алпатов М.В. Художественные проблемы итальянского Возрождения. – М., 1975.
4. Виппер Б.Р. Итальянский Ренессанс. Т. 1, 2. – М.: Искусство, 1977.
5. Лонги Р. От Чимабуэ до Моранди. – М.: Радуга, 1984.
6. Лосев А.Ф. Эстетика Возрождения. – М.: Мысль, 1982.

Қосымша:

1. Ильина Т.В. История искусств. Западноевропейское искусство: учебник. – М.: Высш. шк., 2005.
2. Ильина Т.В. История искусства Западной Европы от античности до наших дней: учебник. – М.: Юрайт, 2011.
3. Варакина Г.В. Основные этапы истории европейского искусства: учеб. пособие. – Ростов н/Д.: Феникс, 2006.
4. Дмитриева Н.А. Краткая история искусств. – М.: Искусство, 1986.
5. Бартев И.А. Зодчие итальянского Возрождения. – М., 1965.
6. Вазари Дж. Жизнеописания наиболее знаменитых живописцев, ваятелей и зодчих. – СПб.: ТО Пальмира, 1992.
7. Данилова И.Е. Брунеллески и Флоренция. – М.: Искусство, 1991.

8. Европейская живопись XIII – XX вв.: энциклопедический словарь. – М.: Искусство., Изд. дом «NOTA BENE», 1999.
9. Муратов П.П. Образы Италии. – М.: Республика, 1994.
10. Ротенберг Е.И. Искусство Италии. Средняя Италия в период Высокого Возрождения. – М., 1974.

8-тақырып.

КӨНЕ ОРЫС ӨНЕРІ

Мақсаты: көне орыс көркемөнерінің ламу кезеңдері мен ерекшеліктерін қарастыру, әсіресе Киев Русінің өнер спецификасын, сондай-ақ Новгород, Владимир, Суздаль және Мәскеу сәулет өнерінің ерекшеліктерін оқу.

I. Дәріс.

Көне орыс өнері. Көне орыс өнерінің негізі қаланып, дамуы Русьтің христиан дінін қабылдауынан кейін жүзеге аса бастады. Дәл осы маңызды жағдайдан кейін мемлекеттің саяси өмірінде де, өнерінде де өзгерістер кезеңі басталды.

Жаңа сенімнің келуі ортағасырлық өнерге қайталанбас антикалық грек өнерінің дәстүрлерін енгізді. Мысалы, алғашқы тас храмдар бой көтере бастады. Осындай құрылыстардың бірі қазіргі заман өнертанушыларын ғажайып формаларымен таңғалдырып келе жатқан Киевтегі Десятинная шіркеуі болып табылады. Фрескалар, мозайкалар, иконалар және інжілден (библия) алынған кейбір үзінділер ғасырлар бойы құндылықтарын жоғалтпақ емес.

X-XIII ғасырлардағы көне орыс өнері шығысславяндық скифтер мен сарматтар мәдениетінің симбиозы болып табылады. Сонымен қатар бұл өнер ғажайып Византияның және жақын балқандық мемлекеттердің көне дәстүрлері мен архитектурасының көрінісі ретінде орын тапқаны сөзсіз [1, 24-б.].

Ортағасырлық өнердің бір ерекшелігі – діни тақырып болуының міндеттілігі. Сол кездегі архитекторлар мен суретшілер сөзсіз шіркеу қызметкерлерінің айтқандарын бұлжытпай орындаулары керек болған. Соған байланысты архитектурадағы қаталдық пен аскетизм шіркеу нұсқауларының нәтижесі екендігін байқау қиын емес. Бұл ең алдымен архитектура формаларынан айқын байқалады.

Көне орыс монументалды живописі (фреска және мозайка) Киев Русі кезінде Владимир және Ярослав Мудрый кезінде пайда болды.

Көне орыс өнері және оның негізгі тенденциялары София соборында айқын көрінеді.

«Сайқымазақтар»(скоморохи) – бұл собордағы ең танымал фрескалардың бірі. Аталған композиция оңтүстік мұнара қабырғасында, екі терезе арасында, 4,70 м-ге созылып орналасқан. Оның астыңғы бөлігі ХІХ ғасырда шойын саты орналастыру кезінде құртылған. Фресканың салынған кезеңі де көп талқыға салынған болатын, бірақ кейінгі зерттеулер фресканың жасы собормен қатарлас – ХІ ғасырдың 1-жартысы екендігін көрсетті. Композиция құрамында 13 фигура бар. Оң жақтағы екеуі – акробаттар, қалған он бірі – музыкалық ансамбльдің мүшелері [2, 143-б.].

Көне Русьтің архитектурасы мен живописі стильдік ансамбль ретінде византиялық архитектураның ықпалы нәтижесінде қалыптасты. Архитектура мен живописьтің айқын мысалдарын Псков және Тверь құрылыстарынан көре аламыз. Олардың басты ерекшелігі құрылыстың конструктивті сақталуға бағытталуы және күмбез орналастырылған құрылыстың барынша қалың болуы еді [3, 7-б.].

Псков археологиялық экспедициясы кезінде ең үлкен қызығушылық оятқан негізі 1374 жылы «шіркеу мастери» Кирилл салған Кирилл шіркеуі.

Дәл осындай қызығушылықты Девмонтова қаласының шығыс шекарасында орналасқан тас храмдар туғызды. Храмдар 5 м биіктікті сақтаған. Әсіресе храмдардан табылған фрескалық росписьтердің маңызы жоғары. Осы уақытқа дейін Псков живописін біз 3 объект арқылы танысақ: Спас-Мирожский монастырі (ХІІ ғ.), Богородица Снегогорск монастырі (1313 жыл) және Мелетов ауылындағы Успения Богородица монастырі (1465 жыл), бұл объект Псков живописін толықтыра түскен [4, 210-б.].

Біздің заманымыздағы алғашқы ғасырларында өмір сүрген отырықшы славян тайпалары Римдік империя мәдениетімен таныс, содан әсер алған тайпалармен, халықтармен араласып, шығысеуропалық үлкен аумақта қоныстанады. Орыс мемлекеттілігі пайда болған аумақтағы халық Византия, Иран, Кавказ жерле-

рімен, болгарлықтарымен шекаралас жатқандықтан, олардың жоғары дамыған қолөнерін, жазуын, сәулетін, кескіндемесін үйренді. Славяндықтар ұзақ жорықтарға шығып, көптеген оқиғаларға қатысқан. Кейіннен табылған VI-IX ғасырлар ескерткіштеріне қарап, көптеген мәселенің шешімін табуға болады, заттардың әртүрлі сарында және формада жасалғандығы түсіндіріледі.

Бұл заттарға жататындар: қолөнер, тұрмыстық және жоралғы ескерткіштер, қыш ыдыстар, сүйектен жасалған тарақтар, еакина, білезіктер, ат әбзелдерінің бөлшектері, бойтұмарлар, пұттар пішіндері. Белгіленген әрбір өрнек қандай да бір нысанды білдіреді. Мифологиялық көріністегі белгілі бір заттардың қалыптарын бейнелейді. Мәселен, сырға мен сақиналар Күн, гүл, Айды елестетеді. Заттардың әрбіреуінің өзіне тән мағынасы болды. Славяндықтар өзен мен көлге, ағаш пен тасқа табынды. Археологиялық зерттеулер барысында табылған пұттар бейнесінің қарапайым тастардан айырмашылығы көп емес. Олар бейнелеу сарындары мен шартты белгіленуі бойынша ерекшеленеді.

VI – IX ғасырларда Шығыстық славян мемлекеті құрылады. Осы кезеңде нақты иконатану қалыптасады. Князьдық орталық құрылуына катысты князьдық басқару үйлерінің құрылысы басталды. Тайпа орталығы – қалалар әр алуан қолөнердің дамуына ықпалын тигізді, оның ішінде зергерлік өнер де бар. Тұрмыс заттары зергерлік өрнектермен әшекейленді. Жергілікті шеберлердің қолданған әдістері: эмаль, бүршік, нақыштау және шекіме болды. Мұндағы бейнелеу сарындары Иран мен Византия бейнелерінен келіп шығады.

IX-X ғасырларда қалыптасқан мемлекет Киевтік Русь атауын алады. Киевтік Русь Еуропаның саяси өмірінде маңызды орын алды. Онда жаңа мемлекеттік мәдениетпен қатар жазу жүйесі мен христиандық жиі қалыптаса бастады. Тұрмыстық мәдениеттегі дәстүр бір дәуірден екінші дәуірге өзгеріссіз көшеді. Иран-сасанидтік, скифтік, эллинистік өнерден алынған өрнек ерекшелігі, сарындар мен нысандар өзгермейді.

Христиандық дін жас орыс мемлекетінің рухани мәдениетінің, көзқарасының қалыптасуына ықпалын тигізеді. Адам өзінің қайталама ерекшеліктерімен табиғат әлемінен бөлініп шығады. 988 – 1019 жылдары князь Владимир Святославович тұсында қабылданған христиандық, дінге қатысты, көркемөнер мен құрылыста қызу жұмыс басталады.

Ең ірі құрылыстың бірі – Киевтегі «Құдай анаға» арналған храм, шіркеу пішімін Киевтенбасқа да қалаларда көтеріліп жатқан құрылыстарға әсерін тигізді. Жаңа қалада (Новгород) София ғибадатханасы, Ростовта Успения ғибадатханасы ағаштан бой көтерді (соңғысы 1160 жылы түрлі себептерге байланысты жанып кетті). Құрылыс бұдан әрі қарай өз жалғасын табады.

XI ғасырдың соңында Киевте князьдар билікке таласып күреседі де, Русь ыдырап кетеді. Тек XII ғасырдағана өз саясатын өзі анықтайтын мемлекетке айналады. XII ғасырда Русьтегі қалалардың өсуімен, орыс қоғамының бірігуімен ерекшеленді. Өнердегі салтанатты, монументті стиль XI ғасырдың аяғы – XII ғасырдың басында камералық стильге өзгереді, ондағы өнер тұрғылықты өмір салтына жақын болды.

XII ғасыр өнеріндегі стиль князьдық сарайдағы шеберлер қызмет істейтін шеберханалардан басқа, монастырьлардағы жеке шеберханалар пайда бола бастайды. Олар тапсырыспен қатар жаппай сату үшін де жұмыс істейді. XIII ғасырдың 30-90 жылдарынан бастап көркемөнердегі қызмет қалалық және қаладан тыс орналасқан шағын монастырьларда жасалды, көбінесе иконалар мен қолжазбаларды, шағын көлемді миниатюраларды әшекейледі. Ғибадатхана құрылыстарында жаңа көркемөнерлік талғамдар пайда бола бастады. Бұл даму әр алуан мәдениет орталықтарында әртүрлі ерекшелігімен көрінді.

XIV ғасырдың соңы мен XV басындағы кескіндемешілер мен сәулетшілер адам өмірінің рухани, ішкі бейнесін ашуға талпынды. Бұл идеялар Мәскеуде туындап, суретшілер шығармашылығына ықпал етті. 1378 жылы храм қабырғасын қабырға суреттермен толтырған белгілі византиялық суретші Феофан Грекпен бірігіп, 1405 жылы Андрей Рублев те өзін суретші ретінде көрсетеді.

XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басында, 1485-1487 жылдары Мәскеулік Кремль құрылысы басталады. 1516 жылы құрылыс аяқталады. XV ғасырдың соңындағы сәулет ескерткіштерінің ерекшелігі тігінен бөлінуінде еді. XVI ғасырдың басында сәулет өнеріне ренессанстық сарындар, классикалық ордерлер белгілері енеді, ал қондырғылы және монументті кескіндемеде батыстық әсер болмады. Өнердегі монументті стильде өзін көрсеткен суретші Дионисий болды.

XVI ғасырдың ортасында Иван Грозный таққа отырады. Мәскеулік патшалыққа Қазан мен Астрахань келіп қосылады. Иван Грозный дәуірінде шіркеу рухани тәрбие беруші мемлекеттік орынға айналады. Сәулет өнері дами түседі. Миниатюра икона жазуына және монументті кескіндемеге өз ықпалын тигізеді. Қаланың өсуіне байланысты Батыс және Шығыспен жасалатын сауда әрі қарай ұлғаяды. Иван Грозный уақытында жасалған зергерлік бұйымдарда, оның ішінде тұрмыстағы заттарда (құмыра, ыдыстар, табақтар) қасиетті ғұрып сақталған.

XVII ғасырдағы Ресей өнерінің тарихы қалалардың қарқынды өсуімен байланысты болды. Ғасыр басындағы өнерге алғашқы дәуірдегі сәулет және кескіндеме дәстүрлері үлкен ықпал етті. XVIII ғасыр I Петр реформаларымен ерекшеленген болатын. Бұл ғасырдағы орыс өнерінің жаңа уақыттағы мәдениеттің көне орта ғасыр өнерінің орнына келгендігі айқын көрінеді. Өнер қоғамдық өмірде жаңа мәнге ие болды.

XVIII ғасыр ортасындағы орыс сәулетінің ерекше көрсеткіші мемлекеттік және қоғамдық ерекшелік болды. Орыс сәулетінің басында белгілі мүсіншінің баласы Ф.-Б. Растрелли тұрды (1700 – 1771).

XVIII ғасырдың ортасында Ресейдің ұлттық деңгейі өседі. М.В. Ломоносовтың қатысуымен (1755) Мәскеулік университет ашылады, Көркемсурет академиясы құрылады (1757), орыс театры пайда болады. Жаңа орыс өнері шарықтау шегіне келеді. Кескіндеме өнерінде өзіндік маңызды композициялық ерекшелігі бар қондырғылы картиналар пайда болады. XVIII ғасырдағы орыс кескіндемесінің негізін қалаушы – И.Никитин (1690 – 1742). Бұл дәуірдің екінші ірі шебері – А. Матвеев (1701 – 1739). Ол Голландия мен Фландрияға оқуға жіберілген, XVIII ғасырдың 30-жылдары өнердегі өз орнын тапты. Бұдан кейінгі суретшілер тобы: А.П. Антропов, И.Я. Вишняков, И.П. Аргунов, П. Ротари және т.б. Мүсін бұл кезеңде қоғамда басқа өнер түрлері тәрізді аса үлкен орын алмады, ол тек XVIII ғасырдың екінші жартысында ғана гүлдене бастайды.

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы ірі шеберлер – француз сәулетшісі Ж.Б. Валлен-Деламот (1729 – 1800) және орыс сәулетшісі А.Ф. Кокоринов (1726 – 1772), екеуі бірігіп Көркемсурет академиясы ғимаратының жобасын жасады (1764 – 1788). Мәскеудегі Кремль сарайының жобасын жасаған сәулетші –

В.И. Баженов (1737 – 1799). Мүсін өнерінде ірі орыс мүсіншісі Ф.И. Шубинді (1740 – 1805) атауға болады. Алғашқы жұмыстары мәрмәрден болды. Монументті пластиканың дамуында Э.М. Фольконе (1716 – 1791) өз қолтаңбасын табады. Кескіндеме де үлкен өзгеріске ұшырайды. Ерекше жоғары сатыда адам бейнесі – портрет тұрады. Белгілі шеберлер: Ф.С. Рокотов (1735 – 1808), Д.Г. Левицкий (1735 – 1822), В.Л. Боровиковский (1757 – 1825). Орыс өнері дамуы жағынан XVIII ғасырдың ортасында өзіндік шеберлігімен, стильдік ерекшелігімен еуропалық көркемөнердің дамуымен сәйкес келеді. Бұл жана уақыттағы өнерден өз жалғасын табады.



11-сурет. Дионисий. Алексей адамдар құдайы. Мәскеу Кремлі. XV ғ.



12-сурет. Иван Вишняков. Сарра Элеонор Фермордың портреті. 1750 жыл. Орыс музейі, Санкт-Петербург

Сілтемелер және пайдаланылған әдебиеттер:

1. Древнерусское искусство. XIV-XV вв. – М.: Издательство «Наука», 1984. – Академия наук СССР. Всесоюзный научно-исследовательский институт искусствознания Министерства культуры СССР.
2. Древнерусское искусство. Художественная культура X – первой половины XIII в. – М.: Издательство «Наука», 1988. – Академия наук СССР. Научный совет по истории мировой культуры АН СССР. Всесоюзный научно-исследовательский институт искусствознания Министерства культуры СССР.
3. Древнерусское искусство. Художественная культура Пскова. – М.: Издательство «Наука», 1968. – Академия наук СССР. Институт истории искусств Министерства культуры СССР.
4. Древнерусское искусство. Монументальная живопись XI-XVII вв. – М.: Издательство «Наука», 1980. – Академия наук СССР. Всесоюзный научно-исследовательский институт искусствознания Министерства культуры СССР.

II. Семинар сабақтарының жоспары:

1. X-XII ғасырлардағы Киев Русінің өнері.
2. XI – XV ғасырлардағы Новгород сәулет және кескіндеме өнері.
3. XII-XIII ғасырлардағы сәулет өнерінің Владимир-Суздаль мектебі.
4. XV-XVII ғасырлардағы Мәскеу сәулет өнері.

III. Аудиториядан тыс конспектілеуге арналған тапсырмалар:

1. Көне орыс өнерінің ашылу тарихы мен зерттелуі.
2. Киев Русінің сәулет өнері мен монументалды кескіндемесі.
3. XI – XV ғасырлардағы Новгород мүсін өнері мен сәндік-қолданбалы өнері.
4. XII-XIII ғасырлардағы Владимир мен Суздаль мүсін өнері, сәндік-қолданбалы өнері мен кескіндеме өнері.
5. XV-XVII ғасырлардағы Мәскеу мүсін өнері, сәндік-қолданбалы өнері мен кескіндеме өнері.

IV. Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. Глоссарий жасаңыз: акафист, алконост, апостол, архангел, благовещение, богословие, глазурь, гласы, гульбище, евангелие, евхаристия, елей, закомара, изразец, ипостась, киот, клирос, кокошник, конек, қолжазба, күрекше, миниатюра, миро, па-

нагия, парус, порфира, рака, серафим, солея, спас, столп, үштік, херувим.

2. «Көне орыс сәулет өнерінің ескерткіштері» кестесін құрыңыз:

Қала	X ғ.	XI ғ.	XII ғ.	XIII ғ.	XIV ғ.	XV ғ.	XVI ғ.	XVII ғ.
1.								
...								

3. Төмендегі тақырыптардың біріне компьютерлік презентация дайындаңыздар:

1. Киев Русінің өнері.
 2. Көне орыс ғибадатханаларындағы монументалды кескіндеме.
 3. Ежелгі Русьтегі сәулет өнері мектебі.
 4. Владимир мен Суздаль сәулет өнері.
 5. XV-XVII ғасырлардағы Мәскеу сәулет өнері.
 6. Үшінші Рим – орыс өнеріндегі византиялық мәдениеттің дәстүрі.
4. «Ежелгі орыс өнерінің қалыптасуындағы византиялық мәдениет көркемөнер дәстүрлерінің рөлі» тақырыбына эссе жазыңыздар.
5. «Ежелгі Русь өнері» деген тақырыпқа сөзжұмбақ жасаңыздар.

Әдебиеттер

Негізгі:

1. История искусств: учеб. пособие / ред.: Г.В. Драч, Т.С. Паниотова. – М.: КНОРУС, 2013.
2. Сокольникова Н.М. История изобразительного искусства: учебник: в 2-х т. Т. 2. – М.: Академия, 2012.
3. Алленов М.М., Евангулова О.С., Лифшиц Л.И. Русское искусство X – начала XX века. – М.: Искусство, 1989.
4. История русского искусства. Т. 1 / под ред.: М. Раковой и И. Рязанцева. – М.: Изобразительное искусство, 1991.
5. Раппопорт П.А. Древнерусская архитектура. – СПб.: Стройиздат, 1993.

Қосымша:

1. Ильина Т.В. История отечественного искусства от Крещения Руси до начала третьего тысячелетия: учебник. – М.: Юрайт, 2010.
2. Брунов И.И. Храм Василия Блаженного в Москве. – М., 1988.
3. Вагнер Г.К. От символа к реальности: развитие пластического образа в русском искусстве XVI-XV вв. – М.: Искусство, 1980.

4. Лифшиц Л.И. Монументальная живопись Новгорода XIV-XV вв. – М.: Искусство, 1987.
5. Философия русского религиозного искусства: антология. – М.: Прогресс, 1993.

9-тақырып.

ЕЖЕЛГІ ОРЫС ӨНЕРІ

Мақсаты: Ежелгі орыс иконографиясының негізгі ерекшеліктерін қарастыру, ежелгі ірі орыс иконограф шеберлерінің шығармашылығын зерттеу.

I. Дәріс.

Кез келген халықтың өнері тікелей сол ұлттың менталитетінің, өмір сүру салтының және өздеріне ғана тән қасиеттердің көрінісі болып табылатындығы сөзсіз. Осыған орай ең алдымен дәстүрлі өнер түрлері жайлы сөз қозғайық.

Қазақ ұлттық өнерінің дереккөздері түбірімен ежелгі уақыттан бастау алады. Ол еңбек ету кезінде пайда болып, үй заттарымен, құрылысымен тығыз байланыста дамыды.

Ағаш ою – қазақтардың ежелгі қолданбалы өнер түрінің бірі. Күнделікті тұрмысқа қажетті заттарды қазақтар өз қолдарынан жасаған. Тарихи деректер мен археологиялық қазбалар нәтижелеріне сүйенсек, қазақтарда ұсталық өнер, зергерлік өнер, тігін өнері, етік тігу және киіз үй құрау секілді қолөнер түрлері болған.

Ою шеберлері ағаш түбірлерінен түрлі ою-өрнектермен безендірілген кеселер, асыл тастармен безендірілген қымызға арналған шөміштер, шыныдан жасалған ыдыстарға ағаш қораптар және домбыра, қобыз сияқты түрлі музыкалық аспаптарды жасаған.

Қазақ шеберлері сонымен қатар күнделікті тұрмысқа қажетті – киіз үй детальдарын, сандық, кебеже, бесік және т.б. істеді.

Ормандық алқаптарда тұратын қазақтар екідөңгелекті арбаны аса шеберлікпен істеген. Бұл жайлы ортағасырлық тарихшы Рузбихан: «Бұл елдегі көптеген ағаштар өте берік. Олардан киіз үй орнататын керемет төртдөңгелекті арбалар істеген».

Қазақтардың арасында шебер зергерлер көп болды. Зергерлер көбіне жалғыз жұмыс істеп, шеберханаларын атадан балаға

қалдырып отырған. Зергерлердің істейтін заттары түрлі-түрлі болды: әйел әшекей-бұйымдары(сақина, сырға, білезік, алқа, сәукеле) және т.б. киім детальдары, ыдыс-аяқ, киіз үйді әшекейлейтін тұрмыс бұйымдары, музыкалық инструменттер, қару-жарақ түрлері, ат әбзелдері.

Қазақ зергерлері жұмыс барысында түрлі техникалар: суық қалыптау, бедерлеу, нақыштау, инкрустациялау және т.б. пайдаланған. Сюжет негіздеріне геометриялық фигуралар, өсімдік түрлері және аңдар бейнесі алынған. Қазақтарда өрнектердің бірнеше түрлері бар: иірім, түйе табан, қаз табан, құсмұрын, ит жауырын, бақа төс, айшық гүл.

Киіз кілемнің ерекше түрі – сырмақты жасау үшін үш түрлі техника қолданылады: түрлі түсті киіз бөліктерін инкрустациялау, бір түсті матаны ақ киізге аппликациялау және баумен тоқу [1, 31-32 б.].

Қазақ жерінде кезігетін бейнелеу өнерінің алғашқы нұсқалары палеолит дәуіріне жатады. Олар Қаратау мен Хантау тауларында тасқа қашалған жан-жануарлар тұрпаты түрінде кездеседі. Неолит және қола дәуірінде тасқа бедерленген Баянауыл үңгіріндегі (Павлодар облысы), Танбалы аңғарындағы (Алматы облысы) бейнелер (бұғы, арыстан, садақты аңшы, арбаға жегілген бұқа, сиыр, т.б.) мен Балқаш көлінің солтүстік жағасындағы жақпар тастардағы суреттер (келіншектің қасындағы екі ер кісінің жекпе-жек қылыштасуы, т.б.) қазақ жерін мекендеген тайпалардың негізгі кәсібін, әдет-ғұрпын баяндайды. Көптеген шекіме суреттердің сюжеті жыртқыш аңдардың аша тұяқтыларға шабуылына, діни нанымға құрылған. Суреттер нобайына ішінара қына түсті бояу жағылған (Қаратау шимайлы тастары). Андрон мәдениеті мұрасына саналатын геометриялы өрнекті қыш ыдыстар, қалыптау арқылы жасалған бұйымдар, күн шапағы бейнеленген қола құрал-жабдықтар Орталық, Солтүстік және Батыс Қазақстан аумағында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде ашылды [2, 55-б.].

«Танбалы тастағы» (Алматы облысы) б.з.б. II ғасырдағы тасқа бедерленген Будда бейнелері (көп қолды Чон-Рай-Сик, Мун-Сақ Будда, Манла Будда) шекіме суреттердің озық үлгілерінің бірінен саналады. Осы жартастарда XVI-XVII ғасырларда салынған суреттер де бар. Діни нанымдағы суреттер Алтай мен

Тарбағатай аймағында да ұшырасады. Қола мәдениетінің соңғы кезеңіне саналатын Беғазы-Дәндібай мәдениеті тұсында (б.з.б. IX-VIII ғасырлар) көне өнер түрлері жаңа үлгілермен толыға түскен. Б.з.б. VII ғасырларда көшпелілер одағының нығайып, әлеуметтік құрылысы мен шаруашылықтың дамуына байланысты б.з.б. IV ғасырларда байырғы сақ, ғұн, үйсін өнері гүлденді. Қол өнері мен сән өнерінің ағаш ұқсату, зергерлік өнері, кесте және кілем тоқу салалары дамыды. Ертіс, Шідерті, Өлеңті, Сілеті, Есік, Түрген, Іле өзендері және Орталық Қазақстан мен Сыр бойындағы, Баянауыл, Сауыр тауларының етегіндегі обалар мен қорымдардан табылған көне заман бұйымдары, жиһаздық заттар көшпелі тайпалар өнерінің даму кезеңін көрсетеді.

Скифтердің аңдарды бейнелеу нақышы Қаратау үстіртіне қарағанда қазақ жерінде бұрын дамығанын дәлелдейді. 1970 жылы Алматы облысындағы Есік қала маңынан табылған алтын бұйымдар («Алтын адам», бұғы, арқар, жолбарыс, жылқы, барыс бейнелері) – б.з.б. VI-V ғасырларда қазақ жерін мекендеген тайпалардың өнер үлгілері. Ежелгі зергерлік өнері бұйымдарын асыл таспен әшекейлеу алғаш ғұн, үйсіндерде, кейіннен оғыз, қыпшақтарда қолданылған. Сақ дәуірінде бұл әдіс көп тармаған. Үйсін зергерлік өнерінде көркем оймыш, бедерлеу және инкрустация тәсілдері басым пайдаланылды. VI-VIII ғасырларда көне сақ, ғұн, үйсін өнері негізінде байырғы түрік өнері дамыды. Бейнелеу өнерінің кейбір салаларының аттары қалыптасты. Қолөнеріне маманданған шеберлер (зергер, бәдізші, сәулетші, т.б.) шықты. Суреттер сюжеттік жағынан байи түсті. Жұмырлап жасалған тас мүсіндер, тастан қашалған құс пен балық бейнелері, барельефтер, ағаш, сүйек, ою, асыл тас жұмырлау өркендеді. Байырғы түрік өнері кезеңінен бастап қазақ жерінде мүсін өнері кең етек алды. Мүсіндер Торғай өзені мен Ұлытау төңірегінен бастап, Сарыарқадан күншығысқа қарай созылып, Алтай, Тарбағатай тауларына дейін, Оңтүстік Қазақстанда Қаратаудың екі жақ етегінде, Бурылтау, Талас тауларының, Алатаудың жазық алаңқайларында ұшырасады. Мүсіндер Түрік қағандығы (VI-VIII ғасырлар), қыпшақ заманы (VII – XIII ғасырлар) кезіндегі мүсін тастар болып екі топқа бөлінеді.

Көпшілігі адам бейнесінің нобайын ғана көрсететін дөрекілеу түрде жасалғанымен, ішінара бет-әлпеті мен тұлғасы айқын

суреттелген жұмыр мүсіндер (Қарқаралы тас мүсіндері) де кездеседі. XVI-XVIII ғасырларда тас мүсін қашау жойылып, оның орнына ою-өрнек және араб жазуларымен әсемделген құлпытас-тар көптеп жасала бастады. Байырғы сақ, ғұн, үйсін өнерінде кілемдер мазмұнға құрылған суреттермен әсемделсе, V-VII ғасырларда көп тараған қазіргі қазақ кілемінің үлгілері қалыптасты (Қазақ кілемі). Ясы, Отырар, Сығанақ, Тараз, Сайрам, Құлан, Мерке, Баласағұн, т.б. қалаларда VIII – XII ғасырларда өнердің көптеген салалары (көзешілік, бедерлеу, көздеу) өркендеді. Осы заманның киіз үй түріндегі қыш ыдыстары; бедерлеу, кесу, жапсыру арқылы жасалып, түрлі түсті бояумен (қара, қоңыр, сары, қызыл) жылтыратылған қабырға өрнектер мен су құбырлары; ромб не шеңбер түріндегі үлкен әрі анық ұлттық ою-өрнектермен әсемделген теріден, металдан жасалған бұйымдар – өркендеген өнердің дәлелі. Архитектуралық құрылыстардың сыртқы қабырғалары, ішкі еңселері мен күмбездері ғимарат құрылымымен үндес тартымды ою-өрнектермен әсемделіп отырды (Қазақ сән өнері). Азия мен Еуропадағы күмбезді архитектуралық құрылыстар секілді қазақтың киіз үйі ежелгі замандардан қазірге дейін халық қол өнерінің үздік үлгілерін жинақтаған қазына іспетті (Қазақ архитектурасы). Киіз үйдің іші мен сырты, бау-басқұры секілді жиһаздық заттары тартымды әрі биязы ою-өрнекпен әсемделді. Сәндік, тұтыну заттарынан басқа да басқұр, алаша, тықыр кілем, кебеже, т.б. қолөнері бұйымдары киіз үй ішін безендіруде басты орын алады. Алтын зер және жібек жіптермен кесте тоқу, ағаш ұқсату өнері, ағаш пен сүйекті жымдастыру арқылы көркемдеу, тері ұқсату, зергерлік өнері де ерекше дамыған (Қазақ қол өнері). XIX ғасырларда Қазақстанда болған орыс суретшілерінің (В.В. Верещагин, т.б.) қазақ халқының өмірі мен тұрмысын бейнелеген картиналары өмірге келді. 1847 – 57 жылдары қазақ жеріне жер аударылған Т.Г. Шевченко дала өмірінің көріністеріне құрылған сериялы суреттерінде жергілікті халық тұрмысын шыншылдықпен бейнеледі. XIX ғасырдың ортасында ағартушы ғалым әрі қазақтың тұңғыш суретшісі Ш.Ш. Уәлихановтың сулы бояумен және қаламмен салған портреттері мен суреттері («Үлкен Орданың қазақтары», т.б.) дүниеге келді.

Қазақ халқының ұлт болып қалыптасу кезеңінде өзіне тән музыкалық дәстүрі дүниеге келді; соның нәтижесінде бай му-

зыкалық мәдениеті қалыптасты. Бесік жыры, үйлену тойлары мен жерлеудегі салт-жоралар әнмен айтылды. Ақындар айтысы халықтың көп жиналып, ұйып тыңдайтын өнер сайысына айналды. Халық музыкалық шығармашылығы негізінен пентатоникалық белгілері басым жеті тонды диатоникалық мажор мен минорлық ырғақтарға негізделді. Эпостық жырлар речитативті әуенде жырланды. Қазақ халқының тарихи қалыптасу ерекшеліктеріне қарай музыкалық шығармалардың әуендік сипаты түрліше әрі әншілік, күйшілік, орындаушылық дәстүрінде де айырмашылықтары болды. Орындаушылық дәстүрдің түрлері: домбыраның немесе қобыздың сүйемелімен ән салу, музыкалық аспаптарда күй тарту, т.б., «жар-жар», «сынсу» сияқты тойларда айтылатын әндердің қайырмалары көп дауыспен орындалды. Шығармалар тақырыбы мен музыкалық айшығына орай: космологиялық (жұлдыз, Ай, Күн және басқа планеталар жайлы), демонологиялық (жалмауыз кемпір, жын-шайтан, пері, т.б.), бақсылардың емдік әндері, эпикалық әндер, ертектер, мысалдар, еңбек әндері, тұрмыс-салт әндері, лирикалық әндер, тарихи әндер, т.б. болып жіктеледі.



13-сурет. Г. Исмаилова. «Автопортрет»

Аспаптық музыка үзінділерінде соғыс көріністері, батырлар сайысы, бәйге, қыран құстың самғауы, қасқырдың ұлуы музы-

калық тілмен бейнеленді. Халық музыкасы мазмұнына қарай әртүрлі қызмет атқарды. Әсіресе бөбектер ойынын бейнелейтін музыка өзінің ықшам, қысқа, бір ырғақты, шағын көлемді, диапазоны мен формасының қарапайымдылығымен үй ішінде орындауға ыңғайлы болса, лирикалық және әлеуметтік, тарихи тақырыптағы әндер мен күйлердің әуендік диапазонының кеңдігі, мәнерінің әртүрлілігі, ырғақтық құрылысының күрделі болуы орындаушыдан үлкен шеберлікті талап етті. Қазақ музыкасының тарихи даму жолында ұлттық өнердің өшпейтін классикалық шығармаларын тудырған дарынды күйші-композиторлар шықты. Аты аңызға айналған Қорқыт (VIII-IX ғасырлар), музыкалық нота жазуының алғашқы үлгілерін ойлап тапқан Әбу Наср әл-Фараби (870 – 950), XV ғасырларда өмір сүрген Қазтуған мен Асан қайғы – қазақтың өткендегі дамыған музыкалық мәдениетінің дүлдүл өкілдері.



14-сурет. Ә. Қастеев «Түркісіб»

II. Семинар сабағының жоспары:

1. Икона жазу техникасы.
2. Икона жазудың негізгі желісі мен образы.
3. Ежелгі орыс суретшілерінің шығармашылығы: Феофан Грек, Андрей Рублев, Дионисий, Симон Ушаков.

III. Аудиториядан тыс конспектілеуге арналған тапсырмалар:

1. Ежелгі орыс икона жазуларының ерекшелігі.
2. Феофан Грек шығармашылығы.
3. Андрей Рублевтың шығармашылығы.

IV. Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. Глоссарий жасаңыз: движки, деисус, тұрмыс, икона, иконография, икона жазу, иконостас, канон, киноварь, клейма, лазурь, нимб, одигритрия, оранта, прорись, пурпур, складень, триптих, тябло, чин.

2. Төмендегі тақырыптардың біріне компьютерлік презентация дайындаңыздар:

1. Икона жазу (иконопись).
 2. Феофан Грек.
 3. Андрей Рублев.
 4. Ежелгі орыс иконасы.
 5. Ежелгі орыс өнеріндегі Христос образы.
 6. Ежелгі орыс өнеріндегі Құдай-Ана образы.
3. Ежелгі орыс иконаларының біріне жазбаша сараптама жасаңыз (оқытушының келісімімен).
4. «XXI ғасырдағы иконаның тағдыры» тақырыбына эссе жазыңыздар.
5. «Ежелгі Русь икона жазу өнері» деген тақырыпқа сөзжұмбақ жасаңыздар.

Әдебиеттер

Негізгі:

1. История искусств: учеб. пособие / ред.: Г.В. Драч, Т.С. Паниотова. – М.: КНОРУС, 2013.
2. Сокольникова Н.М. История изобразительного искусства: учебник: в 2-х т. Т. 2. – М.: Академия, 2012.
3. Алленов М.М., Евангулова О.С., Лифшиц Л.И. Русское искусство X – начала XX века. – М.: Искусство, 1989.
4. История русского искусства. Т. 1 / под ред.: М. Раковой и И. Рязанцева. – М.: Изобразительное искусство, 1991.

Қосымша:

1. Ильина Т.В. История отечественного искусства от Крещения Руси до начала третьего тысячелетия: учебник. – М.: Юрайт, 2010.

2. Вагнер Г.К. От символа к реальности: развитие пластического образа в русском искусстве XVI-XV вв. – М.: Искусство, 1980.
3. Смирнова Э.С. Московская икона XIV-XVII веков. – Л.: Аврора, 1991.
4. Успенский Л.А. Богословие иконы православной церкви. – М.: Московский патриархат, 1989.

10-тақырып.

XVII-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ФРАНЦИЯНЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

Мақсаты: XVII-XVIII ғасырлардағы Францияның көркемөнер мәдениетінің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін қарастыру, осы қарастырылып отырған кезеңдегі атақты шеберлердің шығармашылығын зерттеу.

I. Дәріс.

VII – XVIII ғасырларда Еуропа бейнелеу өнерінің даму процесі күрделенді. Францияда (Ф. де ла Тур, Н. Пуссен, А. Ватто, Ж.Б. Шарден, Ж.О. Фрагонар), Италияда (М. Караваджо, Б. Тьеполо, Дж. Креспи, Ф. Тварди), Испанияда (Эль Греко, Д. Веласкес, Ф. Сурбаран, Б. Мурильо, Ф. Гойя), Фландрияда (П.П. Рубенс, Я. Йорданс, А. ван Дейк, Ф. Снейдерс), Голландияда (Ф. Хальс, Рембрандт, Я. Вермеер), Ұлыбританияда (Дж. Рейнольдс, Т. Гейнсборо, У. Хогарт), Ресейде (Ф.С. Рокотов, Д.Г. Левицкий, В.Л. Боровиковский) ұлттық мектептер қалыптаса бастады. Жанрлар жүйесі нақтыланды. Сильдік белгілері ортақ түрлі көркемдік жүйелер қалыптасты (тұйықталмаған, спиралды, композициялық, динамикалы барокко, қанық суретті, айқын сызықты классицизм, нәзік бояулы сұлу мүсінді, ойнақы табиғатты рококо). XIX ғасырда Америка мен Азия бейнелеу өнерінің ұлттық мектептері қалыптаса бастады. Бұл аймақта реалистік тәжірибе жергілікті көне дәстүрлермен өріле дамып, ерекше өзіндік сипат алды (Үндістан, Жапон, Қытай). Сондай-ақ еуропалық бейнелеу өнерінің түрленіп дамуына Қиыр Шығыс елдері, Африка халықтарының алғашқы және көне дәуірдегі өнерлерінің ықпалы болды. Осы кезеңде бейнелеу өнерінде академизм, натурализм, т.б. бағыттар пайда болды (Францияда – Т. Жерико, Э. Делакруа, Германияда – К.Д. Фридрих, Ресейде – О. Кипренский, С. Федрин, К. Брюллов, А. Иванов). Барбизон

мектебінің шеберлері ақиқат нәрсені көріп-тану арқылы өмірдің шынайы бейнесін беруге зейін қойды (Ұлыбританияда Дж. Конетепл, Францияда О. Домье, Ресейде А.Г. Венецианов, П. Федотов). XIX ғасырда француз бейнелеу өнерінде әлемнің табиғилығы мен өзгермелілігін бейнелеуге ұмтылған импрессионизм пайда болды (Э.Мане, К. Моне, О. Ренуар, К. Писсарро, А.Сислей, Э. Дега). XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырда түрлі реалистік және модерндік ағымдар пайда болып, бейнелеу өнерінің даму процесі күрделі де қайшылықты арнаға түсті. Осы кезеңде өзінің қайталанбас шеберлігімен өнерге Ван Гог келді. Өнердің постимпрессионизм (П. Гоген, А. Дерен), фовизм (А. Матисс), кубизм (П. Пикассо, П. Сезанн, Ж. Брак), футуризм (У. Боччони, К. Малевич), дадаизм (М. Дюшан, Ф. Пикабия, М. Эрност), сюрреализм (С. Дали), неопластицизм (П. Мондриан, Т. ван Дусбург), т.б. авангардтық бағыттары дамыды. XX ғасырда адамның ішкі әлеміндегі күрделі өзгерістерді барлық қырынан көрсетуге ұмтылыс нәтижесінде түрлі бағыттағы мәңгілік туындылар дүниеге келді. 1910-13 жылдары кубизм, экспрессионизм, футуризмнің тармақталуы нәтижесінде абстракттілі өнер (затсыздық) белең алды. Сәулет және бейнелеу өнеріндегі классицизмге тоқталсақ, архитектура мен бейнелеу, сән және қосалқы өнерде классицизм бароккомен, XVIII ғасырдан бастап рококомен жарыса дамыды. Классицизмге қатаң үйлесім, көбінесе, салтанатты сипат тән. Оның негізіне пішіндердің айқындығы мен тектоникалығы, композицияның жинақылығы мен орнықтылығы, қатаң ритм мен пропорциялылық алынды. Архитектурадағы классицизмде ежелгі дәуір сәулет өнерінің көптеген принциптері мен жекелеген желілері көрініс тапты. Архитектурадағы классицизм құрылыстарының бітімінде геометрикалық өлшем дәлдігі және симметриялы түзу сызықтар үстемдік етеді. Сәулет ғимараттары алдында асқақ бағаналары бар, қасбеті үшбұрышты, ежелгі дәуір ғимараттарына ұқсастырыла тұрғызылды. Мұндай құрылыстар біртіндеп бүкіл Еуропаға тарады. Мүсін мен сурет өнеріндегі классицизмге композиция тұйықтығы, түрдің пластикалық шешімі тән болып келеді.

Классицизм белгілері алғаш XVI ғасырдың 2-жартысында Италияда пайда болды. Ал біртұтас стильдік жүйе түрінде XVII ғасырдың 1-жартысында Францияда қалыптасты.



15-сурет. Валентин Буш. Витраж «Су алу».
Метрополитен музейі. 1531 жыл

Франция рационализымінің эстетикалық өзегі ретіндегі классицизм, әсіресе бейнелеу өнерінде жан-жақты ашылды. Франция классицизмнің көрнекті өкілдері Жак Луи Давид, оның шәкірті Доминик Энгр (1780 – 1867) және италиялық мүсінші Антонио Канова (1757 – 1822), даниялық Бертель Торвальдсен (1768 – 1844) болды. XIX ғасырдың 1-ширегінде классицизмде жалаң стиль қуалаушылық пен академизм белгілері бұрынғыдан да күшейе түсті (Францияда Давидтің кейінгі кезеңдегі суреттері, ішінара Энгрдің суреттері).

II. Семинар сабағының жоспары:

1. XVII ғасыр классицизмі француз кескіндеме өнерінде: Н. Пуссен мен К. Лоррен.
2. XVII ғасырдың 2-жартысындағы Францияның бейнелеу және сәулет өнерінің дамуы. XVI Людовик стилі. Версаль ансамблі. III. Лебрен шығармашылығы.
3. Ағартушылық дәуіріндегі Франция өнері: А. Ватто мен Ж.Б. Шарден.
4. XVIII ғасырдағы француз өнеріндегі рококо: Ф. Буше, О. Фрагонар.
5. XVIII ғасырдағы француз мүсін өнері: Ж.А. Гудон.

III. Аудиториядан тыс конспектілеуге арналған тапсырмалар:

1. XVII ғасырдың алғашқы жартысындағы Францияның бейнелеу өнеріндегі негізгі бағыттар.
2. Ағайынды Ленэн мен Жорж де Латураның кескіндеме өнеріндегі шынайы үрдістер.
3. Ж. Каллоның гарфикалық мұрасы.

IV.Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. Глоссарий жасаңыз: гедонизм, жанр, классицизм, рокайль, рококо.
2. Төмендегі тақырыптардың біріне компьютерлік презентация дайындаңыздар:
 1. Франсуа Буше шығармашылығы.
 2. Никола Пуссен.
 3. Версаль ансамблі.
 4. Франция өнеріндегі рококо стилі.
 5. Антуан Ватто шығармашылығы.
 6. Француз классицизмі.
3. Қарастылып отырған кезеңдегі өнер туындыларының біріне жазбаша сараптама жасаңыз (оқытушымен кеңесіп).
4. «Классикалық өнердегі француз стилі» тақырыбына эссе жазыңыздар.
5. «Классицизм дәуіріндегі француз кескіндеме өнері» деген тақырыпқа сөзжұмбақ жасаңыздар.

Әдебиеттер

Негізгі:

1. История искусств: учеб. пособие / ред.: Г.В. Драч, Т.С. Паниотова. – М.: КНОРУС, 2013.
2. Сокольникова Н.М. История изобразительного искусства: учебник: в 2-х т. Т. 2. – М.: Академия, 2012.
3. Вельфлин Г. Основные понятия истории искусств. Проблема эволюции стиля в новом искусстве. – СПб.: МИФРИЛ, 1994.
4. Искусство XVIII века (Малая история искусств). – М., 1977.
5. История искусства зарубежных стран XVII-XVIII веков / под ред. В.И. Раздольской. – М.: Изобразительное искусство, 1988.
6. Каптерева Т., Быков В. Искусство Франции XVII века. – М., 1969.
7. Лазарев В.Н. Старые европейские мастера. – М., 1974.

Қосымша:

1. Ильина Т.В. История искусств. Западноевропейское искусство: учебник. – М.: Высш. шк., 2005.
2. Ильина Т.В. История искусства Западной Европы от античности до наших дней: учебник. – М.: Юрайт, 2011.
3. История искусства зарубежных стран XVII-XVIII веков: учебник / ред. В.И. Раздольская. – М.: В. Шевчук, 2008.
4. Сокольникова Н.М. История стилей в искусстве: учеб. пособие / Н.М. Сокольникова, В.Н. Крейн. – М.: Гардарики, 2006.
5. Арнасон Г.Г. Скульптура Гудона. – М., 1982.
6. Гликман А.С. Жак Калло. – Л.; М., 1959.
7. Гликман А.С. Никола Пуссен. – Л.; М., 1964.
8. Европейская живопись XIII-XX вв.: энциклопедический словарь. – М.: Искусство, Изд. дом «NOTA BENE», 1999.
9. Золотов Ю. Никола Пуссен. – М., 1989.
10. Немилова И.С. Французская живопись XVIII века в Эрмитаже. – Л.: Искусство, 1982.
11. Чегодаев А.Д. Антуан Ватто. – М., 1963.

11-тақырып.

XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ОРЫС БЕЙНЕЛЕУ ЖӘНЕ СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

Мақсаты: XVIII ғасырдағы Ресей көркемөнер мәдениетінің негізгі ерекшеліктерін, қарастырылып отырған кезеңдегі танымал шеберлердің шығармашылығын қарастыру.

I. Дәріс.

XVIII ғасырдағы орыс бейнелеу және сәулет өнері.

Қала ансамбліндегі классицизмнің жетекші рөлі. XIX ғасырдың басында Орыс көркем академиясы Батыс Еуропа көркем академияларының алдыңғы қатарынан орын ала бастады. Орыс көркем академиясының алғашқы түлектерінің бірі – О.А. Кипренский.

XVIII ғасырдың бірінші жартысы мен XIX ғасырда Орыс көркем академиясы сурет мектебінің Ресейдегі ең үздік әдістемелік орталығы болып саналды. 1834 жылы А.П. Сапожниковтің «Сурет салу курсы» атты жалпы білім беретін оқу орындарына арналған алғашқы оқулық жарық көрді. А.П. Сапожников әдістемесінің мақсаты көріністен, яғни тұлғадан қарап суретсалудың негізін қалайды.

1804 жылы училищелерде, гимназияларға, орта мектептерде суретпән ретінде қабылданды. 1879 жылы Строганов мектебінде сурет мұғалімдерін даярлайтын курс ашылып, Ресей мектебін бейнелеу өнері маманы бойынша мұғалімдермен қамтамасыз етіп отырды. Жалпы алғанда, бейнелеу өнеріне сабақ ретінде көңіл аударылуы, әсіресе тәрбиелік мәнінің зерттелуі 1970 жылдардың аяғы мен 1980 жылдардың басынан басталды. Өнердің дамуына көп үлес қосқандардың бірі – Андрей Рублев. Ол икона және шіркеулерге роспись жазуда ерекше орын алды. III Иван тұсында Мәскеу құрылысы кеңінен дамыды. 1475-1479 жылдары Мәскеу Кремльдегі Успен соборы салынды. Оның құрылысына итальяндық сәулетші Аристотель Фиорванти шақырылды.

XVII ғасырда ағаштан жасалған сәулеттің даму кезеңі болды. XVII ғасырдың екінші жартысындағы икона жазудың шебері – Симон Ушаков. Бейнелеу өнерінде алдыңғы көрініс, ортаңғы көрініс, соңғы көрініс деген ұғымдар кеңістік ұғымын білдіреді. Кеңістіктегі суретшіге ең жақсы орналасқан заттардың бейнесі алдыңғы көрініс деп аталады.



16-сурет. Федор Рокотов. II Екаторинаның тәж кию рәсiмiндегi портретi. 1763 жыл. Мәскеу. Третьяков галереясы

Ал Петров кезеңіндегі жанды бейнеде портрет маңызды рөл атқарды. Мысал ретінде Я.Ф. Тургенев бейнесін алуға болады. И.Н.Никитин сол кезеңде жанды бейне жасауда еңбектенген суретшілердің бірі. Ол білімін жетілдіру мақсатында Италияға барып келді. Никитин Петр портретін әлденеше рет салды.

А.М. Матвеев есімі Петропавл соборында орындаған қабырға суреттерімен, портреттерімен белгілі. Ол «Жанды бейне Аллергоясы», «Әйеліммен бірге» автопортрет жұмыстарымен ерекшеленеді.



17-сурет. Федор Алексеев. Петропавл қамалынан Сарай жағалауының көрінісі. Мәскеу. Третьяков галереясы

II. Семинар сабағының жоспары:

1. Орыс бароккосының өзгешелігі: Доменико Трезини, Франческо Растрелли.
2. Көркемөнер Академиясын салу. А. Лосенко шығармашылығы.
3. XVIII ғасырдың 2-жартысындағы орыс сәулет өнері: А. Кокоринов, Ж.Б. Валлен-Деламот, В. Баженов, М. Казаков, Д. Кваренги, Ч. Камерон.
4. XVIII ғасырдың 2-жартысындағы орыс кескіндеме өнерінің ерекшелігі: Ф. Рокотов, Д.Г. Левицкий, В.Л. Боровиковский.
5. XVIII ғасырдың 2-жартысындағы орыс мүсін өнерінің негізгі үрдістері: Ф. Шубин, Э. Фальконе, М. Козловский.

III. Аудиториядан тыс конспектілеуге арналған тақырыптар:

1. Орыс бароккосы.
2. Орыс өнеріндегі көркемөнер академиясының рөлі мен академиялық мектептің мәні.
3. Ресей сәулет өнеріндегі классицизм.
4. XVIII ғасырдың 2-жартысындағы Ресейдегі портретті кескіндеме өнері.
5. XVIII ғасырдың 2-жартысындағы Ресейдің мүсін өнері.

IV. Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. Глоссарий жасаңыз: ансамбль, барокко, бельведер, десюдепорт, коллоннада.

2. Төмендегі тақырыптардың біріне баяндама дайындаңыз:

1. Лосенко шығармашылығы.
2. Кокоринов шығармашылығы.
3. В. Баженов шығармашылығы.
4. Д. Кваренги шығармашылығы.
5. Э. Фальконе шығармашылығы.
6. Ч. Камерон шығармашылығы.
7. Ф. Рокотов шығармашылығы.
8. Д.Г. Левицкий шығармашылығы.
9. В.Л. Боровиковский шығармашылығы.
10. Ю.М. Фельтен шығармашылығы.

3. Төмендегі тақырыптардың біріне компьютерлік презентация дайындаңыздар:

1. Петров бароккосы.
2. Орыс классицизмі.
3. Мысты шабандоз.
4. Орыс көркемөнер академиясы.
5. Ф.Б. Ратсрелли шығармашылығы.
6. Д. Трензини мен жаңа типтегі орыссәулет өнерінің қалыптасуы.

4. Қарастырылып отырған кезеңдегі өнер туындыларының біріне жазбаша сараптама жасаңыз (оқытушымен кеңесіп).

5. «Петрлік барокко, Елизаветаның рококосы мен Екатерина классицизмі» деген тақырыпқа сөзжұмбақ жасаңыздар.

Әдебиеттер

Негізгі:

1. История искусств: учеб. пособие / ред.: Г.В. Драч, Т.С. Паниотова. – М.: КНОРУС, 2013.
2. Сокольников Н.М. История изобразительного искусства: учебник: в 2-х т. Т. 2. – М.: Академия, 2012.
3. Алленов М.М., Евангулова О.С., Лифшиц Л.И. Русское искусство X – начала XX века. – М.: Искусство, 1989.
4. Записки Якоба Штелина об изящных искусствах в России. Т. 1, 2. – М.: Искусство, 1990.
5. Ильина Т.И. Русское искусство XVIII века: учебник. – М.: Высш. шк., 1999.
6. История русского искусства. Т. 1 / под ред.: М. Раковой и И. Рязанцева. – М.: Изобразительное искусство, 1991.

Қосымша:

1. Ильина Т.В. История отечественного искусства от Крещения Руси до начала третьего тысячелетия: учебник. – М.: Юрайт, 2010.
2. Левицкий Д.Г. (1735 – 1822): каталог. – Л.: Искусство, 1987.
3. Лисовский В.Г. Академия художеств: Историко-искусствоведческий очерк. – Л.: Лениздат, 1982.
4. Милоков П.Н. Очерки по истории русской культуры: В 3 т. Т. 2. – Ч. 2. – М.: Издательская группа «Прогресс-Культура», 1994.
5. Чайковская О. «Как любопытный скиф...»: Русский портрет и мемуаристика второй половины XVIII века. – М.: Книга, 1990.

12-тақырып.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ БАТЫС ЕУРОПАНЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

Мақсаты: XIX ғасырдағы Батыс Еуропа көркемөнер мәдениетіндегі негізгі ерекшеліктерді, сол кезеңдегі шеберлердің шығармашылығын қарастыру.

I. Дәріс.


XIX ғасырдағы Батыс Еуропаның бейнелеу өнері, Еуропадағы көркем мәдениеттің жаңа дәуірі, әрине, жаңа ғасырдың алғашқы кезеңінен басталады. 1789 – 1794 жылдардағы француз революциясымен қатар басталды. Осы уақыттан бастап архитектура мен бейнелеу өнерінің даму жолдары түбегейлі өзгерді.

Бейнелеу өнеріндегі түрлі бағыттар негізінде «Стиль» және «Баухауз» тобы, Н.Габоның скульптуралық композициясы,

О. Цадкин шығармалары, В.Е. Ташлин конструкциясы, америкалық абстрактілі экспрессионизм мектебі (Дж. Поллок, М. Тоби), ағылшын мүсіншісі Г. Мура, неміс хеппингін қалыптастырушы Г. Юккер, жапон абстракцияшы И. Ногуги, т.б. танымал болды.



18-сурет. Делакруа. Кресшілердің Константинопольге шығуы. 1840 жыл



19-сурет. Луи Давид. Мараттың өлімі. 1793 жыл

XX ғасырдың 2-жартысы мен соңында бейнелеу өнерінде концептуалдылық, кинотекалық өнер, перформанс өнері, трансавангард ағымы, т.б. пайда болды. Осындай түрлі бағыттар арнасында Д. Джадд, Дан Асаль-Рози, К. Андре, Д. Смит, А. Лоран, Э. Уорхолл, Христо, Д. Боровский, Я. Куосама, А. Кифер, Ф. Клементе, Нам Джун Пэйк және т.б. ірі өнер шеберлерінің шығармалары өмірге келді.

II. Семинар сабақтарының жоспары:

1. XVIII-XIX ғасырлардың соңындағы француз кескіндеме өнеріндегі классицизм: Давид, Энгр.
2. Гойя – XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың басындағы испан өнерінің көрнекті өкілі.
3. XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы француз бейнелеу өнеріндегі романтизм: Т. Жерико, Э. Делакруа.
4. XIX ғасырдағы Батыс Еуропа бейнелеу өнеріндегі реализм мәселелері: Домье, Милле, Курбе.
5. XIX ғасырдың 2-жартысындағы француз өнеріндегі импрессионизм: Э. Мане, К. Моне, Э. Дега, О. Ренуар, О. Роден.

III. Аудиториядан тыс конспектілеуге арналған тапсырмалар:

1. XIX ғасырдағы неміс романтиктерінің шығармашылығы: Ф.О. Рунге, К.Д. Фридрих.
2. XIX ғасырдағы француз кескіндеме өнеріндегі реализм.
3. Франциядағы импрессионизм мен постимпрессионизм.

IV. Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. Глоссарий жасаңыз: барбизондықтар, импрессионизм, постимпрессионизм, реализм, романтизм.
2. Төмендегі тақырыптардың біріне баяндама дайындаңыз:
 1. Ж.Л. Давид шығармашылығы.
 2. Ж.О.Д. Энгра шығармашылығы.
 3. Т. Жерико шығармашылығы.
 4. Э. Делакруа шығармашылығы.
 5. Ж.Ф. Милле шығармашылығы.
 6. Г. Курбе шығармашылығы.

3. Төмендегі тақырыптардың біріне компьютерлік презентация дайындаңыздар:

1. Барбизон мектебі.
2. Француз романтизмі.
3. Импрессионизм.
4. Постимпрессионизм.
5. Франциско Гойя.
6. ХІХ ғасырдағы француз реализмі.

4. Қарастырылып отырған кезеңдегі өнер туындыларының біріне жазбаша сараптама жасаңыз (оқытушымен кеңесіп).

5. «Импрессионизм: кескіндеме өнеріндегі революция ма әлде өнер деградациясы ма?» деген тақырыпқа сөзжұмбақ жасаңыздар.

Әдебиеттер

Негізгі:

1. История искусств: учеб. пособие / ред.: Г.В. Драч, Т.С. Паниотова. – М.: КНОРУС, 2013.
2. Сокольникова Н.М. История изобразительного искусства: учебник: в 2-х т. Т. 2. – М.: Академия, 2012.
3. Березина В.Н. Жан Огюст Доминик Энгр. – М.: Изобразительное искусство, 1992.
4. Вентури Л. Художники нового времени. – М., 1956.
5. Калитина Н.Н. Французское изобразительное искусство конца XVIII–XX вв. – Л.: ЛГУ, 1990.

Қосымша:

1. Ильина Т.В. История искусств. Западноевропейское искусство: учебник. – М.: Высш. шк., 2005.
2. Ильина Т.В. История искусства Западной Европы от античности до наших дней: учебник. – М.: Юрайт, 2011.
3. Калитина Н.Н. Французский портрет ХІХ века. – Л.: Искусство, 1986.
4. Перрюшо А. Жизнь Мане. – М.: Радуга, 1988.
5. Прокофьев В.Н. «Капричос» Гойи: В 2 кн. – М.: Искусство, 1986.
6. Ревалд Д. История импрессионизма. – Л., 1959.
7. Раздольская В.И. Искусство Франции второй половины ХІХ века. – Л.: Искусство, 1981.
8. Шнаппер А. Давид, свидетель своей эпохи. – М., 1984.
9. Эстетика немецких романтиков. – М.: Искусство, 1987.

13-тақырып.

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ РЕСЕЙДІҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

Мақсаты: XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Ресейдің көркемөнер мәдениетіндегі негізгі ерекшеліктері мен сол кезең шеберлерінің шығармашылығын қарастыру.

I. Дәріс.

Бейнелеу өнеріне сабақ ретінде көңіл аударылуы, әсіресе тәрбиелік мәнінің зерттелуі 1970 жылдардың аяғы, 1980 жылдардың басынан басталды. Мысалы, 1978 жылы Я.Я. Чарнецкийдің «Преимущественности в изобразительной деятельности дошкольников и младших школьников как фактор формирования художественных интересов учащихся» атты зерттеуі жарық көрді. Онда балабақша жасындағы балалар мен бастауыш сынып оқушыларының қызығушылық сезімін қалыптастыру жөнінде айтылады. Келесі бір зерттеу жұмысы В.Т. Тихомировтің «Восприятие произведений изобразительного искусства как средство общего и нравственногоразвития младших школьников» (1983) деп аталады. Бұл жұмыста бастауыш сынып оқушыларының қабылдауы туралы айтылады. Осы тұрғыдан бұл жұмыс біз зерттеп отырған мәселемен үндесіп жатыр. Тақырыпта көрсетілгендей, автор бейнелеу өнері пәніндегі қабылдаудың жалпы тәрбиелік ықпалы мен адамгершілікке тәрбиелеудегі ықпалын тәптіштеп ашуға ден қояды.

Бейнелеу өнерінде алдыңғы көрініс, ортаңғы көрініс, соңғы көрініс деген ұғымдар кеңістік ұғымын білдіреді. Кеңістіктегі суретшіге ең жақсы орналасқан заттардың бейнесі алдыңғы көрініс деп аталады. Заттардың кеңістіктегі орналасу қалпын көрсету үшін алдыңғы көріністердегі бейнелеу анық етіп штрихталып, соңғы көріністердегі бейнелер оған қарағанда бұрыңғырлау етіп көрсетіледі. Оқушылар сурет салу негізінде перспектива заңдылықтарын білмегендіктен кемшіліктері осыған байланысты болып жатады. Зергерлік құмыра жасау кәсібі кең дамыды. Феодалдық қалалар біртіндеп ірі сауда орталығына айнала бастады. Орыс жерінің ірі қалалары Мәскеу, Тверь, Костромо Нов-

город, Смоленск қайтадан көтеріліп, ірі қалаларға айналды. Орыс саудагерлері өзінің тауарларын Алтын орда астанасы Сарай-Бату қаласына апарып сатып, олардан шетел, үнді-қытай тауарларын сатып алып отырды. Әрбір орыс қаласында саудасаттық орындары көбейе бастады. Бұл феодалдық қарым-қатынастың орнығып, шаруашылықтың өркендеуіне, орыс жеріндегі ішкі байланыстың дамуына, ақша-тауар қатынасы қалыптаса бастауына мүмкіндік жасады. Бұл процесс орыс жерінің бірігуіне алғышарттар тудырды.

Луврдың шығыс фасады. XVIII ғасырдың бірінші жартысы жаңа, өзгеше шығармалардың дүниеге келуімен есте қалды. Ресейдегі ең алғашқы мүсін шебері Б.К. Растрелли болды. Ол 1716 жылы I Петр шақыруы бойынша Франциядан келді. Растрелли шеберлігі А. Меншиков, Анна Иваннова ескерткіштерінде көрініс тапты. Ең маңыздысы – I Петр ескерткіші.

Жиһаздарды негізінен Растрелли және оның көмекшілері жобалап отырды. Түрлі бұйымдар үшін кейбір жаңа әсемдеу материалдарын қолдана бастады. Ол – әйнек және фарфор. Осылайша орыс сәулет өнері жаңалықтарымен толығып отырды. Петербургте, Мәскеуде өзгеше бағыттағы құрылыстар бой көтерді. Д.Ф. Кокоринов және Ж.Б. Валлен-Деламоттың басшылығымен Нева жағасында көркем академияның құрылысы жүрді. Сонымен қатар В.И. Баженов, М.Ф. Казаков, И.Е. Старов түрлі құрылыстарда шығармашылықпен еңбек етті. XVIII ғасырдың екінші жартысында мүсін өнері үлкен табыстарға қол жеткізді. Б.К. Растреллиден кейінгі орыс мүсіншісі М.П. Павлов болды.

Ф.И. Шубин де Павлов сияқты адам мүсінін жасаумен шұғылданды. Ол 1773 жылы князь А.М. Гольциннің кеудеге дейінгі бейнесін сомдады. XVIII ғасырдың аяғында И.П. Прокофьев, И.П. Матрос, Ф.Ф. Щедрин сынды мүсіншілер жұмыс істей бастады. XVIII ғасыр тарихи жанр негізі болып саналды. Орыс суретшілері жанды бейнеде тарихи картинадағы композицияны өңдеп отырды. Тарихи жанрда жұмыс істеген атақты суретші А.П. Лосенко болды. Оның «Каин», «Авель», «Владимир және Рогнеда» деген туындылары бар. Лосенкодан кейінгі тарихи жанрмен айналысқан суретші Г.И. Угрюмов болды. Оның көлемді «Ян Усмар күшін сынау» атты шығармасы осының айғағы. Бұл кезеңде матамен жұмыс, әйнек, фарфорды

қолдану және металды көркем өңдеу кеңінен жүргізілді. XVIII ғасырда портрет жанры жақсы дамыды. Оған О.А. Кипринский жұмыстарын жатқызуымызға болады. 1817 – 1900 жылдары өмір сүрген атақты суретші-маринист И.К. Айвазовский өз өмірін теңізге арнады. Ол осы кезеңдегі жарқын бейне деп айтуымызға болады. Орыс өнеріне зор үлес қосқан А.А. Иванов, П.А. Федотов, Н.И. Уткин, И.С. Щедровский, В.Г. Перов, И.Н. Крамской, К.П. Брюллов, И.И. Шишкин жанды бейнеде тамаша шығармалар жазды.

Орыс бейнелеу өнерінің тарихында 1871 жылы алдыңғы қатарлы суретшілердің бірігуінің арқасында көшпелі суретшілердің бірлестігі қалыптасты. Бұл бірлестік «Көшпенділер» атымен орыс бейнелеу өнерінің тарихында қалғаны белгілі. Аталмыш бірлестік құрамында И. Крамской, В.В. Преов, И.Е. Репин, В.И. Суриков, А. Саврасов, И.И. Шишкин, ағайынды Васнецовтар, Ярошенко, Поленов, Левитан, В. Серов секілді суретшілер болды. Көшпенділер өз мақсаттарын қоғамға қызмет ету деп білді. Олар шығармаларында өздері өмір сүрген қоғам құрылысын сынға алды. XVII ғасырда Ресейде ағаш сәулет өнері ерекше дамыды. Коломно ауылындағы ағаштан салынған сарай XVII ғасырда сурет өнерінің озық туындысы болып табылды. Шіркеулер қала тұрғындарының сұранысы бойынша салынды. Шіркеуді салғанда орыс шеберлері халықтың ағаш сәулет өнеріндегі озық үлгілерін пайдаланды. Орыс сәулет өнерінде ерекше қызыл бояу қолдану арқылы үйдің сыртын әшекейлеген, шіркеулердің сырты қызыл кірпішпен өрілген. Мәскеу қаласындағы Кремльге кейінгі кезде қызыл кірпішпен қаланып, қазіргі кезде дейін ол қалпын сақтап қалған. XVII ғасырда орыс суретшілері тамаша иконалық шығармалары мен фрескалар жасау ісін одан әрі жалғастырды. Белгілі шебер Симон өз иконаларында адамның шынайы келбетін беруге тырысты. Орыс суретшілері портреттік бейнелер жасауда асқан шеберлікке қол жеткізді. Қалаларда көптеген адамдар өз балаларын оқытуға ұмтылды. XVII ғасырда Ресейде халықтың көбі сауатсыз болатын. Шіркеу сауат ашу ісінде діни уағыздарды насихаттауда негізгі орталыққа айналды. Мектептер ашылып, арифметика пәндері оқытыла бастады. 1687 жылы тұңғыш славян, грек, латын жоғары мектебі ашылды. Жоғары мектептерде грек, латын, дін

ілімі, геометрия, астрономия, арифметика, грамматика пәндері оқытылды. Бұл тұңғыш мәртебесі жоғары шенеуніктер оқитын жоғары мектеп еді. Халыққа дәрігерлік көмек көрсету ісінде халық емшілерінің орны ерекше болды. Әртүрлі шөптердің емдік қасиеттері, ауруды емдеу құралдары туралы білім ғасырлар бойы жинақталды. Мәскеу қаласында тұңғыш рет дәріхана қызметкерлерінің мектебі ашылып, дәрігерлер даярлай бастады. Ол орыс емшілерінің мектебі деп аталды.



20-сурет. Илья Репин. Волгадағы бурлактар. 1870-1873 ж.
Санкт-Петербург. Орыс музейі



21-сурет. Түңгі теңіздегі құйын. 1849 ж.

II. Семинар сабақтарының жоспары:

1. Көркемөнер жылжымалы көрмелер қоғамдастығын құру және оның тарихи маңызы.

2. XIX-XX ғасырлардағы орыс өнеріндегі импрессионизм:
В. Серов, К. Коровин.
3. XIX-XX ғасырлардағы орыс өнеріндегі символизм:
В. Васнецов, М. Врубель, В. Борисов-Мусатов.
4. «Өнер әлемі» қоғамдастығы. С. Дягилев, А. Бенуа, К. Со-
мова, Л. Бакста және т.б. шығармашылығы.

III. Аудиториядан тыс конспектілеуге арналған тапсыр- малар:

1. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ресей көркемөнері-
нің ерекшелігі.
2. И. Крамский, В. Стасов шығармашылығы.
3. Қозғалыстың ірі өкілдерінің шығармашылығы: В. Перов,
Ге, В. Суриков, И. Репин, И. Левитан.

IV. Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. Глоссарий жасаңыз: антреприза, мирискусник, қозғалыс,
символизм, сценография.
2. Төмендегі тақырыптардың біріне баяндама дайындаңыз:
 1. В. Серов шығармашылығы.
 2. К. Коровин шығармашылығы.
 3. И. Крамский шығармашылығы.
 4. В. Васнецов шығармашылығы.
 5. В. Борисов-Мусатов шығармашылығы.
 6. М. Врубель шығармашылығы.
 7. Өнер әлемінің шығармашылығы.
 8. В. Суриков шығармашылығы.
 9. И. Репина шығармашылығы.
 10. И. Левитан шығармашылығы.
3. Төмендегі тақырыптарға біріне компьютерлік презента-
ция дайындаңыздар:
 1. Париждегі орыс мезгілі.
 2. Орыс көркемөнеріндегі импрессионизм.
 3. XIX ғасырдың соңындағы орыс өнері.
 4. Орыс өнеріндегі символизм.
 5. «Өнер әлемі» ұйымы.
 6. Қозғалыстар
4. Қарастырылып отырған кезеңдегі өнер туындыларының
біріне жазбаша сараптама жасаңыз (оқытушымен кеңесіп).

5. «Қозғалыстар мен өнер әлемінің өкілдері» деген тақырыпқа сөзжұмбақ жасаңыздар.

Әдебиеттер

Негізгі:

1. История искусств: учеб. пособие / ред.: Г.В. Драч, Т.С. Паниотова. – М.: КНОРУС, 2013.
2. Сокольникова Н.М. История изобразительного искусства: учебник: в 2-х т. Т. 2. – М.: Академия, 2012.
3. Гольдштейн С.Н. Иван Николаевич Крамской. Жизнь и творчество. – М.: Искусство, 1965.
4. Пунина И.Н. Петербургская артель художников. – Л., 1966.
5. Сарабьянов Д.В. История русского искусства второй половины XIX века: курс лекций. – М.: Изд-во МГУ, 1989.

Қосымша:

1. Ильина Т.В. История искусств. Западноевропейское искусство: учебник. – М.: Высш. шк., 2005.
2. Ильина Т.В. История искусства Западной Европы от античности до наших дней: учебник. – М.: Юрайт, 2011.
3. Крамской И.Н. Письма, статьи: В 2 т. / подготовка издания и комментарии С.Н. Гольдштейн. – М., 1966.
4. Лапшина Н.П. Мир искусства. – М., 1977.
5. Лянин В.А. Портретная живопись В. Серова 1900-х годов. – Л.: Художник РСФСР, 1980.
6. Русская художественная культура второй половины XIX века: Картина мира. – М.: Наука, 1991.
7. Русская художественная культура второй половины XIX века. Диалог с эпохой. Эпоха и стиль времени. – М.: Наука, 1996.
8. Суздалев П.К. Врубель. – М.: Советский художник, 1991.

14-тақырып.

XX ҒАСЫР ӨНЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МӘНІ

Мақсаты: XX ғасырдағы Батыс Еуропаның көркемөнер мәдениетіндегі негізгі ерекшеліктері мен сол кезең шеберлерінің шығармашылығын қарастыру.

I. Дәріс.

XIX ғасырдың бет-пердесі адамзат тағдырының өзгерістерге ұшырауына тығыз байланысты болды. Өз кезегінде жаңа дүниенің қалыптасуы да негізінен үш факторға байланысты болды.

Олар: демократия, тәжірибелік ғылым және индустрияландыру. Екінші және үшінші факторларды бір сөзбен «техника» деп атауға да болады, ал бұл факторлар осыдан екі ғасыр бұрын пайда болды да, XIX ғасырда қоғамдық өмірдің барлық салаларына еркін ене бастады.

Ерекше атап өтетін бір жайт, XX ғасырда етек алған «сауықтық мәдениеттің» алғашқы нышандары дәл осы уақытта біліне бастаған болатын. Өнер туындылары мыңдаған таралыммен жаппай шығарыла бастады. Әрине, өнер туындыларының халық арасына кеңінен тарауы, халықтың жалпы мәдени дәрежесін арттыруға себепкер болатындығын мүлде жоққа шығаруға болмас, бірақ бұл жағдай өнердің дәрежесін төмендетіп, оның құпиялық қасиетін жоюға себепкер болғандығын да естен шығармаған жөн. Сондықтан да болар, осы бір сындарлы тарихи кезеңде халық көңілінен шығар нағыз өнердің қажеті біліне бастады. Өнер қоғамдық көңіл күйдің жаршысы болды. Философия тіліне айнала бастаған өнер адамгершілік пен ізгіліктің қайнар бұлағы, адамның жан-дүниесінің айнасы болды. Өнер мәдениет саласындағы әрбір өзгерісті терең сезініп, дәуір тынысына сай бейімделе білді. Бұл ой-тұжырымдарымызды дәлелдеу үшін, ең бастысы «өнердің қоғамның соты» рөлін қалай атқарғандығын толық түсіну үшін тағы да XIX ғасыр өнерінің тарихына қысқаша тоқталып өтелік. Бұл ғасырдағы өнердің дамуындағы екі кезеңді ерекше бөліп алып қарастырған жөн сияқты. Бірінші кезең – декаданс («құлдырау» деген мағынаны береді). XIX ғасырдың 50-жылдарынан бастап бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін созылады. Осы бір «революциялық дәуірдің» әрбір қоғамдық оқиғасы халықтың шығармашылық қиялын оятты, өнер саяси-әлеуметтік мазмұнға ие болды. Ұлы француз революциясынан қанаттанып, шабыт алған романтизм өз өрісін кеңейте түсті. Романтикалық өнер сол заманның басты идеяларымен байланысты болды. Олардың прогрессивтік идеялары утопиялық социализм идеяларымен де ұштасып жатты. Романтиктер мен утопистердің дәл осындай идеялық бауырластығын қалай түсіндіруге болар екен? Оларды жақындастырған жағдайлар: қоғамдық құрылысты сынау, халық тағдырына ортақтасу, жеңіске жету жолдары мен әдістерінің күңгірттігі және т.б. болды. Тамаша болашақты тіпті болмағанда қиялында жүзеге асыру роман-

тиктерге тән қасиет екендігін естен шығармаған жөн. Нақты өмір мен қиялдағы өмірді салыстыра қарау да романтикалық өнердің басым жақтарының бірі болды. Романтиктер өздері өмір сүрген қоғамдысынай отырып, бұл ортадан безіне қашады. Мұндай көңілі толмаушылық қасиет пен болмыстан «қашушылықтың» үш бағыты болды. Біріншісі – табиғат аясына кету, өйткені табиғат адамның көңіл күй күйзелістерінің емшісі, еркіндік пен ізгіліктің идеалы болып есептеледі. Сондықтан да болар романтиктер қалаларды өткір сынға алып, қарапайым ауыл адамдарын ерекше дәріптеп, олардың рухани байлығын паш ететін халықтық фольклорды жоғары бағалады. Бұрыннан белгілі экзотикалық елдермен қатар, ұлы географиялық ашылымдар барысында ғана белгілі болған елдердің әсем табиғаты олардың өнер туындыларының басты тақырыптарының біріне айналды (Байронның поэзиясындағы, Делакруаның суреттеріндегі шығыс тақырыптары және т.б.). Ал нақты өмір көріністері болмаған жағдайда романтиктер өздерінің таңғажайып қиялдарына еркіндік берді, оған Гофманның, Гейненің, Вагнердің фантастикалық шығармалары жатады.

Екінші бағыт өзі өмір сүрген ортадан алшақтап, басқа дүниені қиялдауға байланысты болды. Ендігі жерде романтиктер өткен заманды, әсіресе орта ғасырлар кезеңін, оның өмір-салты мен салт-дәстүрлерін (В. Скоттың рыцарьлық романдары, Вагнердің опералары және т.б.), шаруалардың патриархалдық тұрмыс-тіршілігін (Ж. Санд, Колридж) және т.б. өмірлік жағдайларды өз шығармаларының арқауы етті.

Үшінші бағыт адамның болмыстан бас тартып, өзінің ішкі жандүниесімен арпалысуына байланысты болды. Романтиктер өз шығармаларында бұл дүниенің қарама-қайшылықтарын шындық тұрғысынан көрсетуге баса назар аударды (Гофман мен Гауфтың ертегілері, Т. Жерико мен Э. Делакруаның портреттері және т.б.). Жоғарыда айтылған пікірлерімізге сүйене отырып, романтизмнің екі басты идеялық мән-мағынасы бар деген қорытынды жасауға болады.

Олар: «романтикалық тарихилық», «индивидуалистік субъектизм».

Ұлттық мәдениеттің қайнар бұлағына зер салу, мәдени құбылыстарды тарихи тұрғыдан алып қарастыру, басқа халықтар-

дың өмірімен танысу кездерінде романтиктер бұл тарихи процестердің қайталанбайтындығына, өте сирек кездесетініне, олардың өздеріне тән ерекшеліктері бар екендігіне көз жеткізді. Олай болса «романтикалық тарихилық» – буырқанған революциялық дәуірдің жемісі. Романтиктердің көзқарастары бойынша, ақыл-ой немесе адамның санасы арқылы тарихи болашақты, оның бұралаң жолдарын адам болжай алмайды, олай болса таным процесінің басты көздерінің бірі – жүректің үні, интуиция (сезіну). Осыдан келіп романтизмнің «индивидуалистік субъектизм» бағыты туындайды. Оның мән-мағынасы – жат дүниеде адамның өзінің жалғыздығын сезінуі, адам санасында өмірден түңілушілік сезімінің пайда болуы. В. Вейдле «Романтизм дегеніміздің өзі – жалғыздық» деп тегіннен-тегін айтпаған сияқты. Романтиктер өздері өмір сүрген қоғамға көңілдері толмаса да, бостандық пен еркіндік жолындағы күрескер – энтузиастар болды. Ең бастысы, олар халықтың ғасырлар бойғы жинақтаған мол мәдени мұраларына сүйенді. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, романтизмнің дамуы әр елдегі қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдайларға тығыз байланысты болды. Мысалы, Францияда романтизм буырқанған қоғамдық-саяси өмірдің айнасына айналды. Әсіресе еркіндікті сүю мен патриотизм француз романтизміне тән басты қасиеттер болды. Ағылшын романтиктері Байрон мен Шеллидің шығармаларында қоғамдағы жағымсыз қылықтар қатал сынға алынды.

Саяси бытыраңқылық жағдайында қалыптасқан неміс романтизмінің де өзіне тән ерекшеліктері болды. Бұл дәуірде неміс романтиктері музыка, әдебиет және т.б. өнер салаларындағы асқан үздік шығармаларында қоғамдық өмірге сын көзбен қарай отырып, философиялық, эстетикалық тұжырымдар, теориялар жасады. Романтизммен қатар XIX ғасыр ортасына қарай реализм ағымы да өзіндік бет-бейнесін таныта бастады. Реализмнің қалыптасуы капиталистік қарым-қатынастардың белең алуымен тығыз байланысты болды. Мұндай өзара тәуелділікті кездейсоқ жағдай деп қарастыруға болмайды, өйткені капитализм жағдайында әлеуметтік қайшылықтар асқынып, қоғамның бет-бейнесі, әдет, саяси-ғұрыптары айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Қоғамда орын алған мұндай жағдайлар адамның рухани дамуына ерекше ықпал жасады. Өз кезегінде бұл процестер реалистік

өнердің туындауына түрткі болды. Ал дәл осы кезеңде қалыптасқан әлеуметтік-тарихи немесе сыншыл реализм Қайта жаңғыру дәуірі мәдениетінің реализмі, Ағартушылық дәуірінің реализмі сияқты өзіне дейінгі тарихи кезеңдердегі реалистік өнердің игі дәстүрлерін өз бойына сіңіре білді. Осы орайда сыншыл реализмнің тамыры тереңде екендігін, оның революцияшыл романтизммен де тығыз байланыста болғандығын атап өтуіміз қажет, өйткені бұл ағымдардың өзара тоғысуының басты себебі буржуазиялық қоғамның келеңсіз көріністерінде жатыр. Реалистер де, романтиктер де адамның рухани дүниесіне ерекше назар аударды, оларға тарихи сана-сезім, халық мүдделері өте жақын болды. Бірақ «болмыстан» қашқан романтиктерге қарағанда «сыншыл реалистер» болмыс сырын ашып-көрсетуге, қоғамдық өзгерістердің себептерін түсіндіруге тырысты. Әлеуметтік тақырыптарды қамтитын романдар жазуға деген әуестенушіліктің сыры осы жағдайға байланысты болса керек. Ұлы қаламгер О. Бальзактың пікірінше, француз әдебиеті дүниежүзілік әдебиетте соны бағыт танытып, алғаш рет «қоғамдық адамның» бет-бейнесін жан-жақты сомдай білді. Көркемөнер саласында да Франция елі реалистік бағыттағы тамаша туындылар берді. Олардың қатарына: Т. Руссоның пейзаждары, О. Домьенің графикасы, Ж.Ф. Милленің шаруалар өміріне арналған суреттері және т.б. жатқызуға болады. Англияда реалистік ағымның қалыптасуы өнеркәсіп төңкерісіне тікелей байланысты болды, ал өз кезегінде өнеркәсіп төңкерісі халықтың және ірі өнеркәсіп орындарының ірі қалаларға шоғырлануына және жаратылыстану ғылымдарының дамуына жол ашып берді. Өкінішке орай, ағылшын буржуазиясының консервативтілігі салдарынан Англияда реалистік ағым жан-жақты дами алмады. Оған дәлел ретінде тарихи және тұрмыс-салт жанрларының кенже қалуын айтсақ та жеткілікті сияқты. Қала мен ауыл арасындағы айырмашылықтардың күшеюі мен ауылдық өмірді аңсаушылыққа байланысты пейзаждық кескіндеме өнері саласында талай сәтті туындылар өмірге келді (Дж. Констебль және т.б.). Аталған процестерді тереңірек бейнелеумен «викториандық дәуірдің» тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерін нақты шындық тұрғысынан көрсетуде ағылшынның әлеуметтік тақырыптарға жазылған романдары айрықша үлес қосты (Ч. Диккенс, Д. Голсуорси,

У. Теккерей, Т. Гарди және т.б.). Германияда реалистік бағыт, кейіннен, яғни XIX ғасыр аяғында қалыптаса бастады (Менцельдің кескіндемесі және т.б.). Оның басты себебі елдің экономикалық даму жағынан артта қалуына байланысты буржуазиялық даму жолына өте кеш түсуі еді. Сонымен қатар Германияның саяси бытыраңқылығы мен романтикалық дәстүрлердің орнықтылығы да өз әсерін тигізбей қалған жоқ. Еуропа реализмі (Э. Золя, Ч. Диккенс, У. Теккерей және т.б.) өнер сахнасына іскер адамдарды шығара бастады, сөйтіп кәсіпкерлік пен бизнес дүниесінде жаңа кейіпкер – буржуаның рөлі арта түсті. Бірақ реалистік өнер өкілдері қарапайым адамдардың тағдырын, олардың өміріндегі қилы-қилы кезеңдерді, олардың жан-дүниесін, сезім толқындарын жан-жақты көрсетуді де естен шығармады. Мысалы, Менцель кескіндеме өнері саласында өндіріс тақырыбын қозғай отырып, өнер арқылы жұмысшы мәселесін шешуге әрекет жасады. Капитализмнің өзіне тән сипаты – заттық тәуелділікке негізделген жеке адамның тәуелсіздігі мәселесі де реалистік ағым назарынан тыс қалмады. Реализм бұл тәуелділік жүйесін әлеуметтік тұрғыдан қарастырды. Мысалы, реалистік тұрғыдан жазылған романдардың мазмұнын алып қарастыратын болсақ, онда буржуазиялық қоғамның жеке адам тағдырына үстемдігі мен оның қыспағынан құтылудың оңай еместігі дәлелденеді. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда, реалистік туындылар көне заман трагедияларымен, одан қалды романтизм ағымымен үндес болып келеді. XIX ғасырдың 80-жылдарында реализм негізінде жаңа бағыт – натурализм (ағайынды Гонкур, А. Доде, Э. Золя және т.б.) пайда болды. Натурализм позитивизммен (Г. Спенсер) және Ч. Дарвиннің эволюциялық теориясымен тығыз байланыста қалыптасты. Бірақ бұл ағымдардың өздеріне тән ерекшеліктері болды. Реализмде аңсаған арман-мұратқа жету сарыны басым болса, натурализм әлеуметтік рухқа толы болды. Натурализм адамдық мәнімен өмір сүрудің мағынасын биологиялық себептермен байланыстыра қарастырып, адам тағдыры мен мінез-құлқының қалыптасу сырларын ашып көрсетуге әрекет жасайды. Натуралистік ағымның өкілдері капиталистік қоғамда дәрекі шындықтың болмай қоймайтындығын, буржуазиялық тұрмыс жағдайында адамның көңіл күйінің басыңқы күйде болатындығын атап көрсетті. Мұндай жағдайлар пессимизм мен

фатализмге апарып, «бейтараптық» принципі элеуметтік енжарлықты ақтау құралына айналды.


XIX ғасырдың 50-жылдарында Еуропа өнері декаданс дәуірін басынан кешірді. Декаданс өзінің қалыптасу кезеңінде реализмнің түрлі бағыттарымен байланыста болды, сондықтан да болар бұл қарама-қайшылықтарға толы күрделі ағым болып саналады. «Декаданс» термині XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басында пессимистік, селсоқтық көңіл күйлерге байланысты рухани мәдениет пен өнер саласындағы дағдарысты көрсету мақсатында қолданыла бастады. Мұндай көңіл күй алғаш рет француз «символизмінде», ағылшын «эстетизмінде», «өнер – өнер үшін» концепциясы теоретиктерінің (Д. Рескин, О. Уайльд және т.б.) шығармаларында көрініс тапты. Одан кейінгі уақытта «декаданс» сарыны «модернистерде» де пайда болып, «импрессионизм» ағымында өз жалғасын тапты. «Капитализмнің қарқынды дамуы мен ғылым және техника саласындағы орасан зор жетістіктер жағдайында рухани мәдениет саласында декаданс құбылысының туындауын қалай түсіндіруге болады және XIX–XX ғасырлар аралығында мәдениет дағдарысы болды деп толық сеніммен айта аламыз ба?» деген орынды сұрақтар туындайды. Бұл сұрақтарға нақты жауап беру үшін сол кезеңдегі қалыптасқан тарихи жағдайларға қысқаша көз салайық. XIX ғасыр аяғы буржуазиялық революциялардың аяқталып, капитализм тарихында алғаш рет бейбітшілік пен тұрақтылық орнаған заман болды. Бұл уақытта өнеркәсіп төңкерісі де аяқталған болатын. Ғылыми-техникалық прогресс буржуазиялық қоғамның даму қарқынын жеделдете түсті. Бұл дәуірде қоғамдық сананың «позитивизм» рухында сапалық өзгерістері аңғарылды. Екінші жағынан, белгілі бір орталарда «иррационалды» философияның идеяларына сұраныс күшейді. «Импрессионизм» (француздың «эсер» деген сөзі) ағымы өзінің философиялық негізі ретінде «позитивизмді» шебер пайдалана білді. Осы орайда «импрессионизм» ағымының француздың реалистік өнерінің қойнауында пайда болғандығын да атап өткен жөн. Сондықтан да болар 1874 жылы импрессионистердің алғашқы ұйымдастырған өнер көрмесінде қойылған К. Моненің пейзаждық туындылары «Эсер», «Күннің шығуы» деп аталды. Импрессионистер (К. Моне, Э. Мане, Э. Дега, О. Ренуар және т.б.) өз алдарына

қоршаған ортаның сан алуан құбылыстарын, мәнді өзгерістерін бақылап, зерттеп және оның нәтижелерін өнер саласына аудару мақсатын қойды. Басқаша айтқанда, нені көргенін емес, қалай көргендігін барынша толық беруге тырысты. Әрбір көріністен алған «эсерлер» белгілі бір заттың «көркемдік мәнін» ашуға бағытталды. Осылайша «импрессионистер» әртүрлі түстер байлығына үлкен мән бере отырып, қоршаған ортаның тынысын, ондағы болып жатқан өмір құбылыстарын жан-жақты суреттеуге тырысты. Осы жағдайларды ескерсек, өмірдің сан-саласын жан-жақты қамтуға тырысқан бұл ашық та, жарқын өнер түрінің дағдарысқа ұшырауы туралы сөз болмауға тиісті. Бірақ импрессионизмнің реализм негізінде туындағанын еске ала отырып, бұл өнер саласында дағдарыстың орын алғандығын анық байқауға болады. Өйткені импрессионистік тәсілдің қауіптілігі қоғамдық құбылыстардың сыртқы көрінісін ғана қамтып, ал олардың ішкі мән-мағынасын ашып көрсетуге мән бермеді, сөйтіп қоғамдық өмірге сын көзбен қарайтын реалистік дәстүр бұзыла бастады. Ерекше атап өтетін тағы бір жайт, импрессионистер әлеуметтік мәселелерді көрсету мақсатында өнер саласында түрлі әлеуметтік типтерді (маскүнемдерді, қайыршыларды, жезөкшелерді және т.б.) енгізді, бірақ қоғамда орын алған мұндай жағдайлардың әлеуметтік себептері ашылмады, мұндай келеңсіз құбылыстар қатал сынға алынбады. Тіпті кезінде реалистердің басты назарында болған кейбір мәселелер ұмытылып қалды, дәлірек айтқанда, гуманистік және демократиялық идеялардың салтанат құруы үшін қоғам өміріндегі жат қылықтарды сынаумен қатар, оларға қарсы бітіспес күрес ашу қажеттігі назардан тыс қалды. Импрессионизм ағымындағы орын алған дәл осындай дағдарыс құбылыстарының нәтижесінде «берекесіздік этикасына» жол берілді, ал ол өз кезегінде «символизмде» теориялық жағынан негізделіп, өзіндік бағдар алды. Реалистік дәстүрлердің терең дағдарысы «постимпрессионизмде» (П. Сезанн, В. Ван Гог, П. Гоген және т.б.) де көрініс тапты. Бұл ағымдағылар адамның тіршілік жағдайларының өзгеруі, үлкен қалалардағы үйлесімділіктің бұзылуы сияқты келелі мәселелерді шындық тұрғысынан көрсете алатын реализмнің жаңа шығармашылық әдістерін де қарастырды. Әрине, мұндай ізденістердің нәтижесінде өнердің сан саласының парасаттылық сипаты артып, белгі-

лі бір жүйеге келуі шарт еді, бірақ әлеуметтік шиеленістерді өнер арқылы, оның ішінде кескіндеме өнері арқылы танып-білуге және өнер арқылы келеңсіз көріністерге қарсы тұрып, оларды жеңуге деген ынтаның болмауы мен дәрменсіздіктің салдарынан көптеген суретшілер шындықтан алшақтап, өз ортасынан қашқақтап, тұйықтала түсті. Өз-өзімен болушылық сияқты қасиеттер импрессионизмді романтизм ағымымен жақындастырды. Оларға символизм, субъективизм, мистицизм сипаттары да ортақ болды.



22-сурет. Винсент Ван Гог. Жұлдызды түн. 1889 ж. Нью-Йорк, Қазіргі заман өнері музейі



23-сурет. Клод Моне. Әсер. Батып бара жатқан күн. 1875 ж. Париж, Мармоттан-Моне музейі

II. Семинар сабақтарының жоспары:

1. XX ғасырдың басындағы модернизм мен авангардизм ағымдарының пайда болуы.
2. XX ғасыр өнеріндегі сюрреализм. С. Дали – сюрреализмнің ірі өкілі.
3. Пикассо мен оның өнердегі жаңалықтары.
4. XX ғасырдың екінші жартысындағы өнердегі постмодернизм бағытының негіздері.
5. Заманауи батыс сәулет өнері.

III. Аудиториядан тыс конспектілеуге арналған тапсырмалар:

1. XX ғасырдағы модернизм мен авангардизм.
2. XX ғасыр өнердегі сюрреализм.
3. XX ғасырдың екінші жартысындағы постмодернизм.

IV. Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. Глоссарий жасаңыз: авангард, кубизм, модернизм, постмодернизм, сюрреализм, фовизм, футуризм.
 2. Төмендегі тақырыптардың біріне баяндама дайындаңыз:
 1. Фовизм.
 2. Футуризм.
 3. Кубизм.
 4. Экспрессионизм.
 5. Импрессионизм.
 6. М. Врубель авангардизм.
- Сюрреализм.
3. Төмендегі тақырыптардың біріне компьютерлік презентация дайындаңыздар:
 1. Сальвадор Дали.
 2. Пабло Пикассо.
 3. XX ғасыр мүсін өнеріндегі сюрреализм бағыты.
 4. XX ғасыр өнеріндегі модернизм.
 5. XX ғасыр өнеріндегі постмодернизм.
 6. XX ғасыр мүсін өнеріндегі авангардизм.
 4. Қарастырылып отырған кезеңдегі өнер туындыларының біріне жазбаша сараптама жасаңыз (оқытушымен кеңесіп).

5. «XX ғасырдағы өнер» деген тақырыпқа сөзжұмбақ жасаңыздар.

Әдебиеттер

Негізгі:

1. История искусств: учеб. пособие / ред.: Г.В. Драч, Т.С. Паниотова. – М.: КНОРУС, 2013.
2. Сокольникова Н.М. История изобразительного искусства: учебник: в 2-х т. Т. 2. – М.: Академия, 2012.
3. Полевой В.М. Двадцатый век. Изобразительное искусство и архитектура стран и народов мира. – М.: Советский художник, 1989.
4. Турчин В.С. По лабиринтам авангарда. – М.: МГУ, 1993.
5. Якимович А. Магическая вселенная. Очерки по искусству, философии и литературе XX века. – М.: ГАЛАРТ, 1995.

Қосымша:

1. Ильина Т.В. История искусств. Западноевропейское искусство: учебник. – М.: Высш. шк., 2005.
2. Ильина Т.В. История искусства Западной Европы от античности до наших дней: учебник. – М.: Юрайт, 2011.
3. Дмитриева Н.А. Пикассо. – М.: Наука, 1971.
4. Европейская живопись XIII-XX вв.: энциклопедический словарь. – М.: Искусство, Изд. дом «NOTA BENE», 1999.
5. Куликова И.С. Сюрреализм в искусстве. – М., 1978.
6. Модернизм. Анализ и критика. – М., 1987.
7. Сальвадор Дали. Дневник одного гения. – М.: Искусство, 1991.
8. Торшина Л.Е. Искусство XX века. Направления и мастера. – СПб.: Изд-во Гос. Эрмитажа, 1999.

15-тақырып.

XX ҒАСЫР ӨНЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МАҢЫЗЫ

Мақсаты: XX ғасырдағы Батыс Еуропаның көркемөнер мәдениетіндегі негізгі ерекшеліктері мен сол кезең шеберлерінің шығармашылығын қарастыру.

I. Дәріс.

XX ғасырдағы өнерінің ерекшеліктері

Адамзат тарихында XX ғасыр мәдениетінің алатын орны ерекше. Өйткені бұл кезең тарихи оқиғаларға, қантөгіс соғыстарға, санқилы дағдарыстарға толы сындарлы заман болды. Ғылым мен техниканың қарышты қадамы, жарқын болашаққа

деген сенім өркениетті дамыған елдерде біртұтас жалпы адамзаттық мәдениеттің дамып, қалыптасуына әсерін тигізбей қойған жоқ. Ғасыр аяғында планетамызда парасаттылық пен ізгіліктің кеңінен өріс алуы жалпы адамзаттық мәдениеттің дамуына және оның ұлттық түрлерінің нәрленуіне, олардың өзара қарым-қатынастарының жаңа арнаға түсуіне ерекше әсер етті. Міне, осы жағдайларды ескере отырып, XX ғасыр мәдениетінің мазмұнын ашып көрсетуде екі басты мәселеге баса назар аударғанды жөн көрдік. Оның біріншісі – XX ғасыр мәдениеті дамуының басты бағыттары (XX ғасыр мәдениетінің қалыптасуының сабақтастығы мен дәстүрлері, қазіргі заман мәдениетінің тоқырауға ұшырауы мен одан шығу жолдары және бұл процестің түрлі мәдени концепцияларда көрініс табуы және т.б. мәселелері), екіншісі – XX ғасыр мәдениетінің жалпы адамзаттық және ұлттық сипаты (жалпы адамзат мәдениеті қалыптасуының басты себептері және оның құндылықтары, жалпы адамзаттық және ұлттық диалектика және т.б.). Бүгінгі таңда дүниежүзінде 200 мемлекетке жетіп, мыңдаған халықтарға бөлінген, саны жағынан 6 млрд-қа жеткен адамзат баласы 2 млн-ға жуық өсімдіктер мен жануарлардың бір түрі ғана. Адам баласы өмір сүрген кезден бастап мыңға жуық ұрпақ ауыстырған екен. Осынша халықтың ішінде екі адамның бір-біріне мүлде ұқсас болмай, өзіндік қайталанбас ерекшеліктерінің болуы да таңғаларлық жайт. Адам бір-бірінен жеке тұлға есебінде ерекшеленіп қана қоймайды, сонымен қатар топтық айырмашылықтарға да (отбасылық, жыныстық, жасына, мамандығына, ұлтына және т.б. қарай) тәуелді болып келеді. Осыншама айырмашылықтар бола тұрса да адамзат баласының басын біріктіретін не нәрсе? Ол – ең алдымен дүниенің тұтастығына негізделген «жалпы адамзаттық мәдениет». «Дүниенің тұтастығы» дегеніміз – дүниежүзілік көлемде өндірісті дамыту мен әлемдік мәселелердің туындауы негізінде пайда болған адамдар мен халықтардың өзара тығыз байланысы мен өзара тәуелділігі. «Дүниенің тұтастығы» қазіргі замандағы адамзат пен бірыңғай жалпы адамзаттық мәдениеттің қалыптасуына негіз болды. Демек, адамзат баласының басын біріктіретін «жаңа заман мәдениетінің» тағдыры адамзаттық құндылықтарға, гуманизмге, адам құқын қорғау қозғалысын дамытуға, ғылыми білім мен алдыңғы қатарлы технологияны дамы-

туға, ұлттық мәдениеттердің өзара байланысына, қоршаған орта мен өмірге, экологиялық қатынасқа тікелей байланысты. XX ғасыр дүниежүзінде түрлі мәдениеттердің өмір сүретіндігін жоққа шығарған, бірыңғайға келтірілген «гуманистік моно-мәдениеттің» екі үлгісін бастан кешірді. Оның біріншісі – «дүниежүзілік пролетарлық революция» (сталинизм) идеясы. Ол таптық құндылықтарды асыра бағалауға негізделген. Екінші модель бір ғана ұлттық мәдениеттің, бір ғана ұлт пен мыңжылдық рейх (герман фашизмі) мемлекетінің үстемдігіне негізделді. Бұл жағдайлардың салдарынан миллиондаған адамдар қазіргі заман мәдениетінің жалпы адамзаттық сипаты туралы идеяны басқаша қабылдады. Осы себепті мәдениеттің «қарсы мәдениетке» айналуы етек алып, әлеуметтік қозғалыстың бұрмаланған түрі пайда болды. Осы орайда жалпы адамзаттық мәдениетке апаратын қозғалыстың өте күрделі процесс екендігін ерекше атап өткен жөн. Орын алған қарама-қайшылықтарды шешуде түрлі мәдени бағыттарды, көзқарастарды, пікірлерді есепке алмасқа тағы болмайды. Жалпы адамзаттық мәдениет жолындағы қайшылыққа толы алғашқы «Біз – Олар» жолы – өте күрделі процесс, ал бұл формулаға сүйенсек, тағылық заманға қайтып оралған болар едік. Жалпы адамзаттық мәдениет – көркемдік-поэтикалық, ғылыми, өндірістік қызметтің ең жетілген түрлері, әртүрлі халықтар мен ұрпақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір мен шындықты және дүниені танып білуінің бірыңғай тәсілдері. Адамзат баласы осы қағидалардың негізінде таптық және нәсілшілдік өшпенділігіне жол бермейтін, адам мен халықтар құқы бұзылмайтын, қайыршылық пен сауатсыздық, экономикалық және мәдени отаршылдықтан ада біртұтас өркениет құруға бағытталуда. Мәдениеттің бұл үлгілері мәдениетті қалыптастыруда басты бағдар болып отыр. Адамзаттық мәдениеттің қалыптасуын халықаралық қауымдастық мүшелері құндылықтарының белгілі бір жүйесін жай ғана қабылдау деп, дәлірек айтқанда, түрлі мәдениет салаларын бірыңғайлау деп қарастыруға тағы болмайды. Ал адамзаттың «біртұтас ғаламдық мәдениеті» мәселесінің ерекше қойылуының басты себептері қандай?

Біріншіден, адамзат тіршілігінің түрлері мен тәсілдерінің үлгілерінің терең өзгеріске ұшырауына байланысты ұлы әлеуметтік революция жүзеге асты. Оған дәлел ретінде XX ғасырда

дүниежүзілік көлемде дәстүрлі қоғамға тән «жеке еңбек етуден» жалданып еңбек етуге, ұжымда (коллективте) еңбек ету және бақылау арқылы еңбек етуге көшу жүзеге асырылды. Жаппай урбанизация жағдайында адамдардың өмірді, қоршаған ортаны қабылдау тәсілдері мен түрлері өзгерді, халықтың өмір сүру салты адам айтқысыз өзгерістерге ұшырады. Сөзіміз дәлелді болу үшін цифрлар келтірейік. XX ғасырдың басында Батыстың ең алдыңғы қатарлы тоғыз еліндегі өнеркәсіп саласында еңбек етушілер халықтың 43%-ы болса, XX ғасырдың ортасында бұл көрсеткіш, яғни жалданып жұмыс істеушілердің саны 60%-ға жетті, өз кезегінде бұл көрсеткішпен қатар мұндай мемлекеттердің саны да арта түсті. Мұндай құбылыс дамушы елдерде етек алды, тіпті жалданып жұмыс істеушілердің саны жағынан олар Батыс елдерін басып озды. XX ғасырдың басында дүниежүзіндегі қала халқы адамзат баласының небәрі 3%-ын ғана құраса, XX ғасырдың ортасында олардың үлесі 28%-ға, ал IX ғасырдың 90 жылдары 40%-дан асып кетті. Кең-байтақ мегополистер пайда болды. Мысалы, АҚШ-тың солтүстік-шығысында (көлемі 100 мың шаршы км, халқы 15 млн), Жапония Хоккайдода (70- 50-700) және т.б. Қала мәдениеті жағдайында адамның мәдени жандүниесі күрделі өзгерістерге ұшырады [2]. Қала халқының алдында өзіндік өзгеше өмірдің есігі айқара ашылды. Адам теледидар және компьютерлік жүйелер арқылы толассыз хабарлар алу мүмкіндігіне ие болды, өмір салты, еңбек ету айтарлықтай өзгерістерге ұшырады, білім берудің мазмұны мен түрлері жаңа сатыға көтерілді. Сөйтіп, ауыл халқының көпшілігі қалаға қоныс аударды, ал бұл жағдай түрлі ұлттардың өзара жақындасуына, мәдени байланыстарының кеңеюіне әсер ете отырып, оларды біртұтас жалпы адамзаттық мәдениет арнасында тоғыстырды.

Екіншіден, XX ғасырда адамның мәдени құндылықтарды игеру бағытында, жалпы адамзаттық біртұтас негіздердің қалыптасуында айтарлықтай өзгерістер болды, ал олар өз кезегінде отбасыға деген көзқарастың өзгеруіне, адамның жан-жақты қалыптасуына айтарлықтай әсер ететін алғашқы әлеуметтік ұжымға тікелей байланысты болды. Дәстүрлі неке институты өзгеріп, жаңа отбасы мүлде жаңаша мазмұнға ие болды. Ұлттық мінез ерекшеліктеріне, отбасының өз ішіндегі қарым-қатынас-


тардың өзгешеліктеріне қарамастан, өз дамуында постиндустриалдық кезеңге аяқ басқан көптеген елдерде түбегейлі өзгерістер дәуірі басталды. Отбасылардың өз қажеттіліктерін қанағаттандырып табысқа қол жеткізушілік, яғни отбасы мүшелерінің өмірлерінде алға басушылық байқалды. Патриархалдық отбасыда балалар еңбекке ерте араласты, күнкөріс қамын ересектермен бөлісті. Ал XX ғасырда балалық шақтың созылуы, оларды жанұяның басты құндылығы деп санау, оларға айрықша қамқорлықтың жасалуы жастардың дүниежүзілік мәдениетке деген құштарлығын арттырып, мүлде жаңаша адамгершілік, сезімдік және зияткерлік құндылықтарды өз бойларына тереңірек сіңіруіне себепкер болды. Бұл кезеңде жастар жалпы адамзаттық мәдениеттің қайнар бұлағына сусындап, рухани азық алды, сөйтіп олардың бойында заман талабына сәйкес жаңа ізгі қасиеттер қалыптасты. Қоғамдағы болып жатқан өзгерістер өмір сүрудің жаңа түрлерін, мәдени стереотиптерді өмірге келтірді. Мәдениеттің біртұтас дамуы қарама-қайшылықтарға толы процесс болды. XX ғасырда дүниежүзілік мәдениеттің қалыптасуына ұлттық мәдениеттердің өркендеуі жолындағы қуатты қозғалыстарымен қабаттас келді. Қазіргі кезеңде мәдениетке «еуроцентристік көзқарастың» шектеулі екендігіне көзімізді жеткізіп отырмыз. «Техногендік Еуропа мәдениеті» ерекше дәріптеліп, оны ұлттық және аймақтық мәдениеттерге негіз етіп көрсетілді. Қазіргі заман тәжірибесі Шығыс елдерінің Батыс мәдениетінің құндылықтарын, қол жеткен табыстарын өздерінің өндіріс және білім беру жүйесінде кеңінен қолданып отырғандығын көрсетіп отыр. Тынық мұхит елдері бүгінгі таңда ғылыми-техникалық прогрестің қозғаушы күштерінің біріне айналды. Адамзат санасында қалыптасқан «Шығысты Батысқа қарсы қою» идеясы (Батыс – ол Батыс, Шығыс – ол Шығыс, сондықтан да олар бір-біріне үйлеспейді) қалыптасқан жағдайды есепке алмайды. Мұндай көзқарас сөзсіз біртұтас «жалпы адамзаттық мәдениет» идеясын жоққа шығарған болар еді. Кезінде М. Вебер «протестанттық мәдениеттің» негізінде Батыс Еуропада нарықтық экономиканы қабылдау мен үйрену нәтижесінде қалыптасқан ұлттық мәдени дәстүрлердің орнына ерекше мән берген болатын. Оған дәлел нарықтық экономиканың әрекеті мен жер шарындағы мемлекеттердің мәдени айырмашылықтары жайында жүргізілген белгілі

ғалым Хофстедтің классикалық зерттеулерінің қорытындылары болады. Бұл қорытындылар дүниежүзінің 100 еліндегі трансұлттық компанияларының қызметкерлерінің арасында жүргізілген сұрақ-жауаптарға негізделген. Дамыған елдердің алғашқы қатарынан нарықтық экономикасы мен кәсіпкерлік қызметі шарықтап дамыған елдер орын алған. Олардың өзі екі топқа бөлінген. Біріншісіне Ұлыбритания мен Канада жатқызылған. Бұл елдер мәдениетінде индивидуализм үстемдігі айқын байқалады. Индивидуалистік мәдени дәстүрде адамдар ұжымнан тысқары, жеке әрекет еткенді қалайды. Мұндай жағдайда жеңіске бағдар алу, алға қойған мақсатқа жету және ол мақсат жолында кездесетін бәсекеге, қиындықтарға төтеп беру басты орынға қойылады. Екінші топқа Швеция мен Жапония сияқты мемлекеттер жатқызылған. Мұнда біршама ұжымдық (коллективтік) құндылықтар үстемдігі айқын аңғарылады. Шаруашылықты жүргізудегі көптеген ұқсастықтарға қарамастан, бұл екі блок елдерінің арасында келіспеушілік пиғылдар да бар. Мысалы, америкалықтар швед кәсіпкерлерінің іс-қимыл стилін жақтырмай, олардың жұмысын көргенде бастары ауыратындығын жасырмайды. Ұжымдық мәдениетке тән нәрсе – нақты шешім қабылдауда бұйрық беруден бас тартып, бір шешімге ақыл-кеңес арқылы келу. Кәсіпкерліктің мұндай жолын америкалықтар босандық таныту, олай болса мұндай жағдайда басшы адамның беделі жойылады деп есептейді. Демек, АҚШ-та мәдени идеал – өз күшіне сенген, қандай мәселе болса да жеке-дара шешетін, заң алдында жауап бере алатын, алдына қойған кәсіпкерлік мақсатына жете алатын жеке адам. Керісінше, жоғарыда байқағанымыздай, Скандинавия кәсіпкерлері ұжымдық іс-қимылды табыстың басты көзі деп санайды. Осы орайда техногендік жағынан үлгілі елдердің қатарына жататын Жапония мемлекетінің жетістіктері мәдени дамудың ұлттық түрлеріне негізділген. Мұнда «техногендік өркеніет» ерекше мәдени орта жағдайына қарамастан өзіндік үйлесімділік тапқан. Жапон мәдениетіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан табиғат, адам мен қоғам арасындағы ерекше қарым-қатынастар елдің нарықтық экономика саласындағы қомақты табыстарына тікелей әсер етіп отырғандығын мойындамасқа болмайды. Міне, сондықтан да Жапонияда мәдениеттің ерекше ұйымдастырушылық түрлері пайда болды. Жапондардың ұлттық-мәдени

бет-бейнесінің ерекшелігі еңбекті ұжымдық тәсілмен ұйымдас-тырудан-ақ айқын байқалады. Мысалы, кәсіпорын басшысы ше-шім қабылдамас бұрын, оны қарамағындағылармен келісіп-ақылдасып алады.



24-сурет. Пабло Пикассо. Шар үстіндегі қыз. 1905 ж. Мәскеу, Пушкин музейі



25-сурет. К.С. Малевич. Супрематизм. 1915 ж.

Жапондықтардың ұжымдық мәдениеті олардың еңбек саласында демократиялық басқару тәсіліне бой ұрғандығын байқатады. Олардың басты ұраны: «Барлығымыз да біргеміз және бәріміз де теңбіз». Сондықтан да болар өнеркәсіп басшысы мен қатардағы маманның алатын жалақыларының мөлшерінде айтарлықтай айырмашылық болмайды. Тіпті кәсіпорын директорлары қажет болған жағдайда станокқа, конвейерге тұрып немесе қажетті іс қағаздарын өздері іздестіруге ешқашан да арланбайды. Ұлттық мәдениеттердің әр түрінің – скандинавиялық (Швеция, Норвегия), романдық (Бельгия, Франция), синтоистік (Жапония), азиаттық (Гонконг, Тайвань, Сингапур), англосаксондық (Канада, Австралия, Ұлыбритания) пайда болуы ғылыми білімге, өндірістің жоғарғы тәсілдеріне негізделген нарықтық экономиканың қалыптасуына және оның шарықтап дамуына әсер етті.

II. Семинар сабақтарының жоспары:

1. XX ғасырдың басындағы орыс авангардизмінің ерекшеліктері мен оның әлемдік және отандық өнермен байланысы.
2. Абстрактілі өнер мен оның ерекшеліктері. В. Кандинский – абстракционизмнің негізін қалаушы.
3. К. Малевич пен оның супрематизм теориясы.
4. XX ғасыр өнерінің ерекшеліктері мен маңызы.

III. Аудиториядан тыс конспектілеуге арналған тапсырмалар:

1. Орыс авангарды.
2. Ресейдегі абстрактілі өнер шеберлері.
3. XX ғасырдың аяғы – XXI ғасырдың басындағы өнер.

IV. Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. Глоссарий жасаңыз: абстракционизм, деконструкция, ризом, супрематизм, симулякр.
2. «XX-XXI ғасырлардағы өнердің негізгі бағыттары» кестесін дайындаңыз:

Негізгі өкілдері	XX-XXI ғасырлардағы өнердің басты бағыттары							

3. Төмендегі тақырыптардың біріне компьютерлік презентация дайындаңыздар:

1. В. Кандинскийдің өмірі мен шығармашылығы.
 2. К. Малевичтің «Қара квадраты».
 3. XX ғасырдың 2-жартысындағы Батыс Еуропа өнері.
 4. Абстракционизм.
 5. Поп-арт.
4. Қарастырылып отырған кезеңдегі өнер туындыларының біріне жазбаша сараптама жасаңыз (оқытушымен кеңесіп).
5. «XX-XXI ғасырлардағы өнер стильдері мен бағыттары» деген тақырыпқа сөзжұмбақ жасаңыздар.

Әдебиеттер

Негізгі:

1. История искусств: учеб. пособие / ред.: Г.В. Драч, Т.С. Паниотова. – М.: КНОРУС, 2013.
2. Сокольникова Н.М. История изобразительного искусства: учебник: в 2-х т. Т. 2. – М.: Академия, 2012.
3. Сарабьянов Д., Шатских А. Казимир Малевич. – М.: Искусство, 1993.
4. Сарабьянов Д. История русского авангарда конца XIX – начала XX века. – М., 1993.

Қосымша:

1. Ильина Т.В. История искусств. Западноевропейское искусство: учебник. – М.: Высш. шк., 2005.
2. Ильина Т.В. История искусства Западной Европы от античности до наших дней: учебник. – М.: Юрайт, 2011.
3. Кандинский В. 1866 – 1944: каталог выставки. – Л.: Аврора, 1989.
4. Европейская живопись XIII – XX вв.: энциклопедический словарь. – М.: Искусство, Изд. дом «NOTA BENE», 1999.
5. Модернизм. Анализ и критика. – М., 1987.
6. Торшина Л.Е. Искусство XX века. Направления и мастера. – СПб.: Изд-во Гос. Эрмитажа, 1999.

**АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ****№1 аралық бақылау**

1. Алғашқы адамдардың тасқа қашалып салынған суреті қалай аталады?

А. Петроглифтер

Ә. Менгирлер

Б. Кромлехтер

2. Мастаба – бұл ...

А. Шеңбер түріндегі мұнара

Ә. Династияға дейінгі кезеңдегі Египет билеушілерінің мазары

Б. Шеңбер бойынша құрылған тастар тобы

3. Неферетити патшайымның мүсін портреті қай кезеңге жатады?

А. Орта хандық

Ә. Жаңа хандық

Б. Ежелгі хандық

4. Ежелгі грек мүсіншілері:

А. Поликлет, Мирон, Лисипп

Ә. Еврипид, Дорифор, Лаокоон

Б. Вулка, Гермес, Эсхил

5. Колизей қай елдің сәулет ескерткіші болып табылады?

А. Ежелгі Грекия

Ә. Ежелгі Рим

Б. Этрурия

6. Готикалық гибадатхана қабырғасын сыртқы жақтың қысымынан қатайтатын көмекші бағаналар қалай аталады?

А. Нервюралар

Ә. Нефтер

Б. Контрфорстар

7. Ренессанс дәуірі өзінің осылай аталуына бұл өнерге қызығушылық артуы арқасында ие болды:

А. Антикалық өнер

Ә. Романдық өнер

Б. Халық өнері

8. Алғашқы қауымдық қоғам өнеріндегі синкретизм неден көрінеді?

А. Дін, мораль, өнер мен ғылымға әсер еткен бірліктен

Ә. Әртүрлі бейнелеу формаларынан

Б. Өнердің әртүрлі жанрларынан

9. Алғашқы адамның эмбебап құралы – ...

А. Дөнгелек тас

Ә. Сүйек сынығы

Б. Миндаль түріндегі жұмыр тас

10. Денесі арыстан және басы адам не қой болып келетін египеттік аңыз кейіпкері – ...

А. Шеду

Ә. Ушебти

Б. Сфинкс

11. «Дискобол» мүсімінің авторы кім?

А. Поликлет

Ә. Мирон

Б. Лисипп

12. Ежелгі грек ғибадатханаларының ерекшелігі неде?

А. Пьедестальдар

Ә. Колонналар

Б. Ғибадатхана маңындағы баспалдақтар

13. Романдық сәулет өнерінің ерекшеліктері қандай?

А. Массивті қабырғалар

Ә. Витраждар

Б. Дорикалық колонналар

14. Қайта өрлеу дәуірінің алғашқы шебер кескіндемешісі кім?

А. Рафаэль

Ә. Тициан

Б. Мазаччо

15. Сиена қаласындағы ратуша қай елдің Қайта өрлеу дәуіріндегі сәулет ескерткіші?

А. Германия

Ә. Франция

Б. Италия

16. 1879 жылы Альтамира үңгірінен алғашқы қоғамдық кескіндемені тапқан кім?

А. Марселино де Саутуола

Ә. Анри Брейлем

Б. Эдуардом Ларте

17. Тас дәуіріндегі біз, ине, жебенің ұштары неден жасалды?

А. Ағаш

Ә. Металл

Б. Сүйектер мен мүйіздер

18. Ежелгі грек театры қандай ғұрыппен байланысты болды?

А. Афродита

Ә. Зевс

Б. Дионис

19. «Ешкілер әні» деп аударылатын ежелгі грек драмасының жанры қандай?

А. Комедия

Ә. Трагедия

Б. Евхаристия

20. Мүсінші Лисипп қай туындының авторы?

А. Дискобол

Ә. Дорифор

Б. Арыстанмен күресетін Геракл

21. Рим архитектурасының биік шыңы болған барлық құдайлар ғибадатханасы қалай аталады?

А. Пантеон

Ә. Колизей

Б. Форум

22. Готикалық ғибадатханаларға тән ерекшелік:

А. Порт пен фронтон

Ә. Массивті қабырға мен кішігірім терезелер

Б. Бағытталған аркалар мен контрфорстар

23. Италиядағы Қайта өрлеу дәуіріндегі сәулет өнерінің негізін қалаушы кім?

А. Микеланджело

Ә. Брунеллески

Б. Браманте

24. Ағайынды Ван Эйктер негізін қалаған – ...

А. Неміс сәулет өнері мектебі

Ә. Нидерланды сәулет өнері мектебі

Б. Италиян сәулет өнері мектебі

25. Ежелгі хандық кезіндегі Египет сәулет өнерінің ескерткіші – ...

А. Тутанхамон мазары

Ә. Луксордағы ғибадатхана

Б. Джосер пирамидасы

26. Ежелгі грек өнеріндегі коринфтік стиль қай кезеңге жатады?

А. Эллиндік

Ә. Архаикалық

Б. Крит-Микен мәдениеті

27. Париж Құдай-Ана соборы қандай сәулет өнері ескерткішіне жатады?

А. Романдық сәулет өнері

Ә. Ренессанс сәулет өнері

Б. Готикалық сәулет өнері

28. Донато Браманте қай кезеңдегі сәулет өнерінің негізін қалады?

А. Жоғарғы Қайта өрлеу дәуірі

Ә. Ерте Қайта өрлеу дәуірі

Б. Барокко

29. Майлы кескіндеме техникасын кім ойлап тапты?

А. Рафаэль

Ә. Ян Ван Эйк

Б. Альбрехт Дюрер

30. Хеопс пирамидасы қай кезеңнің сәулет өнері ескерткіші болып табылады?

А. Ежелгі хандық

Ә. Жаңа хандық

Б. Орта хандық

31. «Менада» мүсінінің авторы кім?

А. Скопас

Ә. Лисипп

Б. Агесандр

32. Микеланджелоның қатысуымен салынған, куполының диаметрі 132 м болатын Римдегі собор қалай аталады?

А. Санта Мария дель Фьоре соборы

Ә. Сан Лоренцо соборы

Б. Әулие Петр соборы

33. Қорқынышты көріністер мен ойдан шығарылған қойылымдарды бейнелеген Қайта өрлеу дәуіріндегі нидерландылық кескіндемешінің есімі:

- А. Грюневальд
- Ә. Босх**
- Б. Гойя

34. Үлкен тас плиталардан жасалған ежелгі құрылыс қалай аталады?

- А. Дольмендер**
- Ә. Кромлехтер
- Б. Менгірлер

35. Ежелгі грек сәулет өнерінің ордеры болып табылатын:

- А. Ғибадатхананы жабу
- Ә. Салмақты және салмақсыз элементтердің жүйелі әрекеті**
- Б. Ғибадатхананың үшбұрышты шатыры

36. Акрополь құрылысын басқарған сәулетші әрі мүсінші кім?

- А. Фидий**
- Ә. Скопас
- Б. Пракситель

37. Ортағасырлық сәулет өнеріндегі романдық стиль қай ғасырларға жатады?

- А. XV-XVII ғ.
- Ә. XI-XII ғ.**
- Б. XIII-XV ғ.

38. Қайта өрлеу дәуірінің отаны – ...

- А. Италия**
- Ә. Франция
- Б. Германия

39. Қайта өрлеу дәуіріне тән спираль түріндегі сәулет бұйымы – ...

- А. Нервюра
- Ә. Волюта**
- Б. Порттик

40. «Мужицкий» лақап атына ие болған XVI ғасырдағы нидерландылық кескіндемеші:

- А. Ян Ван Эйк
- Ә. Үлкен Питер Брейгель**
- Б. Иеронимус Босх

41. Бір сәулет ескерткіштері түріне топтастырылған ежелгі менгірлер қалай аталды?

- А. Кромлех**

- Ә. Дольмен
- Б. Святилище

42. Ежелгі грек сәулет өнеріндегі әйел сұлбасы ретінде бейнеленген мәрмәр колонналар қалай аталады?

- А. Корлар
- Ә. Атланттар
- Б. Кариатидтер**

43. Ежелгі грек мүсін өнеріндегі хрисоэлефанттық әдіс нелердің қосындысы?

- А. Алтын мен мәрмәр
- Ә. Алтын мен піл сүйектері**
- Б. Мәрмәр мен піл сүйектері

44. XIII-XIV ғасырларда гүлденген стиль түрі:

- А. Готикалық**
- Ә. Романдық
- Б. Барокко

45. Ерте Қайта өрлеу дәуірінің өкілі, белгілі итальян суретшісі:

- А. Микеланджело
- Ә. Рафаэль
- Б. Боттичелли**

46. Италиядағы Қайта өрлеу дәуірі өнерінің Кватрочено кезеңі:

- А. XV ғ.**
- Ә. XIII ғ.
- Б. XVII ғ.

47. Неміс Қайта өрлеу дәуірінің өкілі – ...

- А. Үлкен Питер Брейгель
- Ә. Альбрехт Дюрер**
- Б. Тициан

48. Хатшепсут патшайымның ғибадатханасы қай кезеңде салынды?

- А. Жаңа хандық
- Ә. Орта хандық**
- Б. Ерте хандық

49. «Камарес» стиліндегі құмыралар алғаш рет қайдан табылды?

- А. Критте**
- Ә. Коринфте
- Б. Ежелгі Египетте

50. Ежелгі грек өнерінің архаикалық кезеңіне тән ордер:

- А. Дорийлік**

- Ә. Ионикалық
- Б. Коринфтік

№2 аралық бақылау

1. Барокко стилі қашан қалыптасты?

- А. XVI ғасырдың аяғы**
- Ә. XIII ғасырдың аяғы
- Б. XVIII ғ.

2. Барокко стилінің өкілі, итальян мүсіншісі:

- А. Верроккью
- Ә. Караваджо**
- Б. Бернини

3. Италиян кескіндемешісі Караваджо қай стильдің өкілі?

- А. Рококо
- Ә. Барокко**
- Б. Классицизм

4. Питер Пауль Рубенс кескіндеме өнерінің қай мектебінің өкілі?

- А. Фламандық**
- Ә. Голландық
- Б. Неміс

5. Кескіндемеші Ватто, Шарден, Гейнсборо қай ғасырдың өкілдері?

- А. XVIII ғ.**
- Ә. XIX ғ.
- Б. XV ғ.

6. XIX ғасырдың соңындағы француз кескіндеме өнеріндегі бағыт қалай аталады?

- А. Классицизм**
- Ә. Сентиментализм
- В. Импрессионизм

7. Киев пен Новгородтағы ежелгі ғибадатханалар кімге арналды?

- А. Әулие София**
- Ә. Әулие Варвара
- Б. Әулие Ольга

8. Германиядағы модерн стилі қалай аталады?

- А. Ар нуво
- Ә. Югендстиль**
- Б. Либерти

9. Мәскеудегі Кремльде Успен соборын салған италян архитекторы:

А. Дионисий

Ә. Аристотель Фьораванти

Б. Жаңа Алевиз

10. Петербургтегі алғашқы құрылыстардың бірі – ...

А. Эрмитаж

Ә. Адмиралтейство

Б. Казань соборы

11. Мәскеудегі Меншиков мұнарасын (Архангель Гаврилдің шіркеуі) салған XVIII ғасырдағы орыс мүсіншісі, кескіндемеші және сәулетші – ...

А. М. Казаков

Ә. В. Баженов

Б. И. Зарудный

12. Бароккодан классицизмге өтудегі аралық кезең қалай аталады?

А. Рококо

Ә. Сентиментализм

Б. Романтизм

13. Импрессионизм кескіндемесінде суретшіге тән белгі:

А. Ғимаратта жұмыс істеді

Ә. Пленэреде (табиғатта) жұмыс істеді

Б. Жасанды жарықты қолданды

14. Францияда «ар-нуво» деп нені атады?

А. Модерн

Ә. Реализм

Б. Импрессионизм

15. Атақты орыс икон жазушысы кім?

А. Нестор

Ә. Сергей Радонежский

Б. Дионисий

16. Петербургті жүйелі салудың жоспарын ұсынған XVIII ғасырда өмір сүрген француз сәулетшісін атаңыз:

А. Леблон

Ә. Фальконе

Б. Росси

17. Италиян сәулетшісі Растрелли Петербургке қандай ғимарат салды?

А. Казанский собор

Ә. Зимний дворец

Б. Кунсткамеру

18. XVIII ғасырдың екінші жартысына тән сәулет өнері стилі:

А. Классицизм

Ә. Барокко

Б. Модерн

19. Француз импрессионизмінің өкілі – ...

А. Э. Делакруа

Ә. Ф. Буше

Б. К. Моне

20. Ежелгі орыс көркемөнерінде кеңінен таралған тақтайдағы кескіндеме қалай аталады?

А. Фреска

Ә. Шпалера

Б. Икона

21. Шығыс христиан өнеріндегі Христ-Вседержительдің бейнесі қандай?

А. Пантократор

Ә. Деисус

Б. Спас

22. XVII ғасырдағы орыс ғибадатханаларының негізгі түрлері:

А. Крест-куполды, шатырлы

Ә. Бір куполды, куб тәріздес, шатырлы

Б. Куб тәріздес, шатырлы, соборлы

23. I Петр билігі тұсында Петербургте жұмыс істеген итальян сәулетшісі кім?

А. Трезини

Ә. Леблон

Б. Росси

24. Барокко сәулет өнеріне тән белгілер қандай?

А. Сәнделмеген фасад

Ә. Көптеген колонналар және мүсін бөлшектерімен сәнделген фасад

Б. Екі қабатты шатырлар

25. Классицизм стилінің отаны қай жер?

А. Франция

Ә. Италия

Б. Нидерланды

26. Таити аралының аборигендерінің өміріне арналған кітап жазған француз суретшісі кім?

А. Сезанн

Ә. Гоген

Б. Ван Гог

27. Атақты орыс кескіндемешісі Андрей Рублев қай иконаның авторы?

- А. «Троица»**
- Ә. «Благовещение»
- Б. «Рождество Христово»

28. 1165 жылы салынған Владимирдегі собор бұл – ...

- А. Успен соборы**
- Ә. Рождествен соборы
- Б. Вознесенс соборы

29. Құрылыстың сәндік белгілеріне баса назар аударатын орыс стилі?

- А. Классицизм
- Ә. Нарышкин бароккосы**
- Б. Модерн

30. Петербургтегі 12 қызметтес ғимаратының авторы кім?

- А. Кваренги
- Ә. Растрелли
- Б. Трезини**

31. Джакомо Кваренги Ресейдегі қай стильдің өкілі?

- А. Классицизм**
- Ә. Ампиризм
- Б. Модерн

32. Наполеон тұсындағы Франция сәулет өнері қалай аталды?

- А. Ампиризм**
- Ә. Барокко
- Б. Классицизм

33. XIX ғасырдың ортасы – XX ғасырдың басындағы ірі интернационалды идеялы көркемөнер ағымы – ...

- А. Модерн
- Ә. Натурализм
- Б. Реализм**

34. Орыс икон жазуына үлкен әсер еткен көркемөнер дәстүрі қандай?

- А. Византизм**
- Ә. Сербия
- Б. Болгария

35. Петербургтің негізі қай жылы қаланды?

- А. 1703 ж.**
- Ә. 1725 ж.
- Б. 1705 ж.

36. Ресейде жұмыс істеген итальян сәулетшісі, Петербургтегі Петропавл соборының авторы – ...

А. Растрелли

Ә. Росси

Б. Трезини

37. Растрелли Петербург үшін маңызды болғанындай, Мәскеу үшін маңызды болған орыс сәулетшісі, Қызыл қақпаның авторы – ...

А. Д. Ухтомский

Ә. В. Баженов

Б. И. Зарудный

38. XVIII ғасырда Италиядағы дөңгелек күмбезді залы бар қоғамдық ғимарат үлгісі болып табылатын құрылыс:

А. Колизей

Ә. Рим Пантеоны

Б. Римдегі әулие Петр шіркеуі

39. Ресейде жұмыс істеген, мүсін өнерінде барокко стилін толық көрсеткен флорентиналық шебер кім?

А. И. Мартос

Ә. К. Растрелли

Б. Д. Трезини

40. XVIII ғасырдағы орыс кескіндеме өнеріндегі негізгі жанр қалай аталады?

А. Натюрморт

Ә. Пейзаж

Б. Портрет

41. XIX ғасырдағы Ресей сәулет өнеріндегі классикалық стиль (түрі) басқа елде туындаған ампири стилімен ұқсас болды. Ампири қай елде туындады?

А. Франция

Ә. Италия

Б. Англия

42. XIX ғасырдың ортасындағы орыс кескіндеме өнеріндегі сыни реализмнің негізін қалаған суретші – ...

А. И. Грабарь

Ә. И. Суриков

Б. П. Федотов

43. XIX ғасырдағы Ресей көркемөнер өмірін басқаратын ресми орталық қалай аталады?

А. Көркемөнер академиясы

Ә. Ғылым академиясы

Б. Жоғарғы көркемөнер шеберханалары

44. «Өнер әлемі» журналының негізін С. Дягилев қай жылы қалады?

А. 1901 ж.

Ә. 1898 ж.

Б. 1925 ж.

45. XVIII ғасырда орыс мүсіндемесінде ағартушылықты білдірген қандай образ?

А. Антикалық мифология

Ә. Орыс фольклоры

Б. Заманауи билеушілер мен әскерилер

46. XVIII ғасырдағы орыс суретшісі, граф Шереметевтің қызметкері, көптеген портреттердің авторы:

А. И. Антропов

Ә. А. Матвеев

Б. И. Аргунов

47. XVIII ғасыр құрылыстарындағы сарай төбелері қалай аталады?

А. Плафон

Ә. Порттик

Б. Ротонда

48. Орыс модернінің сәулетшісі кім?

А. Баженов

Ә. Воронихин

Б. Шехтель

49. «Мысты шабандоз» («Медный всадник») мүсінінің авторы кім?

А. Э. Фальконе

Ә. И. Мартос

Б. И. Козловский

50. Орыс кескіндемешілері Ф. Рокотов пен Д. Левицкий нешінші ғасырда жұмыс істеді?

А. XIX ғ.

Ә. XX ғ.

Б. XVIII ғ.

№3 аралық бақылау

1. Қайта өрлеу дәуірі қамтитын аралық:

А. XV – XVII ғ.

Ә. XV – XVIII ғ.

Б. XV – XVI ғ.

2. Италияның Қайта өрлеу дәуірі неше кезеңнен тұрады?

- А. 3
- Ә. 2
- Б. 4

3. Алғашқы қайта өрлеу дәуірінің негізгі дамыған кіндігі:

- А. Флоренция
- Ә. Венеция
- Б. Пиза

4. Қайта өрлеу дәуірінде сәулетшілер Италияда етек жайған қандай стильден біржолата бас тартты?

- А. Романдық, готикалық
- Ә. Модерн, романдық
- Б. Готикалық, модерн

5. Сол кезеңнің ең атақты шығармасы саналатын « Давид мүсінінің авторы»:

- А. Джотто
- Ә. Донателло
- Б. Сандро Боттичелли

6. Сандро Боттичелидің еңбегін атаңыз:

- А. «Венераның тууы»
- Б. «Жоқтау»
- В. «Бұғаудағы құл»

7. Жоғарғы қайта өрлеу дәуіріндегі ұлы 3 суретшінің бірі:

- А. Паоло Учелло
- Ә. Браманте
- Б. Рафаэль

8. Флоренция мен Пиза қалаларының аралығындағы Анкиано қыстағында дүниеге келген суретші:

- А. Леонардо да Винчи
- Ә. Микеланджело
- Б. Рафаэль

9. Қайта өрлеу дәуірінің ғаламат, ұлы суретшісі Микеланджело өмір сүрген кезең:

- А. 1452 – 1519 ж.
- Ә. 1475 – 1564 ж.
- Б. 1483 – 1520 ж.

10. Леонардо да Винчидің ең алғашқы жазған жұмысы қалай аталады?

- А. «Бенуа сұлуы»

Ә. «Гүл ұстаған сұлу»

Б. «Литта сұлуы»

11. Өмірінің соңғы жылдарында Франция королі І Франциско шақыруымен король сарайына келіп тұрақтаған суретші:

А. Микеланджело

Ә. Леонардо да Винчи

Б. Паоло Учелло

12. Италиядағы сұңғаттың ең кең тараған ортасы:

А. Венеция

Ә. Пиза

Б. Флоренция

13. Жақсылық пен жамандықтың күресін жеріне жеткізе бейнелеген суретші:

А. Тинторетто

Ә. Босх

Б. Джорджоне

14. Германия Қайта өрлеу дәуірінің атақты, қайталанбас график суретшісі:

А. Матиас Грюневальд

Ә. Альбрехт Дюрер

Б. Лукас Кранах

15. Лувр сарайын көркемдеген мүсінші:

А. Жермена Пилона

Ә. Ханс Гольбейн

Б. Жан Гужон

16. Италияның жаңа ағымы – барокко өмірге келген кезен:

А. XVI ғ. соңы

Ә. XV ғ. басы

Б. XVII ғ. соңы

17. Италияның барокко заманындағы ең әйгілі сұңғат шеберінің бірі:

А. Франческо Борромини

Ә. Караваджо

Б. Клод Лоррен

18. Ауқатты отбасы өмірін, қайғы-мұңсыз өмірді дәріптеген голландиялық суретші:

А. Герарт Тербурх

Ә. Франс Халс

Б. Рембрандт

19. Өзінің шыққан тегі грек болғандықтан испандықтар оны Эль Греко деп атап кеткен суретші:

- А. Диего Веласкес
- Ә. Франсиско де Сурбаран
- Б. Доменико Теотокопули**

20. Францияда өмірге келген рококо ағымы пайда болған дәуір:

- А. XVIII ғ. 20-ж.**
- Ә. XVII ғ. 20-30ж.
- Б. XVIII ғ. 20-30 ж.

21. «Ыдыс жуушы» атты еңбектің авторы:

- А. Франсуа Буше
- Ә. Симеон Шарден**
- Б. Антуан Ватто

22. Негізінен импрессионизм бағытымен жүрген, ұсақ мазоктар байланысы динамикасымен жұмыс істеген суретші:

- А. Д. Рейнолдс
- Ә. Антуан Ватто
- Б. Томас Гейнсборо**

23. XVIII ғасырдың соңғы ширегінде Францияда өмірге келген жаңа ағым:

- А. Авангардизм
- Ә. Классицизм**
- Б. Реализм

24. Француз реалист суретшілерінің бірі, ұлы сықақшы:

- А. Оноре Домье**
- Ә. Жан Франсуа Милле
- Б. Гюстав Курбе

25. Алғаш реализмнің дамыған саласы:

- А. Портрет
- Ә. Пейзаж**
- Б. Натюрморт

26. Бүкіл мұсылман әлемі мәдениетінің дәуірлеу кезеңі:

- А. VII – XV ғ.**
- Ә. VII – XII ғ.
- Б. VI – XV ғ.

27. Абд әл-Мәліктің бұйрығымен Мұхаммед пайғамбардың құрметіне слынған мешіт:

- А. Құтб Минар**

Ә. Куббат-ас-Сахра

Б. Тәж-Маһал

28. «Шалдың портреті», «Құмыра ұстаған жеткіншек», «Түбіт бас-киімді қыз» жұмыстарының авторы:

А. Риза Аббаси

Ә. Кемал ад-Дин Бекзад

Б. Дос Мұхаммед

29. Америка үндістерінің мәдениеті өз бастауын осы тайпадан алады:

А. Майя

Ә. Ацтек

Б. Өлмектер

30. Орталық Америка джунглиінде ақ шаңқан қалалары бар Америка үндістерінің өркениет бесігінің бірі:

А. Теотихуакан мәдениеті

Ә. Ацтек мәдениеті

Б. Майя мәдениеті

31. Бонампака фрескасы салынған мерзім:

А. Б.д. VIII ғ.

Ә. Б.д. VII ғ.

Б. Б.д. VI ғ.

32. Испандықтардың айтуынша, Монтесума сарайы неше бөлмеден тұрады?

А. 500

Ә. 300

Б. 400

33. «Жас Абай», «Амангелді сарбаздары» еңбектерінің авторы:

А. Ә. Қастеев

Ә. О. Таңсықбаев

Б. Қ. Қожықов

34. Көбінесе қазақ әйелдерінің нәзік те сыпайы образдарын бейнелеген белгілі суретші:

А. М. Кенбаев

Ә. А. Ғалымбаева

Б. Қ. Телжанов

35. 1947 – 1953 жылдары Ленинградтағы И.Е.Репин атындағы кескіндеме, мүсін және сәулет өнері институтында оқыған суретші:

А. М. Кенбаев

Ә. А. Ғалымбаева

Б. Қ. Телжанов

36. Қазақ бейнелеу өнерінің классигі Әбілхан Қастеевтің еңбегі:

А. «Кешкі мезгіл»

Ә. «Сыр сауу»

Б. «Қарындасымның портреті»

37. Палеолит дәуіріне жататын алғашқы өнер түрінің бір үлгісі табылған үңгірді атаңыз:

А. Тесіктас

Ә. Альтамира

Б. Нармер

38. Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіне жататын Ресей жерінен табылған алғашқы адам кескіні бейнеленген мүсінді белгілеңіз:

А. Костенкидегі әйел бейнесі

Ә. Савиньяно венерасы

Б. Леспног венерасы

39. Ежелгі мәдениет ошақтарына қайсысы жатпайды?

А. Шумер

Ә. Вавилон

Б. Фави

40. Көне майя мәдениеті қамтыған аймақты көрсетіңіз:

А. Алдыңғы Азия мен Африка

Ә. Оңтүстік шығыс Азия

Б. Атлантида, Батыс жарты шары

41. Ежелгі Мысыр мәдениетінің алғашқы белгілері пайда бола бастаған уақыт:

А. Б.з.д. 2 м.ж.

Ә. Б.з.д. 3 м.ж.

Б. Б.з.д. 4 м.ж.

42. Ежелгі Мысырда дамыған тасқа ойып қашау өнері қалай аталды?

А. Пиктография

Ә. Стилизация

Б. Бедерлеу өнері

43. Мысыр жерінде салынған алғашқы пирамида қай перғауынның құрметіне салынды?

А. Хеопс

Ә. Жосер

Б. Аменхотеп

44. Хеопс пирамидасының биіктігін белгілеңіз:

А. 147

Ә. 148

Б. 149

45. Қарнақ ғибадатханасын салдырған атақты мысырлық патша кім?

А. Хеопс

Ә. Жосер

Б. III Аменхотеп

46. Ежелгі Мысыр мүсін өнеріне тың серпіліс әкелген атақты тұлғаны көрсетіңіз:

А. Рохотеп

Ә. Кай

Б. Каапера

47. Б.з.д. 1800 жылы салынған III Аменхотеп ғибадатханасының аумағы қанша шаршы метрді құрайды?

А. 52000

Ә. 62000

Б. 72000

48. Фив сәулет өнерінің маржаны болып есептелетін ғибадатхананы белгіліңіз:

А. Хатшепсут

Ә. Әл-Берше

Б. III Аменхотеп

49. Нефертити мүсінің авторы кім?

А. Рохотеп

Ә. Тутмес

Б. Эхнатон

50. Бір қабатты жайдақ баспана қалай аталады?

А. Пилон

Ә. Сфинкс

Б. Мастаба

51. Шумер мемлекетінің алғашқы сәулет құрылысының үлгілерін көрсетіңіз:

А. Әл-Берше және Әбу-Симбелде

Ә. Ақ храм және Қызыл үй

Б. Көкек

52. Вавилон мұнарасын зерттеуге үлес қосқандардың бірін белгілеңіз:

А. Колдевой

Ә. И.М. Дьяконов
Б. К.А. Иностранцев

53. Бейнелеу өнерінің жаңа лебі саналған Суз қаласынан табылған туынды қалай аталады?

- А. Мардук ғибадатханасы
- Ә. Нарам-Суэн стелласы**
- Б. Көкек стелласы

54. Ертедегі Ирандық ахеменидтерге тиесілі сәулет ескерткішін белгілеңіз:

- А. Иштар қорғаны
- Ә. Сфинкстер
- Б. Персеполь сарайы**

55. Хараппа мәдениеті қай кезенді қамтиды?

- А. Б.з.д. 12 м.ж.
- Ә. Б.з.д. 9 м.ж.
- Б. Б.з.д. 3 м.ж.**

56. «Қара мінәжатхана» атауы қай құдайдың есімімен байланысты?

- А. Мардук
- Ә. Сурья**
- Б. Ментухотеп

57. Тәж-Маһал мавзолейі қай патшаның тұсында салынды?

- А. Шаһ-Жаһан**
- Ә. Шаһ-Алам
- Б. Шер-Шаһ

58. «Арыстан жартасы» аталып кеткен жартас сарайын көрсетіңіз:

- А. Тәж-Маһал
- Ә. Сигирия**
- Б. Анурадхапура

59. «... мықты бекіністері бар жетпіс мұнаралы, алпыс төрт қақпасы бар, аса зәулім әмірші сарайлары бар ғажайып қала». Бұл қай қалаға берілген сипаттама?

- А. Хараппа
- Ә. Паталипура**
- Б. Дели

60. Қытай жеріндегі алғашқы мұнаралардың бірі:

- А. Якусидзи
- Ә. Хорюдзи
- Б. Суньюгсы**

61. Жеке қорында 6000 сұңғат туындысы болған қытай билеушісін көрсетіңіз:

А. Хуэй-Цзун

Ә. Го Си

Б. Ван Вей

62. Әулиелер мен мінәжат етушілердің құрметіне салынатын буддалық мұнара тәрізді мемориалдық құрылыс қалай аталады?

А. Пагода

Ә. Ступа

Б. Замок

63. XV ғасырда Бейжіңде тұрғызылған атақты храмдардың бірі:

А. Цяньфодун храмы

Ә. Аспан храмы

Б. Якусидзи храмы

64. X-XII ғасырларда Жапонияда будда дінінің әсерімен дамыған өнер түрін белгілеңіз:

А. Мүсіндік буддистік монастырьлар тұрғызу

Ә. Керамикалық ыдыстар жасау

Б. Жібек маталарға сұңғат кескіндеме түсіру

65. VI-VII ғасырларға жататын іштері айшықты кереге росписьтерімен кескінделген буддистік храмды көрсетіңіз:

А. Дземон

Ә. Суньюгсы

Б. Хорюдзи

66. XIII ғасырда жапон мәдениетінде ерекше көңіл бөлінген жанрды белгілеңіз:

А. Портреттік жанр

Ә. Сұңғат кескіндеме

Б. Пейзаждық жанр

67. «Көңілді кварталдардың тұрғындары» графикалық топтаманың авторын көрсетіңіз:

А. Кокэи

Ә. Фудзивара

Б. Утаморо

68. Б.з.д. II-I ғасырларға жататын «бұғы тастар» бедерлеме суреттері Қазақстанның қай аймақтарында кездеседі?

А. Күл-оба қорғаны

Ә. Таңбалы шатқалы

Б. Ұлан мекені

69. Б.з.д. IV-III ғасырларға жататын Түйе мүсіншесі Қазақстанның қай аймағынан табылды?

- А. Шілікті қорғаны
- Ә. Есік обасы
- Б. Ақсай шатқалы**

70. Этрустардың қола құйма өнерінің ескерткішін белгілеңіз:

- А. Қаншық қасқыр бейнесі**
- Ә. Қанатты арыстан бейнесі
- Б. Түйе мүсіншесі

71. Отырар қаласының ежелгі атауы:

- А. Фараб**
- Ә. Шабғар
- Б. Талхиз

72. Әл-Максидидің «... – ірі қорғанды, көптеген бау-бақшалары бар, халық жиі қоныстанған қала» деген сөздері қай қалаға арналған?

- А. Отырар
- Ә. Сауран
- Б. Тараз**

73. Ақыртас ескерткіші қай ғасырлар аралығын қамтиды?

- А. VI-VII ғ.
- Ә. VIII-IX ғ.**
- Б. X-XII ғ.

74. Грек өнерінің архаикалық кезеңі қай аралықты қамтиды?

- А. Б.з.д. X-XII ғ.
- Ә. Б.з.д. IX-VIII ғ.
- Б. Б.з.д. VII-VI ғ.**

75. Этрустардың қола құйма әдісі бойынша жасалған тамаша туындыларының бірі:

- А. Химера мүсіні**
- Ә. Аппий жолы
- Б. Август мүсіні

76. Түрлі түсті шытырма әйнектерден тұратын айшықты сұңғат түрі қалай аталады?

- А. Роспись
- Ә. Витраж**
- Б. Фреска

ӨНЕР ТАРИХЫНА КІРІСПЕ ПӘНІ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ

1. Өнер: түсінігі, классификациясы. Көркемөнер бағыттары, ағымдары, стильдері: түсініктердің мәні мен байланысы.
2. Сәулет өнері өнер түрі ретінде: көркемөнерлік тілдің ерекшеліктері.
3. Кескіндеме бейнелеу өнерінің түрі ретінде.
4. Мүсін өнері кеңістіктік өнер жүйесінде, оның түрлері мен жанрлары.
5. Алғашқы қоғамдық өнер: түсініктер, түрлері, функциялары, ерекшеліктері, дереккөздері.
6. Ежелгі Грекия сәулет өнері: сәлет ордерлерінің түрлері, Афина Акрополь Ансамблі.
7. Ежелгі грек мүсін өнерінің дамуы: архаикалық және классикалық кезеңдер.
8. Эллинизм кезеңіндегі Ежелгі грек бейнелеу өнері.
9. Ежелгі Рим өнері.
10. XI-XII ғасырлардағы Батыс Еуропа өнері. Романдық стиль.
11. XII-XIV ғасырлардағы Батыс Еуропа өнері. Готикалық стиль.
12. Византиялық өнер: кезеңделуі, жалпы сипаттамасы. Иконографиялық канондар.
13. Қайта өрлеу дәуірі өнері: дереккөздері, қалыптасу шарты, ерекшеліктері, кезеңделуі.
14. Қайта өрлеуге дейінгі Италия: жалпы сипаттамасы, ескерткіштері, шеберлері.
15. Қайта өрлеу дәуіріндегі сәулет және мүсін өнері. Брунеллески, Донателло, Альберти, Вероккио шығармашылығы.
16. Италиядағы Ерте Қайта өрлеу дәуірі кескіндеме өнері.
17. Италиядағы Жоғарғы Қайта өрлеу дәуірі.
18. Италиядағы Кейінгі Қайта өрлеу дәуірі.
19. Ортаңғы Қайта өрлеу дәуірінің өнері: жалпы сипаттамасы, бір шебердің шығармашылығы.
20. XVII ғасырдағы Батыс Еуропа өнері: көркемөнер бағыттары, эстетикалық принциптері. Барокко көркемөнер құбылысы ретінде. Барокко стилінің ерекшеліктері.
21. XVIII ғасырдағы Батыс Еуропаның бейнелеу өнері.
22. XVII-XVIII ғасырдағы француз кескіндеме өнері: жалпы сипаттамасы, бір шебердің шығармашылығы.
23. XIX ғасырдағы француз кескіндеме өнеріндегі романтизм мен реализм.

24. Импрессионизм көркемөнер құбылысы ретінде. Импрессионист суретшілердің шығармашылығы.
25. XIX ғасырдағы француз кескіндеме өнеріндегі постимпрессионизм. В. Ван Гог, П. Гоген шығармашылығы.
26. Ежелгі Русьтің бейнелеу және сәулет өнері (IX ғасырдың соңы – XI ғасыр).
27. Орыс иконасы: ежелгі орыс кескіндеме өнерінің сюжеті мен образы. Икон жазу техникасы.
28. XV-XVI ғасырлардағы Мәскеу сәулет өнері мектебі. Мәскеу Кремлінің Ансамблі.
29. XV-XVI ғасырлардағы Мәскеу кескіндеме өнері мектебі. Андрей Рублев шығармашылығы.
30. Санкт-Петербург сәулет өнеріндегі петрлік барокко.
31. XVIII ғасырдағы орыстардың портретті кескіндемесі. Ф.С. Рокотов, Д.В. Левицкий, В.Л. Боровиковскийдің шығармашылығы.
32. XVIII ғасырдағы Ресейдің мүсін өнері: жалпы сипаттамасы, шеберлердің бірінің шығармашылығы.
33. Санкт-Петербург сәулет өнеріндегі екатериналық классицизм: жалпы сипаттамасы шеберлердің бірінің шығармашылығы.
34. Петербург қала маңында сарай-саябақ ансамбльдері.
35. XIX ғасырдың алғашқы ширегіндегі орыс кескіндеме өнеріндегі романтизм.
36. XIX ғасырдағы орыс академиялық мектебі: шеберлердің бірінің шығармашылығы.
37. XIX ғасырдағы орыс кескіндеме өнеріндегі реализм: жалпы сипаттамасы, шеберлердің бірінің шығармашылығы.
38. XIX ғасырдағы орыс портретті кескіндеме өнері: жалпы сипаттамасы, шеберлердің бірінің шығармашылығы.
39. XIX ғасырдағы орыс мүсін өнері: жалпы сипаттамасы, шеберлердің бірінің шығармашылығы.
40. XIX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Ресей сәулет өнеріндегі орыс ампири: жалпы сипаттамасы, шеберлердің бірінің шығармашылығы.
41. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Ресейдегі көркемөнер қоғамдастықтары: жалпы сипаттамасы, шеберлердің бірінің шығармашылығы.
42. Санкт-Петербург сәулет өнеріндегі орыс модерни.
43. XX ғасыр басындағы орыс кескіндеме өнері: жалпы сипаттамасы, шеберлердің бірінің шығармашылығы. Орыс авангардының шеберлері (К.С. Малевич, В.В. Кандинский, Д. Бурлюк және т.б.).
44. Қазан төңкерісінен кейінгі онжылдықтағы өнер.
45. 1920 жылдағы көркемөнер қоғамдастықтары.
46. Мәскеу реконструкциясы мен сол кезеңдегі сәулет өнерінің ерекшеліктері.
47. 1920 – 1930 жылдардағы мүсін өнері.
48. Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі өнер (кескіндеме, графика, мүсін өнері).
49. 1960 жылдағы өнердегі «қатаң стиль» мен «нонконформизм».
50. Заманауи өнердің үрдістері мен ерекшеліктері, оның негізгі бағыт-тары.
51. «Өнер тарихы» түсінігіне сипаттама беріңіз.
52. «Өнер тарихы» пәнінің негізгі мақсат-міндеттерін көрсетіңіз.

53. Алғашқы өнер түрлерінің пайда болу тарихын жазыңыз.
54. Тас дәуірі өнеріне тоқталыңыз.
55. Ежелгі Мәдени ошақтарды сипаттай отырып, өзара салыстырыңыз.
56. Шумер-Аккад мәдениеттерін өзара салыстыра отырып жазыңыз.
57. Ежелгі Мысыр өнерінің ерекшеліктерін сипаттаңыз.
58. Ежелгі Мысырдағы сәулет өнеріне тоқталыңыз.
59. Қосөзен мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттаңыз.
60. Вавилондағы өнер түрлерінің даму тарихы туралы жазыңыз.
61. Ежелгі Үнді мәдениетін сипаттаңыз.
62. Хараппа мәдениетіне тән ерекшеліктерді айқындаңыз.
63. Буддизм дәуірі мәдениетінің негізгі ерекшеліктерін сипаттап жазыңыз.
64. Ұлы Моғолдар дәуірі өнеріндегі ерекшеліктерді анықтаңыз.
65. Ежелгі Қытай мәдениетін сипаттаңыз.
66. Ежелгі Жапон мәдениетіне тән ерекшеліктерді анықтап жазыңыз.
67. Ежелгі Қытай және Жопан мәдениеттерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жіктеп жазыңыз.
68. Сақ-скиф мәдениетінің негізгі ерекшеліктерін сипаттаңыз.
69. Сақ тайпаларына тән «аң стилі» туралы не білесіз?
70. Қазақстандағы ортағасырлық қалалардың ерекшеліктерін айқындаңыз.
71. Қазақстан территориясында орта ғасырларда пайда болған ескерткіштерге тоқталыңыз. Олардың бүгінгі жай-күйі қандай?
72. Ежелгі грек мәдениетін сипаттаңыз.
73. Грек архаикасы өнеріне тоқталыңыз.
74. Грек классикалық өнері несімен ерекшеленетінін анықтаңыз.
75. Эллинизм дәуірі мәдениетіне тән ерекшеліктерді айқындаңыз.
76. Ежелгі Рим өнерін сипаттаңыз.
77. Этрустар өнеріне тән ерекшеліктерді анықтаңыз.
78. Б.з.д. IV – I ғасырларға тән Рим өнерінің ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
79. Рим өнерінің империялық дәуіріне тән ерекшеліктерін сипаттаңыз.
80. Орта ғасырдағы Батыс Еуропа өнеріне тән ерекшеліктерді анықтаңыз.
81. Романдық өнер және оның негізгі өкілдері.
82. Готика өнеріне тән ерекшеліктер мен шығармалар.
83. Ежелгі Грек және Рим мәдениеттерін өзара салыстырыңыз.
84. Ежелгі Грек және Рим мәдениетіне тән діни сенімдерді салыстыра отырып жазыңыз.
85. Батыс Еуропаға тән романдық және готикалық өнер түрлерін салыстырыңыз.
86. Қастеев музейіндегі «Биші қыз» картинасына талдау жасаңыз.
87. IZI TRAVEL музейлік аудиогидтің Ә. Қастеев атындағы туындыларды таныстыруын сипаттаңыз.
88. Алматы қаласының тарихына арналған қандай танымал өнер туындыларын білесіздер?
89. Алматы қаласындағы Умай ана галереясындағы суреттерге сипаттама беріңіз.
90. Поп-арт стиліндегі өнер туындыларын сипаттаңыз.

НЕГІЗГІ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАР

КӨРКЕМӨНЕР ГАЛЕРЕЯЛАРЫ МЕН МҰРАЖАЙЛАРДЫҢ РЕСМИ САЙТЫ

1. <http://www.hermitage.ru> – Мемлекеттік Эрмитаж, Санкт-Петербург.
2. <http://www.global-one.ru/culture/pushkin> – А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік бейнелеу өнері мұражайы, Мәскеу.
3. <http://www.rusmuseum.ru> – Мемлекеттік орыс мұражайы, Санкт-Петербург.
4. <http://www.tretyakov.ru> – Мемлекеттік Третьяков галереясы, Мәскеу.
5. <http://artmuseum.r52.ru> – Нижегород Мемлекеттік көркемөнер мұражайы.
6. <http://www.louvre.fr> – Лувр, Париж.
7. <http://www.musee-orsay.fr>.808 – д’Орсе мұражайы, Париж.
8. <http://www.nationalgallery.org.uk> – Ұлттық галерея, Лондон.
9. <http://www.tate.org.uk> – Тейт галереясы, Лондон.
10. <http://www.british-museum.ac.uk> – Британ мұражайы, Лондон.
11. <http://www.smb.spk-berlin.de/d/index.html> – Мемлекеттік мұражай, Берлин.
12. <http://www.culture.gr/2/21/toc/katalog.html> – Грекия мұражайларының каталогы.
13. <http://www.spanish-arts.com> – Прадо, Мадрид.
14. <http://www.museoprado.mcu.es/prado/html/ihome/html> – Прадо, Мадрид.
15. <http://www.uffizi.firenze.it/welcomeE.html> – Уффици галереясы, Флоренция.
16. <http://www.ics.it/mimu/musei/Brera/presentazione.htm> – Брера галереясы, Милан.
17. <http://www.ics.it/mimu/musei/arte.htm> – Миланның көркемөнер мұражайы.
18. <http://www.christusrex.org/www1/vaticano/0> – Musei.html – Ватикан мұражайы.
19. <http://www.christusrex.org/www1/sistine/0> – Tour.html – Сикстинкапелласы.
20. <http://risc350.selfin.it/musei/capodim/eng> – Каподимонте ұлттық мұражайы мен галереясы, Неаполь.
21. <http://www.arca.net/uffizi/index1.html> – Уффици, Флоренция.
22. <http://www.gallereaborgese.it> – Боргезе галереясы, Рим.
23. <http://www.doriapamphili.it> – Дориа-Памфили галереясы, Рим.
24. <http://www.rijksmuseum.nl> – Рейксмюсеум, Амстердам.
25. <http://www.nga.gov> – Ұлттық галерея, Вашингтон.
26. <http://www.metmuseum.org/home.asp> – Метрополитен, Нью-Йорк.
27. <http://www.mfa.org/home.htm> – Тамаша өнер мұражайы, Бостон.
28. <http://www.mcachicago.org> – Көркемөнер институты, Чикаго.

АҚПАРАТТЫҚ-ІЗДЕУ ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛЫҚ САЙТТАР

1. <http://witcombe.bcpw.sbc.edu/ARTHLinks.html> – өнер тарихы мен мұражайлар сайтына сілтемелер каталогы (автор – С. Witcombe, University of Virginia).
Сілтемелер өнер тарихының кезеңдеріне сай хронологиялық ретпен жүйеленген (алғашқы қоғамдық өнер, ежелгі әлем өнері, ортағасырлық өнер, Қайта өрлеу дәуіріндегі өнер, барокко өнері және т.б.). Әрбір бөлім өз кезегінде тақырыптық және хронологиялық белгілері бойынша бөлімшелерге бөлінген.
2. <http://www.artchive.com/artchive/ftptos> – кескіндеме және сәулет өнері шеберлер каталогына сілтеме. Суретшілердің қысқаша өмірбаяны, негізгі библиографиясына сілтеме, қысқаша сипаттама мен сараптама жазылған туындылары туралы мәлімет болады.
3. <http://julia.net/ancient/aut> - «The Ancient World Web» (авторы – Джулия Хейден). Ежелгі Әлем өнеріне арналған интернет-сайттар каталогына сілтеме (Египет, Грекия).

ЖАЛПЫ ТАРИХИ САЙТТАР

1. <http://www.mcad.edu/AICT/html> – бейнелеу және сәулет өнерінің тарихына арналған (өнер дамуының хронологиялық кезеңдерін жүйелеу – антикалық кезең, орта ғасырлар, Қайта өрлеу дәуірі, барокко, XVIII-XX ғасырлар, еуропалық емес өнер) өнер және дизайн колледжінің сайты (Миннеаполис, АҚШ).
2. http://www.bc.edu/bc_org/avp/fnart/arch – Бостон колледжінің сайты. «Сәулет өнерінің сандық мұрағаты» (Грекия, Рим, орта ғасыр, Қайта өрлеу дәуірі және т.б.).
3. <http://www.kyoto-inet.or/org/ozion/index.html> – «Батыс Еуропа сәулет өнерінің тарихы». Батыс Еуропа сәулет ескерткіштері туралы қысқаша тарихи-мәдени деректер мен олардың суреттерінен тұрады.
4. <http://www.lib.virginia.edu/colls/thumbs2/arch> – Вирджиния Университетінің сайтындағы «Батыс Еуропа сәулет өнерінің тарихы». Фотосуреттер мен комментарийлер (Ежелгі Грекия мен Рим сәулет өнері, орта ғасырлар, Қайта өрлеу дәуірі, барокко және т.б.).
5. <http://www.greatbuildings.com/gbc.html> – «Әлемнің ұлы ғимараттары». Әлемдегі ең керемет сәулет өнер туындылары.
6. <http://www.abcgallery.com> - «Olga's gallery» – орыс және Батыс Еуропа суретшілерінің шығармашылығына арналған сайт (биография, сандық репродукция, комментарий, антикалық аңыз парақшалары, бейнелеу өнеріндегі діни сюжет, басқа сайттардағы іздеу жүйесі).
7. <http://rubens.anu.edu.au/> – «Өнер тарихы». Австралия Ұлттық университетінің сайты (бейнелеу және сәулет өнерінің тарихы – антика кезеңі, Италиядағы Қайта өрлеу дәуірі). Басқа интернет-ресурстары мен мұражай сайттарына сілтеме. Іздеу жүйесі (персоналий, аймақ, тарихи кезең).

8. <http://www.master.parnas.ru> – «Парнас». Кескіндеме өнері шеберлерінің галереясы. Орыс және Батыс Еуропа суретшілері (биография, шығармашылық очерктері, туынды репродукциясы, глоссарий, іздеу жүйесі).

ТАҚЫРЫПТЫҚ САЙТТАР

Орыс өнері

1. <http://www.archi.ru> – «Ресей сәулет өнері». XI – XX ғасырлардағы Ресейдегі сәулет өнер ескерткіштерінің каталогы (фотосуреттер, жоспарлар, реконструкциялар, қысқаша сипаттама, тарихи-мәдени анықтама, библиография, алфавитті, хронологиялық жүйелеу, іздеу жүйесі).
2. <http://www.wco.ru/icons> – «Орыс икондарының виртуалды каталогы» (репродукциялар, комментарий, тақырыптық және хронологиялық жүйелеу, глоссарий, библиография).
3. <http://zhentos.codis.ru> – «Орыс иконасы» (икондар, икон жазу практикасы мен теориясы бойынша мақалалар, терминологиялық сөздік және т.б.).
4. <http://seramimov.narod.ru/icons/pkor> – Павел Корин жинағындағы орыс икондары.
5. <http://icon.orthodoxu.ru> – «Ежелгі Русь иконасы»; Новгород Мемлекеттік қорық-мұражайындағы дәрілер галереясы.
6. <http://www.atlant.ru/paint> – «Орыс кескіндеме өнерінің галереясы» (Виртуалды галерея, И. Айвазовский, К. Брюллов, В. Васнецов, М. Врубель, В. Перов, И. Репин, В. Тропининнің еңбектерінен тұрады).

Алғашқы қоғамдық қауым өнері

1. <http://www.culture.fr/culture/arcnat/lascaux/> – «Ляско үңгірі», Франция. Үңгірге «Виртуалды саяхат» – қолжазбалар мен тарихи анықтамалар және т.б.
2. <http://www.stonepage.com> – Еуропадағы мегалитикалық құрылымдар (Франция, Италия, Англия, Шотландия, Уэльс, Ирландия).
3. <http://www.kemsu.ru/rus/preart-diff.html> – «Алғашқы қоғамдық қауым өнері» (Кемеровск Мемлекеттік университеті).

Антикалық өнер

1. <http://www.hagry.ucss.edu> – «Грек және рим мүсін өнері туындыларының сандық коллекциясы».
2. <http://www.perseus.tafts.edu> – антикалық өнер каталогы.
3. <http://www.ou.edu/finearts/art/ahi4913/aegeanhtml/> – Оклахома Университетінің өнер мектебі сайтындағы «Эгей әлемінің өнері» (Крит, Микен, Киклад аралдары). Кескіндеме өнері ескерткіштері, мүсіндер, сәндік-қолданбалы өнер. Фотосуреттер, комментарийлер.

Батыс Еуропа өнері

1. <http://www.kfki.hu/~arthp/welcome.html> – web-мұражай, XII – XVIII ғасырлар басындағы Еуропа бейнелеу өнері (суретшілердің аты бойын-

ша алфавиттік жүйелеу, көркемөнер туындыларының 7300-ден аса репродукциясы, негізгі мәліметтері мен тарихи-мәдени комментарийлер, глоссарий – өнер тарихының теориясы мен практикасы бойынша терминдер, көп аспектілі іздеу жүйесі). Ғаламтордағы ең маңызды ғылыми-мәдени және білім беру жобаларының бірі (құрастырған Венгрия мәдени институты).

2. <http://sunsite.dk/cgfa/fineart.htm> – «Виртуалды өнер мұражайы» сайты, Дания. 1200 жылдан XX ғасырға дейінгі Еуропа кескіндеме өнері. Алфавитті, хронологиялық, географиялық жүйелеу. Суретшілердің өмірбаяны. Іздеу жүйесі. Кейбір туындыларға тарихи-мәдени комментарий берілген.
3. <http://www.pitt.edu/~medart/> – «Ортағасырлық өнер мен сәулет өнері» (Питтсбург университеті, өнер мен сәулет өнері факультеті). Батыс Еуропаның ортағасырлық романдық және готикалық сәулет өнері. Фото-суреттер, комментарийлер.

ӨНЕРГЕ ҚАТЫСТЫ СӨЗДІК

АКАДЕМИЯ ГАЛЕРЕЯСЫ – Венецияда орналасқан, Италиядағы өнер туындыларын сақтап отырған ірі мекеме. 1807 жылдан бүгінгі күнге дейін Венецияның тарихи-мәдени ескерткіші, 1452 жылы архитектор Бартоломео Бонаның жобасымен салынған Санта Мария делла Карита шіркеуі ғимаратында орналасқан. Академия галереясы Венециан мектебінің ең бай жинағын сақтап экспозициялаған. Экспозицияда Венециан мектебі туындылары хронология бойынша қойылған. Экспозициядағы ерте өркендеу дәуірінен Паоло және Лоренцо Венециан, XV ғ. көркемсуретінен Джоанни және Джентиле Беллини, Андреа Мантенья жұмыстары, Виттор Карпаччоның «Әулие Урсул өмірінің көріністері», Джорджоненің «Найзағай» атты туындылары, XVI ғ. көркемсуретінен Тицианның жұмыстары, Якопо Тинтореттоның «Құлдың кереметі», Паоло Веронездің «Левия үйіндегі ойын-сауық» атты туындысы, Лоренцо Лотто туындылары, XVII-XVIII ғ.-лардағы Франческо Нварди, Каналетто, Джованни Батиста Пьяцетт, Пьетро Лонги, Джованни Батиста Тьеполо жұмыстары құндылықтар қатарында.

АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНЬ – музей экспозициясының немесе көрменің, сондай-ақ музейде өтетін іс-шараның бұқаралық ақпарат құралдары үшін жасалған баспасөз баяны (пресс-релиз). Онда музейлік көрме немесе іс-шараның өтілу уақыты мен көрменің қысқаша мазмұнынан баяндау беріледі, безендірілуі көрме мазмұнына сай жасалады.

АМБРОЗИАН ПИНАКОТЕКАСЫ – Милан қаласында орналасқан. Амброзиан Пинакотекасы 1618 жылы архиепископ Фредерик Борромей коллекциясы негізінде қаланған. XV – XX ғ.-лар итальян көркемсурет туындыларын жинақтаған. Музей залдарында Қайта өркендеу дәуірінен Сандро Боттичелли, Бартоломео Виварини, Леонардо да Винчи, Доменико Гирландойо, Брамантино, Якопо Тинторето, Паоло Веронез, фрескалардан Бернардино Луини, Рафаэль, т.б. жұмыстары қойылған, сондай-ақ Моретто да Брешиа, Гвидо Рени, Франческо Айец, Микеланджело да Караваджо, Ян Брейгел туындылары, мүсінші Антонио Канова, Альберт Торвальдсен жұмыстары қойылған.

АНТИКВАРИАТ – тарихи мәдениеттік көркемдік құндылықтарға ие көне зат. А.-тарды шетелге алып шығу процесі мемлекеттік бақылауға алынған. А. заттарының құрамына тарихи дәуірлерге тән коллекциялардың барлық сферасы енеді. А.-тың құны тұтынушының немесе иесінің, сондай-ақ өнертанушы сарапшылардың бағалауына, көркемдік және мемориалды құндылықтарына, антиквариатты заттардың беделіне байланысты. А. түсінігі коллекциялардың ажырамас бөлігі ретінде XVIII ғ.-да қалыптасқан. Ол әлемдік тарихи-мәдениеттік және ескерткіштердің құндылықтарын маркілеумен, көркемдік нарықтың қалыптасуымен тығыз байланысты. Антикварлы зат өзінің арналған қызметін ұмытып жаңа функцияға ие болды. XIX ғ.-дың екінші жартысында аукциондардың маңызды бөлігін антиквариатты жүйелеу басталды. Қазіргі таңда

Қазақстанда антиқварлық салондар негізінен Алматы қаласында шоғырланған. Мәскеуде Ресейлік Алғашқы мемлекеттік емес антиқварлы ұйым «Акция ЛТ» антиқварлы саудамен және антиқварлы букинистикалық аукциондармен айналысты. Антиқварлы нарық құрамына аукционды үйлердің біршамасы кірді. 2001 жылы «Орыс антиқвариаты» компаниясы жұмысын бастаған. «Кростби» сайтында антиқвариат және антиқвариат нарығы жайлы мәліметтер берілген. 2002 жылы жаңа мамандандырылған «Халықарлық антиқвариаттар және арт дилерлер конфедерациясы» арт ұйымы құрылды. Шетел антиқварлы салондарының ішінде ең танымалылары: «Chelsea Antiques Fair», «The International Fine Art Fair» – Нью-Йоркта, «Toulouse Antiques Fair» – Францияда.

АТРИБУЦИЯ – тарих және мәдениет ескерткіші, құжаттар, көркем туындалар, т.б. музейлік маңызы бар заттардың авторын, жасалған уақытын, материалын анықтау. Музей затын атрибуциялауда зерттеуші заттың жасалу техникасын, стилін, материалын, мазмұнын, қолданыс аясын, т.б. затқа тікелей қатысты дүниелерді анықтайды. Затқа тікелей және жанама қатысты мәліметтер мол болған сайын атрибуцияның дәлдігі нақтылана түседі. Көркемөнер туындысында авторды анықтау немесе туынды мазмұнындағы қандай да бір белгіні анықтауға қатысты дау туғанда жасалатын сараптама атрибуция деп аталады. Зерттеу барысында заттың химиялық, физикалық құрамын анықтау, заттың тарихи дәуірлерде жасалу технологиясын, қолданыс аясын анықтау әрі сол затты музей жағдайында сақтау (қордағы жылу, ылғалдылық, т.б.) деңгейін нақтылау үшін қажет.

МУЗЕЙЛІК АТРИБУЦИЯ – заттың музейлік маңызын нақтылауға қатысты сипаттаулар мен музейлік заттың қолданыс аясын, қалыптасуын, затқа қатысты зерттеулерді негізге ала отырып ғылыми негіздеу. Музей заттарын атрибуциялауда қойылатын басты талап – заттағы белгілерді анықтаудағы нақтылық. Музей затының атрибуциясында міндетті көрсетілетін деректер: 1) заттың атауы, 2) инвентарлық нөмірі, 3) түсу көзі, уақыты, жасалған жері, 4) түпнұсқалығы немесе көшірме, 5) заттың аңызы (жасалу тарихы, кімнің тапқаны, кімде сақталғаны, кім өткізгені, т.б.), 6) затта таңбаның, мөрдің, геральдикалық белгілердің болуы (бірдей белгілердің басқа да заттарда болуы), 7) жасалу материалы, 8) жасалу техникасы, әдісі, 9) көлемі (сантиметр, диаметр, ұзындығы, тереңдігі, т.б.), 10) құрылымы мен бейнесі (бірнеше материалдан тұрған жайғайда, құрамының көлемділігі), 11) заттың қысқаша сипаттамасы, 12) стилистикалық ерекшелігі, 13) заттың қолданыс аясы, 14) жасалу уақыты, жері (жасалу уақыты нақты болмаған жағдайды болжалды мерзімі), 15) заттың иесі, 16) заттың әлеуметтік ортадағы қолданысы, 17) этникалық қолданысы, 18) нақты тұлғаға қатысты қолданысы, 19) сақталу деңгейі. Музей затының атрибуциясын жасау үшін музей терминологиясын, зерттеліп отырған заттың түсу мәліметін, яғни экспедициядан, кездейсоқ табылымнан, жеке адамнан, сыйға тартылған, антиқварлы дүкеннен сатып алынған, т.б. мәліметтерін нақты білу маңызды. Заттың физикалық және химиялық құрамын анықтау арқылы нақтыланатын мәліметтер: заттың шикізаты: ағаш, мата, кенеп, киіз, тері, темір т.б.; заттың жасалу әдісі (қолдан немесе өрмек, т.б. арнайы қондырғыда жасалғандығы, құйма, қалыпта құю, бедер салу, жону, тесу, сызба түсіру, қыру, тоқу, т.б.); өнер туындыларында кенеп, майлы бояу, теи-

пера, сангина, грифельді қарындаш, гравюра, литография, акварельді бояу, ағашта бояу, т.б. Заттың түсі бояу арқылы берілген болса, табиғи бояу немесе екі түсті бояудың қосындысынан алынған түс пе, ол түстердің алыну жолдары көрсетіледі.

НУМИЗМАТИКА, асыл тастар, бағалы металдан жасалған заттардың салмағы (1,2 гр, 3 гр., т.б.), атауы, құрамы (нумизматикада – мыс монета, күміс монета, жез монета, т.б.; асыл тастарда – лағыл, зүбәржат, маржан, ақық, переза, т.б.) көрсетіледі. Фабрика маркалары, геральдикалық белгілер, заттағы таңбаларды тіркеуге алу да өте маңызды. Атрибуция заттың авторлық туынды, ұжымдық, мемориалдық, этникалық, әлеуметтік қолданыста болғандығын да анықтайды. Атрибуция нәтижелері музейлік каталог, фотоальбом, экскурсе, анықтамалық, т.б. музейлік басылымдардың жасалуына негіз болады.

АУКЦИОН (лат.*auctio, auctionis* – көпшілік сауда арқылы сату) – адамның әлеуметтік-мәдени қызметінде маңызды орын алатын затты, өнер туындысын, антиквариаттарды, раритеттерді көпшілік сатылымына шығарудың бір жолы, шетелдік музеологияда музей қорын, жеке коллекция қорын антикварианттармен, өнер мұраларымен, мемориалдық заттармен, тарихи-мәдени маңызы бар құжаттармен, т.б. толықтырудың бір бағыты. А.-ды ұйымдастырушы мекемелелер заттың құндылығына алдын ала сараптау жасайды. А.-ның өткізгілі алдын ала ұйымдастырылған бұйымдар көрмесінен кейін қарастырылады. Көп ақша ұсынған адам сатып алушы болады.

Сауда формасы ретінде өнер туындыларының аукциондары антикалық уақытта пайда болған, белсенді түрде XVIII ғ.-да еуропалық көркемдік өнер нарығымен бірге пайда болды. XVIII ғ.-дың екінші жартысында Еуропаның ең ірі орталықтарының бірінде аукционды үйлер пайда болды, қазірде жұмыс істеп отырған Sotheb's (Лондон 1744 ж.), Christie's (1766 ж.) А.-дарын атауға болады.

Ресейде алғашқы көркемдік аукциондар 1760 жылдардың аяқ жағында Петербургте өткен. XX ғ.-да Петербургте А.-ды үйлердің саны артты. 1990 жылдардың басында Ресейде А.-ның қызметі арта бастады. Антиквариат ретінде қарастырылатын А.-дар Мәскеуде жиі өткізіліп тұрды. А.-дық сауданың көшбасшылары «Альфа-Арт» және «Гелос» аукционды үйлері болып табылды. А.-дар Ресейдің барлық қалаларында жиі өткізіліп отырды. Барлық елдің музейлері мұндай А.-дарға белсене қатысты. Мәдениеттік құндылықтарды сатып алудың бұл әдісін Ресей музейлері де қолданды. Музейлерге белгілі бір қаржылай көмекті мемлекет көрсетіп отырды.

Қазіргі таңда ірі А.-ды үйлердің 90%-ын әлемдік антиквариат нарығы бақылап отыр. Күн сайын түрлі елдерде ондаған аукциондар өткізіледі. Ірі аукционды үйлер бағыттар бойынша сауда жасайды, мысалы Sotheby's аукционында көне этнография, азиаттық өнер, кітап және манускриптер, ескерткіштік бұйымдардың жиынтығы бөлімдері бар. Орыс өнерін негізінен көбінесе Christie's, Philips, Bukowski, «Орыс саудасы» ұсынады. Соңғы жылдары аукционды өткізудің жаңа формасы ғаламторлық аукциондар дамып келеді. А.-ды үйлер сайтында каталогтармен танысып онлайн саудаға қатыса алады. А. – музей қорлары мен жеке коллекционерлер қорларын толықтырудың бір көзі.

АБАКА, АБАК (фр. *Abaque*, грек. *abakos*, лат. *Abacus* – такта) – архитектуралада кең мағынада капителидің жоғарғы бөлігі.

АБСТРАКЦИОНИЗМ (лат.*abstractus*) – бейнешілдіктің категорияларын мойындамайтын, дерексіз, затсыздандырылған өнер. Абстракционизм шынайылықты көрсетпейді, бірақ бейнелеу өнеріндегі дәстүрлі құралдарды қолданады: сызықтар, нүктелер, түрлі түсті кеңістік. Бұлардың комбинациясы арқылы, суретшінің субъективті түсінігіне сай, оның көңіл күйі мен сезімін, қоршаған ортаға деген көзқарасын және философиялық позициясын анықтайтын белгілі бір декоративтік әсерлерге қол жеткізіледі. Өнердегі белгілі бір бағыт ретінде 1910 жылдары Мюнхенде, Амстердамда, Мәскеуде пайда болды, бірақ 1930 жылдары Париж бен Нью-Йоркте кең таралды.

АВАНГАРДИЗМ (фр. *Avantgardisme, avant-garde* – алдыңғы шеп) – XX ғ. суретшілерінің ой шабытын біріктіретін көркемөнер бағыттарының шартты атауы. Оларға көркемөнер тәжірибесінің түбегейлі жаңаруы, қатып қалған принциптері мен дәстүрлерінен қол үзуі, шығармаларды жаңа тәсілдер арқылы бейнелеу, формаларды бейнелеудің жаңа әдіс-құралдарын іздестіру тән.

АВТОГРАВИЮРА (гр. *Autos* – өзі + гравюра) – баспа жазуын ағаш, линолеум немесе металл бетіне суретшінің өзі – композицияның авторы салған гравюра.

АВТОПОРТРЕТ (гр. *Autos* – өзі + портрет) – суретшінің өзін-өзі салған бейнесі. Портрет жанрының ерекше түрі.

АКАДЕМИЗМ (фр. *academisme*) – XVI – XIX ғасырлардағы өнер академияларында дамыған бағыт, классикалық өнердің сыртқы нысандарына, догматикалық еліктеушілікке негізделген. Академизм көркемдік білім беру жүйесін жүйелеуге, «мәңгілік» заңдар мен рецептілер жүйесіне айналған классикалық дәстүрлерді нығайтуға септігін тигізді. Заманауи шынайылықты «жоғарғы» өнерге лайықты емес деп санап, оған әсемдіктің уақыт жағынан және ұлттық санаты жағынан шектелмейтін формаларын қарама-қарсы қояды. Ол суреттің және түстің шарттылығы, композициялардың, кейіптер мен қимылдардың театрлылығы арқылы бейнеленіп, шынайылықтан алыс сюжеттерді, классикалық образдарды дәріптеді. XX ғасырда бірқатар елдерде академизм кейде неоклассицизмнің жаңартылған түрлерінде көрініс тапты.

АКАНТ, аканф (грек. *akanthos*) – «аяудың табаны» деп аталатын үлкен жапырақты өсімдік, декоративтік форма, суретте өсіп бара жатқан акант жапырақтары ретінде бейнеленеді; бұл мотив антик дәуірі кезінде пайда болып, коринфтік және композиттік капителілердің, медальондардың, акротерийлердің конфигурациясын анықтайды және өрнектің шығуының негізі болып табылады. Аканттық өрнек фризер мен карниздерді сәндеу үшін де қолданылады.

АКВАРЕЛЬ (фр. *Aquarelle*, лат. *aqua* – су) – құрамында суға еритін желім қосылған түрлі түсті бояу. Таза акварель (беліл қосылмаған) XV ғ.-да кеңінен қолданыла бастады. Оның негізгі қасиеттері – бояулардың мөлдірлігі.

АКВАТИНТА (итал. *Acquatinta, acquaforte* – офорт + *tinto* – боялған) – асфальт немесе конифольді шаң арқылы металл тастасын қышқылмен улауға негізделген гравировка түрі. Аквагинта суретке қараңғы ренк береді; түрлі түсті баспаға да қолданыла алады.

АКРОТЕРИЙ (гр. *akroterion*) – классикалық ордерлер үлгісінде салынған үй төбелерінің бұрыштары мен жиектеріне сән үшін киюластырылған мүсіндер мен оюлы бейнелер.

АКЦИОНИЗМ – 1960 жылдары авангард өнерінде пайда болған бірнеше формалардың жалпы атауы (хэппенинг, перформанс, эвент, өнер процесі). Акционизм өкілдері суретшінің статикалық пішіндерді құруға қатыспауы керек, олар түрлі демонстрацияларды, іс-шараларды, акцияларды, қысқа қойылымдарды, прощестерді ұйымдастыру керек деп санайды. Олардың басты мақсаты – өнер мен шындық арасындағы шегараны жою.

АЛЕБАСТР (гр. *alabastros*) – 1) минерал, гипстің қардай ақ ұсақ түйіршікті түрі; 2) құрылыс гипсі, байланыстырушы тұтқыр материал.

АЛЛЕГОРИЯ – 1) толық салыстыру; 2) бейнелеу өнерінде – дерексіз ұғымдарды, сипаттамаларды және қасиеттерді белгілі бір сипатта, тіршілік немесе нысан түрінде кейіптеу.

АЛТАРЬ – православиелік шіркеуде ғимараттың шығыс бөлігі, алтарь тосқауылымен бөлінген, XV ғасырдан бастап иконостас арқылы бөлінеді.

АМПИР (франц. *empire* – империя) – XIX ғ.-дың басында Батыс Еуропада негізінен сәндік қолөнері саласында дамыған мәнер. Бұл кезінде «Жоғары классицизм» немесе «XVI Людовиктің мәнері» деп те аталған. Ампирдің сәндік қолөнері бұйымдарында кездесетін әшекей белгілері Көне Рим өнеріне еліктеушіліктен туындаған. Осы мәнер, әсіресе жиһаздарда, ыдыс-аяқ пен мата бұйымдарында, сәулет өнері туындыларында бой көрсетті. Ампир мәнері Еуропа елдерінде (Францияда, т.б.) қызыл ағаштан безендіріп жасаған жиһаздар арқылы әйгілі болды. Ресейде ол XIX ғ.-дың бірінші ширегінде орыс классикасының түпнұсқалық нұсқасы ретінде кеңінен таралды.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ӨНЕР – өмірдің сыртқы түрін бұзып, ондағы көрінбейтін процестерді жеткізуге талпынатын белгілі бір өнер түрі. Аналитикалық өнердің тұжырымдамасы мен идеологиясын құрған П. Филонов болды. Аналитикалық өнер элементтері бірқатар авангардтық бағыттарда, атап айтқанда, кубизмде кездеседі.

АНГОБ (фр.*engobe*) – керамикалық өнімнің бетіне оны күйдіргенге дейін, біркелкі емес бетін жабуға және сәйкес келбет пен түс беру үшін жағылатын ақ немесе түсті балшықты жұқа қабат.

АНДЕГРАУНД (ағылш. негізсіз – жер асты, заңсыз) – спецификалық эксперименталды, «орныққан дәстүрді жою», элиталық өнер түрлерінің жалпы атауы. КСРО-да бұл термин тек «ресми» өнерге қарсы шыққан «жер асты» өнері ретінде пайдаланылды.

АНИМАЛИСТИК ЖАНР, анимализм – бейнелеу өнері жанрларының бірі, бейнелеу өнерінде мүсін, кескіндеме мен графикада жануарлардың бейнеленуі.

АНСАМБЛЬ (фр. *ensemble* – бірге) – өзара келісімділік, өзара байланыс, бөліктердің бірлігі, олардың әрқайсысы толығымен тәуелсіз тұтас болып табылуы.

АНТАБЛЕМЕНТ (фр. *entablement*) – бұл колонналар арқылы ұсталынып тұратын ғимараттың жоғарғы, көлденеңінен ұйымдастырылған бөліктерінің жүйесі. Классикалық архитектура үш бөліктен тұрады: архитрав, фриз және карниз.

АНТЕФИКС (лат. *antefixum*, *ante* – алды және *fixum* – бекітілген) – мәрмәрден немесе терракотадан жасалған (палметті немесе рельефті қалқан түрінде) ою. Ол әдетте антикалық храмның бойлық жағында шатырдың шеттерінде орналасқан.

АНТИКАЛЫҚ (лат. *antiquus* – көне, ежелгі) – Қайта өркендеу дәуірінен бастап еуропалық мәдениет үшін классикалық үлгі болып саналатын ежелгі гректер мен римдіктер мәдениетінің көрінісі.

АНТРЕСОЛЬ (лат. *solum* – негіз) – биіктігі екі бөлікке бөлінген немесе негізгі қабаттың көлеміне салынған интерьердің жоғарғы бөлігі (үйдің ішкі бөлігі).

АНФИЛАДА (фр. *enfilade*) – бірдей осьте орналасып, бір-бірімен есіктер арқылы байланысатын бөлмелердің қатары ретінде интерьерді ұйымдастыру принципі.

АПСИДА (гр. *apsidos* – арка) – 1) ғимараттың жартылай шеңбер, сопақ немесе көпбұрышты шоқысы; 2) алтарь орналастырылған христиан шіркеуінің шығыс бөлігі.

АРАБЕСКА (ит. *Arabesco* – арабтық) – 1) геометриялық фигуралар, аралық сызықтар, бұйралар, стильдендірілген жапырақтар, гүлдер мен жазулардан тұратын күрделі ою-өрнек; 2) өзгеше өсімдік формаларынан ғана тұратын керемет ою-өрнек. Араб әріптерімен әсемдеп жазылған, геометриялық пішіндерге негізделіп жасалған күрделі ою-өрнек. Араб мәдениетінің ықпалымен архитектурада және жазба ескерткіштерде накыш жазулары жиі қолданылған. Өркендеу дәуірінде А. Еуропа сәулет өнерінде кең қолданылды.

АРКА (лат. *arcus* – доға) – қабырға немесе тірек аралықтарын ұштастыратын иін. Алғаш рет шығыс сәулет өнерінде қолданылған. Кейін ежелгі Рим архитектурасында кең қолданылды. Аралық мөлшеріне, салмақ көтеру мүмкіндігіне, құрылымдық сипатына қарай арка тастан, металдан, ағаштан және темір бетоннан жасалады. Ежелгі сәулет өнерінде арка көбінесе тастан, қыштан қаланған. Арка пішініне қарай жартылай дөңгелек, садақ тәріздес (готикада көп таралған), таға тәріздес (араб елдері, сәулет өнерінде жиі кездеседі), дулыға тәріздес, көп қалақшалы, киль тәріздес болып келеді. Арка бүгінгі заманғы құрылыстарда да өз мәнін жоғалтқан жоқ. Ғимарат тұрғызуда, көпір салуда басқа да құрылыстарда арка негізгі құрылымдық бөлік ретінде қолданылады.

АРКАДА (фр. *arcade*) – бірдей мөлшерде және пішіндегі өзара байланысқан аркалар қатары.

АРКАТУРА (нем. *Arkatur*) – қабырғаға тығыз жанасқан және оның бетіне өрнекті фриз калыптастыратын шағын аркалар қатары.

АРХАИКА (грек. *archaikos* – ежелгі, көне) – кез келген құбылыстың дамуының ерте сатысы.

АРХИВОЛЬТ (гр. *archi* – бірінші, бастысы және ит. *volta* – доға) – арканың сыртқы жақтауы.

АРХИТЕКТЕНИКА (гр. *architektonike* – құрылыс өнері) – құрылыс негізі. Архитектоника «тік тұрғызылу», кескіндеме өнеріндегі айқын қабылданып тұрған бүтіндік пен композициялық деген мағыналар береді. Демек, өнер мен архитектуралық шығармалардың көркемдік құрылымы. Үйдің құрылымдық жүйесін құрылыс заңдылықтарына сай, зор көркемдік дәрежеде жүзеге асыру және оның нақты шешімін табу архитектураға байланысты. Әр алуан құрылыстағы құрылымдық жүйелердің үйлесімді келуі үшін сәулет кешенінің көркемдік ерекшелігі мен инженерлік шешімі біртұтас болуы керек. Мұндағы сәулет өнерінде басты элемент пен қосалқы элементтердің арақатынасы табиғи

байланысады. Мысалы, үй ішіндегі бағана, қабырғалар құрылыстың беріктігін, көркемдігін арттыра түседі.

АРХИТЕКТОР (гр. *architecton* – басшы, бас құрылысшы) – сәулетші, барлық құрылыс жұмыстарының жетекшісі, жобаның авторы.

АРХИТЕКТУРА (лат. *architectura*) – 1) архитектура, жобалау және құрылыс өнері, адам дүниетанымының көркемдік-образдық формалары ретінде білінуі. Кейде таза утилитарлық мақсаттарды көздейтін қарапайым құрылысқа қарсы қойылады; 2) ғимараттың көркемдік сипаты.

АРХИТРАВ (гр. *archi* – негізгі + лат. *trabs* – балка) – тікбұрышты колонналармен, тіректермен бекітілген, антаменттің үш көлденең бөлігінің төменгі жағы.

АССАМБЛЯЖ – XX ғ. өнерде – күнделікті өмірден алынған бірнеше нақты заттардан тұратын шығармашылық жұмыс. Өзіндік көркемдік мағынасы болмаса да, олар жалпы мәнмәтінде жаңа комбинацияда басқа мәнге ие болды. А.-дың алғашқы тәжірибелерін классикалық авангард ұсынды.

АТЛАНТ (гр. *Atlas, Atlantos* – алып жүруші) – ер адам фигурасы түріндегі тік, көлденең тіреуіштер.

АТРИБУЦИЯ (лат. *attributio* – анықтама беру) – өнер туындысының түпнұсқалығын, оның авторын (немесе өнер мектебін) анықтау, сондай-ақ жасалған орны мен уақытын белгілеу (танысу). А. заманауи өнерді зерттеуде композицияны талдауға, шебердің жеке тәсіліне, орындау техникасына және т.б. сүйенеді. Сонымен қатар қазіргі заманғы физика, радиография, инфрақызыл және ультракүлгін сәулелену, микро- және макрофотография тәрізді заманауи жетістіктерге жүгінеді.

АТТИК (гр. *attikos* – аттикалық) – 1) тіктөртбұрышты, қабырғалары жазулармен немесе рельефтермен безендірілген, карнизден жоғары орналасқан бөлік; 2) кіріктірілген қабат.

АКРОПОЛЬ (гр. – жоғарғы қала) – биік төбелерде, ірі тас плиталардан тұрғызылған, мықты жабдықталған қала-бекініс.

АМОН-РА – Ежелгі Египет құдайы. Амон – Фива қаласының басты құдайы. Фив Мысырдың астанасы болғанда, Амон барлық құдайлардың патшасы деп саналды. Күн құдайы Ра Гелополите құрметке ие болды. Кейіннен Амон мен Ра культтары біріктірілді.

АНУБИС – Ежелгі Египетте бальзамдау құдайы, мазардың иесі. Ол қара иттің бейнесінде немесе иттің басымен еркек фигурасы кейінде бейнеленеді. Ежелгі Патшалықтың соңында өлгендердің негізгі құдайы Осириске орын беріп, оның тұрақты серіктесі болады.

АРТЕФАКТ (лат. – жасанды) – жасанды шыққан зат.

АТОН – бұл күн сәулелері төгіліп тұрған дискінің бейнесі арқылы дәріптелетін Ежелгі Египеттегі Күн құдайы. Орта Патшалық дәуірі кезінде басқа құдайлармен бірге айтылады. Эхнатон билігі кезінде (б.э.д. 1370 – 1352 ж.) оның культі жалғыз ғана болды; Фараон-реформатор қайтыс болғаннан кейін Атонға табынушылық тұрақтап қалмады.

БАЗА (гр. *basis* – қадам) – колоннаның, пьедесталдың, пилястрдың астыңғы тірек бөлігі, негізі. Сәулет ордерлеріне байланысты базаның мына түрлері ажыратылады: тосқандық, коринфтік, рим-дориандық, ионистік.

БАЗИЛИКА (гр. *basilike* – хан шатыры) – 1) бағандары немесе тіреуіштері бойлық бағытта орналасқан тікбұрышты ғимарат. Ортаңғы (негізгі) бөлігі бүйір бөліктерінен жоғары орналасады, оның қабырғаларына терезелер салынады; 2) христиан шіркеулерінің композициясының кең тараған түрі.

БАЛКОН (лат. *balcus* – балка) – қоршаулармен шектелген кеңістік.

БАЛЮСТРАДА (фр. *balustrade* және итал. *balaustrata*) – баспалдақтар, террасалар, балкондар мен шатырлардың ағаштан, тастан немесе металдан әсемдеп істеген, төбесі ортақ, бір-бірімен көлденең сырықтармен жалғастырылып бекітілген әдемі қоршауы, жақтауы.

БАЛЯСИНА (итал. *balaustro*) – балкон, баспалдақтар, қоршаулардың сүйеніштерін ұстап тұратын шағын пішінді баған.

БАРЕЛЬЕФ (фр. *bas-relief* сөзбе-сөз аудармасы – аласа бедер) – бедерлі мүсіннің бір түрі. Барельеф ауқымды кескін әрі техникалық негіз, әрі фон болып табылатын тегіс бетке салынады. Кескін композициясы негіздің тұтастығын сақтай отырып, оның жарты қалыңдығындай мөлшерде шығыңқы тұрады. Барельефтің кескіндік және өрнектік түрлері болады. Ол сәулет құрылыстарында, безендіру туындыларында, ескерткіштердің тұғырында, ұстын, мемориалдық тақталарда, медальдар мен теңгелерде, глиптикада, яғни тастан қашалған бұйымдарда қолданылады. Сондай-ақ өз алдына жеке өнер туындысы ретінде де кездеседі.

БАРОККО (итал. *barocco*) – XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың I-жартысында Батыс Еуропада дамыған архитектуралық стиль. Барокко Қайта өркендеу дәуірінен кейін пайда болып, Еуропа архитектурасы ауқымынан асқан бірінші әлемдік стиль. Оның негізгі ерекшелігі – көрнекі салтанат, еңселілік, құрылыс жобасы мен қасбетіндегі күрделі формалар, мүсін мен анық. Өрнектерді шамадан артық қолдану. Бароккода аумақты мүсін мен кескіндеменің ерекше дамығаны сонша, тіпті негізгі архитектуралық құрылыстың өзімен «тайталасып» қалатын кездері болған. Жалпы стильдік бағыт сақталғанымен, әр елдегі барокконың өзіндік ерекшелігі болды. Мысалы, Италия архитектурасында барокконың стильдік ерекшеліктері ғимараттың іші-сыртына бірдей сіңіп кеткен. Барокко стиль ретінде, алдымен, Италияда қалыптасты.

БАСТИОН (гр. *basterna* – тұйық жабылған) – бекініс қабырғаларынан өтіп, жергілікті халықты атуға арналған шығыңқы қорған дуал ретіндегі бесбұрышты бекініс.

БАШНЯ (ит. *bastia*) – құрылымы тігінен салынған сәулет құрылысы. Ежелгі заманнан бері жеке ғибадатхананың немесе экономикалық құрылыстың нысаны ретінде және бекініштердің бөлігі болып қызмет етті. Сәндік элемент ретінде ғимараттың жалпы құрамына кіре алады.

БЕЛЬВЕДЕР (итал. *belvedere* – сөзбе-сөз ауд. әсем көрініс) – 1) ғимараттың жоғарғы жағындағы алаң, бөлме, шағын құрылыс немесе мұнара; 2) қоршаған аймақтың көрінісін ұсынатын, ғимараттың жоғарғы жағындағы жаппа немесе күрке.

БЕЛЬЭТАЖ (фр. *bel* – әсем + *etage* – этаж) – төменнен санағанда екінші қабатта орналасқан, әдетте, ең бастысы болып саналатын, ғимараттың (сарай) ең әдемі безендірілген бөлігі.

БИСКВИТ (франц. *biscuit*) – екі мәрте күйдірілген, сырты глазурьмен қапталмаған фарфор. Бисквиттен сарай сервиздеріне арналған шағын мүсіндер жасалған.

БИСТР (фр. *bistre*) – суда еритін өсімдік желімімен араласқан ағаштан жасалған мөлдір қоңыр бояу. XV – XVIII ғасырлардың еуропалық суретшілері пайдаланған.

БОСКЕТ – сәндік парк түрі, бұйра тәрізді торлы түрінде кесілген ағаштар мен бұталардың тығыз тобы. Тұрақты парктерге тән.

БЮСТ (франц. *buste*, лат. *bustum* – қабір үсті ескерткіші) – кеуде тұсынан алынатын, негізінен портреттік бейнесі бейнеленетін (түпнұсқасы), дөңгелек мүсіндегі адам.

ВАЛЕР (фр. *valeur* – сөзбе-сөз баға, құны) – кескіндемеде және графикада, жарықтың және көлеңкенің коэффициентін білдіретін (басқа реңктермен бірге) реңк тоны. Ол тұрақты қарым-қатынаста болатын реңктің әр түстерін белгілеп, түс аясындағы жарық пен көлеңкеде дәйекті градацияны береді. Валер жүйесін пайдалану түстердің ерекше тереңдігін және түс қатынастары мен өтпелі кезеңдерінің ұқыптылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ВЕДУТА – белгілі бір аймақтың көрінісін дәл көрсететін панорамалық пейзаж.

ВЕРАНДА (үнді. *veranda*) – үйдің немесе оның қабырғаларының айналасындағы жабық балкон.

ВЕРНИСАЖ – арнайы шақырылған тұлғалар қатысатын көрменің салтанатты ашылуы.

ВЕСТИБЮЛЬ (фр. *vestibule*) – ғимараттың негізгі интерьеріне кірер алдындағы үлкен бөлме.

ВИМПЕРГ (нем. *wimperg*) – готикалық ғимараттардың жоғары сапалы сәндік табақшасы, әрлеу порталдары мен терезе тесіктері. Өріс ашық немесе рельефтік суреттермен безендірілген; вимперг плитасы пластикалық бөлшектермен және крест тәрізді кронштейнмен қоршалған.

ВИНЬЕТКА – кітап графикасында декоративтік (өрнектелген, символикалық немесе бейнелер) мақсатта пайдаланылатын шағын композиция.

ВИТРАЖ (лат. *vitrum* – шыны) – 1) терезелерде, есіктерде, экрандарда қорғасын линтельмен бекітілген түсті шыны; 2) түрлітүсті шыныдан жасалған сурет немесе сәндік композиция. Металл (көбінесе қорғасын) өзек арқылы бекітілген түрлі түсті әйнектерден жасалатын ою-өрнекті немесе сюжетті-декоративті композиция. Әдетте, терезеге, есікке, арқалық қабырғаға дербес панно түрінде салынады. Витраж түрлі түсті шыны арқылы өтетін жарық сәулелерінің құбылуы арқылы интерьерге көркем түр береді. Құрылыс тәжірибесінде ғимараттың түгел немесе ішінара әйнектелген қасбеті де витраж деп аталады. Витраждың қарапайым түрлері Ежелгі Мысырда б.з.б. II мыңжылдықтан бастап жасалған. Орта ғасырлардағы Батыс Еуропа сәулет өнерінде ғибадатханалардың интерьерлерін безендіруде витраж өнері шарықтау шегіне жетті.

ВОЛЮТА (лат. *voluta* – спираль) – 1) бұрама, спираль түріндегі архитектуралық детальдар; 2) Ренессанс, классика және барокко өнерінде ою-өрнектің бөлігі және кронштейннің сәулеттік бөлшектері.

«**ВЕНЕРАЛАР**» – палеолит кезеңіне жататын тастан, сүйектен, күйдірілген саздан жасалған әйел мүсіндері. Бұл мүсін ерекшелігі – табиғи кәдімгі формаларымен үйлесуі.

ВОЛОНТЕРЛІК (фр. *volontaire* – ерікті) – қайырымдылық, әлеуметтік және де өзге қоғамдық пайдалы мақсаттары бар еңбек қатынасының жүйесі. Волонтерлердің еңбегін материалдық, қаржылық өтеусіз негізде пайдалану, музейдің жанама қаржыландыруының бір түрі. Волонтерлерді жұмысқа тартудағы музейдің мақсаты – адамның жеке тұлға ретінде дамуына және оны қоғамның қабылдануына жағдай жасау.

ГАЛЕРЕЯ (фр. *galerie*) – өнер туындаларын жинауға, насихаттауға, зерттеуге бағытталған, өнер коллекцияларын хронологиялық, тақырыптық, жанрлық, т.б. бойынша экспозициялауға мамандандырылған музей немесе өнер музейінің бір бөлігі. Г. қызмет аясы ХХ ғ.-да кеңейе түскен. Г. құрамында өнер салондары, аукциондар, арт білім беру мекемелері, үйірмелер жұмыс жасайды. Г. өз қорына материалдық мәдениет мұраларының кез келген түрін насихаттай алады.

ГАНЕША – индуизмдегі даналықтың, гүлденудің құдайы, халықтың иесі. Бұл Шива және Парватидің ұлы деп саналады, ол пілдің басымен бейнеленген.

ГОРЕЛЬЕФ (фр. *haut-relief* – дөнес бедер) – мүсін өнерінің бір түрі. Горельефте бейне бедері жазықтықтан көтеріңкі жасалады. Горельеф – орналас-тырылған жазық беттен өзінің жалпы көлемінің жартысынан көбі шығыңқы тұратын бейне мүсін.

ГОХУА – бұл қытай кескіндемесінің классикалық жанры. Әдетте, «се» және «гун би» тәсілдері бойынша жүзеге асырылады. «Се и» («ойды жеткізу») техникаға сәйкес әртүрлі қалыңдықтағы қара қаңылтырдың бірнеше түрлерін қолдану арқылы бөлшектерді жазусыз ландшафтардың және адамның суреттерін бейнелейді. «Гонг би» («мұқият қылқалам») ең кішкентай детальдарды мұқият көбейту: бейнеленген адамдардың шаштары, құстардың қауырсындары және т.б.

ГАРМОНИЯ – жүйедегі қосалқы бөлшектерді, үйлесімділікті, пропорционалдылығын білдіретін эстетикалық санат.

ГРАФИКА (гр. *graphein* – тырнау, жазу, салу) – бейнелеу өнерінің бір жанры. Кескіндеме жанрында түс пен бояу негізгі рөл атқарса, графикада сызықтар, штрихтар, ашық және қара (қоңыр) дақтардың арақатынасы шешуші рөл атқарады, сондай-ақ заттардың ең негізгі белгілері таңдап алынады. Графикаға гравюраның барлық түрлері (литография, линогравюра, ксилография), плакаттық, сатиралық сурет түрлері жатады. Бейне қарындашпен, көмірмен, бормен, қаламұшпен тікелей қағазға түсіріледі немесе арнайы өңделген тақталарға (гравюра) немесе тасқа (литография) бедерленіп, қағазға содан басылады, кейде баспалық-механикалық әдіс арқылы көбейтіледі. Графикада кескіндеме жанрындағыдай акварель, гуашь, пастель пайдаланылады. Графиканың көп ғасырлық тарихы бар. Батыс Еуропаның Леонардо да Винчи, Микеланджело, Рембрандт, орыс халқының Орест Кипренский, Карл Брюллов, Василий Перов, Илья Репин сынды суретшілері өздерінің графикалық туындылары арқылы әлемдік бейнелеу өнері қорын байытты.

ГУАШЬ (итал. *guazzo* – сулы бояу) – желім мен ақ сыр қосылып, суға ерітілген бояу. Қағазға, жібекке, т.б. материалдарға сурет салу үшін қолданылады.

ГИПС (гр. *gipsos*) – минерал, өз құрамына екі су молекуласын кіріктіретін кальций сульфаты; негізінен гипс минералынан тұратын тұнба (шөгінді) тау жынысы.

ГЛИПТИКА (гр. *glyptike, glypho* – ойып саламын) – қымбат және жартылай қымбат тастарда ойып салу өнері, сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің бірі.

ГОЛОГРАММА – жарық көздері арқылы алдын ала жарықтық сезімтал пластина немесе пленкаға жазылып алынған заттардың көлемді бейнесін көрсету. Г. – бұл нақты заттың көлемді оптикалық көшірмесі, ол заттың суретін жарық сезгіш тілімшемен немесе лазер техникасының көмегімен таспаға жазу жолымен жасалады. Экспозицияға заттардың жеке топтар арасындағы мағыналы байланыстар көрнекілігін орнату үшін карталар, сызбалар, диаграммалар, кестелер және басқа да *ғылыми-көмекші материалдар* енгізіледі. Алайда оларды дұрыс қолданбау музей заттарынан келушілердің көңілдерін алаң еткізіп, сонымен қоймай экспозицияның ерекшелігін бұзуы мүмкін. Экспонат-түпнұсқаларды өзінің керексіз айқындылығымен немесе безендіру әсерімен «ерекшелеу, әсірелеу» керек емес. Сондықтан да Г. қолдану тәжірибені және талғамды қажет етеді.

ГРАВИЮРА (фр. *gravur* – бедер сурет) – графика өнерінің бір түрі; тақтаға бедерлеп салған суреттің қағазға түсірілген көшірмесі (эстамп) Г. деп аталады. Өңдеу әдісіне байланысты Г. бедерленіп және ойылып жасалатын нұсқа болып екіге бөлінеді: бедерлі нұсқада бояу сурет бетіне жағылады (ксилография, линогравюра). Ойма нұсқада бояу ойылған сурет сызықтарына толтырылады (офорт, акватинта, меццо-тинто, лавис, т.б.). Г.-ның жасалу барысы бірнеше кезеңнен тұрады: алдымен қағазға салынған эскиз тақтаның бетіне көшіріледі. Содан соң арнаулы металл аспаптармен (штихель, қашау, гравирлейтін инелер, арнаулы пышақтар) немесе химиялық әдістермен (қышқылмен күйдіру, т.б.) бұл сурет тақтаның бетіне ойылып немесе бедерленіп түсіріледі. Одан кейін тақтаның бетіне бояу жағылып, қолмен немесе арнаулы станокпен қағазға басылады. Г.-лар бедерлену әдісіне қарай бірнеше түрге бөлінеді: мысқа ойылып жасалатын Г., ағаштағы Г. – ксилография, линолеумдегі Г. – линогравюра, офорт, меццо-тинто, т.б. Г. жасалатын негізгі заттар: металл (мыс, мырыш, болат), ағаш (шамшат, пальма, алмұрт ағашы), линолеум, т.б. Г., көбінесе, ақ-қара түсті болып келеді. Алайда әрқайсысына әр түсті бояу жағылған бірнеше тақтадан басылатын түрлі түсті Г. да жиі кездеседі. Г. графикалық өнерге тән сан түрлі бейнелеу құралдарын пайдаланады: контурлы сызық, штрих, дақ, бояу, т.б. Қаттылығы әртүрлі нәрселерден жасалуына орай қалыптасқан стильдік өзгешелігі, авторлық бір нұсқаның көп данасын өзгеріссіз, айнытпай шығаруға болатындығы – Г.-ның ерекшелігі. Қондырғылы Г.-мен (эстамптар) қатар кітап Г.-сы да кең тараған. Алғашқы Г. VI-VII ғ.-ларда Қытайда пайда болғаны айтылады, ең ертеден жеткен Г.-ның жасалған уақыты 868 жыл деп көрсетті. Ксилография Жапонияда дамыды. Ресейде XVI ғ.-дан белгілі. XVIII-XIX ғ.-ларда Г. кең таралды. Қазақстанның бейнелеу өнерінде Г. өнердің өркендеген түрлерінің біріне айналды. Республиканың жетекші графикашылары В.И. Антощенко-Оленев, К.Я. Баранов, Е.С. Бейсембинова, Н.С. Гаев, А.А. Гурьев, А.А. Дячкин, И.Н. Исабаев, Ш.Б. Кенжебаев, Б.П. Пак, А.С. Рахманов, Е.М. Сидоркин, Ә. Смағұлов, т.б. Қазақстан Г.-сына зор үлес қосты.

ГРАФФИТИ (итал.*graffiti* – тырналған) – үйлердің қабырғаларына, металл бұйымдар мен ыдыстарға жазылған арнаулардың ғылыми атауы. Олар кейде магиялық мағынада жазылған. Г.-лер көбінесе ежелгі және ортағасырлық қала орындарына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған. Қазақстаннан табылған граффитилер жазулары ерте кездерді камтиды. Мысалы, Есік қорғанынан табылған күміс тостағандағы жазулар. Іле ауданындағы түркі заманының ескерткішін қазу барысында табылған қола жүзіктегі «алдыма тізерле, сужүрек» жазуы түріктердің ежелгі дүниетанымынан мәлімет береді. Жүзіктегі жазуды жаудың мысын басу үшін магиялық сипатта қолданған болса керек. Г.-лер көне тайпалардың сөйлеген тілі, тұрмысы жайлы құнды мәліметтер береді және палеографияның құрамдас бөлігі болып табылады. Музей экспозициясында металл бұйымдар мен ыдыстар граффитилері ғылыми көмекші материалдармен (карта, сызба, т.б.), ал қабырға граффитилері диорама, панорама ретінде беріледі.

ГИБАДАТХАНА – Құдайға құлшылық етілетін, діни рәсімдер мен парыздар атқарылатын ғимараттардың жалпы атауы. Әрбір дінде бірнеше түрлі Ғ.-лар бола береді және түрліше аталады: исламда – мешіт, христиан дінінде – шіркеу, собор, монастырь, костел, кирха; иуда дінінде – синагога; ал будда дінінде олардың ортақ атауы жоқ, әр елде әртүрлі аталады (мыс., Жапонияда тэра, Шри-Ланкада вихара, Моңғолияда хурэ, Бурятияда дацан, т.б.). Ғ.-лар, негізінен, іргелі, еңселі, биік мұнаралы, көп күмбезді, бірнеше текшелі, әлденеше бөлмелі сәнді де күрделі ғимарат болып келеді. Ғимараттың ішінде алтарь, мінбе, михраб сияқты дұға бағыштайтын арнаулы орындар болады. Ғ. іші хұсни хаттармен, періштелер мен әулиелердің бейнелерімен, ою-өрнектер және әсем жазулармен безендіріледі. Ғ.-лар архитектурасы адамның Құдайға құлшылық етіп, онымен байланысқа түсетін орны ретінде әр дінде әртүрлі діни тұспал-нышандармен, сондай-ақ ұлттық ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Мыс., мешіт күмбезінің ұшар басында міндетті түрде исламның белгісі – жарты ай бейнесі, ал шіркеуде айқыш (крест) орнатылады. Көптеген Ғ.-лар өзінің ғажайып көркімен әлемдік сәулет өнерінің жауһар мұралары қатарынан орын алады. Ғибадатханалардағы діни мұралар діни кітаптар, фрескалар, иконалар, т.б. музей экспозициясы қызметін атқарады.

ДИОРАМА (гр.*dia* – зат арқылы, *horama* – түр, көрініс) – ерекше экспозициялық өнер туындысына негізделген кескіндемелік артқы фон және алдыңғы қатардағы түпнұсқа заттармен немесе макеттік заттармен үйлесімділік таба отырып келушілерге әсер беру үшін құрылған экспозициялық кешен. Д.-лар көбіне тарихи тақырыптарға құрылады. Мысалы: ҚР МОМ-дағы «Алғашқы адамдар»; «Берел» қорымы; «Отырардың күйреуі»; «Қазақ отбасы»; «Ұлы Отан соғысы»; әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Археология оқу музейіндегі «Алғашқы адамдар»; «Этнография» оқу музейіндегі «Жайлау», «Қыстау», «Егістік қос», «Ұста шеберханасы» диорамалары.

ДИСКУРС (лат.*discere* – адасу, фр.*discours, discourse*, ағылш. – пайым сөз, аттану) – мәтінде өзге факторлармен байланыстағы сөздің негізгі ұғымдарының бірі. Д. термині мағынаның ұғымын білдіріп, оның ішінде лингвистикалық емес факторларды түсінуге мүмкіндік береді. Д. термині музейтануда музейлік және музееологиялық деп ажыратылады. 1. Музейлік Д. – музей ісінің

эртүрлі бағыттарына автордың өз ойлары мен мемлекеттің мәдени саясатына және музей саясатына қатысты ұстанымдары тән. Музейлік Д. сараптауы музейдің коммуникативті өзгешелігін айқындауға мүмкіндік береді. 2. Музеологиялық Д. музей қызметіне қатысты сөздік қызметті, соның ішінде теориялық ойлаудың, суреттеу мен музеологиялық дискурсты сараптау барысындағы тілді түсіндіреді, музей бағытына байланысты ғылыми, тарихи, техникалық, мифологиялық, т.б. көптеген мәнмәтіндердегі сипаттауға, саралауға қатысты метатілдерді қолданады.

ИЕРОГЛИФ (гр. *hieros* – қасиетті, *gluphe* – қиылып алынған) – *идеографиялық жазудың* таңбасы. И. терминн бірінші рет Климент Александрийский 200 жылы Мысыр жазуына қатысты қолданған. Ең көне Мысыр иероглифі б.з.б. IV мыңжылдықта пайда болған. И. тек көне Мысыр жазуы деген мәнде ғана емес, басқа жазулар жүйесіне (қытай, крит, т.б.) қатысты да қолданылады. И. деп лотографиялық (бір сөз) мәндегі, аз да болса сурет сипатын сақтаған жазу таңбалары аталады. Ол пиктографияға (сурет жазуына) да, дыбыстық жазуға да жатпайды, бірақ ол нағыз сурет бейнесін сақтамағанымен, алғашқы суретке ұқсастығы аңғарылады. И. жазуының әр таңбасы жеке тұрады, таңбалар бір-бірімен қосылмайды. И. жазуы жоғарыдан төмен, кейін оңнан солға, кейде керісінше ойылып жазылған. Жазудың бағытын таңбадағы адамның, жануардың беті мен аяғы көрсететін болған. Адамның, жануардың беті қарап тұрған жақтан бастап оқу керек екені байқатылған. И. жазуының екі түрі болған: 1) иератик (гиератик) жазу – папирусқа жазудан пайда болған жазу үлгісі, бұл кейін тек діни жазуға айналған; 2) демотик жазу – иератиктен дамыған тез жазу, мұнымен іс қағаздары, көркем шығармалар жазылған, ертеде шыққан кітаптар көшірілген, сондықтан да ол халықтық жазу деп аталған.

ИМИТАЦИЯ (лат. *imitatio* – ұқсау, еліктеу) – музей ісінде материалдық емес мәдениетті, ұлттық салт-дәстүрлерді, колөнер шеберлерінің әдіс-тәсілдерін адамдар көмегімен көрсету. Мысалы, колөнер жәрмеңкесін, шеберлік сыныптарын, ұлттық киімдер сән шеруін, т.б. ұйымдастыру. Сондай-ақ музей экспозициясы тақырыбын, көрме мазмұнын ашу үшін құстар, жан-жануарлардың тірі дауыстарын, табиғат құбылыстарын, яғни теңіз шуылын, боран соғудағы, найзағай ойнағандағы дауыстарды пайдалану. И.-ны музей ісі саласында «*тірі экспозиция*» деп те атау қалыптасқан. Этнографиялық және этнографиялық бөлімі бар тарихи музейлер бағытына сәйкес келеді. Мыс., ҚР МОМ-да меркелік күндерге орай ұйымдастырылатын «Орта Азия колөнер шеберлері» жәрмеңкесі аясында колөнер шеберлік сыныптары мен ұлттық киімдер сән шерулері өтеді.

ИНКРУСТАЦИЯ (лат. *incrustatio* – қабыршақпен көмкерем) – бұйымдар мен ғимараттардың қабырғаларын безендірудің бір түрі, И. заттың бетіне басқа түсті сол заттың өзінен немесе өзге нәрседен кесілген қималарды жымдастырып жапсыру арқылы әсемдеу. Ағаш пен ағаш арқылы жасау (*интарсия*), металл мен металл арқылы жасау (*дәнекерлеу*), сондай-ақ таспен, т.б. материалмен өрнектеу де жиі кездеседі. Металл, ағаш, керамика бұйымдарына асыл тастар, минералдар мен түрлі түсті шыны бөлшектерін орнату кең тараған. Ежелгі дәуір ескерткіштерінде мүсіндердің көздерін осы тәсілмен жасаған. И. күнделікті тұтыну бұйымдарында (орындық, ыдыс-аяқ, қару-жарақ,

т.б.) және ежелгі дәуірлерде патша тағын (Гутанхамон), саркофақты, түрлі масқаларды (Астектер масқасы) безендіруде қолданылған. И. Еуразия көшпелі тайпаларының өнерінде ерекше орын алды. Далалық өлкелердің бақташы тайпалары арасындағы зергерлер сәндік бұйымдарды, қару-жарақ пен ат әбзелдерін асыл тастармен, түрлі түсті шынылармен, т.б. безендіруді кеңінен қолданған. Мұндай ерекше мәдени дәстүр дала өркениетінде сақтардан бастау алады. И. тәсілі қолданылған аң стиліндегі бұйымдар Кострома обасында (б.з.б. VI ғ.), Қазақстандағы Шілікті (б.з.б. VII ғ.), Есік (б.з.б. V-IV ғ.) обаларында, т.б. ескерткіштерде табылған. Б.з.б. Имыңжылдық басынан бастап, әсіресе оның ортасына қарай асыл тастармен безендірілген алтын, күміс бұйымдары күрт көбейеді. И. ғұн дәуірінің атақты полихромды стилінің басты ерекшеліктерінің біріне айналды. Осы дәуір ескерткіштері үлгілері Қазақстандағы Бурабай, Қанаттас, Қарағаш, Көктал, Батыр, Ақтасты, Көкмардан обаларынан, сондай-ақ Сібірден, Оралдан, Еділ бойынан, одан батысқа қарай жатқан өлкелерден көптеп табылды. Кейінгі дәуірде И. қару-жарақты, әйел әшекейлерін сәндеудегі қазақ зергерлері қолданған негізгі тәсіл ретінде өркендеді. И.-ланған кебеже, асадал, кереует, т.б. заттар, сонымен қатар алтын, күміспен апталған ер-тұрман, ыдыс-аяқ күнделікті өмірде көп қолданылған.

КЕСКІНДЕМЕ, живопись – *бейнелеу өнерінің* бір саласы, белгілі бір заттың бетіне (кенеп, ағаш, қағаз, т.б.) бояу арқылы салынатын көркем шығармалар атауы. К. заттың сыр-сипатын, нәрсе мен кеңістіктің қарым-қатынасын, сәуле мен көлеңкенің құлпырымын үндестіре бейнелейтін көркемдік және танымдық қуатымен ерекшеленеді. Ол көрерменнің сезіміне, ойына әсер ету арқылы эстетикалық ләззат береді. К. туындылары жеке бір тұлғаны, дара көріністі бейнелеп қана қоймай, күрделі сюжетке, оқиғаларға құрылған шытырман соқтығыстарды да бейнелеп, олардың мәнін ашады. К. – тақырып аясы кең, көп жанрлы (тұрмыс-салт көріністері, соғыс жанры, хайуанаттар тақырыбы, т.б.) өнер саласы. Арнауына, орындалу сипатына, бейнелеріне қарай К. бірнеше топқа бөлінеді. Олар: 1) монументті-сәндік К. (қабырға бетіне, үйдің ішкі төбесіне (плафондар), қабырғасына (панно) салынатын суреттер); 2) қондырғылы К. – суреттер, яғни картиналар; 3) сәндік суреттер (театр, кино көріністерін, ондағы киім үлгілерін әсемдейтін суреттер, икона салу, *миниатюра*, т.б.). Диорама, *панорама* да К. түрлеріне жатады. Суреттің өнін келтіретін бояулардың түрлері мен оны салу әдістеріне қарай да К. туындылары жіктеледі. Мыс., майлы бояулы К., фреска (кеппеген сылаққа сулы бояумен салынады), асекко (кепкен сылаққа сулы бояумен салынады), *темпера*, желімді бояумен, балауызбен, сырлы бояумен салынатын суреттер. К.-нің керамикалық бояумен (тез балқитын әйнек-сырды күйдіріп жапсыратын), силикаттық бояумен (ерітін әйнек) салынатын, т.б. түрлері бар. *Мозайка* мен витраж да К.-мен ұштасып жатады. К. туындыларын жасауда *акварель*, *гуашь*, *пастель*, *тушь* та молынан қолданылады. Кескіндемелік шығармалар ұзыншалай жатығынан бейнелеу, көлем-кеңістігін келтіре бейнелеу болып шартты түрде екі топқа бөлінеді. К. шығармалары *негізге* (кенепке, ағашқа, қағазға, мұқабаға, тасқа, шыныға, әйнекке, металға, т.б. заттарға) салынады. Әдетте олардың беттері жақпа қабатпен сыланып, оның үстіне сырлы қабат түсіріледі. К.-нің баурау, еліктіру мүмкіншілігі жұмсалатын бояуға, оны қолдану тәсілдеріне, пайдаланған құралына

(қыл қалам,мастихин), бояу еріткіштеріне, сурет салынатын заттың беті қаншалық бұдырлы немесе тегістігіне, оның бояуды қаншалық сіңіретіндігіне, т.б. байланысты. Қатты заттың бетіне салынған сурет пен жұмсақ заттың, жылтыр немесе бұдырлы заттың бетіне салынған суреттер өздеріне лайықты бояу реңдерін тілейді. Суреттің салыну стиліне қарай оны қоятын жақтаудың түрі мен формасы да сәйкестендіріледі. Картиналар, көбіне, төртбұрышты болады, ал кейде дөңгелек пішінге де келтіріледі.

КЛАССИКАЛЫҚ ӨНЕР, тар мағынада – ежелгі дәуір өнері, яғни Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римде өркендеген мәдениет туындылары; кең мағынада – әртүрлі елдердің мәдени гүлдену кезеңдеріндегі мұралары. К. ө. туындылары ұзақ (мыңдаған жылдар бойы) уақыт бойы өз құндылығын сақтайды, басқа мәдениеттің туындап өркен жаюына үлкен ықпал етеді. Сонымен бірге К. ө. бүкіл адамзат өркениетінің асыл мұрағаты. Кейінгі дәуірлерде пайда болған көптеген өнер мұралары, ағымдары өздерінің тамырын осы К. ө.-ден алады. Мыс., Ежелгі Мысыр (б.з.б. VII – Шмыңжылдық) К. ө.-і кейінгі дәуірде (б.з.б. Імыңжылдық – б.з. I ғ.) Ежелгі Грекия, Ежелгі Рим К. ө.-інің пайда болуына, Ежелгі шумер өнері Оңт. Батыс, Орта Азия елдерінің К. ө.-інің қалыптасуына игі әсерін тигізді. Қазақ халқының К. ө.-і өзінің тамырын көне шумер, сақ мәдениетінен алады (мыс., алтын, күміс, қоладан құйып жасалған домалақ мүсіндер, «аң бейнелі» стиль, т.б.).

КОЛЛЕКЦИЯ – тарихтың және мәдениеттің түрлі ескерткіштерін мақсатты түрде жинау үдерісінің нәтижесі, музейдің бір типтегі заттар жиынтығы. Жинауға қарағанда жиналған ғылыми жүйелі материалдарды айқындалған мақсатпен және оған қол жеткізумен сипатталады. К. объектілерінің санына барлық әлемдік тарих аралығында адаммен және табиғатпен жасалынған материалдық мәдениет бойынша (нумизматика, филателия және т.б.), тақырыбы бойынша (мысалы, екінші дүниежүзілік соғыс куәгерлері), мақсат қою бойынша (ғылыми және т.б.) кіреді.

К. кейбір ғалымдардың ойынша адамның негізгі рефлекстерінің бірі және адам қоғамы дамуының маңызды сипаты болып саналады. Қоршаған әлемді жүйелеу үдерісі ерте Шығыс, ерте Грекия және Рим мемлекеттерінде айқындала бастады. Ал Ресейде X-XI ғ.-ларда белгілі болды. Бұл ең алдымен шіркеулерде және монастырьларда кітаптарды және қолжазбаларды, сакральды және мемориалды ескерткіштерді түрлілігімен, қару-жарақтарды жинады. Ортағасырларда жинақтау қызметінің арқасында ұлы князьдық және хандық қазыналарды қалыптастыру басталды. XVI-XVII ғ.-ларда өсімдіктердің К.-сын бақшаларда жинау өзінің бастауын алды. Жануарлар әлеміне деген қызығушылық жануарлардың және құстардың К.-сын жинауда да пайда болды.

К.-ның дамуы XVIII ғ.-да Ресейде Еуропа мәдениетінің формасын меңгеруге бағыт алғанда басталды. Көптеген әмбебап және арнайы жеке және мемлекеттік К.-лардан (Петербург кунсткамерасы, Көркем академия музейі, Ғылым академиясының жиынтығы) ғылымның және мәдениеттің дамуындағы эстетикалық артықшылығы көрінеді. XVIII ғ.-да К.-лау сәнді ойыннан, шындап кірісуге дейін жетіп, К. жинаушының ғылыми қызығушылығымен байланысты болды (Г.А. Демидов, Н.Б. Юсупов, Н.П. Румянцев). Мысалы, «Румянцев үйірмесі» сияқты алғашқы К. жинаушылар ұйымы құрылды, ол К. жинауға қызы-

ғушыларды және кітап жинаушыларды біріктірді. XIX ғ.-дың басында К.-ның тақырыбы, әлеуметтік құрамы кеңейді: байлардан басқа бұл жолға саудагерлерде тартылды. XIX ғ.-да К. елдің мәдениеттік өмірінің белгілі факторы болды, көптеген К.-лар музейлердің негізін қалады. Университеттерде, гимназияларда К. жинау ісін оқыту, білім беру мақсатында қолданылды. К. жинау ғылыми бағыттағы музейлермен байланысты болды, бұл бағыттағы музейлер өз қорын толтыру мақсатында белсенді жұмыс атқарды. Мұнда К.-лардың ғылыми объектілері жүйелі түрде жасалынды.

XX ғ.-да К. жинау белсенді түрде дамыды, оның түрі мен тематикасы кеңейді. Музей К.-ларының жаңа объектілерінің ішінде артефактардың материалдық емес қорын қалыптастыру жасалынды. Жеке К.-ларды демократиялық және элитарлық бағыттар деп бөлді. Демократиялық К.-ға филателия, филократия, филумения жатады. Ең танымалы кітап коллекциясы болып табылды. К. жинау талаптарын өнер, ғылым және мәдениет базалары қанағаттандырды, оның құрылымына аукциондар, салондар, антикварлы сауда қатарлары, арнайы баспалар кірді.

КОНСЕРВАЦИЯ – өнер туындыларын, археологиялық жәдігерлер мен кітап және архив құжаттарын ұзақ мерзімде сақтау. Консервациялау температураны бірқалыпты ұстау, ауаның дымқылдығын, желдеткіш пен жарықты дұрыс пайдалану, шаң-тозаңнан, шыбын-шіркейден таза ұстауды қамтамасыз ету, т.б. шараларын қамтиды, оған әртүрлі сақтық жабулар мен заттың төзімділігін күшейтетін арнаулы қосындылар арқылы қанықтырылған жапқыштар пайдаланылады. Қазақстанда Арыстан баб, Бабажы қатын күмбездері, т.б. ескерткіштер консервацияланды.

Ірі музейлерде тоқыма, мақта-мата бұйымдарды консервациялау, реставрациялау ісі арнайы бөлім ретінде жұмыс жасайды, мұндай бөлімдер маталардың құрылымын сараптамадан өткізу, сондай-ақ маталарға сараптама және консервация жұмысын қамтамасыз етеді. Қағаз, жібек және басқа да материалдармен жұмыс жүргізілген кезеңде сапаның жоғарылығы үлкен рөл ойнайды. Мысалы, жібек мата, тоқыма әдістер, оюларды бейнелеудегі техника. Қағаздарға су тиген жағдайда олармен дұрыс айналысу қажет. Бүлінген қағаздар мен құжаттарды кептіру үшін жоғары және төмен температуралық кептіру әдістері зерттеледі. Гугун Патша сарайы музейінде Консервация бөлімінің іс-тәжірибесі музей ісінде танымал. Гугуннің Консервация бөлімі 1969 жылы қаланған болатын, бұл бөлімнің тарих, өнертану, жер туралы ғылым, физика, химиялық технология, зоология, ботаника, биохимия және информатика деген салаларға бөлінуі музейдің музей заттарының консервациясына ерекше назар аударатындығын көрсетеді.

Керамикалық, нефриттен және металдардан жасалған бұйымдарға қарағанда матадан жасалған бұйымдардың бұзылу қатерлігі жоғары болып саналады. Егер өнер туындысы бұзылып жатса, онда оны алғашқы кейпіне келтіру қиынға соғады. Фасырлар мен уақытты өткере отырып, барлық өнер туындылары ескіріп отырады, оған себепші адам немесе табиғат болуы мүмкін. Егер олар қауіпсіз атмосферада сақталмаса, бұзылу қаупі одан сайын артады. Бұйым адам сияқты, тек дұрыс сақталған жағдайда ғана оның ескіру процесі баяуланады. Алдын ала консервациялау идеясының негізі емнен қарағанда

профилактика жүргізу тиімдірек. Климаттық факторларды бақылау арқасында ұзақ сақтау мерзіміне зиян келтіретін шығынды болдырмауға жол береді. Мысалы, ауа райының құрғақтығы жоғары, ыстық субтропикалық аймақта жәндіктер мен бактериялар көбейіп тез таралады. Осындай аймақта орналасқан музейлер заттарын алдын ала сақтандыру шараларын үнемі бақылауда ұстайды. Музей заттарын алдын ала сақтау жұмысының негізгі мәселесі музей ішіндегі шыбын шіркей және химиялық эксперименттермен алмастыру, сондай-ақ формокологиялық емес төмен температуралық және оттегі әдістерін қолдана отырып музей жәдігерлерін сақтау болып табылады.

Өнер туындысын сақтауда қауіп тудыратын ол – жер сілкінісі, сонымен қатар көліктердің көптігі мен халық санының көптігі де қоршаған ортаның ластануына әкеледі. Музей ғимаратының көлік көп жүретін аймақта орналасуы не болмаса ғимарат маңына көліктің көп келуі галерея ішіндегі ауаны бұзады. Аталмыш факторларды еске ала отырып, музейлерде экологиялық жағдайды жақсарту шараларын ұйымдастыру керек. Мұндай мәселелерді шешуде келесідей іс-шаралар жасалады: температура мен ылғалдылықты бақылау; жарық түсуін бақылау; музейдегі ауаның ластануын бақылау.

Температура мен ылғалдылықты бақылау коллекциялардың сақтау мерзімін ұзартуға және жәдігерлердің ескірмеуіне жол бермейді. Галереялар мен қорларды сақтау бөлмелерінде температура мен ылғалдылықты бақылайтын арнайы қондырғылар орнатылады.

Өнер туындысы тұрақты және уақытша көрме кезінде *жарықтың әсерінде* болады, сондықтан олардың түстері оңа бастайды. Жарық әсерінен туындайтын зиянды азайту үшін көрмені ұйымдастыру алдында жарық деңгейі мүқият өлшеніп, жәдігерлер қауіпсіз қашықтықта орнатылады.

Музей, галерея, қорларды сақтау бөлмелерінде және оларға қарасты территория аймақтарында *ауа сапасы өлшенеді*, өйткені диоксид қышқылы, формальдегид, нитроксид және суттегі иондары концентрациясының деңгейі сақтау стандарттарына сай келуі керек. Музей кондиционерлерінде шаң мен зиян газдарды жойып отыратын сүзбелеу жүйесі іске қосылып тұрады.

Жер сілкінісіне қарсы шаралар. Жер сілкінісі жиі болып тұратын аймақтарда музей мұраларының музейлер мен сақтау қорларында орналасуы жиі талданып отырады. Экспонаттарды қабырғаға қадауда, витрина қабырғасына қоюда арнайы воск, леска қолданылады, ал ыдыстыр құламас үшін, сырғанамас үшін ыдыс түбіне салмақ түсіретін зат немесе құмға толы қап салады.

Дезинфекциялау. Түрлі организмдер әсерінен түсетін бүлінулерді болдырмаудың музей үшін маңызы ерекше. Егер бір бұйымға жәндік түсіп немесе шылау пайда болса, бактерия тез тарай бастайды. Тек тиімді алдын алу шаралары қауіп болдырмауға жол береді. Тиімді әрі маңызды тәсілдерінің бірі бұйымды дезинфекциялау болып табылады. Зақымдалған музей затын реставрациялау, консервациялау, т.б. іс-шараларды мамандандырылған реставраторлар жүргізеді.

Металл реставраторларының міндетіне металл бұйымдарын сақтау, қола, темір, алтын, күміс ыдыстарды өңдеу, тазалау, реставрациялау, сонымен қатар металдың тотығу себептерін зерттеу және алдағы уақытта бұзылуын болдырмау жатады.

*Керамикалық және лакталған ыдыстар*зақымдалған жағдайда бұйымдар желімденеді және реставрациялық модельдеу арқылы қалпына келтіріледі.

Тас бұйымдарының бұзылуы эрозия әсерінен болады, оның себептері толық зерттеледі, соған сәйкес арнайы реставрациялық материалдар мен қалпына келтіру әдістері жасалады.

Музей бұйымдарының жасау әдісінің зерттелуі өте маңызды. Жазба құжаттарының жеткіліксіздігінен кейбір өнер туындысы мен музей заттарының жасау әдістері құпия болуда.

Микроскоп арқылы бақылау. Музейзатын жасаудақолданған материалдардың түрлері мен ерекшеліктерін ішкі салыстыру стереомикроскоп, поляризациялық микроскоп және электрондық микроскоптар көмегі арқылы зерттеледі. Микроскоп арқылы бақылау нәтижесінде заттың ескіру динамикасын анықтауға болады.

*Химиялық сараптама.*Музей заттарын сақтау ісінде заттың химиялық құрамын зерттеудің маңызы ерекше. Мысалы, Қытайдағы Гугун Патша сарайы музейінің Консервация бөліміМемлекеттік Цзинхуа университеті бірлестігімен бірге керамикалық негіз әйнектерінің элементтері радиоактивті нейтронды сараптамасы өткізіледі. Бұл сараптама бойынша бұйымдардың жасалған орны, Қытай және де басқа елдердің сауда нүктелері де анықталады. Зерттеуге алынған бұйымдардың органикалық және бейорганикалық материалдардан, керамикалық негіздер, темір, қола элементтері сияқты материалын анықтау арқылы консервация жасауға дұрыс шешім қабылданады.

*Рентгендік сараптама.*Рентгендік мықты сәулелер қола және керамикалық тамырлар арқылы өтеді. Осылай ішкі құрылым мен ежелгі технологиялар зерттеледі.

*Материал деградациясының сараптамасы.*Органикалық және композициялық материалдардың барлық деградациялық түрлері сарапталады. Мысалы, қабатталу, құрт-құмырсқаның зияндылығы, зең, желімдеу және түрлендіру, сонымен қатар механизм сияқты көріністер зерттеледі.

КУРАТОР (лат.*curator* – жетекші, қамқоршы) – 1) музей көрмесінің жауапты жетекшісі; 2) өнердің өзекті саласының кураторы – өзі автор немесе бірлескен автор ретінде көрменің құрылуы мен ашылуына етене араласатын, көрме бағдарламасын жасаған, жүзеге асыратын жетекші; 3) Батыс Еуропа елдері музейлерінде қор сақтаушылар – *curator*, бас қор сақтаушы *museum curator* деп аталып көрме экспозиционері ретінде де қызмет атқарады.

ҚАЙТА ӨРКЕНДЕУ ДӘУІРІ, Қайта өрлеу дәуірі, Ренессанс (фр. *Renaissance*, итал. *Rinascimento*) – Батыс және Орт. Еуропа елдерінің XIV-XVI ғ.-лардағы мәдени және идеялық даму кезеңі (Италияда шамамен XIV-XVI ғ.-лар, басқа елдерде XV-XVI ғ.-лардың соңы). Қ. ө. д. атауы алғаш рет XVI ғ.-дың орта кезіндегі итальян суретшісі және өнер зерттеушісі Уазаридің еңбектерінде кездесіп, кейіннен ғылыми әдебиетте берік орын алды. Қ. ө. д. мәдениетінің негізгі ерекшеліктері – шынайылық, гуманистік дүниетаным (қ. *Гуманизм*), көне мәдени мұраларға ден қою, оны қайта «көркейту». Қ. ө. д. мәдениеті Еуропаның экономикалық жағынан неғұрлым дамыған елдері мен аудандарында (алдымен Солт. және Орта Италия қалаларында) алғашқы капиталистік қатынастар қалыптаса бастаған кезеңде туды. Ол антикалық

мұраттар мен құндылықтарды жаңғырту және ортағасырлық мұрадан арылу ретінде қалыптасты. Бұл жаңа дүниетанымның қалыптасуына әртүрлі мамандықтағы, әртүрлі әлеуметтік дәрежедегі адамдар, адам және адамзат дүниесін өздерінің зерттеу нысаны еткен білім салаларының өкілдері үлес қосты. Гуманистер озық ойдың еркін дамуына кедергі жасайтын ортағасырлық моральға сүйенген дәстүрлер мен ережелерді өткір сынға алып, ғылыми-зерттеу еркіндігіне жол ашты. Соның нәтижесінде шынайы ғылым, әдебиет пен өнер дамыды. Ренессанстық мәдениет әр елде әр түрлі дамыды. XIII-XIV ғ.-лардың өзінде-ақ қала өмірі мейлінше дамыған ел – Италияда пайда болып, оның анағұрлым тиянақталған классикалық белгілері осында туды. Бейнелеу өнері мен архитектура материалдарын негізге ала отырып, Италиядағы Қ. ө. д. мәдениетін XIII-XIV ғ.-лардағы Ренессанс қарсаңындағы құбылыстарды қоспай, мынадай кезеңдерге бөлуге болады: ерте Қ. ө. д. (бейнелеу өнері мен архитектурада XV ғ.-да, итальян гуманистік әдебиетінде XIV ғ.-дан бастап), жоғары Қ. ө. д. (XV ғ.-дың ақыры – XVI ғ.-дың I-ширегі), кейінгі Қ. ө. д. (XVI ғ.). Негізінен XV ғ.-дың аяғы мен XVI ғ.-дың бас кезінде Альпіден солт.-ке қарай тарап, әр елде өзінше сипат алған. Қ. ө. д.-нің мәдениеті әр елдің тарихи дамуы мен ұлттық дәстүрлерінің ерекшеліктерімен қоса, Еуропаның даму тарихындағы жаңа кезеңді бейнеледі. Бірақ бұл елдерде Қ. ө. д. Еуропаның басқа елдеріне қарағанда анағұрлым қысқа болды. Кейінгі Қ. ө. д. кезеңінде көптеген ренессанстық идеялар мен нормалар едәуір өзгерістерге ұшырады. Кейінгі Қ. ө. д.-нің гуманизмі оның аса көрнекті өкілдері *У. Шекспир*, *Б. Микеланджело*, *М. Сервантес* шығармаларында өмір қайшылықтарын («трагедиялық гуманизм») көрсету арқылы байи түсті; жаңа жағдайларға сәйкес Қ. ө. д. мәдениетінің орнына жаңа бағыттар бой көрсетті (қ. *Барокко*, *Классицизм*).

Қ. ө. д.-нде осы дүниенің рахатын бекер деп білген орта ғасыр аскеттігінің орнына өмір қуанышы мен жігер-қайраты мол, парасатты адамды дәріптеген гуманизм ілімі етек алды. Гуманистер (Э. Роттердамский, Ф. Рабле, М. Монтень, т.б.) ортағасырлық білім беру жүйесін қатты сынға алып, жоғары парасатты, қажырлы адамгершілік қасиеттері мол адамды тәрбиелеуді мақсат етті. Қ. ө. д.-нің философиясы XV-XVII ғ.-лардағы Италияда (Н. Кузанский, Л. Валла, Пико делла Мирандолла, Леонардо да Винчи, П. Помпонацци, Толезио, Дж. Бруно, Г. Галилей, Дж. Кардано, Патрици, Н. Макиавелли, Т. Кампанелла, т.б.), XV-XVI ғ.-лардағы Францияда (Монтень, П. Раме, П. Шаррон Лефевр д'Этапль, Э. Доле, т.б.), XV-XVII ғ.-лардағы Германияда (Т. Мюнцер, Х. Рейхлин, У. Гуттен, С. Франк, И. Кеплер, т.б.), XVI-XVII ғ.-лардағы Англияда (Т. Мор, Ф. Бэкон, т.б.), XVI ғ.-дағы Испанияда (Х. Вивес, Х. Уарте, т.б.), Голландияда (Роттердамский, т.б.), Швейцарияда (Парацельс), Польшада (Н. Коперник, т.б.), Чехияда (Я. Коменский, т.б.) кең өріс алды. Гуманизм идеялары негізінде дамыған Қ. ө. д.-нің философиясына материалистік нышанға бай ғылыми танымның табыстарына негізделген араб философиясы мен ғылыми күшті әсер етті. Қ. ө. д.-нің ойшылдары шексіз материалдық дүниенің ешбір сыртқы күштің – Құдайдың құдіретінсіз-ақ өзіндік заңдылық, себеп пен салдар байланысы арқылы өздігінен өмір сүреді деп түсіндіруге тырысты. Бұл дәуірдің философиясында антикалық заман дәстүрі мен жаратылыстану ғылымдарының даму ықпалында натуралистік-филосо-

фиялық тұрғыдан материя мәселесі зерттелді. Валла, Уарте, Монтень, Шаррон және Галилей атомшылдық тұжырымдаманы дамытқан эпикуризмді жақтады. Пантеистік тұжырымдаманы дамытумен шұғылданған Кардано, Кузанский, Толезио, Бруно материалдық дүние болмысының біртұтастығынан оның алуан түрлі заттарға бөлінуін түсіндірмек болды. Қ. ө. д.-нің философиясы мына қағидаларға сүйенеді: адамның өзін қоршаған айналадағы табиғатты дұрыс түсініп, танып-біле алатындығы; адамның сыртқы дүниенің әсерін сезім мүшелері арқылы қабылдауы; адамның дүние тануын басқарып отыратын материалдық емес ерекше күш жоқ деп санау; ақылдың, логикалық ойдың құдіретті күшіне, қабілетіне сену және онсыз сезімдік таным арқылы ақиқат білімге жетудің мүмкін еместігін мойындау. Философияда табиғаттың біртұтастығы, дүниенің мәңгі қозғалыста өзгерістерге ұшырауы жөніндегі диалектикалық ой өріс алып, дами бастады. Қ. ө. д.-нің философиясы антика философиясындағы гуманистік дәстүрді, ортағасырлық шығыс мәдениетінің алдыңғы қатарлы ойларын өз заманының талап-тілегіне қарай жаңартып, жаңа заман ғылыми көзқарасының қалыптасуына зор ықпал етті. Италияда қала мәдениетінің қарыштап дамуына байланысты Қ. ө. д.-нің әдебиеті өркендей бастады. Бұл кезде (XIII-XIV ғ.) Италияның әйгілі ақыны Данте Алигьери («Құдіретті комедия») италиян халық тілінің қорғаушысы және ұлттық бірліктің жаршысы ретінде көрінді. XIV ғ.-да өмір сүрген Ф. Петрарка лирикалық сонеттерінде шындық пен адамгершілікті мадақтады, адамның асыл сезімін, ізгі мұратын жырлады. Классик новелланың негізін салушы Дж. Боккаччо «Декамерон» атты шығармасында өмір көріністерін шынайы суреттеді. Қ. ө. д. кезінде Германияда әдебиет негізінен сатиралық арнада (С.Бранд, Т.Мюнцер, т.б.) өркендеп, памфлеттік, пародиялық шығармалар дамыды. XVI ғ.-да француз әдебиеті (К. Маро, П. Ронсар, Б. Деспьерье, т.б.) гуманистік идеяны ту етіп, халықтың мақсат-мүддесін жақтады. Қ. ө. д.-нің идеялары Испанияда М. Сервантес шығарм.-нда («Дон Кихот») романы, т.б.) айқын көрінді. Англияда Дж. Чосер, К. Марло, У. Шекспир, Б.Джонсон, т.б. шығарм.-нда Қ. ө. д.-нің шындығы терең бейнеленген. Әсіресе Шекспир шығармалары бұл кезеңдегі әдебиеттің асқар шыны болып саналады.

Қ. ө. д.-ндегі өзгерістер, әсіресе архитектура мен бейнелеу өнері саласынан айқын көрінді. Қ. ө. д.-нде өнер сындарлы сипат алып, дүниежүзі өнерінің жаңа заманға сай бағыт-бағдарын жасады. Өнердегі діни сюжеттердің орнына нақты өмір көріністерін бейнелеген туындылар келді. Қ. ө. д.-нің архитектурасы мен бейнелеу өнері алғаш Италияда пайда болып, бірте-бірте шырқау биікке көтерілді. Италиядағы бастапқы Қ. ө. д. архитектурасы (Ф.Брунеллески, Микелоццо, Л.Баттиста Альберти, Б.Росселино, Джулиано да Майано, Джулиано да Сангалло) алғаш Флоренцияда етек алды. Бұл дәуірдегі сәулет өнері ғимарат салу ісіндегі көне заманнан келе жатқан мол тәжірибені шығарм.-пен ілгері дамыта отырып, оны сан қырлы сипаттағы жаналықтармен байытты. Динамик жағынан күрделі болып келетін готик. құрылыстарға қарағанда құрылымы айқын да жанақы, интерьері кең әрі жарық ғимараттар тұрғызу Қ. ө. д. архитектурасының басты жетістігіне айналды. XV ғ.-да Флоренцияда қалыптасқан жаңа өнер бірте-бірте бүкіл Италияға кең қанат жайып, өз бойындағы орта ғасыр белгілерінен арыла бастады. Мүсін өнерінде (Л. Гиберти,

Донателло, Якопо делла Кверча, Л. және А.Роббиалар, А.Росселино, Дезидерио да Сеттиньяно, Бенедетто де Майано, Андреа дель Верроккьо) мүсін, рельеф, бюст, қабырғалық құлпытас, алтарьлік композиция, ат бейнеленген монумент, т.б. кең тарады. Ал бейнелеу өнерінде иконалардың орнына картиналар салуға бетбұрыс жасалды, фреска өнері шырқау шыңға көтерілді. XV ғ.-дағы итальян суретшілері өзінің өміршеңдігімен көз тартарлық, тұтас бір кезенді бейнелеген шынайы ғажайып туындылар жасады. *Леонардо да Винчидің, Рафаэльдің*, венециялық қылқалам шеберлері *Тициан* мен *Джорджоненің, Микеланджело мен Корреджоның* ізгі адамгершілік мұраттарды, өмірге құштарлықты, адамның дарыны мен оның күш-күдіретіне деген сүйіспеншілікті ту етіп көтерген асқақ әрі мәңгі өшпес шығармалары адамзат қазынасының алтын қорына қосылды. Бургундиядан XIV-XV ғ.-ларда Жан Малуэль, Анри Бельшоз, Мельхиор Брудерлам, Клаус Слютер, Клаус де Верве сынды қылқалам шеберлері мен мүсіншілер шығып, Нидерланды мен Францияда реалистік өнердің дамуына жол салды. XV ғ.-дың аяғы мен XVI ғ.-да Нидерланды өнерінің ілгері дамуы оның нақты өмір шындығы мен халық тұрмысын бейнелеуге ұмтылуынан, портрет салудың, тұрмыстық жанр элементтерінің, пейзаждың, натюрморттың дамуынан (К. Массейс, Л. Лейденский, Й. Патинир, П. Артсен), халық өмірі мен фольклорға ден қоюдан айқын аңғарылды. Францияда Қ. ө. д. өнерінің дамуына жергілікті готикалық бай дәстүрлері, көне мұрамен жасы таныстық, Италиямен және Нидерландымен арадағы тығыз қарым-қатынас игілікті ықпал жасады. Дания мен Швецияда Қ. ө. д. өнерінің белгілері сарайлардың, мекенжайлар мен қоғамдық ғимараттардың архитектурасынан бой көрсетті. Орт. және Шығ. Еуропа елдері Қ. ө. д. мұраттарының қуатты ықпалын басынан кешірумен бірге, олардың өздері де Ренессанс мәдениетін дамытуға атсалысты. XIV ғ.-да Чехияда реалистік портрет пайда бола бастады. XV-XVI ғ.-да Венгрияның құрамында болған Словакияда Қ. ө. д. реалистік өнерінің белгілері бой көрсетті. Қ. ө. д. өнері XV ғ.-дың аяғы мен XVI ғ.-дың басында Венгрияда ерекше гүлденді. Қ. ө. д.-нде драматургия, театр архитектурасы мен драма теориясы қалыптасып, ілгері дамыды. Театр өнеріндегі реализм шынайы өмір қайшылығын бейнелеу, халық өнерінің дәстүрін дамыту, трагедиялық пен комедиялық, поэтик. пен буффонадалық элементтерді батыл шендестіру секілді мәселелермен сипатталды. Қ. ө. д.-нде театр кәсіби сипат алып, драматургия мен актерлік өнер теориясы қалыптасты; алғашқы театр ғимараттары тұрғызылды. Театр әсіресе Италияда, Испанияда және Англияда өрледі. Халық театры мен әдеби драмалардың синтезі Испанияда Сервантес пен Лопе де Вега драматургиясында (XVI ғ.-дың 2-жартысы мен XVII ғ.-дың басы) жүзеге асты. Қ. ө. д.-нде кәсіби музыка халық музыкасының ықпалын бойына сіңіре отырып, жаңа гуманистік дүниетаныммен толысты. XIV ғ.-да Франция мен Италиядағы «Ars nova» («Жаңа өнер») өкілдерінің шығарм.-на, ағылшындардың (XV ғ.), нидерландықтар (XV-XVI ғ.) мен римдіктердің, венециялықтардың, француздар мен немістердің, поляктар мен чехтардың (XVI ғ.) жаңа полифониялық мектептерінде вокалдық және вокалдык-аспаптық полифония өнері жоғары сатыға көтерілді. Италияда фроттола және вилланелла, мадригал, Испанияда вильяниско, Англияда баллада сияқты музыка өнерінің түрлі жанрлары пайда болды. Қ. ө. д. Еуропа елдерінің мәдени

және идеялық өмірінде аса зор рөл атқарды. Дүниежүзі мәдениетінің мәңгі құнын жоймайтын озық үлгілері осы кезеңде жасалды. Онда ортағасырлық мәдениет пен антик. мәдениет белгілері ұштасып жатты. Бұл мәдениеттердің синтезі жасалып, кейіннен осы негізде жаңа дәуір мәдениеті қалыптасты.

МАЗАР (араб. – сыйынатын орын) – мұсылман қауымының қаза болған адам қабіріне тұрғызатын сәулет ескерткіші. М. тұрғызу дәстүрі Таяу Шығыс, Орт., Оңт. және Оңт.-Шығыс Азияның мұсылман елдеріне ертеден кең тараған. Мыс., Ауғанстандағы Мазари-Шариф пен Герат, Ирактағы Неджеф пен Кербала, Ирандағы Мешхед пен Кум, Өзбекстандағы Бұқара мен Хиуа М.-лары тарихилығымен әрі жергілікті дәстүрлі мәдениеттің дамуына тигізген ықпалымен ерекшеленеді. Зерттеушілер қазақ жерінде М. тұрғызу дәстүрін ежелгі көшпелілер дәуірінен (Андронов мәдениеті, сақ дәуірі) бастап, оның ең байырғы үлгісіне Баланды-2 ескерткішін (б.з.б. IV – II ғ.) жатқызады. Қазақстандағы Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Алаша хан, Бабажа қатын кесенелері ортағасырлық М. саналады. М.-лар Маңғыстау түбегі және Бат. Қазақстанда көп кездеседі. Қазақ жеріндегі М.-лардың пішіні, негізінен, шаршы немесе шеңбер үлгісінде келіп, төбесі күмбезделіп өрілетін болған. Қабырғасы шикі немесе күйдірілген кірпіштен қаланып, әрлеу жұмысына өрнекті кірпіш, терракот тақтайша және жылтыр бор тас материалдарын қолданған. Қасбеті мен пештағына, күмбезіне нақышты өрнектер мен қабырға безендіруіне фриз тәсілдерін пайдаланған. Ислам діні мен мәдениетінің өркен жаюына байланысты М.-дың қабырғалары мен маңдайшаларына аят және хадис үзінділері жазылып, қабір басына құлпытас қойылатын болды.

МАКЕТ – белгілі бір көлемде кішірейтілген не болмаса үлкейтілген масштабта жасалатын объектінің сыртқы көрінісі. М. заттың сыртқы түрінің ауқымды жаңғыртылуы болып саналады, ол белгілі бір көлемде жасалады және көрсетудегі кейбір шарттылықтарға мүмкіндік береді.

МӘДЕНИ ТУРИЗМ – сапар мақсатындағы рухани белсенді демалыс, ел аймағындағы мәдени құндылықтарды тұлғаның бос уақытында өзінің рухани бауышылығы мен физикалық күшін қалпына келтіру және сауығуда қолдануы. Музей мәдени туризмнің бір нысаны болып табылады. Мәдени туризм музейдің коммуникациялық мүмкіндігінің артуына, елдің ішкі және сыртқы инфрақұрылымдарының артуына ықпал етеді.

МЕЦЕНАТТЫҚ – материалдық ресурстарға ие тұлғалардың мәдениет қайраткерлеріне, мәдениет ошақтарына материалдық қамқорлығы. Меценаттықтың негізін қалаушы ақындар мен суретшілердің қамқоршысы, ежелгі рим қайраткері Гай Цильний Меценат (б.з.д. I ғ.) болып табылады. Ресейде меценаттық XVIII ғ.-дың аяғынан белгілі; XIX ғ.-да бай-шонжарлардың, XIX-XX ғ.-ларда көпестердің қамқорлығы арқасында меценаттық мәдени сипат алды. Қазіргі кездегі меценаттық мәдени және қаржылай байланыс формасында демеушілік сипат алып отыр. Музей ісінде меценаттық музей қорына жеке коллекцияларды тарту етуден, музей баслымдарын шығарудан, т.б. көрінеді. М. музейлердің, коллекционерлердің қалыптасуында маңызды орын алады. Қазіргі кезеңде М. қаржылық және мәдениет салаларының қарым-қатынасының бір көрінісі – демеушілік іс-шаралардан да көрініс табады.

МОНУМЕНТТІ ӨНЕР, пластикалық өнердің шығармаларын нақты архитектуралық орта үшін кеңістік-идеялық жағынан толықтыру мақсатымен

жасалады. М. ө.-дің бірнеше түрі бар; ескерткіштер (көшеде, алаңда қойылатын), монументтер (ірі тарихи оқиғаларға байланысты қойылатын), мүсінді-архит. ансамбльдер, т.б. Бұл өнерге өте қатты, төзімді материалдар: гранит, қола, мрамор, т.б. қолданылады. Қазақстан жеріндегі М. ө. қола дәуірінен (Алматы обл. Тамғалы шатқалындағы, Маңғыстау түбегіндегі, Балқаш жағалауындағы және Оңт. Қазақстандағы тас таңбалар-петроглифтер) басталады. Қожа Ахмет Иасауикесенесіндегі сырлы сурет көріністері мен қабырғаларының мозаик. қалауы орта ғасырлардағы Қазақстан М. ө.-інің жоғары деңгейін танытады. М. ө. КСРО тұсында біршама дамыды. Осы жылдары 28 панфиловшы-гвардияшылар атынд. паркте монументтік Даңқ мемориалы (1975) тұрғызылды. Тарихи тақырып М. ө. түрлерінде көрініс тапты. Олар: Алматы қ.-ндағы А. Иманов (1947) және Ә. Жангелдин ескерткіштері (1975). Облқш орталықтарындағы алаңдар мен парктердегі тарих, мәдениет, өнер қайраткерлеріне орнатылған ескерткіштер: Жамбыл бюсті (1971), Абай ескерткіші (1960), Т. Рысқұлов (1979), М.Әуезов (1981) ескерткіштері болды. М. ө. мен архитектураның әдемі үйлескен түрі – барельеф (бедерлі мүсін). Әсіресе Қазақстан Жазушылар одағы ғимаратындағы «Кітаптар кейіпкерлері» (1985) көлемі мен композициясы жағынан ерекше көзге түседі. Қазіргі кездегі М. ө.-ге дәстүрлі өнермен қатар, оның жаңа түрлері мен жанрларын (портреттік ескерткіштер, витраждар, сграффито, түс кілем, қабырға өрнектері, т.б.) дамыту, сонымен қатар бейнелеу пластикасын архит. техникаға үйлестіру тән. Осындай эстет. бетбұрыстың негізгі шығармалары: «Азат адам» мозайкасы (1971), «Медеу» қонақүйіндегі керамик. панно (1970), т.б. Алматы қ.-ндағы оқушылар сарайының, «Қазақстан» қонақүйінің ішкі және сыртқы қабырғаларының әшекейлері кешенді М. ө. туындылары болып саналады. Қазақтың мемл. академ. драма театрының ғимараты мен М. Әуезов ескерткіші (1981) архитектура мен мүсінді тұтастыру идеясымен салынған құрылысқа жатады. ҚР ҰҒА ғимаратының жанындағы хауыз (1980) шағын пошымды мүсіндермен, табиғат көріністерімен әдемі үйлесім тапқан.

МУЗЕОГРАФИЯ (гр.*museion* – музей және *grapho* – жазамын) – музейдің баспагерлік жұмысы, музей қызметінің бір бағыты, яғни музей туралы жазылған басылымдар корпусы. Олар: буклеттер, жолсеріктер, анықтамалықтар, афишалар, пресс-релиздер, каталогтар, фотоальбомдар, музейлік мақалалар жинағы, музейлік зерттеулер жинағы, музей жұмысы есептерінің жинағы, естелік кітаптар, т.б.

МҮСІНДЕМЕ, мүсін, скульптура (лат. *sculptura, seuplo* – шекемін, қашаймын) – бейнелеу өнерінің бір түрі. М. туындылары үш өлшемнен (биіктік, ендік, аумақтық) құралады. М. қатты немесе пластик. материалдардан жасалады, негізінен адамды (кейде жан-жануарды) бейнелейді. М. тарихы ертеден бастау алады. Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде жауынгерлерді, балалы ананы бейнелейтін тас мүсіндер кеңінен тараса, б.з.б. VIII – II ғ.-ларда дамыған «Аң стилі» ежелгі М.-нің көрнекті мысалы бола алады. Көктегі күш пен жердегі билеушілердің құдіретін бейнелеу үшін жасалынған М. ежелгі дәуірдегі өркениеттердің (Грекия, Рим, Ассирия, Вавилон) ажырамас бөлігіне айналды. Көлемдері өте үлкен, тылсым күшті сипаттаған және ғұрыптық бағыттағы М. тек құдай мен билеушілердің, жеке тұлғалардың, аңыздық кейіп-

керлердің (Мирон, Скопас, Геркулес, Циклоп, т.б.) бейнесін жасауға бағытталды. Орта ғасырлардағы М.-нің негізгі бағыттары шіркеулерді, ғибадатханаларды көркемдеуге (Құдай ана ғибадатханасы, Париж; Буддистік шіркеулер, Үндістан) арналды. Қайта өркендеу дәуірінде М. адамзаттың ерлікке, еркіндікке деген ұмтылысын, тұлғалық қасиеттерін, табиғат сұлулығын бейнеледі. Донателло, Микеланджело, Гужон, Пилон, т.б. туындылары соңғы орта ғасырларда және жаңа дәуірде Еуропаның көптеген қала-қамалдарының іші-сыртын көркемдеу үшін кеңінен қолданылды. XVIII-XIX ғ.-ларда М. адам бейнелері мен ескерткіш тұрғызу бағытында дамыды. Оның құрамында классик., примитивизм, кубизм (П.Пикассо), конструктивизм (Н.Певзнер), сюрреализм, абстракционизм, т.б. бағыттағы М. бар. Қазақстан жеріндегі М.-нің пайда болу тарихы 3000 жылға созылады. Ол палеолит дәуірінде пайда болып, сактар мен Түрік қағанаты тұсында кеңінен дамыды. Ата-баба рухына сену, жер, су, от иелеріне табыну (Көк Тәңірі, Жер-Су иесі, Ұмай ана, Балбал тас, т.б.) және исламдық сенім (құлпытас, қойтас; кесенедегі бейнелер) М.-нің көптірлілігіне әкеліп соқты. Кеңес дәуіріндегі М. өкілдерінің (Б.Төлеков, Е.Сергебаев, Х. Наурызбаев, Б. Төленов, Т. Досмағамбетов, т.б.) еңбектері халық батырлары, еңбек ерлері мен соғыс ардагерлерін бейнелеуге арналса, соңғы кезеңдегі М. бағыты әлемдік құндылықтар мен жергілікті салт-дәстүр ерекшеліктерімен ұштаса отырып дамып келеді (Е.Рахмадиев, Н.Далбай, Ш.Төлешев). Сонымен қатар М. әлемдік техника жетістіктерін, өткен мен бүгінгінің өзара үндестігін және дүниежүзіндегі М. саласындағы жетістіктерді бейнелеуге және халық мақтанышы: ақындар, батырлар, қоғам қайраткерлері мүсіндерін сомдауға бағытталған (Кенесары мүсіні, Астана, 2001; Мұқағали Мақатаев, Алматы, 2003; Әл-Фараби мүсіні; ҚазҰУ қалашығы, 2004, т.б.).

М.-нің тақырыптық басты жанрлары: портрет, тарихи және тұрмыстық мүсіндер, символик және аллегор. тұлғалар, анималистік мүсіндер. М.-нің ерекшелігі көп жағдайда жасау техникасы мен пайдаланатын материалдарына (тас, металл, саз, балауыз, ағаш, гипс, т.б.) байланысты. М. мазмұнына қарай: монументтік-декоративті, қондырғылы немесе шағын пішінді болып екіге бөлінеді. Өңдеу тәсілдері: ою, құю, шеку, т.б. болып келеді. М. негізінен 2 түрге бөлінеді: жұмыр (мүсінді жан-жағынан түгел көрсету) және рельефті (тегіс заттың бетіне бедер түсіру). Рельефті бедермен ойылып жасалған күрделі композициядағы мүсіндерді тек монументтік туындыларда ғана қолданады (мыс., Қазақстан Жазушылар одағы үйіндегі «Кітап бейнесі» атты монументтік мүсін). Шағын пішінді М.-нің әрқайсысы бір-бірімен мазмұндық жағынан тығыз байланыста болғанымен олардың өздеріне тән ерекшеліктері болады. Архит. және табиғи ортамен байланысты монументтік М. (ескерткіштер, монументтер, мемориалды құрылыстар) идеялық мазмұнының мәні мен көлеміне қарай ерекшеленеді. Монументтік-декоративті М. архит. құрылыс пен кешендерде (атланттар, карнидалар, фриздер, фронтондық, бак-саяжайлық мүсіндер) қала көшелері мен аландарда, т.б. мекеме ғимараттарының алды мен интерьерлерінде орналасқан. Архитектурамен тікелей байланысы жоқ қондырғылы М.-нің көлемі түпнұсқаға сай немесе одан кішілеу болып келеді. Олар негізінен тұрғын үйді көркемдеуге, мұражайлар мен көрмелерге қоюға арналады. Мұндайда ол М.-нің пластик мүмкіндігін, көлемін, жанрының ерекшелігін ескіріп, көбінесе декоративтік сән және қолөнері түрінде қолданады.

МАЙЛЫ БОЯУЛАР – тұрмыста және бейнелеу өнерінде қолданылатын бояу түрі. Бейнелеу өнерінде пайдаланылатын майлы бояу өсімдік майларының (кендір, зығыр, жаңғақ, самырсын) қоспасынан алынады. Майлы бояу Х ғ.-да белгілі болған, XIV ғ.-дан бастап қолданылған. Қазіргі майлы бояуды ұзақ уақыт тәжірибеден кейін Нидерланды суретшілері Ян Ван Эйк пен Гуввер Ван Эйк жасаған. Өсімдік майынан алынған майлы бояулар өте ажарлы болады және тез құрғайды. Оған кейде лак қосады. Майлы бояумен жазылған өнер туындылары ұзақ уақыт бойы өз сынын жоғалтпайды. Еуропадағы Қайта өрлеу дәуірінің суретшілері (Рафаэль Санти, Леонардо да Винчи, Сандро Боттичелли, т.б.) көптеген шығармаларын майлы бояумен салған.

МОДЕЛИРОВКА – көркем шығармалардағы объективті әлемнің үш өлшемді қасиеттерін көлеңкелі градация (кескіндеме, графика) немесе үш өлшемді нысандарды пластикалық өңдеу (түрлі материалдардан мүсінге) арқылы анықтау.

МОДЕРНИЗМ – ХХ ғасыр басында рухани сана дағдарысы кезінде пайда болған философиялық-эстетикалық ағымдардың жиынтық атауы. Модернизм қаламгерлердің әлемдік соғысқа, адамзат дамуындағы дағдарыстарға көзқарасын білдірді. Модернизм авангардтық және декаденттік сатылардан өткенімен, олардан айырмашылығы болды. Модернизм жеке тұлға санасын рухани ауытқулармен байланыста қарады. Модернистер әлемдік деңгейдегі қоғамдық қайшылықтар, санадағы қақтығыстар кезінде адам дүниенің мағынасыз екенін, өзінің фәнидегі жалғыздығын түсінеді деген пікірлерді алға тартты. Мысалы, Г. Марсель мен Ж.П. Сартрдың қоршаған әлемді қатыгез, карама-қайшылыққа толы дейтін пікірлері. Э. Хемингуэй, У. Фолкнер, Г. Грин, Ф. Мориак, А. Миллерге модернизм әсер етсе, М. Пруст, Д. Джойс, Ф. Кафка, Р. Музиль, А. Белый, П. Валери, Ж. Жироду, Ж. Кокто, Ж. Ануй секілді суреткерлер осы ағымдарды ұстанды. Жалғыздық қасіреті, қоршаған ортаны адамның жатысынуы модернизм өкілдерінің модернизм шығармаларында айрықша көрініс тапты. Алайда модернистік шығармаларда дағдарыс себептері айқындалмады.

МОЗАЙКА – жылтыр тас, қыш тақта, шыны сынықтарынан құрастырылған ою-өрнек, сурет-бейне (инкрустация), байырғы өнер саласы. Ежелгі Мысыр перғауындары заманында патша маскалары, тақ-орындықтар, саркофагтар мозайкамен әшекейленген. Тутанхамон патшаның тағы (б.з.б. XIV ғ.) түрлі асыл тастармен зерленген мозайка өнерінің үздік туындысы. Мозайка Ежелгі Грекияда, Италияда жақсы дамыған. Помпей, Пергам қалаларында жүргізілген археологиялық қазбалар нәтижесінде б.з.б. IV – I ғасырларға жататын мозайка шығармаларының тамаша үлгілері табылған. Көне қала үйлері мен дәліздерінің қабырғасы, едені, төбесі өсімдік, жәндік, балық бейнелерімен көркемделген. Вавилонда б.з.б. VI ғасырда тұрғызылған Иштар қорғанындағы нақыштар мозайка өнерінің бірегей туындысы болып табылады.

МОЛЬБЕРТ неміс тілінен аударғанда сурет салуға арналған тақтай деген мағынаны білдіреді. Мольберт дегеніміз – суретшілердің суреттерін қойып қоюға арналған стөнд.

МОНОТИПИЯ графика саласының бір түріне жатады. Монотипия өнертабысы итальяндық суретші және гравюратор Джованни Кастильонға (1607 – 1665) тиесілі.

НАБОЙКА – өнер және қолөнердің бір түрі; матадағы монохромды және түс сызбаларын рельефтік үлгідегі нысандар арқылы қолмен алу, сондай-ақ осы әдіспен алынған сурет (матамен басып шығарылған) мата.

НАДГРОБИЕ – марқұмның есімін мәңгілікке сақтауға арналған қабірге салынған крест, тас, мүсін немесе сәулет құрылымы.

НАЛИЧНИК – терезенің немесе есіктің апертурасының үстіңгі пішіндегі пішінделген шарлар түріндегі сәндік дизайны. Ағаштан жасалынған және ойып салынған суреттермен әдемі безендірілген.

НАРТЕКС – храмның кіреберіс бөлігі (гректердің пронодары сияқты, ежелгі храмның алдыңғы өтуі). Ол ғибадатхананың батыс, оңтүстік және солтүстік жағынан ұйымдастырылуы мүмкін. Әдетте ол ғибадатхананың есігі бар қабырға арқылы бөлінеді.

НАТЮРМОРТ (фр. *nature morte* – өлі табиғат) – бейнелеу өнері жанрының бірі; қоршаған ортадағы бір құрылымға топтастырылған түрлі тұрмыстық заттар мен жеміс-жидектерді, өсімдіктерді, тағамдарды бейнелеу.

Бейнелеу өнерінің басқа түрлеріне қарағанда натюрморт суретшіден өзі кескіндейтін нәрсені табиғи қалпында, дәл де нәзік жеткізуді талап етеді. Натюрморттың алғашқы белгілері Ежелгі Шығыс, Рим, Грекия өнерінде көрініс тапқан. Натюрморт жанр ретінде XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басында Голландияда пайда болды. Натюрморттың жан-жақты дамуына ұлттық кескіндеме мектептері ұйытқы болды (XVII ғ.). XIX ғасырда өмір сүрген атақты суретшілер Ф. Гойя, Э. Делакруа, Г. Курбе, Э. Мане, т.б. Натюрморттың өркендеуіне атсалысты.

КРОПОЛЬ – мазар, жерлеу орны.

НЕОАКДЕМИЗМ – 80-жылдардың соңында Санкт-Петербургте туылған жаңа көркемдік бағыт, сыншылардың назарын бірден көтерді.

НЕОБАРОККО – архитектуралық стильдің бір түрі. XIX ғасырдың тарихи икемділігі, барокко сәулет формаларын шығарады.

НЕОГОТИКА («жана готика») – тарихи дәуірде сәулет өнеріндегі ең кең тараған бағыт, ортағасырлық готиканың формаларын және (кейбір жағдайларда) конструктивті ерекшеліктерін жаңғырту.

НЕОКЛАССИЦИЗМ – XIX ғасырдың 2-жартысы мен XX ғасырда мифологиялық сюжет пен антикалық тақырыпты басты ұстаным тұтқан әдеби ағым. Неоклассицизм Еуропа өнерінде ұзақ уақыт үстемдік құрған романтизмнің дағдарысы нәтижесінде әдебиет пен музыкада, бейнелеу өнерінде пайда болды. Неоклассицизм модернизмнің бір үлгісі ретінде көрінді. Неоклассиктер романтизм ағымы аясында жоғалуға таяған дәстүрдің дамуын, үрдістердің жалғасым табуын қолдады.

НЕОРЕНЕССАНС – XIX ғасырдағы тарихилықтың ең таралған формаларының бірі. Ренессанстың архитектуралық шешімдерін, әсіресе итальяндық Cinquecento-ді шығарады. Айрықша ерекшеліктер – симметрияға ұмтылу, фасадтардың ұтымды бөлінуі, ішкі аулалармен тікбұрышты жоспарлардың артықшылығы, рулық және пиластер сияқты сәулет элементтерін пайдалану.

НЕОРОКОКО – XIX ғасырда эклектизм немесе тарих аясында пайда болған стилистикалық бағыт. Неорококо – XVIII ғасырдың екінші жартысында Ұлы француз революциясынан бұрын еуропалық өнерде басым болатын роко-

ко стиліне тән ерекшеліктерінің қайталанбас бейнесі. Нео-Рококо сәулет, интерьер, жиһаз дизайнында және тұрмыстық заттарда, сонымен қатар киімде, әшекейлерде және түрлері бойынша көрініс табады.

НЕОРЫС СТИЛІ – XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болған архитектурадағы ағымдардың ағымдық идеологиялық туындыларында әртүрлі жинақтың жалпы шартты атауы. Ескі орыс және ресейлік халық архитектура-сының дәстүрлерін, сондай-ақ византиялық архитектураның ілеспе элементтерін синтездеуді ұсынады.

НИМБ – Құдайдың анасы, қасиеттілердің бейнесін бейнелейтін жарқылдың әдеттегі таңбасы, олардың қасиеттілігін бейнелейді. Түрлі формалар (дөңгелек, үшбұрыш, алтыбұрыш және т.б.) және әртүрлі түстер бар. Онда жазылған кресті бар дөңгелек гало (шомылдырылған гало) – бұл тек Мәсіхтің тарихи және символикалық бейнелеріне жататын ең маңызды қасиет.

НИША – архитектуралық элемент, қабырғадағы сәндік ойық, мүсіндерді, құмыраларды, қаріптерді немесе басқа заттарды орнату үшін қолданылған. Жарты дөңгелек шоқтардағы қораптар жиі қабығы тәрізді гофрлермен безендіріледі.

ЖАРТАС ӨРНЕКТЕРІ – жартастарға қашалып салынған суреттер. Қазақстандағы Таңбалы тастағы өрнектерді мысалға келтіруге болады.

НАТУРА – табиғат табиғи объект деп аталады, ландшафт және т.б. сурет салынады, сауалнама жүргізіледі және т.б.

НАТУРАЛИЗМ – XIX ғасырдың соңғы жартысында Еуропа мен Америка Құрама Штаттарында қалыптасқан әдебиет пен өнер бағыттары. О.Комте және Г. Спенсердің негізгі өкілдері позитивизм идеясының әсерімен бұл шындықты объективті және түсініксіз сипаттауға, өнерді ғылымға ұқсас етіп, тағдырдың толық тағайындалу идеясынан, адамның рухани әлемінің әлеуметтік ортадан, тұқымқуалаушылықтан және тәуелділіктен деген тәуелділігіне сүйенді.

ОБЕЛИСК – ескерткіштер түрі. Қандай да бір тарихи уақиғаларды (Азамат соғысы, Екінші дүниежүзілік соғысы, т.б.), сол оқиғаларға қатысқан адамдарды есте сақтау үшін тұрғызылған. Қазір аудандағы әр округте Екінші дүниежүзілік соғысы құрбандарына арналған ескерткіш-тақта бар. Ал аудан орталығы – Шәуілдір ауылында Екінші дүниежүзілік соғыс құрбандарына арналған ескерткіш 2004 ж. 8 мамырда қайта қалпына келтіріліп, тұрғызылды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіш 1992 ж. орнатылды.

ҮЙІНДІЛЕР – кейде көлбеу бойымен (аркандарда, қабырғалардағы архивоlette) немесе дәліз бойынша (көлденең (квадратта, аралық белбеулерде немесе мұнараларда, колонналардың негіздерінде) рамка порталдары, терезелер). Архитектураға кеңінен таралған Обломов сәулет өнері ғимараттың тектоникалық іргетасының бейнелі және көркемдік экспрессиясын жақсартуға қызмет етеді.

ОБРАЗ – шындықты танып-білуде әдебиет пен өнерге тән ерекше эстетикалық категория. Көркем шығармада сөзбен сомдалған кез келген құбылысты (көбінесе әдеби қаһарман бейнесін) О. деп атайды.

КЕРІ ПЕРСПЕКТИВА – кескіндеме әдісі, онда көрерменнен алыс тақырыптар үлкенірек бейнеленген. Осылайша керісінше суретте бейнеленген сызықтар горизонтта емес, сонымен бірге көрерменнің ішіне жақындамайды.

ОКЛАД – қымбат металдан иконкаларға салынған стиль.

ОРДЕР – архитектуралық композицияның (колонналар, бағаналар немесе пилавтар) және жұғыспайтын бөліктердің тірек бөліктерінің байланыс тәртібі – инкубатор. Классикалық архитектурада О. ерекшеленеді: Дорик, Ионды, Қоринтия, Тускан және композиттік (кешен).

ОРНАМЕНТ, ою (лат. *ornamentum* – әсемдеу, сәндеу) – әртүрлі заттарды (үй-іші мүліктері, тоқыма бұйымдар, еңбек құралдары, қару-жарак), архитектуралық ғимараттарды әшекейлеуге арналған, жүйелі ырғақпен қайталанып отыратын әрі үйлесімділікке құрылған өрнек-нақыштар.

ОФОРТ (франц. *eau-forte* – азот қышқылы) – оймыш гравюраның бір түрі. Офорттың баспалық нұсқасын даярлауда металл (мыс., мырыш, қорғасын, болат, т.б.), пластинка тақтайшалар қолданылады. Сурет лак қабаты жағылған пластинка-тақтайшалардың үстіңгі бетіне гравюра инесімен сызғылау арқылы салынады. Оның бетіне қышқыл жағылады. Қышқыл тек ине тиген сурет іздеріне ғана әсер ететіндіктен көркем бейне штрихтарын тереңдеті түседі. Штрихтарды ағарту (тереңдету) үшін суреттің дәл сол бөлігіне қайтара лак жағылып, қайтадан қышқылмен күйдіріп бедерлейді. Офортты басып көбейту үшін бедерлі пластинка-тақтайшаға бояу жағылады.

ОХРЕНИЕР – белгішесін суретке түсіріп, суретшінің ағзаның ашық бөліктерінің формасын дамытатын қолдануы. Бұл өрнек бояудың құрамында оюдың басым болуымен түсіндіріледі.

ЖАЛПЫ БЕЙНЕЛЕУ – суретшінің салыстыру, талдау және синтездеу арқылы объектілер мен құбылыстардың негізгі, маңыздылығын анықтайтын объективті шындықты тану қабілеті. Бейнелеу өнерінің жұмысы – бұл жалпы көріністің нәтижесі, сонымен бірге нақты бейнелеудің бірегейлігін сақтау.

БЕЙНЕЛЕУ ОБРАЗЫ – кескіннің бейнесі. Аристотельдің «Поэтикасында» бейнелеу жолы табиғаттың түпнұсқасын дәл көрсете алмаған, азайтылған немесе өзгертілген, сынған көрініс ретінде пайда болады. Романтизм эстетикасы ұқсастық және ұқсастық шығармашылық, субъективті, өзгеретін бастамаға жол ашады.

НАТУРАНЫҢ ТҮСТІК, ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ТҮРЛІ-ТҮСТІ НАТУРАСЫ – жарықтың түрлі қарқындылығының нәтижесі. Түрлі жарықтандыру жағдайын жеткізу (танертең, түстен кейін, кешке немесе сұр күнде), бояғыштың жарқын және жарқын түстері этюд түсінің схемасын құру кезінде әрдайым пайдаланылмайды. Кейбір жағдайларда суретші жеңіл және түстердің күштілігімен (сұр күн, қараңғы бөлме), басқа жағдайларда жарқын және жарқын түстерде (мысалы, күн шуақты күндері) қарым-қатынас орнатады.

БОЯУЛЫҚ ЖУУ – 1) акварельдік техника өте сұйық сияны немесе сияны пайдаланып, үлкен аймақты жарық тонбен бояу үшін стақан суға түсіріңіз, одан кейін бояу орнына қойыңыз (сүзгілеу керек) және жоғарыдан бастап, шыны түбіне тигізбей щетка «ерітіндісін» қолданыңыз; 2) бояудың жарықтылығын алу немесе қағаздан қағазды таза суға батырылған щеткамен алып тастау және тазартылған қағазды бояу қағазымен жинау (рәсім бірнеше рет қайталады).

РЕҢК – түстің, жеңілдіктің немесе түс қанықтылығының кішкентай, жиі елеусіз айырмашылығы.

КӨРЕРМЕННІҢ ӘСЕРІ – сәулелену энергиясының көру органы арқылы өзара әрекеттесуінің нәтижесі және бұл өзара әрекеттесуді сана-сезіммен қабылдау. Нәтижесінде адам әртүрлі жарықтандыру, қоршаған орта және ғарыштық жағдайлардағы объектілердің нысанын және табиғат құбылыстарын сипаттайтын жеңіл, түрлі түсті түсірулерді алуан түрлі сезімдерді алады.

ПАНОРАМА (гр. *πov* – бүкіл және *horama* – түр, көрініс) – кеңістік өнерінің бір түрі, музей ісінде алдыңғы қатардағы экспонаттың мазмұнын ашу үшін қолданылады. Панорамаға әдетте дөңгелек залды ғимараттардың шеңбер немесе доға пішінді қабырғасының ішкі бетіне тұтас салынған картиналар жатады. Ол зал ортасындағы алаңнан қаралатын болғандықтан, айнала қоршаған ақиқат кеңістіктің иллюзиясын тудырады. Панорама көбіне көлемді аумақпен көп адамды қамтитын тарихи оқиғаларды, соғыс оқиғалары мен шайқастарды бейнелеуге қолданылады. Тұңғыш панораманы ирланд кескіндемешісі Роберт Баркер XVIII ғ.-дың аяғында Эдинбург қаласында жасады. Панорама XIX ғ.-да кең қанат жайды. ҚР музейлері тәжірибесіндегі панорамалар: ҚР MOM-дағы «Берел» қорымы; А. Байтұрсынның музей үйіндегі «Репрессия құрбандары», «Қайта оралу», «Ұлттық рухтың ұлы күні», «Қазақ санасының шашырағы», «Ахметтану дәрісханасы», әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Этнография» оқу музейіндегі «Жайлау», т.б.

ПАРАМУЗЕЙЛЕР – шетел музеологиясында тәжірибеге енген, музей қорының негізі түпнұсқа емес заттардан қалыптасқан, белгілі бір тарихи маңызы бар оқиғаларды, нысандарды насихаттайтын музейлік маңызы бар мекеме. Парамузей экспозициясы балауыз фигуралардан, жоғары сапалы жаңғыртпа-лардан, нақты және жаңа көшірмелерден, т.б. тұрады.

ПЕТРОГЛИФ (гр. *πέτρος* – тас және гр. *γλυφή* – қашау) – тактатас, жартастарға салынған суреттер, бейнелер. Ежелгі петроглифтер соңғы палеолиттің ақырында пайда болды. Кейінгі голцендік тарихи-мәдени кезеңдерде (мезолит, неолит, қола дәуірі, темір дәуірі, т.б.) қоғамдағы өзгерістерге байланысты дамыды. Мұндай суреттер Швеция мен Норвегия (Богуслен, Таннум), Солтүстік Италия (Велкамоника), Португалия мен Испанияда, Солтүстік Африка, Араб жарты аралы, Үндістан мен Пәкістан, Қытай, Корея мен Жапонияда, Канада, АҚШ, Аргентина, Чили мен Бразилия, Австралияда, Кавказда, Орталық Азияда, Сібірде, Қыр Шығыста шоғырланған. Мұның өзі петроглифтердің жалпы адамзат мәдениетінде маңызды құбылыс болғандығын айғақтайды. Петроглифтер сан алуан тәсілдермен шекіліп, бедерленген. Әр өңірдегі мұндай өнер туындылары тас ғасырынан кейінгі орта ғасырларға дейінгі адамдардың шаруашылығынан (аңшылық, балықшылық, т.б.), тұрмыс-салты мен жылжаралғыларынан, дүниетанымынан, наным-сенімдерінен хабар береді. Көп жерлерде суреттерді қызыл охрамен бояп, тастың бетін қашап, шекіп салу тәсілдері кеңінен пайдаланылды. Көбіне хайуанаттар қырынан, адамдар алдынан салынды. Петроглифтердің мәні терең, бейнелері мазмұнды болып келеді, оларда аңыз әңгімелер, мифтік сюжеттер, қоршаған ортамен байланысты шаруашылық-тұрмыстық қарекеттер бейнеленді. Қазақстанда 200-ден астам жарта суреттерінің шоғырланған орындары белгілі: Ақбауыр, Арпаөзен, Баянжүрек, Ешкіөлмес, Қаратау, Қойбағар, Майдантал, Мойнақ, Таңбалы, Теректі-Әулие, т.б. Петроглифтік ескерткіштер ашық аспан музейлерінің қалыптасуына негіз болады.

Музейлерде петроглифтер негізінен панорама, диорама, макет түрінде беріледі. Петроглифтік ескерткіштер шоғыры ашық аспан музейі әрі тарихи-мәдени туризм нысаны ретінде тарихи-мәдени қорық құруға, экомузейлер құруға негіз болады. Мысалы, Тамғалы тас тарихи-мәдени қорық музейі. Петроглифтер жылжымайтын тарихи-мәдени ескерткіш түріне жататындықтан музей экспозициясына панорама, макет түрінде қойылады, ал петроглифтік ескерткіші бар жартас сынықтары экспозицияда ғылыми көмекші материалдармен беріледі. Мысалы, ҚРҰҒА-ның Археология музейінде панорама және макет түрінде берілген. Шетелдік музеологияда петроглифтерді табылған орнында сақтау «сайт-музей» бағытына сәйкес келеді.

ПИРАМИДА – архитектурада пирамида үлгісіндегі алып құрылыс. Пирамида тұрғызу негізінен көне заманда етек алды. Оны ежелгі Мысыр перғауындарының кабіріне ескерткіш белгі (Гизадағы Хеопс пирамидасы, т.б.) ретінде тұрғызатын болған. Кейбір пирамидалар ғибадатхана, қазына қоймасы рөлін атқарып келді. Пирамидаға ұқсас құрылыстар (ғибадатхана тұғыры, космол. құрылыстар) Орталық және Оңтүстік Америка жерінде (б.з. I мыңжылдығы) де кездеседі. Ежелгі Рим мен Жаңа Еуропа өнерінде пирамида үлгісі мемориалды құрылыстар тұрғызу ісінде қолданылды. Пирамидалар ашық аспан музейлері қызметін атқарады, көпшілік музейлерде макет, панорама түрінде беріледі.

Прадо – әлемдегі ең ірі музейлердің бірі, испан корольдары Габсбург пен Бурбондар династиясының коллекциясы негізінде 1818 жылы құрылған, көпшілік үшін 1819 жылы ашылған. Музей қоры үшке бөлінеді: 1) испан корольдары коллекциясы; 2) шіркеулер қамқорлығымен жасалған туындылар; 3) сыйға алынған, мұрагерлікке өткен, сатып алынған экспонаттар. XVI ғ.-да V Карлдың билік құрған тұсында Испанияның Еуропа елдерімен мәдени байланысы күшейген. Ол Брюссельдегі сарайында Тициан, Моро сияқты белгілі суретшілер туындыларын сақтаған. V Карлдың ұлы II Филипп король коллекциясын одан әрі толықтырған, Тицианға тапсырыс беруді жалғастырған, Иероним Босх жұмыстарын сатып алған. Қала сыртындағы Эль Прадо сарайына қойылған коллекцияны тек билік өкілдері мен элита ғана көре алған. Тек Эскориалдегі діни тақырыптағы жұмыстар экспозициясы ғана көпшілік үшін ашық болған. Коллекцияны нығайту ісінде IV Филипптің рөлі зор, ол құнды өнер туындыларын сатып алуға жарлық берген. Сондай-ақ король сарайы суретшісі Веласкестің қор жинау ісіндегі еңбегі зор әрі өнер туындыларын таңдау, сатып алу ісінде кеңес беріп отырған. Веласкес Италияға сапарында Веронез, Тинторетто, Бассано жұмыстарын алып келген. Ағылшын королі I Карлдың коллекциясынан көптеген картиналар сатып алған, солардың қатарында Монтеньидің «Құдай ана өлімі», Альбрехт Дюрердің «Автопортрет» атты құндылықтар бар. 1628 жылы Мадридке Нидерландыдан дипломатиялық миссиямен атақты Питер Пауль Рубенс келген, оның жұмыстары тек король қолына өтіп отырған. XVIII ғ.-да испандық ойшылдар қоғамы көпшілік музей ашу туралы ой көтерген. 1814 жылы король VII Фердинанд көпшілік музей ашуға жарлық шығарып, оған Прадо паркінен жер бөлінген. Музей ғимараты неоклассицизм үлгісінде архитектор Хуан де Вильянуэв (1785 – 1808) жобасымен салынған. Наполеон әскері шабуылы әсерінен ғимарат зардап шеккен әрі

экспонаттардың біразы соғыс олжасына айналған. Музей қорында XI – XIX ғ.-лардағы испан (Хайм Угет, Педро Берутпе, Эль Греко, Барталом Эстебан, т.б.); итальян (Фра Анджелико, Андреа Мантеньи, Сандро Боттичелли, Джорджоне, Якопо Тинторетто, Микеланджело де Караваджо, т.б.), Нидерланды (Үлкен Питер Брейгел, Рогир Ван дер Вейден, Ганс Мемлинг, Антонис Ван Дейк, Питер Пауль Рубенс, т.б.) көркемөнері туындылары сақталған. Рафаэльдің атакты «Кардинал портреті», «Крест тағу», «Мария мен Елизаветтаның кездесуі», Тицианның атакты «V Карлдың ат үстіндегі портреті», «Автопортрет», «Даная» туындылары осында қойылған. Көркемсуреттер мен мүсіндер саны 3400 бірлікті құрайды.

ПОРТРЕТ (фр. *portrait, portraite* – бейнелеу) – бейнелеу өнерінің жанры. П. бейнелеу өнерінің барлық түрімен [сұңғат (живопись), мүсін, графика, мозайка, т.б.] жазыла береді. П.-тің негізгі міндеті – адамның сыртқы ұқсастығын айнытпай берумен қатар, ішкі жан дүниесін, мінез-құлқын ашып көрсетіп, дәуірлік-тарихи ұлттық тұлғасын шынайылықпен бейнелеу. П. кейіпкерге қарап отырып салынады, кейде көмекші материалдарға (көркем, ауыз әдебиеті, түрлі тарихи деректерге, т.б.), естеліктерге сүйене отырып та ойдан туындайды. П. жасалу ерекшелігіне қарай қондырғылы (сұңғат-кескіндеме, бюст, графика, монументті, мозайка, т.б.), салтанатты, миниатюралы, т.б. болып бөлінеді. П.-те жеке немесе топтама адамдар бейнеленеді. П. ежелгі Мысыр, Косөзен, Грек, Рим өнері дәуірінен белгілі. Көне дәуірдегі озық П. үлгісі – мүсінші Тутмес сомдаған Нефертитидің бейнесі (б.з.б. XVI ғ.). Орта ғасырларда П. өнері Қытайда, Жапонияда дамып, Орт. Азия, Әзірбайжан, Ауғанстан (Бекзад Камал әд-Дин), Иран (Реза Аббаси) елдерінде миниатюралық П. қанат жайды. Еуропада П. өнерін Қайта өрлеу дәуірі суретшілері (Б. ди Джотто, Мазаччо, С.Боттичелли, Леонардо да Винчи, С. Рафаэль, Тициан, т.б.) дамытты (XV-XVI ғ.-лар). П.-тің нағыз гүлденген кезеңі – X. Рембрандт, X. ван Рейн, Ф. Хальс, А. ван Дейк және Д. Веласкес, т.б. өмір сүрген дәуір (XVII ғ.). Ресейде П. XVIII ғ.-да (Ф. Рокотов, Д. Левицкий, В.Боровиковский, т.б.) өркендеп, одан әрі оны И. Репин, В. Серов, М. Сарьян, мүсіншілер В. Мухина, Е. Вучетич, т.б. жалғастырды. Қазақ тарихында мүсіндік П.-тің дені ежелгі түркі қағандығы (V – VIII ғ.-лар) мен қыпшақ заманы (VIII – XIII ғ.-лар) кезеңіндегі балбалдар мен тас мүсіндер. Қазақтың тұңғыш суретшісі Ш.Уәлиханов П. ағымында көп еңбек етті («Сұлтан Мамырхан Рүстемов», «Тезек төре», қарындаш, 1856 ж., «Алатау қырғызы» түрлі түсті қарындаш, 1856 ж.). XX ғ.-дың басынан қазақ суретшілері Ә. Қастеев, І. Телжанов, Н. Нұрмұхамедов, А.М. Черкасский, Г. Исмаилова, А. Ғалымбаева, М. Кенбаев, Х. Наурызбаев, Ү. Әжиев, т.б. П. жанрын ұлттық үрдісте дамыта білді. Кейінгі толқын суретшілері С. Айтбаев, А. Аканаяв, С. Досмағанбетов, Е. Сергебаев, М. Аманжолов, А. Дүзелханов, Ж. Сыдықов, Д. Қасымов, Б. Мырзахметов, Ә. Жұмабай, Н. Далай, т.б. П. өнерін жаңа қырынан дамытты.

ПРОТОМУЗЕЙЛЕР – музейлердің ерте сатысына сай келетін көне музейлер түрі. Музейдің жаңа мәдениеттік формасының генезисі бірнеше ғасыр бойына қалыптасты. Оның пайда болуының алдында мәдени маңызды ақпараттарды сақтау, тапсырмаларының шешімі локалды сипатқа ие болды және әрбір қоғам өмірінде мәдениеттік ескерткіштерді сақтау үшін өздерінің әдісте-

рі болды. Ұлы князьдардың қазыналары, мәдениеттік бақтар, шіркеулер, дәріханалар, дәрігерлік бақша, құрал-саймандар сақтайтын түрлі орындар ертедегі музей түрлері болып табылды.

Расында, олар бір жалпы мәнге ие: олардың қызметтері оны жүзеге асыру үшін қажетті заттарды және қоймалардың болуын қарастырды. Дәріханаларда уақыт өте келе анатомиялық және басқа да жаратылысты ғылыми жинақтар қалыптасты, алғашқы Петербург кунсткамерасы Ресей музейінің пайда болуына алып келді.

Дәрігерлік бақша емдік өсімдіктерді өсіруге және дайындауға арналған жер телімі болып табылады. Тірі табиғат музейлері пайда болмай тұрып, емдік өсімдіктерді акклиматизациялау бойынша жағдайлар қарастырылды. XIX ғ.-дың I-жартысында таза медициналық сипатын жоя бастады және ірі дәрігерлік бақшалар ботаникалық бақшаға ауысты.

Арсеналдар (фр. *arsenal*) – қару-жарақтарды, қарулану заттарын сақтауға арналған орын. Олардың кейбірі уақыт өте келе әскери тарихтың ескерткіштерін жинауға ұласты. Алғашқы арсеналдар қару өндіру орталығында туындады және оның ажырама бөлігіне айналды. Хандық арсенал функциясы XVI-XVII ғ.-ларда орындалды. Мәскеулік Кремль қару палатасы қарулануды өндіруші және сақтаушы орталыққа айналды. XVI-XII ғ.-ларда орыс шіркеуінде қорғаныс үшін арсеналдар пайда болды. I Петр кезінде әскери қаруды және ескі қаруларды жинау басталды. 1703 жылы Петропавлск бекінісінде Цейхгаузының негізі қаланды. II Екатерина I Петр жұмысын жалғастырды. 1775 жылы Петербургте ескерткіш зал пайда болды. XVIII ғ.-да Хандық ауылда арсенал коллекциясы қалыптасты. XIX ғ.-да арсеналдар біртіндеп музейге айналды.

Жануарлар бағы аңшылық және ойындар үшін пайдаланылды. I Петр кезінде жануарлар бағының құрылуы жабайы аңдарды жинақтау үшін құрылса, 1711 жылы Петергофта алғашқы жануарлар бағын бекітті, кішкене жануарлар бағы оның сыртында пайда болады. Дипломатиялық «тірі сыйлықтарды» орналастыру үшін XVIII ғ.-да Ресейдің жаңа астанасына келе бастады. Олар жаздық бақтың территориясын алып жатты. 1710 жылдан бастап сыйлықтар арнайы тұрғызылған жануарлар сарайына орналастырылды, кейінірек Құстар сарайы, Пілдер сарайы тұрғызылды.

XVIII ғ.-дың бірінші жартысында аңшылыққа арналған жануарлар бағы құрылды. 1718 жылы I Петр Пулков жануарлар бағын тұрғызды, онда император аңшылыққа шықты. Аңшылық үшін «Ягд Гартен» бақтары Петергофта Анна Ионовнаның тұсында жасалынды.

XVIII ғ.-да кабинеттермен, оранжереялармен бірге, жануарлар бағы сарайлардың және жеке сарайлардың міндетті атрибуты болып табылды. Негізінен бұл сирек кездесетін жануарлардың және экзотикалық құстардың жиынтығы болып табылды. Ішіндегі ең танымалылары – Гатчиндегі «Жануарлар бағы» паркі, ландшафты өнер туындысы. Г.Г. Орлов басқарған кезде аңшылық қорық пайда болды. II Екатерина құстарды және аңдарды сарай сәнін келтіруші ретінде қолдануды жөн көрген, сондықтан сирек кездесетін құстардың және аңдардың түрлерін қыстық бақта Эрмитажда сақтады. Арнайы тұрғызылған Хандық ауыл павилондарына орналастырылды. Қала сыртындағы сарайлардың комплекстері Шермет, А.Г. Разумовск, Демидов қалашықтарында жануарлар бақтары болды.

Ризницалар. Православ шіркеуінің ғимараты, онда киімдер (ризлар), шіркеулік бұйымдар, құдайға табынушылық кітаптар, иконалар сақталды. Ризницалар шіркеудің ерекше ғимаратында орналастырылды.

Шіркеулердің ризницалары көптеген жылдар бойы құнды заттарды, мемориалды құндылықтарды көркемдік, материалдық заттарды сақтады. Кейбір заттар қызмет жасау үшін жарамсыз болып қалды. Шіркеулердің ризницаларында ұлттық өнердің және мәдениеттің құнды ескерткіштері сақталды. XIX ғ.-да музейде ескерткіштерді сақтау сирек берілді. XX ғ.-дың басында ризницаның көптеген қазынасы елдің музейлік фондына берілді және отандық музейлер коллекцияларын толықтырды.

Кітап қоймасы және кітапты сақтауға арналған ғимараттар. XVII ғ.-дың протомузейлері формасының бірі ретінде қарастырылды. XVII ғ.-дың екінші жартысында Ресейде шет тіліндегі кітаптар, оқулықтар, қолжазбалар және кітаптар кең таралуға ие болды. Діни құрамдағы кітаптар саны да артты. Ресейде Архангелскіде А.Ф. Малиновскі және Кремл соборындағы «соборлық кітап қоймасы» жүргізген зерттеулер ризницаны бөліп көрсеткен. Бөлек бұйрықтармен қалыптасқан кітаптарды жинаудың белгісі хандар және ханзадалар кезінде болған. Федор Алексеевич (1661 – 1682) «Ханның кітабындағы» оның өлімінен кейін тұрғызылған «кітап қоймасы» бөлмесі жайлы айтады.

ПАВИЛЬОН (лат.*Papilio* – көбелегі) – демалыс үшін шағын бақпен парк. Түрлі павильон – грот.

ПАВОЛОКА – ескі ресейлік картинаның технологиясындағы сұйық желіммен майланған және иллюминатор тақтасының алдыңғы беткейіне гессо қолданбас бұрын сіңдірілген кенептердің бөлігі.

ПАГОДА (порт пагода) – буддистер немесе индуc храмы, көп қабатты, конустар мұнарасы.

ПАДУГА – тік қабырғадан қалыптау өту иілген (ойыс) бетінде ішкі сәулет төбеге, плафондарға жарықтандыру. Барокко және рококо архитектурасында ерекше үлестірілді.

ПАЛАС – түксіз кілем; қолмен және машина жасау техникасымен, сондай-ақ екеуінің комбинациясында орындалады.

ПАЛАЦЦО (лат.*palatium* – сарай) – итальян Ренессанс сәулетінің XV-XVI ғ. бай қала сарайы.

ПАЛЕХСТІК ЛАКТЫ КЕСКІНДЕМЕ – әрлеу жиеліктері мен плиталарға негізделген өрнектер. Ол температуралық бояулармен жүзеге асырылады. Сурет әрдайым сұлу және лаконикалық көрінеді, оның ішінде алтын сызықтармен жұмыс істейді.

ПАЛЬМЕТТА (фр.*palmette*) – сәндік мотив, стильдендірілген желдеткіш пішінді парақ. Ежелгі Шығыс өнеріндегі антикалық және кейінгі кезеңдерде пальметта сәулет өнері және сәндік-қолданбалы өнердің бөлшектері ретінде қолданылған.

ЕСКЕРТКІШ – кең мағынасында елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы мұражайлық, көрмелік маңызы бар заттар мен жылжымайтын ескерткіштерді (құрылыстарды, ғимараттарды, т.б.) қамтиды. Ортақ типологиялық белгілері бойынша ескерткіштер негізгі 4 түрге бөледі: археологиялық ескерткіштер,

тарихи ескерткіштер, сәулет өнері ескерткіштері, монументтік (мүсін) өнері ескерткіштері. Тар мағынасында ұлы тұлғаларды, белгілі қайраткерлерді немесе елеулі тарихи оқиғаларды есте қалдыру үшін жасалатын мүсіндік туынды. Бұл атау монумент деген ұғымның мағынасына жақын. Алайда ескерткіш, әдетте, дүние салған адамның құрметіне тұрғызылады. Ескерткіштің кең тараған түрі де осы – көлемі нақты тұрпаттан үлкендеу мүсіндік бейнелер.

ПАНАГИЯ (гр. панагия) – киім, олардың атақты белгісі мойынға эпскоп киюге шағын, әдетте қымбат белгішесі.

ПАНДУС – тегіс пандус, төбеден қалпағына немесе бірінші қабатында орналасқан бас ғимарат кіреберіс үшін, арбалары экипаждарды енгізу үшін баспалдақпен ауыстыру.

ПАНЕЛЬ (ланг панелус – мата) – интерьерді безендіруде ағаштан жасалған қабырға жабыны, кескіндемемен немесе картиналармен безендірілген.

ПАННО – 1) кескіндеме немесе мүсін (BAS) интерьер немесе қасбет бойынша сәндік сипаты; 2) беткі қабатпен (мүсіндік немесе бейнелі) шектелген кескін қабырғасының кескіні.

ПАПЕРТЬ – шіркеу алдындағы алаңсатысы, «арбаның» бір түрі.

ПАРАПЕТ – төбе, балкон, көпір, сәулет құрылымының кез келген бөлігін жиегіндегі төмен тас қабырғамен шектеу.

ПАРСУНА – (лат. адамнан адамға, адамға) «адам» сөзінің бұрмалануы, XVII ғасырдағы ресейлік портрет кескіндемелерінің дәстүрлі атауы. Нақты тарихи тұлғаларды бейнелейтін бірінші П., орындау техникасы да, имидждік жүйе де кескіндеме жұмыстарынан айырмашылығы болмады. XVII ғасырдың екінші жартысында П. кейде табиғатта, кейде мұнай бояуларымен кенепте боялған. Әдеттегідей, П.-ны құрметті Палата суретшілері С. Ушаков, И. Максимов, И. Безмин, М. Чоголов құрған.

ПАСТЕЛЬ – бедерлі қарындаштармен, суретсіз сурет салу техникасы.

ПАТИНА – металдар, ағаш, мәрмәр және т.б. бетінде ауа әсерінен болған өзгерістер. Оларда (жасыл қоңырға дейін) түсті өзгеруі, жарқырған түрінің пайда болу немесе картаю белгілері жүреді.

ПЕЙЗАЖ (фр. *paysage*) – кескіндеме жанрлары бірі, ел сипатын бейнелейді. Бірнеше түрлері бар: қалалық, сәулет және т.б.

ПЕЛЕНА – бұл белгішенің астында тоқтап тұрған тікбұрышты пішінді мата. П.-ға әдетте белгішеге сәйкес келетін кресті немесе сюдияны қояды.

ПЕРСПЕКТИВ – 1) объектілердің үш өлшемді қасиеттерінің жазықтықтағы кескіні туралы геометриялық оқыту; 2) сыртқы нысанның көрінетін имиджін жасауға мүмкіндік беретін нысандарын, олардың өзара орналасуын суреттеу әдісі.

ПЕРСПЕКТИВТІ ПОРТАЛ – ғимаратқа мәжбүрлеп кіргізілген, шұңқырларға тиіп, біртектес концентриялық аркалармен жабылған.

ПЕРФОРМАНС – нақты уақыт режимінде байқалған суретшінің кез келген әрекеті болатын визуалдық өнердің бір түрі.

ПЕТРОВ БАРОККОСЫ – орыс өнерінің стилі үшін әдеттегі атауы, негізінен XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы архитектура, ол голланд сәулетінің, итальяндық барокко және француздық рококо ерекшеліктерін біріктірді.

ПИЛОН (топтық пилон – қақпа) – дөңгелек бағандардан немесе тегіс пиллистерден айырмашылығы тікбұрышты жоспары. Ғимараттың порталын

қолдайды немесе ғимараттың порталының жағында орналасқан, көпірге кіру және т.б.

ПИЛЯСТЕР (лат. тілік) – қабырға бетіндегі тіктөртбұрышты көлденен қиманың тік бұрышы. Ежелгі ресейлік архитектураның түрі сияқты. Тапсырыс пішіндерінде бағандай өңделді.

ПЛАСТИКА (гр. пластик – мүсін) – 1) мүсін; 2) жұмсақ материалдардан мүсін техникасы.

ИКЕМДІЛІК – қалыптау, зергерлік жолмен металды өңдеу үшін пайдаланады. 1) сапа тән мүсін, көркем өрнек сусымалы нысаны, салмағы, ішкі толтыру, динамикалық пішінді қатысы модельдеу үйлесімді өрнек; 2) мүсін, дөнес, барлық пластикалық өнердегі – сәулет, кескіндеме, графика, өнер және көлөнердегі үш өлшемді формалардың анықтығы.

ПЛАФОН (фр. *plafon* – әріптер, тегіс) – 1) қарау (проекция, жоғарыдан қарау); 2) төбелердің түрі, сондай-ақ оның қабырғаларын немесе рельефтерін безендіру; 3) шамның жоғарғы жағы.

ПЛАЩАНИЦА – шіркеуде Мәсіхтің бейнесі бар пасхальдық рәсімде қолданылған.

ПЛИНТ – баған негізінің тегіс квадрат бөлігі.

ПЛИНТУС (гр. *plinthos* – плита) – ағаш жиектер, алшақтықты жабу және еденге қабырға жазықтықта көрнекі көшуді жүзеге асыру.

ПЛИНФА, плинт (плиталық плита, плитка) – 1) бағанның немесе тіректің негізіндегі квадрат тақтайшасы, оның негізі ең төменгі бөлігі; 2) кең және тегіс кірпіш, қабырғаларды таратуға және тегістеуге арналған таспен бірге қолданылады.

ПЛЕНЭР – әуе, ашық аспан астында ашық 1) қарау операциясы, суретшінің тікелей ашық ауадағы өмірді және жеңіл құбылыстарды суреттеуі; 2) палин-эффектілерді зерттеуге байланысты ашық ауада (шеберханадан тыс) бояу. Термин әдетте ашық ауада кез келген кескінге қатысты қолданылады.

ТҮПНҰСҚА – 1) түпнұсқамен бірдей түпнұсқалық туынды; 2) сипаттамасы мен суреттеріне практикасы ортағасырлық орыс кескіндеме жинау (кескіні) шіркеу меңзейді субъектілерінің қасиетті және қасиетті суреттерді тиісті.

ПОДПРУЖНАЯ АРКА – храмның күмбезіндегі күмбездің негізін салатын төрт арканың бірі.

ПОЛИХРОМДЫҚ СТИЛЬ – Қазақстан территориясында үйсіндердің өмір сүрген кезеңінде Ираннан келген әшекейлерді безендіру түрі. П. бояу немесе архитектуралық-мүсіндік нысандары мен олардың бөліктері түрлі түсті материалдар пайдалану арқылы қол жеткізді.

ЖАРТЫЛАЙ БАҒАНА (жартылай колонна) – жартылай бағандар, жарым диаметрі оның бүкіл биіктігі бойымен қабырғаның жазықтықта шығыңқы бағаны.

ПОП-АРТ (ағылш. *pop art* – көпшілік өнер) – XX ғасыр 50-жылдарының ортасында пайда болған ағылшын-америкалық өнердің бір бағыты. Оның теор. негізі прагматизм эстетикасы болып табылады («өнер тілі іс жүзінде қолдануға пайдалы болуы керек»). Бірқатар сыншылар поп-артты абстракционизмге реакция ретінде қарастырады. Поп-арт теоретиктері әрбір бұйым белгілі бір мәнмәтінде өнер туындысына айналады, өзінің алғашқы мағынасынан ажырап,

көркемдік сапаға ие болады деп санайды. Заттық дүниені эстетизациялау поп-арттың ұстанымына айналған. Поп-арт – бұл тұрмыстық бұйымдардың композициясы. Кейде олар муляжбен (заттың бітімін дәл беретін бедер) немесе мүсінмен ұштасуы (бірлесіп бейнеленуі) мүмкін. Оның теориялық негізі прагматизм эстетикасы болып табылады: өнер тілі іс жүзінде қолдануға пайдалы болуы қажет. Көркем бағыт ретінде поп-арттың көптеген түрлері бар. Поп-арт (көркем ұйымдастырылған оптик. әсерлер, геометрияландырылған түзу сызықтар мен дақтардың комбинациясы); эл-арт (электромотор көмегімен қозғалатын бұйымдар мен констукциялар). Поп-арт терминін 1965 ж. ағылшын көркемөнер сыншысы Ф.Элоуэл енгізді. Бұл бағыт сәуегейлік мәдениеттің ең көп таралған құбылыстарының бірі. Поп-арт ағымының өкілдері: П. Блейк, Р. Смит, Р. Раушенберг, Э. Уорнхолл, Д. Сигал, т.б.

РАРИТЕТ (нем.*raritat*, лат.*raritas*) – сирек кездесетін, саны аз данадағы немесе бірегей ғана данадағы маңызы жоғары музей заты.

РЕВАЛОРИЗАЦИЯ (лат.*re* – қайталау әрекеті, фр.*valoris, valour* – құндылық) – табиғат, уақыт, соғыс, т.б. әсерлерден зақым келген, бұзылған тарихи нысандарды, ескерткіштерді жандандыру, нысанның тарихи-мәдени құндылығына оралу, уақыт өте келе немесе басқалай жойылу факторларынан қалпына келтіру. Р.-да нысанның физикалық құрылымымен қатар, қоғамдық ортадағы құндылығын қалпына келтіру де маңызды. Музейтануда Р. арқылы нысанның бастапқы қалпы барынша қайта келтіріледі.

РЕВИТАЛИЗАЦИЯ (лат.*re* – қайталау әрекеті және *vita* – өмір) – материалдық емес мәдени мұраны қайта жандандыру, нысанның жұмыс істеуін қалпына келтіру және өздігінен өсуіне жағдай жасау. Музейтануда Р. нысандары музейлік ортада, тірі музейде, музей-қорықтарда, экомузейлерде, ботаника бақтарында орын алады.

РЕКОНСТРУКЦИЯ (лат.*re* – қайталау, *constructio* – құрылым) – жазба және заттай деректер бойынша ғылыми негізделген, жоғалған немесе жойылған, түпнұсқасы сақталмаған тарихи-мәдени ескерткіштер мен табиғат ескерткіштерін қайта жасап шығару, қайта жаңғырту өнері. Р.-ның бірнеше түрі бар: 1) тарихи мұраның нақты бейнесін көрсетеді. Мысалы, ҚРМММ 2-залында қойылған Абылай ханның мөрі дипломатиялық құжаттар, келіссөздерге басылған Абылай ханның мөрінің таңбасы негізінде күмістен қайта соғылған (реконструкция авторы реставратор А.Сейсекенов); 2) виртуальды реконструкция; 3) тарихи реконструкция – материалдық және материалдық емес мәдениет мұраларын тарихи модельдеу нәтижесінде құндылықтарды жаңғырту; 4) генетикалық реставрация – нақты бағытталған селекция нәтижесінде алынған тарихи дәуірлерде жойылған аналогына сәйкес келетін жан-жануарлар тұқымы мен өсімдіктердің түрі; 5) сәулет өнерінде мүлдем қираған, белгісі қалмаған ескерткішті қайта жасап шығару (Қараңыз: новодел); 6) полеантропологиялық – бас сүйек, сүйек қалдығы арқылы адамның бет-бейнесін, дене тұрқысын қайта қалпына келтіру. Мысалы, Түркістандағы Қожа АхметИасауи кесенесінен алынған Абылай ханның бас сүйегі, Хан моласынан алынған Әбілхайыр ханның бас сүйегі, Өзбекстан Тесікташ үңгірінен табылған неондерталь баласының бас сүйегі, т.б.; 7) виртуалды реконструкция – жойылған, сақталмаған, көп зақымданған немесе бір бөлігі сақталған ескерткіштің бастапқы келбетін компьютерлік технология көмегімен қайта қалпына келтіру.

1964 жылы Венецияда өткен «Ескерткіштер мен тарихи орындарды реставрациялаудың және консервациялаудың халықаралық Хартиясынан» соң реконструкция ісі өте жоғары дәрежедегі *реконструктор* мамандар атқаратын процесс деп таныла бастады.

Тарихи реконструкция жасау үшін ғылыми дерек, заттай дерек, жазба дерек, фотоқұжаттар, ауызша деректер негізге алынады. Тарихи-реконструкция – археологиялық, жазба және бейнелеу деректерін пайдалана отырып, белгілі бір тарихи кезеңнің материалдық және материалдық емес мәдениетін жаңғырту. Бұл бағыттың ғылыми мақсаты рөлдік ойын және ғылыми эксперимент әдістерін қолдана отырып, зерттеліп жатқан мәселені тереңірек зерделеу болып табылады. Тарихи реконструкция ұғымы 1980 жылдардан бастап ғылыми айналымға енді. Қазіргі уақытта тарихи реконструкцияның бірнеше бағыты қолданылады.

Тарихи мұраның нақты, дәлме-дәл бейнесін көрсету. Мысалы, ҚРМОМ 2-залында қойылған Абылай ханның мөрі дипломатиялық құжаттар, келіссөздерге басылған мөр таңбасы негізінде күмістен қайта соғылған (реконструкция авторы: А.Сейсекенов); Неаполь Ұлттық археологиялық музейінде сақталған Александр Македонский мозайкасы 1831 жылы 24 қазанда Италияда антикалық Помпейге жүргізілген археологиялық қазба жұмысы кезінде Фавна үйінің еденінен табылған. Музейге 1843 жылы табысталған. Мозайкада Александр Македонскийдің парсы патшасы III Дариймен шайқасы бейнеленген, шамамен б.э.д. 200 жылы орындалған. Көлемі – 5,82x3,13. Мозайканың көп бөлігі бүлінгендіктен, реконструкциялық нұсқасы жасалынған.

Антропологиялық реконструкция. Полеантропологиялық зерттеулер нәтижесінде бас сүйек, сүйек қалдығы арқылы адамның бет-бейнесін, дене тұрқысын қайта қалпына келтірудің, бейнесі сақталмаған тұлғалардың нақты бейнесін көрсетудің тарихи нақтылықты қалыптастыруда маңызы жоғары.

Этникалық мәдениет реконструкциясы. Қазіргі заманғы музейтануда материалдық және материалдық емес мәдениет мұраларын тарихи модельдеу нәтижесінде құндылықтарды жаңғырту ісінің маңызы ерекше. Материалдық мәдениет мұраларымен қатар материалдық емес мәдениет мұраларын жандандыру, нысанның жұмыс істеуін қалпына келтіру және өздігінен өсуіне жағдай жасауға, яғни *ревитализациялау* (лат.*re* – қайталау әрекеті және *vita* – өмір) ісіне мән беріледі. Табиғатта және тарихи-мәдени ортада өзінің табиғи болмысын сақтап қалған, материалдық және материалдық емес мәдениеттер жиынтығының дәстүрлі түрлерін сақтап отырған, олардың қызметін ылғи жандандырып, өзекті мәселе ретінде көрсетуге бағытталған музей түрі *тірі музей* деп аталады. Тірі музейлер өзінің аймағында ландшафты тарихи қоныстармен қатар әлеуметтік-тұрмыстық нысандағы қызмет көрсету сервистерін қамтамасыз ететін қонақүйлерді, мейрамханаларды, кеңселерді, т.б. қамтиды. Тірі музейлер тарихи мәдени ескерткіштермен қатар ұлттық дәстүрлер мен ғұрыптарды насихаттап, оларды дамытуға бағытталған. Тірі музей шетелдік музеологияда *«пайдалы музей»* деген ұғыммен де танымал, оның мақсаты жергілікті тұрғындарды мәдени-тынығу және ағартушылық қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, олардың қоршаған ортамен байланысын арттыру мақсатын көздейді. Сондай-ақ жергілікті тұрғындарды әлеуметтік, экономикалық, экологиялық

мәселелерді шешуге белсене қатыстыруын қамтамасыз ету арқылы тұрғындарды өздері тұрған өңірдегі қоршаған ортамен тығыз байланыста болуын, табиғат ескерткіштері мен ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарды сақтап, насихаттауға белсене қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған музейлер жүйесін құрайды.

Тірі музейлерде белгілі бір тарихи кезеңдегі адамдардың тұрмыстық жағдайын қайта жаңғырту арқылы *тірі тарих* (ағылш. *living history*) экспозицияланады. Музей мамандары қайта жаңғыртуды ұйымдастыру барысында барлық элементтер, яғни адамдардың киетін киімдерінен бастап, азық-түліктеріне дейін ескеріледі. Қазіргі заманда өзінің дамуында жаңа көзқарастарды жүзеге асыру жолына түскен музейлер дәстүрлі міндеттер мен максаттары көлемінен шығып, қоғам мен қоршаған орта өміріне қызу араласып, өз аясын кешенді бағдарламаларды жүзеге асырумен кеңейту керек. Қазіргі қоғамдағы музей тұтынушыларының өскелең талабы мәдени құндылықтарды сақтап, насихаттайтын музейлердің болуы өздерін қағаттандырмайтындығын, дәстүрлі музейлермен қатар адам дамуы индексіне әсер ететін, таным көкжиегін кеңейтетін музейлерді қоса қабат дамыту керектігін дәлелдеді.

Жаңа музеологияда далалық шайқастарды реконструкциялау ісі *турнирлер* деп аталып, оны көрсету топтық экскурсияға негізделеді. Бұл бағыттың мақсаты белгілі бір тарихи кезеңнің әскери тарихын зерттеу және оны тәжірибеде қолдану болып табылады. Ресейдің Уфа және Орал-Жайық әскери-патриоттық клубы, Ресей тарихи реконструкция клубы, «Царицыно» қорық-музейі, «Бородино» мемлекеттік әскери-тарихи қорық-музейі, Украинаның «Полтава соғыс даласы» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы, Чехияның Славкове (Аустерлиц) қаласының тарихи музейі әскери киім, қару-жарақ, соғыс өнерін реконструкциялап, экспозициялық қойылым көрсетуден жақсы тәжірибе қалыптастырған.

Музей ісінде тарихи оқиғалар мен материалдық емес мәдениетті реконструкциялауда тарихи дәстүрлерді, ұлттық салт-дәстүрлерді, колөнер шеберлерінің әдіс-тәсілдерін адамдар көмегімен көрсету ісі *имитация* (лат. *imitatio* – ұқсау, еліктеу) ұғымымен түсіндіріледі. Имитацияны, яғни *«тірі экспозицияны қалыптастыру»* ісі тарихи-өлкетану, тарихи-этнографиялық музейлер бағытына сәйкес келеді. Мысалы, колөнер жәрмеңкесін, шеберлік сыныптарын, ұлттық киімдер сән шеруін, т.б. ұйымдастыру. Әзірет Сұлтан қорық-музейі жазба деректер негізінде хан көтеру рәсімінің тарихи реконструкциясын жасады. Сондай-ақ тірі экспозиция тақырыбын, көрме мазмұнын ашу үшін құстардың, жан-жануарлардың тірі дауыстарын, табиғат құбылыстарын, яғни теңіз шуылын, боран соғудағы, найзағай ойнағандағы дауыстарды пайдалану да маңызды.

Архитектуралық реконструкция. Сәулет өнерінде мүлдем қираған, белгісі қалмаған ескерткішті қайта жасап шығару (музей ісінде новодел терминімен түсіндіріледі). Ескерткішті жаңа жерге көшіріп қондыру ісі де реконструкция ісінің шешімін таппайды, мұндай әрекет ескерткішке табиғи қауіп төнгенде (су астында қалу, т.б.) орындалады. Қазақстандық реконструкция, консервация ғылымының кеш дамығандығынан болар, мысалы, Қорқыт Ата мазарын Сырдарияның суы шайып кетуіне орай, ескерткіш тек фотоқұжатта

ғана сақталып отыр, ал осы ескерткіштің орнына тарихи реконструкция жасалатын болса, ескерткіштің нақты тарихи келбеті қайта дүниеге келер еді.

Тарихи бағыттағы музейлер қызметінде реконструкция арқылы сақталмаған мұраларды экспозициялаудың музейлік білім беруде маңызы ерекше. Әзірет Сұлтан қорық музейіндегі хан тағы, ханның асатаяғы, хан көтерген ақ киіз сияқты билік атрибуттары жазба деректерге негізделген реконструкциялық туынды. Шығыр қондырғыларының Қазақстан музейлерінде тек қыш шелектері ғана сақталған, қондырғы техникалары, ағаш, тері шелектері туралы мәлімет жазба деректер мен фотоқұжаттарда сақталып отыр.

«*Жаңа археология*» ғылымында археологиялық ескерткіштерді, олардың қолданыс аясын, байырғы тұрғындардың дүниетанымын ғылыми жазу, сипаттаумен ғана шектелмей, мәденигенездің тарихи дамуын құру, теория мен гипотезаның ақиқаттылығын көрсетуге, зерттеу объектісін модельдеуге ұмтылу маңызды болып табылады. Тарихи модельдеу үшін зерттеу объектісінің ашылған құрылысы, одан табылған заттай деректер, объектіге қатысты жазба деректер негізге алынады. Қала-қоныстардың реконструкциясы үшін археологиялық классификация, археологиялық типология, археологиялық мәдениетті танып білу мен нақты сызба-жоспардың болуы аса маңызды. Археологиялық реконструкцияны виртуальды модельдеу үдерісі ғылыми ресурстардың шығынын азайтады, әлемдік ақпарат кеңістігінде айналымға еніп, ғылыми интеграцияны қолжетімді етеді. Археологиялық ескерткіштердің ірі электрондық базасына археологиялық артефактілердің модельдерін, реконструкциясын қоса енгізу ғылыми зерттеулер мен ғылыми жандандырудың нәтижесін көрсетеді. Тарихи мұралардың негізгі құрылымы сақталмаған жағдайда ақпараттық технология көмегімен *виртуальды реконструкция* жасау ісі – осы саладағы өзекті мәселелердің бірі.

Виртуалды реконструкция – әртүрлі ғылым салаларындағы тәжірибелерді, модельдеуді қолданатын ерекше ғылым бағыты. Виртуалды реконструкция термині екі түсініктен қалыптасады: «виртуалды» және «реконструкция». «Виртуалды» түсінігі көп қырлы және көптеген анықтамаларға ие, бірақ бұл бағыт бойынша ол материалды емес, иллюзия мағынасында айтылады. «Реконструкция» – бұл сыртқы пішінін және архитектуралық нысанның құрылысын, сондай-ақ ортаны немесе заттың өмір сүрген тарихи дәуірін қайта жаңғырту.

Тарихи объектіні реконструкциялаудың басты мақсаты – халықтың тарихи таным кеңістігін қалыптастыру. Археологиялық реконструкцияда ескерткіштің тарихи бейнесінің нақты жаңғыртпасын жасау үшін математикалық тактілер қолданылады, ал тарихи қала-қоныстар, сәулет өнері ескерткіштерінің реконструкциясын жасау архитектор-реставраторлардың қатысуымен жүзеге асырылады. Археология қазіргі таңдағы ғылыми танымда гуманитарлық ғылымдармен қатар, нақты ғылымдар қатарында да қарастырылады. Тарихи таным әдіснамасы тұрғысынан қарасақ, тарихи, археологиялық реконструкция үшін «далалық экспедициялық ғалым» болсын, «кабинеттік ғалым» болсын ғылыми деректердің максималды көлемімен, пәнаралық байланыспен қарулануына тура келеді. Археологиялық қазба кезінде мәдени қабатта жұрнағы ғана сақталған зат (мысалы, киім жұрнағының қалуы, мақта-мата, ағаш бұйымдардың шіріп кетуі, жарғылай күйдірілген қыштардың үгітіліп кетуі, т.б.) меха-

никалық әсерден одан әрі қайтарымсыз жоғалуы мүмкін, сондықтан да археологиялық реконструкцияда археологтардың автор-реставратор ретіндегі фотофиксация жұмыстары мен лабораториялық сараптық деректерінің маңыздылығы жоғары. Археологиялық музейлер экспозициясында белгілі бір бөлігі сақталған құндылықтың нақты бейнесін ашу үшін *графикалық реконструкциясы*н қоса беру қажет болады.

Архитектуралық және археологиялық реконструкцияда осы саладағы немесе нысанаға алынған ескерткішке қатысты зерттеулер ғылыми есептеріне, сызбаларына және олардың дұрыстығын дәлелдейтін материалдық табыстарға сүйене отырып жасалуы тиіс.

Қазіргі заманғы реконструкция ісінде шашылып кеткен бөлшектерді қайта құрастырып, бүтін қалыпқа келтіру *анастилоз* әдісін, анастилозды жүзеге асыру арқылы ескерткішті толық қайта жасап шығару *реинтеграцион* әдісін меңгерудің, қолданудың маңызы зор. Мұнда түпнұсқа бөлшек археологиялық зерттеу арқылы анықталуға тиіс. Сауран қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарынан табылған түрлі түсті өрнекті қыштарды археолог ғалымдар Сауран қаласының қорғанының қабырғаларынан құлап түскен деп танып отыр. Анастилоз әдісінде осындай түпнұсқа бөлшектер өз орнына қойылып, жоғалған бөлігі сондай материалмен қайта жасалады. Ал түпнұсқа бөлшектер қатты бүлінген, мәдени қабатта ұзақ жатып қалған не болмаса анастилоз өте үлкен көлемде жасалса, ескерткіштің бастапқы қалпы жайлы ғылыми ақпарат нақты болу үшін де фотоқұжаттау қажет. Әлемдік мұралар тізіміне енген тарихи ескерткіштерге тек осы анастилоз әдісін қолданып қана реставрация, реконструкция жасауға рұқсат етіледі.

Палеонтологиялық табылымдарды ғылыми интерпретациялау үшін генетикалық реставрация және нақты бағытталған селекция нәтижесінде алынған тарихи дәуірлерде жойылған аналогына сәйкес келетін жан-жануарлар тұқымы мен өсімдіктердің түрін жаңғырту – *генетикалық реконструкция* табиғат музейлері, жаратылыстану музейлері, археологиялық музейлер, геоархеологиялық лабораториялар бағытына сәйкес келеді.

Музей нысандарының тарихи реконструкциясы – тарихи объектіге коммуникативті және инновациялық көзқарасты, ғылыми ізденіс пен тарихи гипотезаны жүзеге асыруды қажет ететін музей коммуникациясының басты бағыттарының бірі.

РЕЛИКВИЯ – мемлекеттің, халықтың тарихында, дін тарихында із қалдырған тұлғаларға тән немесе олармен қатысты белгілі оқиғаларды қамтитын айрықша мемориалды зат.

РЕПРЕЗЕНТАТИВТІЛІК – біртектілер арасындағы музей затының келбеттілігі, ансамбльдік үйлесімділік.

РЕПРОДУКЦИЯ – баспа тәсілімен жасалған көркемөнердің, графиканың, фотосуреттің, т.б. көбейтілген, қайта түсірілген көшірмесі.

РЕСТАВРАЦИЯ (лат. *restauratio*) – музей затының бет-пішінін алғашқы нұсқасына жақындатып қайта қалпына келтіру, ескірген, тозған, бастапқы сынын жоғалтқан сәулеттік ескерткіштерді, материалдық мәдениет мұраларын алғашқы өңіне келтіру, жаңартып, жөндеу. Тарих және мәдениет ескерткіштерін, музейлік көркем құнды заттарды, көркемөнер туындыларын, халықтың

дәстүрлі қолданбалы өнерінің бұйымдарын, ежелгі қолжазбалар мен кітаптарды қалпына келтіру әлемде ертеден қолданылған. Еуропада Қайта өркендеу дәуірі кезінде қалпына келтіру жұмыстары жүргенін деректер мәлімдейді. Қазақстандағы қалпына келтіру жұмыстары XVIII–XIX ғ.-ларда тек жөндеу, ал XIX ғ.-дың соңы мен XX ғ.-дың бас кезіне қарай нысандарды жаңғырту, өңдеу дәрежесінде болды. Қазіргі қалпына келтіру теориясы мен тәсілі негізінен үшке: консервациялық (ескерткішке нұқсан келтірмей қалпына келтіру), аналитикалық және синтетикалық әдістерге құрылған. Қазақстанда Қожа Ахмет Иасауи кесенесінде қалпына келтірудің ғылыми және тәжірибелік шаралары (Б.Н. Засыпкин, Г.И. Пацевич) қолданылған, 1866 – 1887, 1906-1907 жылдары осы ескерткіште жасалған жергілікті жөндеу істері сәтсіз аяқталған болатын. 1937 – 1941 жылдардан бері ресми түрде қалпына келтіру істері басталды деп саналады. 1966 жылы Республикалық ғылыми қалпына келтіру өндірістік шеберханасы (кейін Республикалық ғылыми қалпына келтіру және жөндеу бірлестігі) ұйымдастырылды. Оның жанында 1970 жылы жобалау және есеп-қисап жасау тобы (кейін Республикалық жобалау-қалпына келтіру ғылыми-зерттеу институты «Казпроектреставрация») құрылды. Абду-л-Әзиз баб күмбезі, Хызыр пайғамбар мұнарасы, Қарашаш ана (XVII ғ.), Ибраһим ата (XVII ғ.), Жаркент мешіті, т.б. қалпына келтіруден өтті.

РЕСТИТУЦИЯ (лат. *restitutio* – қалпына келтіру) – халықаралық құқықта заңсыз басып алған немесе отар аумақтарға келтірілген материалдық шығынды өтеу үшін мемлекеттердің материалдық жауапкершілігінің көрінісі. Музей және мәдени мұраны сақтау салаларында реституция мәдени құндылықтардың қайта қалпына келтірілуімен байланысты. Р. Үкімет бекіткен заңдар, конвенциялар негізінде жүзеге асырылады.

САЙТ-МУЗЕЙЛЕР (ағылш. *site* – орналасқан жері, табылған жері) – шетел музеологиясы тәжірибесіндегі тарихи-мәдени және табиғат ескерткіштерін табылған және салынған жерінде сақтау. Халықаралық музейлер кеңесі сайт-музейлердің төрт түрін бөліп қарастырады: экологиялық – табиғат зонасындағы музеефикация; этнографиялық – дәстүрлі материалдық және рухани мәдениетін сақтап қалған, әдет-ғұрыптар жүйесін көрсететін халықтар орналасқан өңірдегі музеефикация; тарихи – тарихи дәуірлер ерекшелігін көрсететін тарихи нысандары сақталған мекендердегі музеефикация; археологиялық – археологиялық қазба жүргізілген орындардағы музеефикация. ҚР сайт-музей жүйесіне тарихи-мәдени қорықтар типі сәйкес келеді, Тараз тарихи-мәдени қорығы, Есік тарихи-мәдени қорығы, «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорығы, т.б.

СЕМИОТИКА (гр. *semeiotike* – белгілер туралы ілім) – 1) белгілер жүйесіндегі әртүрлі мәдениет және табиғи феномендерді оқытатын білім облысы; 2) «кино семиотикасы», «сәннің семиотикасы», «музей экспозициясы» және т.б. бағытталған арнайы ішкі мәдени феноменнің белгілік қасиетінің жиынтығы. Музей ісінде семиотика ғылыми сараптаудың құралы және музейтанулық дискурстың белгілік жүйесін атқарады.

СЕНСОРЛЫ КИОСК – экспозициядағы әрбір экспонатқа қосымша мәтіндік және суреттік түсініктеме беретін және қордағы экспонаттар жайлы виртуалды көрме орнатылған, экспозицияға қойылмаған қор материалдарынан толық мәлімет алуға мүмкіндік беретін электронды терминал-қондырғы. Қазіргі

заман музейлерінде сенсорлы ақпараттық киоскілер экспозиция мазмұнын ашатын электронды көмекші немесе ақпарат беру жүйесі қызметін атқарады. Музейлік статистикалық зерттеу барысында ең көп музей технологиялары АҚШ музейлерінде пайдаланылатыны белгілі болды. Екінші орында Таиланд орналасты. Бұл мемлекеттің барлық музейлерінде келермендерге қызмет көрсететін сенсорлы киоскілер орналасқан. Олардың қатарында: Ауыл шаруашылық музейі, Қайық құрылысы музейі, Су асты әлемі музейі және т.б. музейлер бар. Киоскілер келермендерге дыбыстық артқы фонмен безендірілген мульти-медиялық жобаны көруге мүмкіндік береді. АҚШ-тың, Еуропаның және Ресейдің көптеген музейлерінде сенсорлы киоскілер экспозициядан тыс, яғни экспозиция тақырыбына сай музей қорындағы құндылықтарға саяхат жасататын электронды көмекші құрал қызметін атқарады. Олардың арасында ең танымалдары Тарих және ғылым музейі (Техас), Ғылым және технология музейі болып саналады. Наппа қаласындағы өлкетану музейі басшылығы барлық топтағы адамдардың (балалар, ересектер, мүмкіндігі шектеулі адамдар) музейге деген қызығушылығын тудыру және келермендер санын көбейту мәселесін шешу жолдарын іздестірген. Музей басшылығы музейге тек оқушылар мен студенттер келсе, халықтың мәдени дамуы төмен болатынын білген. Мәселені шешудің ең тиімді жолы музейге сенсорлы киоскілер енгізу болды. Киоскілер экспозиция залдарында орналасып, келермендер қордағы, яғни жабық экспозициядағы экспонаттарды толық көре алды. Сенсорлы киоскіні пайдаланған келермен экспонаттарды көру, толық ақпарат алу мүмкіндігіне ие болды. Әлемдегі ерекше қолданысы бар киоскілердің бірі Флоренциядағы Давид мүсінінің жанындағы сенсорлы киоск болып саналады. Бұл Микеланджело Буороноггидің жасаған шедеврі болғандықтан, киоскіні қолданушылардың саны өте көп. Мүсінің биіктігі 5,5 метр болғандықтан, орта және қысқа бойлы адам мүсінді толық көре алмайды. Сондықтан сенсорлы киоскінің мүсінің жанында орналасуы шедевр жайлы толық мәлімет алуға мүмкіндік береді. Сенсорлы киоскінің алғаш орналасуы мүсінге реставрация жасалу кезінде болғандықтан, киоскіден ақпарат алушылар саны көп болған.

ТАКСИДЕРМИЯ – өлкетану, жаратылыстану, табиғат музейлерінде қойылатын жануарлар тұлыптарын жасау өнері.

ТАҚЫРЫПТЫҚ-ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ ЖОСПАР – экспозициялық материалдардың негізгі түрі мен құрамын (атрибуциясын, өлшемдерін, инвентарлық нөмірлерін, т.б.), оларды тақырыптар мен тақырыпшаларға бөлуді анықтайтын, сондай-ақ экспозициялық мәтінді нақтылайтын экспозицияны ғылыми жобалаудың басты құжатының бірі. Тақырыптық-экспозициялық жоспарға қосымша ретінде музей нысандарының іске қосылуына, техникалық құрылымдарды қолдануға, ғылыми көмекші материалдарды енгізуге нұсқау беретін үлкен көлемдегі мәтіндер енеді. Тақырыптық-экспозициялық жоспар ғылыми жоспарлаудың соңғы сатысында құрылады және экспозицияны құру барысында түзетуге алынуы мүмкін.

УНИКУМ (лат. *unicum* – ерекше, бірегей) – бірегей, қайталанбаған, ерекше, тарихи, ғылыми құндылығы жоғары мәдениет және табиғат нысаны. У. қатарына құндылығына қарай мемориалдық және реликвиялық нысан да жатуы мүмкін. Бір музей қорындағы қайталанбайтын туындылар жинағын У. коллекциясы деп атайды.

ҰЛТТЫҚ ПИНАКОТЕКА – Болонья қаласындағы Ұлттық Пинакотека Италиядағы ірі әрі қызықты өнер галереясы. Музей XVIII ғ.-дың басында университет кварталында құрылған. Музей қорының негізі шіркеу мен ғибадатханалардан түскен коллекциялар, коллекционерлерден алынған және сыйға тартылған туындылардан құралған. Музей экспозициясында Болон мектебі (Симон де Крочефисс, Виталь да Болонья, Гвидо Рени, Гверчино, Агюстино және Аннибал Караччи, Франческо Франча, т.б.), Феррар шеберлері (Франческо дель Косса, Эркол де Роберти, т.б.), сондай-ақ Венециан мектебі суретшілерінің еңбектері қойылған. Перуджиноның «Мадонна құрметі», Рафаэльдің «Әулие Цецилидің экстазға енуі» атты туындысы, сондай-ақ Джотто, Тициан, Эль Греко туындылары әлемдік құндылықтар қатарында.

ФОНОКОММЕНТАРИЙ – өлкегану, жаратылыстану, табиғат музейлері экспозициясында қолданылатын құстар, жануарлар дауыстары, табиғат шулары.

ЭКОМУЗЕЙЛЕР – жергілікті тұрғындарды әлеуметтік, экономикалық, экологиялық мәселелерді шешуге белсене қатыстыруын қамтамасыз ету арқылы тұрғындарды өздері тұрған өңірдегі қоршаған ортамен тығыз байланыста болуын, табиғат ескерткіштері мен ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарды сақтап, насихаттауға белсене қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған музейлер жүйесі. Экомузейлерді ұйымдастырудың теориясы мен әдістемесі «жаңа музеология» негізінде қалыптасты. Экомузейлердің қалыптасуы 1970 жылдардан бастау алады, Батыс Еуропа, Канада, Африка, Оңтүстік Америка елдерінде экомузейлердің озық тәжірибесі қалыптасқан. Музей экспозициясында тарихи реконструкцияның маңызы жоғары.

ЭКСКУРС – музей залдарына немесе белгілі бір музейлік тақырып бойынша музейден тыс жерде жүргізілетін, сондай-ақ экскурстық басылымда жарияланған экскурсия мәтіні. Музейден тыс жерде жүргізілген және басылымда жарияланған экскурс мазмұны экспонаттардың фотосуретімен бірге беріледі.

ЭКСКУРСОВОД – экскурсиялық қызметті кәсіптік түрде жүзеге асыратын адам.

ЭКСПОЗИЦИОНЕР – экспозициялық жұмыс саласына мамандандырылған музейдің ғылыми қызметкері. Музей бөлімдерінің тақырыптары және кешенді мәселелер негізінде музейтанулық және басқа ғылыми-зерттеу жүргізеді, музей қорлары мен экспозициясын жаңа музей заттарымен толықтыруға атсалысады, музейдің экспозициясы мен көрмелерін ғылыми жобалайды, экспозиция мен музей заттарының сақталуы мен қорғалуына және оны дұрыс пайдалануына бақылау жасайды.

ЭКСПОЗИЦИЯ (лат. *expositio* – көрмеге қою, баяндау) – кешендік жағынан ұйымдастырылған, түсініктемелермен жабдықталған, техникалық, көркемдік безендірілген тұрақты көрме, тарихи-мәдени мұраларды, музейлік заттарды мақсатты түрде бағыттап, ғылыми тұрғыда тақырыптық-кеңістік түрде көрсету көзделеді. Бұл көрсетілім құрамына архитектура, музейлік заттар мен коллекциялар, ғылыми көмекші материалдар, арнайы экспозициялық өнер туындылары (панорама, диорама, макет, муляж, т.б.), мәтіндер, ақпараттық технологиялар, т.б. кіреді. Қазіргі заманғы музейлік экспозицияда музей экспози-

циясының ғылыми тұжырымдамасына, көркем-жобалау шешіміне сәйкес синтезделген ғылыми-көркем шығармашылық ойды енгізу көрініс табуда. Музей экспозициясы музей коммуникациясының орталық бөлімі бола тұра, ол семиотикалық әдіс-тәсілдемеге сәйкес мәтін ретінде, ал экономикаға сәйкес музейдің негізгі өнімі ретінде саналады. Музей заттарының жиынтығы, оларды жаңғыртулар мен үлгілер, ғылыми қосымша материалдар мен мәтіндер *экспозициялық материалдар* деп аталады.

ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ ДИЗАЙН (ағылш. *design* – ниет, жоба, сурет) – музей экспозициясының эстетикалық және функциялық сапасының негіздік құрамы. Экспозициялық дизайнға шығармашылық композицияны архитектуралық кеңістікте тиімді қолдану, экспозициялық материалдар, экспозициялық құрылыс заттары, қондырғылар, жарықтық шешімдер, экспозицияны қабылдау, көрсету сапасын арттыру мақсатындағы коммуникативті көзқарастар, экспозициялық түстер енеді.

ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС – музей коммуникациясының негізі болып саналатын музей қызметінің басты бағыттарының бірі. Экспозициялық жұмыстың мазмұны экспозиция мен көрмені жобалау және монтаждау, музейдің тұрақты экспозициясының жай-күйін қадағалау және оны қажет болған жайдайда рэкспозициялау болып табылады.

ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ КЕШЕН – тақырыптық, стилистикалық, визуалды түрде топтастырылған музей экспозициясының құрылымды элементі. Кешен құрамына түпнұсқа, ғылыми қосалқы материалдар, арнайы экспозициялық өнердің туындылары (панорама, диорама, макет, муляж, т.б.), түсіндірме материалдар енеді.

ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР – экспозицияға қойылатын музей заттары, ғылыми көмекші мәліметтер, мәтіндер және фонотүсініктемелер, көшірмелер.

ЭКСПОЗИЦИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ (лат. *conceptio* – түсіндіру, жүйе) – музей экспозициясының теориялық негіздемесі, экспозициялық мағынасы мен ғылыми мазмұны бар құжат, ғылыми жобалаудың алғашқы және жетекші кезеңі. Онда экспозицияның тақырыбы, экспонаттар мазмұны, экспозициядағы орны белгіленген тәртіп бойына көрсетіледі. Музейтанудың төңірегіндегі зерттеулер негізі мен профилді ғылыми пәндер барысында қалыптасады. Ғылыми экспозициялық тұжырымдама аналитикалық және жобалық бөлімдерден тұрады. Аналитикалық бөлімде экспозиция коллекциясының ғылыми талқылауы және музейдің ғылыми-тарихи потенциалы, болашақ экспозицияны заттық, тақырыптық материалмен қамтамасыз ету анықталады, сондай-ақ заттың профилді тобының экспозициядағы және аймақтың музей желісіндегі орны айқындалады. Ғылыми экспозициялық тұжырымдама елді мекенде әлеуметтік-мәдени жағдайдың талдауы мен әлеуметтік болжамды қамтиды. Аналитикалық бөлім негізінде экспозиция тақырыбы, мақсаттары, міндеті мен негізгі қағидалары енетін жоспарлы бөлімі құрылады. Ғылыми экспозициялық тұжырымдама экспозицияның көркем жобалауы үшін негізгі қызмет етеді және экспозицияның көркем тұжырымдамасының негізгі талаптарының бірі болады. Экспозицияның ғылыми тұжырымдамасының ережесіне сай экспозицияның тақырыптық құрылымы мен тақырыптық жоспары

нақтыланады. Экспозицияның ғылыми тұжырымдамасының теориялық негіздемесі мен құрылымы күрделілігі және ауқымдылығы арқылы анықталады.

ЭКСПОНАТ – көрсету мақсатында қойылған, келушілердің назарын аударатын, экспозицияның құрылымдық элементі болып табылатын музейлік зат.

ЭКСПОНЕНТ (лат. *exponens (exponentis)* – көрме үшін көрсету) – көрме үшін немесе музейлік іс-шарада көрсету үшін қажетті материалдарды жіберетін жеке ұйым немесе мекеме. Материалдарды музейге түпкілікті немесе мезгілдік сақтауға беру құжаты заңды түрде акт толтыру арқылы рәсімделеді.

ЭРМИТАЖ – Ресейдегі және дүниежүзіндегі ең ірі көркемсурет және тарихи-мәдени музей. Санкт-Петербург қаласында 1764 жылы II Екатеринаның (көптеген көркем шығармаларды сатып алған) жеке қоры негізінде ұйымдастырылған. II Екатерина алғашқы коллекциясын Пруссия королы II Фридрихтен жеті жылғы соғыстан соң иеленген. 225 картинадан тұратын коллекция құрамында Франс Хальцтың, Ян Стеннің жұмыстары болған. 1769 жылы Генрих Брюльдің 600-ден астам картинадан тұратын коллекциясы (Рембрандт, Рубенс, Пуссен, Ватто, Рейсдаль, т.б.), 1772 жылы Парижден банкир Пьер Кроза коллекциясы (Джорджоне, Тициан, Рембрандт, Веронез, Ван Дейн, т.б.), 1779 жылы сэр Роберт Уолпол коллекциясы (С.Роза, Г.Рени, Джордано, Мурильо, Рембрандт, т.б.), 1781 жылы граф Бодуэн коллекциясы (Рембрандт, Рейсдаль, Ван Дейн, Остад, Кіші Тенирс, т.б.), 1787 жылы Британ банкісінің директоры Джон Лайд-Браун коллекциясы (300-ден аса мүсін, археологиялық ескерткіштер) сатып алынды. 1852 жылы Эрмитажды көпшіліктің көруіне рұқсат берілді. XX ғ.-дың 20-30 жылдары музей қайта жинақталып, экспонат саны арта түсті. Эрмитажда алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі және ежелгі шығыс (Ежелгі Мысыр мен Урарту өнерінің туындылары), көне, орта ғасыр өнері (Орталық Азия, Иран, Қытай мен Үндістанның өнер шығармалары) ескерткіштері, ежелгі грек алтын бұйымдары, грек амфорлары, римдік мрамор мүсіндер, антикалық гемдер молынан жинақталған. Эрмитаждағы ежелгі скиф және Солтүстік Қара теңіз жағалауынан табылған көне ескерткіштер аса құнды бағаланады. Батыс Еуропа өнері туындыларынан Рафаэль, Леонардо да Винчи, Микеланджело, Джорджоне, Тициан, Веласкес шығармалары, Рембрандт пен Рубенстің ең үздік полотнолары, XVII-XVIII ғ.-лардағы француз және XVIII ғ.-дағы ағылшын кескіндемелерінің коллекциясы сақталған. Мұнда нумизматикалық коллекциялар, сән және қолданбалы өнер туындылары, суреттер (40000 дана) мен гравюралардың (500000 дана) бай қоры жинақталған. Эрмитаж әлемдік сәндік-қолданбалы өнердің озық үлгілерін, атап айтқанда, Давид Рентген мен Шарль Буль жиһаздарын, Джозайи Верджвуда керамикасын, Севр фарфорын, венециан шынысын, итальян майоликасын экспозициялауда. «Рыцарьлар залында» XV – XVIII ғ.-ларға саятын әскери қару-жарақтар қойылған. 1941 жылдан орыс мәдениетінің тарихы бөлімі жұмыс істейді. Музей ғылыми және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізіп, нәтижелерін ғылыми айналымға ендіріп отырады. Реставрация шеберханасы, дәріс залдары, рентген бөлмесі, кітапхана, фототека, т.б. жұмыс істейді. Эрмитаж ғимараты әр жылдары салынған әйгілі архитектуралық ансамбль құрамын (Қысқы сарай, Театр, т.б.) толықтырады. 1939 жылдан Эрмитажда Түркістандағы алып қазан сақ-

талып келді, ол 1989 жылы қайтарылып, Қожа Ахмет Иасауи мешіт-кесенесіндегі бұрынғы өз орнына қайта қойылды. Эрмитаж экспонаттарының жалпы саны 3000000 бірлікті құрайды.

ЭТИКЕТКА – экспонат туралы негізгі ақпараттар жазылған аннотациялық мәтін, экспонатқа түсіндірме жазба, экспозицияның міндетті элементі.

ЭТНОМУЗЕЙ – дәстүрлі мәдениеттің және жергілікті этникалық топтардың мәдениетін сақтау мақсатында құрылған этнографиялық бағыттағы музей түрі. Этномузейлер тірі музейлер санатына жатады. Мақсаты және қызметі жағынан экомузейлер қызметіне ұқсайды.

ЮНЕСКО МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИҒИ МҰРАНЫ САҚТАУ КОНВЕНЦИЯЛАРЫ – дүниежүзілік мәдениетті және табиғи мұраның ең құнды нысандарын сақтауға бағытталған заңдық құжат. 1972 жылғы конвенцияда «дүниежүзілік тарихи-мәдени және табиғи мұраның», сондай-ақ оған қол қойған мемлекеттердің ену талаптары мен міндеттері қарастырылған. 2003 жылы ЮНЕСКО көлемінде «Халықаралық материалдық емес мұраны сақтау туралы» заң қабылданды.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІК

1. Вельфлин Г. Классическое искусство. Введение в итальянское Возрождение. – М., 2004.
2. Виноградова Н.А. и др. Традиционное искусство Востока. – М., 1997.
3. Гнедич П.П. История искусств. – М., 2009.
4. Ильина Т.В. История искусств. – М., 2004.
5. Виппер Б.Р. Введение в историческое изучение искусства. – М., 1985.
6. Дворжак М. История итальянского искусства в эпоху Возрождения. – М., 1978.
7. Мировая художественная культура. – СПб., 2008.
8. Французское искусство [CD-Rom]. – Алматы, 2007.
9. Искусство Востока. – СПб., 1997.
10. Искусство Казахстана = Қазақстан өнері: содружество имен / сост. Б. Барманкулова. – Алматы: Кітап-Сервис, 2005.
11. Искусство Казахстана. – Алматы, 2005.
12. Антология искусства Казахстана = Antology the art of Kazakhstan: живопись: фотокнига. – Алматы: Тау Кайнар, 2004.
13. История искусства зарубежных стран. – М., 1982.
14. Древнерусское искусство. – СПб., 1998.
15. Завадский С.А. Искусство и цивилизация. – М., 1986.
16. Западное искусство XX века. – М., 1992.
17. Искусство Японии. С древности до начала XIX века. – Бельгия, 2000.
18. Алешина Л.С. Русское искусство XIX – начала XX века. – М., 1972.
19. Адамян А.А. Вопросы эстетики и теории искусства. – М., 1978.
20. Волкова Е.В. Произведение искусства в мире художественной культуры. – М., 1988.
21. Изобразительное искусство Казахстана. Период независимости. – Алматы, 2009.
22. Қазақстан мен Орталық Азияның дәстүрлі және қазіргі өнері. – Алматы, 2004.
23. Есбергенова Г.Б. Ежелгі дәуір өнері. – Алматы, 2005.
24. Любимов Л.Д. Искусство Древней Руси. – М., 1981.
25. Тяжелов В.Н. Искусство средних веков в Западной и Центральной Европе. – М., 1981.
26. Хюттингер Э. Дега. – М., 1995.
27. 100 шедевров искусства Казахстана. – Алматы, 2013.
28. Индия: неподвластное времени чудо. – Дели, 2011.
29. История казахского искусства. – Алматы, 2013.
30. Мутер Р. История живописи в XIX веке. – СПб., 2003.
31. Полевой В.М. Искусство Греции. – М., 1975.

32. Қазақстан мен Орталық Азияның дәстүрлі және қазіргі өнері. – Алматы, 2004.
33. Афанасьева В.К. Культура и искусство Передней Азии в древности. – Л., 1971.
34. Шалабаева Г.К. Гульфайрус Исмаилова. Живопись и театрально-декорационное искусство. – Алматы, 1999.
35. Искусство: Живопись. Скульптура. Архитектура. Графика. – М., 1989.
36. Черный В.Д. Искусство средневековой Руси. – М., 1997.
37. Холлингсворт М. Искусство в истории человека. – М., 1989.
38. Қартаева Т.Е., Қатран Д. Музейлік сөздік. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
39. Музей и новые технологии. – М., 1999.
40. Музеи. Маркетинг. Менеджмент. – М., 2001.
41. Лорд Б., Лорд Г.Д. Менеджмент в музейном деле. – М., 2002.
42. Музейное дело России/ под общ.ред.: М.Е. Каулен, И.М. Коссовой. – М.: Наука, 2012.
43. Шалгинбаева С.Х. Музеи под открытым небом: учеб. пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 100 с.
44. Флоренцкий П.А. Избранные труды по искусству. – М., 1996.
45. Федоров Н.Ф. Поучительный памятник (музей) / Собрание сочинений в 4 томах. – М., 1995. – Т.3. – С.123.
46. Шляхтина Л.М. Музейные инновации в ретроспективе музееведческих идей / Вопросы музеологии. – №1. – 2010. – С. 44-48.
47. Ромедер Ю. Методы и средства музейной работы: педагогика обслуживания отдельного посетителя в музее // Музееведение и охрана памятников: научно-реферативный сборник. – М., 1980. – С. 8-11.
48. Поляков Т.П. Мифология музейного проектирования. – М., 2003.
49. Власов Г.В. Иллюстрированный художественный словарь. – СПб., 1993.
50. Веймарн Б.В. Современное изобразительное искусство Казахстана и республик Средней Азии. – М., 1963; Всеобщая история искусств. 1 – 6 т. – М., 1956 – 66.
51. Виппер Б.Р. Статьи об искусстве. – М., 1970.
52. Живопись Казахской ССР: альбом / предисл. Н.Б. Нурмухаммедова). – М., 1970.
53. Нурмухаммедов Н.Б. Искусство Казахстана. – М., 1970.
54. Любимов Л. Батыс Европа өнері. – А., 1982.
55. Советтік Қазақстанның бейнелеу өнері: альбом. – Алматы, 1990.
56. Калугина Т.П. Художественный музей как феномен культуры. – СПб.: Петрополис, 2001.
57. Акишев К.А. Курган Иссык. Искусство саков Казахстана. – М.: Искусство, 1978.
58. Засецкая И.П. Культура кочевников южнорусских степей в гуннскую эпоху (IV-V вв.). – СПб., 1994.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1. ЖАЛПЫ ӘДІСНАМАЛЫҚ НҮСҚАУЛАР	6
2. СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ӘДІСНАМАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР ...	8
3. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ МАЗМҰНЫ	20
1-тақырып. Бейнелеу өнері жанрларының әртүрлілігі	20
2-тақырып. Алғашқы қауымдық қоғам өнері	23
3-тақырып. Ежелгі египет өнері	27
4-тақырып. Ежелгі грекия өнері	33
5-тақырып. Ежелгі рим өнері	40
6-тақырып. Орта ғасырдағы бейнелеу және сәулет өнері	52
7-тақырып. Қайта өрлеу дәуіріндегі италия өнері	57
8-тақырып. Көне орыс өнері	64
9-тақырып. Қазақ өнері	72
10-тақырып. XVII-XVIII ғасырлардағы францияның бейнелеу өнері.....	79
11-тақырып. XVIII ғасырдағы орыс бейнелеу және сәулет өнері.....	83
12-тақырып. XIX ғасырдағы батыс еуропаның бейнелеу өнері.....	87
13-тақырып. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы ресейдің бейнелеу өнері.....	91
14-тақырып. XX ғасыр өнерінің ерекшеліктері мен мәні.....	96
15-тақырып. XX ғасыр өнерінің ерекшеліктері мен маңызы	106
4. АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ	115
5. ӨНЕР ТАРИХЫНА КІРІСПЕ ПӘН БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЕМТИХАН СҰРАҚТАР	136
НЕГІЗГІ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАР	139
ӨНЕРГЕ ҚАТЫСТЫ СӨЗДІК	143
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІК	189

Оқу басылымы

Мейрманова Гүлжан Асанқызы

ӨНЕР ТАРИХЫНА КІРІСПЕ

I бөлім

Оқу құралы

Редакторы *К. Сәбит*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Ф. Қалиева*

Мұқабаны безендірудегі сурет
www.liveinternet.ru сайтынан алынды

ИБ №11536

Басуға 06.12.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84¹/₁₆.
Көлемі б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №6506.
Таралымы 120 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспауіі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды